



«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША  
ШЫҒАРЫЛДЫ

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
кітап сериялары**

*«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру  
жөніндегі қоғамдық кеңестің құрамы:*

Әшімбаев Мәулен – кеңес төрағасы  
Асқаров Әлібек – жауапты хатшы

**Қоғамдық кеңестің мүшелері:**

Абдрахманов Сауытбек  
Аяған Бүркіт  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Әуезов Мұрат  
Байпақов Карл  
Биекенов Кеңес  
Бұрханов Кемал  
Досжан Ардак  
Ертісбаев Ермұхамбет  
Есім Ғарифолла  
Қасқабасов Сейіт  
Қошанов Аманжол  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғара Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сариева Ырысты  
Сейдімбек Ақселеу  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Түймебаев Жансейіт  
Хұсайынов Көбей  
Шаймерденов Ербол

*Карл*  
**БАЙПАҚОВ**

*Ежелгі және  
орта ғасырлардағы*  
**Отырар**



ҚАЗЫҰРТ  
Алматы  
2007

**ББК 63.4**  
**Б 33**

*Қазақстан Республикасы*  
*Мәдениет және ақпарат министрлігінің*  
*бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Байпақов К.М.**  
**Б 33** Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. – 248 бет. –  
Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007.

ISBN 9965-22-224-X

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отырған бұл кітапта ежелгі Отырар және басқа Отырар алқабының қалалары сөз болады. Осы арадағы көп жылдық жұмыс барысында Отырар, Құйрықтөбе, Көк-Мардан, Күйік-Мардан қала орындарынан керамикадан, шыны, металл, сүйек, ағаштан жасалған бұйымдар көптеп табылды. Аршылған сарайлар, мешіттер, көше орамдары, жүздеген бөлмежайлар, монша, шеберханалар орта ғасырлардағы қала жобасының архитектуралық ерекшеліктерін білуге, оның қолөнері, саудасы, қазақстандық көшпенділер мәдениеті мен қалалық өркениетінің, сондай-ақ көрші елдермен арасындағы байланысты, Қазақ хандығы тарихындағы қалалардың рөлін анықтауға көмектеседі.

Көпшілік оқырманға арналған.

**ББК 63.4**

**Б** 0504000000  
482 (05)-07

ISBN 9965-22-224-X

© Байпақов К.М., 2007  
© «Қазығұрт» баспасы, 2007

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Әр жылы ерте көктемде қазақ жерінің сырын ашуға Алматыдан археологтар легі жаңа экспедицияларға аттанады. Олардың жолы Іле және Жоңғар Алатауымен, Іле бойы алқабымен, Орталық Қазақстанның қатал табиғатты даласын, Алтай таулары, Балқаш бойының құмы, Үстірт белдеулерін және Сырдарияның жағалауын қамтиды. Көне Сауран қамалының маңында, кең алқапты алып жатқан Бөріжар обалар аймағында, Қаратаудың алып жартастарында салынған көне суреттерінің жерінде археологтардың жазғы шатырлардан тұратын ауылын көруге болады. Олар әр кезде жаңа құпияларды ашуға үміт ететін, жаңа таным-білім қуанышына кенелетін ауылдың адамдары. Осы зерттеулердің арқасында көне тарихымыздың шындығы мен жаңа беттері ашылады да, «Археологиялық картаның» белгісіз жерлері біртіндеп азая түседі.

Қазақстан археологтарының жетістіктері Есік қорғанынан табылған сақ жауынгері, Алтайдың Берел, Шығыс Қазақстан жеріндегі Шілікті, көне қалалар Отырар, Тараз, Сығанақ, Сарайшық, Йасы, Қойлық қазбалары, Мерке түбіндегі Түркі ғибадатханалары және т.б. көптеген қазбалар арқылы әлемдік археологияға жаңалық енгізіп отыр.

Орталық Азия мен Қазақстанның саяси-экономикалық және мәдени тарихына үлкен үлес қосқан егін шаруашылығы дамыған аймақтың тарихы ерекше бөлінетін аймақ бар. Бұл аймақ Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасын қамтитын, ғылымда «Отырар алқабы» деген атымен белгілі Фараб және Отырар көне атауымен аталатын аймақ. Орталығы – ғасырлардан озып келе жатқан Отырар қаласы.

Отырар алқабының географиялық орналасуы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданының жеріне тура келеді. Батысында Қызылқұммен аяқталып, ортаазиялық ұлы өзендер Сыр-

дария мен Әмударияның<sup>1</sup> кең аумағын қамтиды. Отырар алқабына кіретін Сырдарияның оң жағалауы белдеулер болып келетін, табиғаты жұтаң Қаратау беткейлері қойнауында Бөген, Боралдай, Шаян, Арыстанды сияқты асау өзендер ағатын жерде жатады.

Отырар алқабының жерінде жантақ, жусан, соран тәрізді өсімдіктер әлемі басым болса, Арыс өзенінің бойында дүние жүзінде кездесе бермейтін дәрілік шөп дермене<sup>2</sup>, Сырдария сайында сазды жердің өсімдіктері, өзенге жақын тоғайлы жер болып, тораңғы, қамыс өседі (бұл өңірде кезінде жолбарыстар жортқан). Бұл жерлерде қоян, бұғы, түлкі, қасқыр кездеседі. Құстардың түрлері сан алуан. Қырғауыл, үйректің әр түрлері, қаз, тырна, көкқұтан, кептерлер болса, өзендерінде сазан, жайын және т.б. балықтар жүзіп жүрген.

Сырдария Отырар алқабының өркендеуінің негізі болды. Ол XV – XVI ғасырдың белгілі тарихшысы Рузбиханның кітабында жоғары бағаланады. Ол Сырдарияның жағалауы шүйгінді шырайлы өсімдігі арқылы құстар мен жабайы жануарлардың көбеюіне ыңғайлылығы жағынан дүниеде мұндай пайдалылығы әржақты өзен жоқ деп жазды. Ғалымның жазуында Дарияның жағасында ағаштары аспанмен таласқан деп айтады<sup>3</sup>. Ол түркістандық қалаларды аралап өткен.

Сырдария өзені асыраушы ғана болмай, қауіпті де болды. Ауа райының күрт өзгеруіне байланысты құбылып отырады. Қыстың күні суықтық – 27<sup>0</sup> -қа жетіп, желтоқсанның басынан наурызға дейін мұз құрсауында қалса, көктемде Сырдария мен Арыс та аңғарынан асып, бірталай жерді су алды.

Ортағасырлық автор Әли ибн әл-Хусейн әл-Масуди<sup>4</sup> 947 – 950 жылдары Отырар алқабындағы су тасқынын айта кетіп, «су тасқыны 30 фарсах<sup>5</sup> келетін кең аумақты алды», «биіктікте орналасқан ауыл-аймақ қайықтармен қатынас жасады» деп жазады<sup>6</sup>. Қазірдің өзінде Отырар орны ғасырлардан өзен суымен алысып,

<sup>1</sup> Сырдарияның көне атауы – Яксарт, Әмударияның атауы – Окс.

<sup>2</sup> Сантонин алынатын жусанның емдік қасиеті бар түрі.

<sup>3</sup> Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара: (Записки бухарского гостя. Аударма, алғы сөз, ескертулер Р.П.Джалилованикі. 1976. С.73 – 74.

<sup>4</sup> Әли ибн әл-Хусейн әл-Масуди – араб оқымыстысы, географ (956 ж. туған).

<sup>5</sup> Фарсах – Шығыстағы ұзындық өлшемі, 6 – 8 шақырымға тең келеді.

<sup>6</sup> Үзінді: Бартольд В.В. Сочинения. М., 1966. С.3. С.224. /

қоршаулар салып отырғанын көрсетеді. Су мен күннің молшылығы, құнарлы топырақ бидай, мақта, жеміс, жүзімдік өсіру арқылы халықтың әл-ауқатының жақсаруына қолайлы еді.

Оңтүстік Қазақстанда Отырар алқабы қорғаныс жағынан қолайлы болды. Отырар арқылы керуендер легі толастамаған, сондықтан ортағасырлық араб-парсы тілді авторлар бәрі дерлік жазған. Оны біз Сырдария бойы қалалары мен Жетісу қалаларының тізімінен көреміз. Көне авторларды оқи отырып, «бірнеше Отырар» туралы білеміз. Бір деректерде құнарлы жерге орналасқан Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерін білсек, екіншіде Қаратау бөктеріне орналасқан көшпенділердің қамалы делінеді, үшіншіден Отырардан Арыс, Бөген бойлап Таразға, Баласағұнға және онан әрі Шығыс Түркістанға жолдар кеткенін оқимыз. Бірақ Отырар біреу ғана. Көп сияқты көрінетін себебі – оның жолдардың қиылысына орналасып, одан шыққан жол Сырдариядан тарап оңтүстікке – Шаш, Соғды және әрі қарай Мерв, Нишапур, Рей, солтүстік пен батысқа қарай – Хорезм арқылы Арал бойына, Еділ, Қара теңізге және Кавказға кетеді. Орта Азияда Отырардың ыңғайлы және де қауіпті жерде екенін археолог және шығыстанушы А.Н.Бернштамның дөп басып жазуы таң қалдырады.

Шынында да, бұл өңір пайдалы әрі қиын болатын. Қаланың мындаған жылдар басынан өткерген табиғат апаты мен жаугершілік соғыстардан бір кездерде гүлденген қаланың орнында шөп басқан қирандылары қалған. Қазіргі көрінісінде қала мен қамалдардың, карауылтөбелердің мылқау көрінісіне адам баласы таң қалады. Жүз жылдап су көрмеген, кебір тартқан орталық қалалар орны жатыр. Міне, осы ашық аспан астындағы мұражай бізге ата-бабалар тарихынан, олардың өмірінен ақпарат береді.

Отырар алқабында Арыс өзенінің сол жағалауын қамтитын ірі қала орнының бірі – Көк-Мардан, ал Сырдарияның сол жағалауында Қауған-ата және Бұзық, сауда мен кәсіпкерлердің орталығы Мейрамтөбе, Құмиян қамалының орындарында қазба жұмыстары жүргізілген. Бұлар Отырардың құрдастары. Солтүстік-шығысындағы қалалар: Бұзықтөбе (Ақтөбе), Кішітөбе, тағы бір Ақтөбе жатыр. Көне төбелердің әрқайсысының өзіне сай аттары бар: Алтынтөбе, Жалпақтөбе, Құйрықтөбе, Мардан, Пышақшы т.б. Бұрынғы кезде басқалай аталса да, жергілікті аңыздарға сай Отырарды қоршай орналасқан төбелердің, оның қамтамасыз



ететін маңыздылығына қарай: Алтынтөбе — зергерлер қалашығы, Пышақшөбе — қару-жарақ жасайтын, Құйрықтөбе — қасапшылар қаласы деген ойға жетелейді. X — XII ғасырлардың өзінде-ақ бұл қалашықтардың жойылғандығын дәлелдейтін айғақ — олардың көне аттарының жойылуынан мәлім. Алқаптың ірі астана қаласы Отырар ғана өзінің тарихи атымен сақталған.

Ортағасырлық қалалар ішінде оның ерекше орын алатыны түсінікті жайт. Тараз, Испиджаб, Құлан қалалары Ұлы Жібек жолының бойында, керуен жолдары арқылы дамыды. Ал Отырар далада орналасқан, көшпенділердің өз қаласы еді. Сұрапыл соғыста өткір қылыштар айқасып, садақ оғы ысқырынып, қаланың түтінге оранған шағында олар жауға бірлесе отырып соққы берді. Малшы малын тастап, темірші отын өшіре салып, шақырылмаған жауға қарсы күресті. Отырар қамалына ғасырлар бойында қаңлылардың ұзын семсерлері мен түріктердің қайқы қылышы талай тиді. Отырар Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Нәсір әл-Фарабидің туған қаласы.

Көп ғасырлар өткен кезде Отырар туралы біз не білеміз? Дереккөздері ол туралы не дейді?

Бәрінен бұрын көне авторлардың: тарихшылардың, географтардың, саяхатшылардың, елшілердің, көпестердің, Отырардың гүлденуі және құлдырау дәуірі замандастарының мәліметтерін білеміз. Араб, парсы тілдерінде жазылған еңбектерде VIII — XII ғасырлар туралы айтылып, гүлдену дәуірі IX — XII ғасырларға келеді. Бізге жеткен сол дәуірдің белгілі біраз ғалымдарының атын атасак болады.

Бағдат халифтарына қызмет еткен байланыс бастығының қызметін атқарған Ибн Хордадбек<sup>1</sup> болды. Өзі басқаратын мекеменің жұмысын жеңілдету үшін дүниеде алғаш пошта жолының анықтамасын жасады, халифаттың жекелеген бөліктеріндегі сауда жолын, ірілі-кішілі қалалардың аттарын, аудан мен аймақтардың арақатынасын толық беріп, кітабын «Мемлекеттер мен жолдар кітабы» деп атады. Өз кезеңіне сай толық жасалған анықтаманы одан кейінгі географтар пайдаланып отырды. Мұсылман әлемінің солтүстік шекарасы болып табылатын Сырдария қалаларын, соның ішінде Отырар туралы да бұл еңбекте керекті мағлұматтар бар еді.

<sup>1</sup> Оның толық аты Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордалбек (820 ж. туған).

Тағы бір Иерусалимнен шыққан географ, өз заманының білгірі, араб географы — Мұхаммед Ибн Ахмед әл-Макдисидің<sup>1</sup> алар орны ерекше. Ол көптеген мұсылман елдерін аралап, көзімен көргендерін анықтап жазды. «Алтын аймақ және таңқалдырар жерлер» (985 — 989 жж) деген еңбегінде ауа райы, сауда, ақша, өлшемдер, таразы басы және әдет-ғұрып, салық төлеу туралы әр елдерді даралай жазып, Шығыс мәдениетінің тарихы туралы өшпес мұра қалдырды. Бұл еңбектің құндылығы сонда, автор замандастарының еңбектеріне сын көзбен қарап жазды<sup>2</sup>.

Отырар туралы 982 ж. парсы тілінде жазылған белгісіз автордың «Худуд әл-Алам» трактатында, сондай-ақ әл-Истахри, ибн Хаукал, Қашқарлық Махмуд, әл-Самани, Якут әл-Хамави, ибн әл-Асир, Жувейни еңбектерінен де кездестіреміз. Көптеген ғылыми еңбек қалдырған, бізге дейін жиырма шақтысы сақталған ортаазиялық ошақты ғалым әл-Бируни<sup>3</sup> еңбектерінде де Отырар туралы айтылады.

Кейінгі орта ғасырлар оқиғаларын түрік, парсы тілдерінде жазған Масуд ибн Осман Кухистани, Мұхаммед Салық, Бенаи, Рузбихан және басқа да өз заманының қоғам қайраткерлері мен тарихшылар еңбектерінен білеміз. Әрине, Отырар туралы жазба деректерде жалпылама әрі үзінді түрінде жазылған деректер қала тарихын толық ашып бере алмайды. Кейінгі орта ғасыр авторлары билеушілердің шыққан тегі мен соғыс шерулерінен басқа, Отырардың экономикалық тарихы, Қазақстанның басқа қалалары туралы толық мәлімет бере алмайды. Сондықтан Отырардың өмір тарихын жазуға сенімді дерек көзі — археология.

Отырардың көне орнының ірілігі көптен өзіне назар аударуда. Алтын теңгелер мен бағалы заттар, патшалардың қазынасы туралы алыпқашпа әңгімелер шындықтан алыс емес: кей кезде күміс білезіктердің сынығы, лағыл тастан жасалған моншақтар табылатын. Қалалардың бұзылған жерінен кейбіреулер көне байлық қазынасын іздейтін, сонда көбіне кетпен басы алтын заттарға емес, саз ыдыстардың сынығы мен тат басқан темірлерге

<sup>1</sup> Немесе әл-Мукаддаси (947 — 1000 жж.).

<sup>2</sup> Қараңыз: Бартольд В.В. Сочинения. М., 1963. Т.1. С.57.

<sup>3</sup> Оның толық аты — Әбу-Райхан Мұхаммед ибн Ахмет әл-Бируни (X — XI ғ. ортасы) Оның еңбектерінің тізімінде ол қайтыс болмастан он жыл бұрын 105 атау болған).

тиетін. Жануар сүйектері мен адамның бассүйектерінің шығуы жұртты шошытатын.

Отырардағы алғашқы археологиялық қазба жұмыстары – Түркістан археологиялық әуесқойлар үйірмесінің мүшелері А.К.Кларе мен А.А.Черкасов басшылық еткен 1905 жылғы экспедиция жұмысы еді<sup>1</sup>. Археологиялық қазба тәсілін толық меңгермеген олар ыдыстардың шыны сынықтары, жануар сүйектері мен ондаған мыс теңгелерден басқа не табар еді? Қазба осымен біткен еді. Жарты ғасырдан соң, 50-жылдары ленинградтық профессор А.Н.Бернштам бастаған Қазақ КСР Ғылым академиясының Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, содан кейін Е.И.Агеева мен Т.Н.Пацевич жүргізген барлау жұмыстары кезінде бірқатар ескерткіштердің топографиялық планы түсіріліп, қазбалар жүргізіліп, көптеген заттар жиналды. Бұл зерттеулер Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы 1958 ж. жазылған еңбектердің негізін құрады, онда Отырар туралы жеке бөлім арналды.

1969 ж. бұл жерде кең көлемдегі қазба жұмыстары К.А.Ақышев бастаған, құрамында жеке отряд бастықтары К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, М.С.Мершиев, С.Ж.Жолдасбаев, Б.Н.Нұрмұханбетов, В.А.Грошев, С.М.Ақынжанов, Т.В.Савельева, Е.А.Смағұлов, Н.О.Алдабергенов, Ю.А. Мотовтар бар Отырар археологиялық экспедициясының күшімен алғашқы екі жылында Отырар көрінісінің бедері толық топографиялық жобаға түсірілді. Онда археологиялық мақсат үшін ұшақ пайдаланылып, құс ұшар биіктіктен және екі шақырым жоғарыдан көне қаланың көрінісі анықталды. Соған байланысты жерден байқала бермейтін қала сұлбасын анықтауға қол жетті. Қазба жұмыстарының қатар жүруіне байланысты, қаланың өмір сүру кезеңдерін дәлелдеуге мүмкіндік туды.

Отырар археологиялық экспедициясы 1971 жылдан Оңтүстік Қазақстан кешенді экспедициясы деп аталып, қазіргі таңға дейін жоспарлы түрде кең алаңда қазба жұмысын жүргізіп келеді. Алқаптың қалалары, оның аймағындағы ескерткіштердің барлығына дерлік зерттеу жүргізілуде (тас дәуірі, қола кезеңі, ерте темір және ортағасырлық әртекті тарихи дәуірлерді қамтитын ескерткіштер бар). Тек қоныстар мен қалалар емес, көне обалар, кен

<sup>1</sup> Үйірме 1895 жылы Ташкентте ұйымдастырылған.

орындары, тастағы жазулар, қазақы қыстаулар мен көне су жүйелерінің сілемдері зерттелді.

Өткен жылдар ішінде Отырар мен оның алқабын зерттеушілердің жаңа тобы қалыптасты, олар – М.Қожа, Д.А.Воякин, С.Ш.Ақылбек, С.З.Ахмет, Д.В.Сорокин, М.А.Антонов.

Әсіресе Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары (1991 – 2008 жж.) зерттеу мен қазу көлемінің ұлғайғанын атап айтқан жөн. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 ж. қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасына тікелей байланысты. Бағдарлама аясында «Ежелгі Отырарды қайта өркендету» атты тағы бір бағдарлама қабылданып, ол археологиялық және сақтау жұмыстарымен қатар, Отырарды және алқаптағы басқа да ескерткіштерді ашық аспан астындағы Мұражайға – ішкі және халықаралық туризм орталығына айналдыруды мақсат етіп отыр.

Бүгінгі таңда Отырар алқабының зерттелуі археологтардың негізгі мақсатын қанағаттандырып отыр. Отырар қаласының хронология бойынша IV – VI ғғ. бастап XVII – XVIII ғғ. аралығында өмір сүріп, ғасырлар бойы көтерілу, құлдырау дәуірлерін басынан кешкені мәлім. Қаланың IX – XIII ғғ, XIV – XV, XVI – XVII ғғ. үй орындарының архитектурасы, діни ғимараттар, жеке өртүрлі шеберханалардың жалпы жобалары зерттелді. Тұрғындардың мәдениеті мен өмірінен қаншама мәлімет бар. Отырардағы қазба материалдары этнограф, лингвист, нумизмат, топырақтану, су жүйесін зерттеушілер жұмысына құнды да бай заттарды тарту етті.

Ортағасырлық қалалық мәдениетінің ірі аймақтарының бірі Отырар алқабы туралы жазба деректер, археологиялық мұралардың көптігі осы кітапты жазуға негіз болды.

## I. ОТЫРАР АЛҚАБЫНЫҢ ТАРИХЫ

### ХАЛЫҚ ЖАДЫ – КЕН ҚОЙМАСЫ. ҚАҢЛЫЛАР

Шығыстың жауһар ойларының тарихы Авеста<sup>1</sup> Отырар алқабы туралы көне жәдігер – онда қаңлы атаулы ел мен көне қала туралы айтылады (Авестада – Кангхе). Қазіргі Отырар атауына дейінгі тарихи кезеңнің жалғасы осы қаңлыдан бастау алады. Ирандықтардың көне батырларының бірі – жаужүрек батыр Туса «Хашатросук қақпасынан басталатын киелі қаңлы жеріндегі» Вайсак ұлдарын жеңу үшін Құдай-ананың көмегін тілейді. Бұл жырда біздің жыл санауымызға дейінгі II – I ғасырларда болған тұрлар мен ирандықтар арасындағы қақтығыстарды меңзейді<sup>2</sup>. Тұрандық билеушілердің орталығы Канга болып саналады<sup>3</sup>.

Біздің жыл санауымызға дейінгі 138 ж. Тандық Қытайдан батысқа қарайғы беймәлім елдер туралы білу үшін император У Дидің елшілік керуені аттанады. Князь Чжан Цянь басқарған керуен 13 жылдан кейін қайта оралып, жолжазбасын ұсынады. Осы жазбадан Қытайға жаңа жерлердегі қала өркениеті мен көшпенділер мемлекеті туралы мәлім болды. Чжан Цянь өз көзімен көрген билеушілердің астанасында болғанын айтады. Қаңлылар мемлекетінен мәлімет береді. Ол мемлекет Ыстықкөл

<sup>1</sup> Авеста – көне ирандық діни ескерткіш, зороастризм киелі кітабы. Б.з.д. II – I ғ.ғ.

<sup>2</sup> Тұр (тұрандықтар) деп Тұранның тұрғындарын, Иранның солтүстігінде орналасқан көшпенділер елін атаған. Авесталық ирандықтар мен тұрандықтардың (сактардың) арасындағы шекара Сырдария болды.

<sup>3</sup> Қараңыз: Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964. С.167 – 170.

жағасында, үйсіндердің гуньмосы<sup>1</sup> билейтін жерден солтүстік-батысқа қарай 2 мың ли<sup>2</sup> қашықтықта орналасқанын жеткізеді.

Ғылымда Жетісу жері үйсіндерге қарағаны дәлелденген, сонда Қаңлы мемлекеті Сырдарияның орта ағысын қамтыды дейміз.

Авестада Канга қаласы, Қаңлы мемлекетінің Чжан Цянь жазбасында айтылуымен тұстас келеді, әрі орналасу бағыттарының Сырдария өңіріне тура келуіне қарап, Канга қаласын тұрандық көсемдердің астанасы деп санауға болады. Ал оның Сырдарияның орта ағысында екені тек Қытай деректерінде ғана емес, ұлы Фирдоусидің атакты «Шахнама» туындысында да айтылады. Өлең түрінде жазылған бұл эпоста тарихи оқиғалар тізбегінде Шығыс Иран мен Орта Азияда өткен соғыстар туралы жырланады. Сиявуш туралы жырында Фирдоуси Канганы Афрасиаб<sup>3</sup> патшаның астанасы деп, Шаш пен Испиджабтан<sup>4</sup> ары, Гульзарион<sup>5</sup> өзенінің арғы бетінде орналасқан деп, Сиявушпен келісімге келген соң Афрасиаб Кангаға қайтады:

Бұхар мен Соғды, Самарқан мен Шашты,  
Испиджаб пен піл сүйек тақты елді  
Азат еткен ол әскерімен Қаңлыға қайтты.

Фирдоуси жырынан Канга Испиджабтан солтүстікте<sup>6</sup>, Сырдарияның орта ағысына тура келетінін байқаймыз.

Географиялық атауларды терең зерттей түссе, елді мекендер, таулар, өзендер қазіргі атауларына сәйкес келеді. География зерттеушілері «Шахнама» жырындағы атаулар белгілі бір жердің атына сай келмесе, ол жырды көшіріп жазушылар қатесі мен тереңдете зерттелмеудің әсері деп есептейді.

Қытай деректеріне қарағанда, Қаңлы үлкен мемлекет болған. Оның билігі Каспийдің солтүстік жағалауына дейін қамтыған. Онда көшпенділер қоныстанған. Мемлекеттің балшықтан соғылған қамалмен қоршалған қалалары да болған. Мемлекеттің

<sup>1</sup> Гуньмо – үйсін билеушісінің атағы.

<sup>2</sup> 800 – 900 км.

<sup>3</sup> Афрасиаб – тұрлардың аты аңызға айналған патшасы. Оның атымен ежелгі Самарқан (Марақан) қаласы аталған.

<sup>4</sup> Шаш пен Испиджаб – ортағасырлық ірі аймақтар мен қалалардың атауы.

<sup>5</sup> Сырдарияның ежелгі атауы.

<sup>6</sup> Қазіргі Шымкент ауданы.

астана қаласын іздеуде бізге Білге қаған мен Күлтегінге <sup>1</sup> арналып жазылған руникалық жазбалар жәрдемге келеді. Түркі қағанатының алғашқы VIII ғ. соғыстардағы жеңісінің нәтижесінде батыс шекарасындағы жердің Кангу Тарбан аталғанын осы тарихи ескерткіштерден білеміз. Ол Сырдарияның орта ағысында орналасқан саяси жеке аумақтық құрылым болған.

Арабтілді деректерде Тарбан Шаш мемлекетінің астанасы деп жазылады. Тарихшы әл-Белазури Самарқанды 712 жылы арабтардың жаулауын айта келіп: «Самарқанды Құтып (Кутейба) қоршап алып, бірнеше рет текетірес қақтығыстар болды. Соғды патшасы Тарбандта тұратын Шаш патшасына хат жазды» деп жазды <sup>2</sup>. Үзіндіде Тарбан Тарбанд деп жазылады. Кейбір араб дереккөздерінде осы қала Тұрарбанд деп жазылады. Бұл зерттеушілер Тарбан деп отырған Шаш астанасы Отырар деп аталған қала ма деген ойға жетелейді. Мысалы: XIII ғ. араб географы Якуттың атақты географиялық сөздігінде «Сейхунның <sup>3</sup> арғы жағындағы Тұрарбанд қаласы, Мәуереннахрға <sup>4</sup> іргелес, Шаштың ең алыс орналасқан қалаларының бірі. Оның халқы оны Тұрар және Отырар <sup>5</sup> деп әрқилы атайды» деп көрсетеді.

Соған қарағанда, VIII ғ. Кангу Тарбанның астанасы Тарбан (Отырар) болса, онда Қанлы мемлекеті тұсында, оның билеушілерінің ордасы осы қалада болған.

Қанлы мемлекетінің саяси тарихы енді зерттелуде. Олардың ғұндармен, үйсіндермен болған күрестері туралы бірқатар мәліметтер бар. V ғ. ортасына қарай күшті мемлекет одағының орнында кішігірім иеліктер қалғаны да белгілі.

Ғылымда Қанлы тұрғындарының этностық құрамы туралы күрделі мәселе бар. Олардың тілдері туралы да тұрақты пікір қалыптасқан жоқ. А.А.Бернштамның пікірі бойынша, қанлылар түркі тілдес халықтарға жатады. Ал басқа авторлар оларды солтүстікирандық мал шаруашылығы тайпаларына жатқызып, тек бірінші мыңжылдықта Сырдария бойына түркі тілдес тайпаларының жылжуына байланысты тілдері мен этностық құрамы

<sup>1</sup> Білге қаған – шығыс түркілерінің «ұлы қағаны» (716 – 734 жж.); Күлтегін оның туған бауыры, қолбасшы.

<sup>2</sup> Үзінді: Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. С.157.

<sup>3</sup> Сейхун – бұл да Сырдарияның атауы.

<sup>4</sup> Мәуереннахр – «өзеннің ар жағында» дегенді білдіреді – Әмударияның шығысына таман Орта Азия мен Қазақстан аумағы осылай деп аталды.

<sup>5</sup> Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. С.158.

өзгерді дейді. Кеңес дәуірі зерттеушілерінің бірі Б.А.Литвинский оларды иран тілдес сақтарға жатқызды. Оның пікірі бойынша, қанлы – сақ тайпаларының бірі, атауы «тері киген адамдар» дегенді білдіреді дейді. Кейінгі жылдардағы археологиялық заттар қанлылардың сырт келбеті жайлы бірталай мәліметтер берді. Зерттеушілердің қолында тері киімдері, сүйек такташаларына салынған суреттер бар. Самарқан маңындағы Қорғантөбе қаласының жанында табылған көшпенділер моласының қазба жұмысында табылған сүйек такташасында салынған сурет адамдардың дене құрылысымен қатар, киімдері мен соғыс қару-жарақтарын көрсетеді.



Қанлы жауынгерлерінің шайқасы: бірінші ғасырларда сүйек такта бетіне салынған сурет. (Қорғантөбе)

Аң аулау барысын сәтті бейнелеген екі суретті ерекше атауға болады. Тайпа көсемдерінің ұсынысымен жасалған қалалық шеберлердің өнер туындысында жауынгерлердің аянбай күресуінің көрінісін көреміз.

Ондағы қатысушы жаяу және атты жауынгерлер бір текті этностық топқа жатады: сопақша тар мандайлы, шаштары жоғары қайырылып, құлағынан асыра жиналған, қиық көзді, қошқар мұ-



рынды, қайратты иекті, шалғы мұртты, сүйір сақалды. Жауынгерлердің күш-қуатын көрсететін тері кеудешеге тігілген қорғаныс қабыршақтар, қылыш өтпес мойынқабы бар дөңгелек дулыға мен айылбаспен табанына тарта киілген ықшам, жеңіл шалбары бар. Көне тарихи дәуірлерге сәйкес қару-жарак: жалпақ ұшты ұзын найза, екі жүзді ұзын семсер, белдікке екі жерден ілінген қынабы, үшқырлы жебелі садақ, ерге жалғасып жатқан ұзын үш құрамды сауыт, қалқан, екі жебелік қорамсақ. Жауынгерлер жалы күзелген, кекілі түйілген аттарға мінген.

Сырдарияның орта ағысы мен төменгі ағысында этносаяси ахуал бірінші мыңжылдықтың ортасында түркітілдес тайпалардың келуінің әсерінен күрт өзгеріске ұшырады. Ерте ортағасырда Кангу Тарбан феодалдық құрылымы қалыптаса бастады.



Қаңлы садақшыларының аңға шығуы: бірінші ғасырларда сүйек тақта бетіне салынған сурет. (Қорғантөбе)

712 жылдың күзінде Самарқан қаласын жаулаған арабтарға қарсы тұрғындардың көтерілісі болды, өз күшінің әлсіздігін сезген соғдылықтар түркілерден жәрдем күтті. Көп күттірмей түркі әскерлері де жетті. Түркі әскерлерінің ойсырата жеңілуі көне түркі руна жазбаларында айтылады, оған себеп күтпеген жерде

тылдан түркілердің одақтасы кенгерестерге қарсы түргештердің<sup>1</sup> көтеріліп, соғыс ашуы әсер еткен.

Кенгерестер кімдер еді?

Оны білу үшін X ғ. алғашқы жартысында жазылған Византия императоры Константин Багрянородныйдың «Империяны басқару туралы» еңбегіне сүйенеміз. Мұнда Константинополь сарайының көршілерімен қарым-қатынас барысындағы соғыс-елшілік әдістері көрсетіледі. Онда славяндармен, болгарлармен, сербтермен, арабтармен және орыстармен қатар печенегтер де суреттеледі. Константин Багрянородный ежелгі печенег атауы туралы жазады, оңтүстік орыс даласына қоныс аударғанға дейін оларды кангар деп атады делінген. Ол былай деп жазады: «Печенегтерді кангар деп те атайды, бірақ бәрін емес, оған тек үш округтің халқы жатады: Йабдиирти, Куарцикур және Хабсуксингил, олар басқаларына қарағанда ержүрек әрі текті болып келеді, өйткені кангар атауы да соны білдіреді»<sup>2</sup>.

Ғалымдар мәлімсіз кенгерестерді кангар тайпаларымен салыстыра отырып, олардың тарихтың әр кезеңінде айтылған бір халық деген тұжырымға келді. Егер Канг – Сырдарияның ежелгі бір атауы болса, кангарлар (кенгерестердің) отанын дәл осы өзеннің орта ағысынан іздеу керек. Жоғарыда айтқанымыздай, Кангу Тарбан мемлекетінің орны да осы аймаққа тура келеді.

Сырдария мен Арал бойын қыпшақ-кимақ тайпаларының жаулап алуына байланысты, келесі ғасырларда кангар (кенгерес) жалпы қаңлы этнониміне айналды. Бұл X – XI ғасырларда болған өзгеріс. «Қыпшақтарда қаңлы атауы – текті адамдарға тиесілі» деп Махмұд Қашқари еңбегінде келтірген. Ғалымдардың пайымдауынша, көшпенділердің ақсүйектері өздерінің қуатты Қаңлылар мемлекетінен шыққанын дәлелдеу үшін қыпшақ тайпаларының қаңлы атауын қабылдауына алып келді.

Қазақ руларының ішінде ірілерінің бірі саналатын қаңлы атауы қалды. Бұл факт қазақ халқының этногенезін зерттеуге тікелей әсер етуі тиіс.

Қазіргі қазақтарды этногенетикалық зерттеуге де ежелгі қаңлылардан жалғанған жіптің әсері бар. Бұл ғылыми зерттеу мен

<sup>1</sup> Түргеш – түркі тайпаларының бірі. VII ғ. бірінші жартысында Түргеш қағанаты болды.

<sup>2</sup> Үзінді: Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. С.264.

анықтауды қажет етеді. Ал әзірше көне Қандыдан Отырарға жалғасқан қолда бар деректерге шолу жасайық.

## ФАРАБ... ОТЫРАР

Жоғарыдағы шолулар араб жазба деректерінде VIII ғ. бастап Отырар – Тарбан (Тарбанд) Тұрарбанд (Тұрар) деп аталуын ескерсек, Отырардың алғашқы Фараб аталуы да сол кездің үлесіне жатады. Араб тарихшысы ат-Тарабидің «Пайғамбарлар мен патшалар» деген көп томдық еңбегінде белгілі араб қолбасшысы Харис ибн Сурейдждің ортаазиялық билік жағына өтіп, ұлы Әлемдік держава – Халифатқа қарсы соғысқаны айтылады. Бұл аса күшті Халифат мемлекетінің жері кең аумақты Азия, Африка және Еуропа жерлерін алып жатты. Оның пайда болуы VII – IX ғасырларда исламның таралуына байланысты еді. Хорасанды<sup>1</sup> 644 ж. арабтардың жаулап алуынан, Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіне жол ашылды. Арабтардың солтүстік-шығыс бағытына қарай шабуылы жаугершілік түрінде жүрді.

673 – 674 жж. Убейдаллах ибн Зийяд басқарған әскер легі Әмудариядан өтіп, Бұхар қамалының түбінде тұрды. Арабтарға қарсы шыққан түркі және бұхарлықтардың қиян-кескі соғысы арабтардың пайдасына шешілді. Олар алтын және күміс теңгеден, қымбат заттардан, қару-жарақ, жоғары сапалы жібек маталар, тұрғындардан төрт мың құл және т.б. олжалар алып Хорасанға қайтып кетті. 676 жылы Бұхар қайта қоршалды, тұрғындар тағы да құн төлеп құтылды. Қайта-қайта болған шабуылдар VIII ғ. басында араб әскерінің басына Кутейба ибн Мүслимнің келісімен Орта Азияны түгелдей жаулап алуымен аяқталды. Қатал және айлакер талантты қолбасшы және саясаткер Кутейба ибн Мүслим Орта Азия феодалдарының өзара қырқысуын ұтымды пайдаланды.

Арабтарға қарсы қанды соғыс пен отқа оранған осы сәтте қолбасшылардың бірі Харис ибн Сурейдж көзге түсті. Түркі қағанының<sup>2</sup> әскерін бастаған ол қарсыластарына күшті соққы берді, бірақ мемлекет ішіндегі талас, қағанды аталас інісі Курсулемнің

<sup>1</sup> Хорасан – Оңтүстік Түркменстан және Солтүстік Иран.

<sup>2</sup> Бартольд В.В. Сочинения. М., 1963. Т.1. С.248 – 250.

өлтіруі түркілердің қарсылығын әлсіретті. Арабтар толық жеңді, сол кезде көтерілісші Харис ибн Сурейдж Фарабқа айдалды.

Ат-Тараби тарихшының 739 жылғы оқиғаны жазуында Фараб атауымен қатар, Отырар – Отырарбент еске алынды. Онда IX ғасырда Хорасан билеушісі әл-Мамунның халиф әл-Аминға қарсы соғысы басталуының қарсаңында, уәзірі ибн әл-Фази ибн Сахиаға ішкі жағдайдың әлсірегенін айтып, «Хорасанның ішкі жағдайын жөндеп, көтерілісті басып, Аминге қарсы күресуге болады. Отырарбент патшасы төлеп отырған салығын тоқтатты дейді»<sup>1</sup>.

Ат-Тарабидің жазғандары Абул-Валид Мұхаммед әл-Азракидің «Мекке қаласының шежіресі» деген еңбегінде жалғасын табады. Уәзірдің туған інісі Хасан әл-Фадлдің тақ пен тәжге қатысты жасаған олжасына орай әл-Мамунның тақ ұстауы, қазына жұмсауы туралы жазбада өз туысының соғыс ісіндегі сәттілігін көрсетеді: «Отырарды билеуге ұмтылды, ол шекара бастығын өлтіріп, қарлұқ жабғысынан әйелі мен ұлдарын тұтқынға алды»<sup>2</sup>.

Басқа деректерде Отырар және Фараб атаулары қалалық не аймақтық мағынада көрсетіледі: мысалы әл-Истрахриде Арыстың төменгі ағысындағы Фараб округі айтылса, Ибн Хордадбекте Фараб қаласы, ал «Худуд-әл-Әлем» шығармасында – қайтадан Фараб аймағы, Якутте – тағы қала Фараб болса, ал XIII ғасырдан бастап тарихи еңбектерде Отырар қаласы атымен мәлім бола бастады<sup>3</sup>.

Қазақстанның ортағасырлар тарихын зерттеушілер аралас атаулардың шығуын төмендегіше түсіндіреді. VIII ғасырда Сырдарияның<sup>4</sup> орта ағысында Фараб және Отырар жеке-дара аймақтары болған. Біріншісі дарияның сол жағында болса, екіншісі оң жағында орналасқан. Кейіннен бір аймаққа біріккенімен, атау-

<sup>1</sup> Сонда. 260-б.

<sup>2</sup> Михайлова А.И. Новые эпиграфические данные для истории Средней Азии IX в. // Эпиграфика Востока. М.; Л., 1951. Т.5. С.11 – 12.

<sup>3</sup> Настич В.Н. К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли в денежном хозяйстве города и области // Ближний и Средний Восток. Товарно-денежные отношения при феодализме. М., 1980. С. 164-169.

<sup>4</sup> Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алматы, 1972. С.28 – 29.

лардың екеуі де өмір сүрген. Шығыста астана қаланың аты да, аймақтың атауы да Фараб, әрі Отырар атауын да сақтаған.

Отырар алқабында X ғасырда Кедер атауымен астана пайда болды, ол туралы әл-Истахридің мәліметінде: «Кенжидтен<sup>1</sup> төмен Фараб аймағы орналасқан, Сырдарияның екі жағын алып жатқан ұзындығы мен ені бір күндік жолға жақын. Астанасы Кедер өзеннен жарты фарсах жерде»<sup>2</sup> дегенін әл-Макдиси: «Кедер жана қала болды, онда жаңа мінбер<sup>3</sup> салу үшін өзара қақтығыс соғыс тудырды»<sup>4</sup> деп жалғастырады. «Худуд әл-Әлемде» Кедер тұрғындарын жаужүрек әрі батыр деп жазады.

Бірақ бұл қала атауы жылнамалардан жоғалып кетеді, XI ғасырда оны бірде-бір ортағасырлық автор аузына алмайды.

Ғасырлар қойнауынан сонда оны қандай құйын жел ұшырып әкеткен?

Сырдарияның бойы X ғасырда қилы кезеңді басынан кешірді. IX ғ. ақырында оғыздар<sup>5</sup> печенегтерді (қаңғарлар) талқандады. Олардың бір бөлігі оғыздарға қосылып, басқалары батысқа қарай кетуге мәжбүр болды. Сонымен, IX ғ. аяғы X ғ. басында Сырдарияның төменгі ағысындағы Жанакент қаласын астана етті. Бұл өзен және құрлық арқылы осы жерден өтетін керуен жолының қиылысында орналасқан маңызды сауда және қолөнер орталығы болды. Осы арадан атақты сауда жолы қазақ жеріне терендеп, Сарысу, Кеңгір, Есіл және Нұра өңіріне қарай керуен жолдары кететін.

Оғыздардың ірі мемлекеті Орта Азия мен Еуропаның соғыс және саяси тарихында үлкен орын алды. Ірі Хазар мемлекеті және Хорезммен бақталас оғыздар Орта Азияға шабуыл жасады. Тарихи мәліметтерге жүгінсек, хазарларға қарсы 965 жылы оғыз жабғуы (ябгу)<sup>6</sup> мен Киев князы Святослав арасында соғыс келісіміне қол қойылды. Олардың көздеген мақсаттары саяси және экономикалық жағынан бір болатын. Көне орыс мемлекетіне ірі қарсыласы Византия мемлекетін жою мақсатын іске асыру үшін әрі Шығыс базарына шығу үшін керуен жолдарын билеп отырған

<sup>1</sup> Кенжид — Арыста орналасқан округ.

<sup>2</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. Т.1. С. 183 — 184.

<sup>3</sup> Мінбер — собор мешіті.


<sup>4</sup> Бартольд В.В. Сочинения. Т.1. С.270.

<sup>5</sup> Каспий маңында, Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал аймағында тұратын түркі тілдес тайпаларды оғыздар деп атады.

<sup>6</sup> Жабғу — патша.

хазарларды жеңу қажет болды, ал оғыздар Қара теңіз жағалауындағы даланы иемденіп, Еділ бойы арқылы Маңғыстау мен Үстіртке баратын сауда жолын тартып алмақ болды. 965 ж. Святославтың Хазарияны жеңуі оғыздардың хазарларға қарсы күресін жеңілдетті. Мұның бәрі ірі Оғыз мемлекетінің саяси күшеюін қамтамасыз етті.

Мемлекеттің шекарасы кеңейді. Олар оңтүстікте Сырдарияның орта ағысын, Арыс өңірі мен Қаратау беткейлерін алды. Оғыздардың бір бөлігі Шаш пен Испиджабты жайлады. Оларға Фарабпен қатар Сауран, Сүткент, Субаникент қалалары бағынды. Қалаларды жабғумен қатар бірнеше патшалар биледі, олардың ордалары қалаларда болып, қазына, азық-түлік қорына иелік етті. Солардың бірі Отырар алқабындағы X ғ. оғыздар салған жаңа Кедер астана қаласы Фарабпен (Отырар) жарыса кеңейіп өсті.



Отырар жазығындағы оғыздардың керамикасы. VIII — X ғғ.



Х және ХІ ғасырлар тоғысында оғыздардың құлдырай бастаған мемлекеттік бірлестіктері күрт әлсіреді. Феодалдық қақтығыстар, билеуші топтардың отырықшы және көшпелі халықтарды аяусыз қанауы — мемлекеттің құлдырауына тікелей әсер етті. Сырдариялық жабғуға қарайтын ірі мемлекет ХІ ғасыр ортасында қазақ даласына қыпшақ тайпаларының басып кіруіне байланысты толық құлады. Кедер қаласы да, сірә, осы тұста жоғалған болуы керек.

Жылнамаларда айтылмай қалған Кедер атауын зерттей келе белгілі археолог, ежелгі Хорезмді зерттеуші ғалым С.П. Толстов мынадай қорытынды жасаған, Әмударияның төменгі ағысындағы қала атауы Кедер урбонимін<sup>1</sup> талдай келе, керд (керт) қаланы атаудағы ежелгі негіздердің бірі деп тұжырымдайды. Мұндай жағдайда Кедер «қалалар елі» дегенді білдіреді деген ой айтты.

Әрине, басқа да пікірлермен санасу қажет. Х ғ. саяхатшысы ибн Фадлан оғыз жабғулары кудеркан деп аталғанын айтады. Сондықтан Кудер (Кедер) билеушілер ордасының атауы болған дегенді білдіреді. Кедердің Фараб аймағына қарауы, Оғыз мемлекетінің құлауымен бірге кетуіне қарағанда, бұл да тарихи шындыққа жанасады.

### ОТЫРАР МЕН ҚЫПШАҚТАР: БАЙЛАНЫС БАР МА? БАР...

Сонымен, оғыздардың ірі мемлекетіне қараған Отырар алқабын ХІ ғ. қыпшақтар жаулады. Қыпшақтар орталығы Сығанак, Жент сияқты қалалардан табылған керамика үлгілерінің осы Отырар қазбаларынан шығуы бұл тайпаның Отырарда болғанын дәлелдейді. Қыпшақ ыдыстарының бояулары қызыл, сары, жасыл түске сары, жасыл, қоңыр және ақ бояулармен өрнек жүргізілуімен ерекшеленді. Мұндай ыдыстар Еділ бойындағы Алтын Орда қалаларында да көптеп кездеседі, ол моңғолдармен бірге келген қыпшақтардан қалған...

ІХ ғ. араб тілді еңбектерде алғаш рет қыпшақтар<sup>2</sup> Қимақ тайпалық одағынан бөлініп шыққан халықтар туралы, Ертістің бойында орталығы болғандығы жазылады. Қыпшақ патшаларын қимақтардың тағайындауы туралы деректерде айтылғанына қара-

<sup>1</sup> Урбоним — қаланың атауы.

<sup>2</sup> Қыпшақ этнонимі тұңғыш рет VII ғ. ежелгі түркі жазбаларында кездеседі.

ғанда, қыпшақтар қимақтарға саяси бағынышты болғанын көрсетеді. Оғыздарды Сырдарияның бойынан ысырған қыпшақтар Қазақ даласының кең-байтақ жерін билеп, өздерінің Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) атауын орнықтырды.

Қимақтар туралы әдебиеттер арқылы, оғыздарды жеңген қыпшақтардың тарих сахнасына шығып, қазақ даласын билегенге дейінгі өмір сүруін, салт-дәстүрін білуге болады.

Қимақтар туралы ибн Хордадбек, Кудамма, әл-Истахри, ибн Хаукал жазған ортағасырлық шығармаларда айтылады. Олар туралы толық жазған XII ғ. араб географы Әбу Абдаллах Мұхаммед әл-Идрисидің «Нузхат әл-Мушрак фи-ихтирак әл-афак» деген еңбегі. Өзі ғалым, тағдыры ерекше бұл адам Сицилия королі II Роджер тапсырысы бойынша жазып шыққан. Ол өзінің шығармасында, Х — ХІ ғ. басында жазылған қимақтан шыққан Жанах ибн Хакан әл-Қимақи еңбегіне сүйенгенін айтады.

Одан біз қимақтардың мал шаруашылығымен айналысқанын, соның ішінде көшпенділердің басты малы жылқы болғандығын оқимыз: «жайлауда бір жерден екінші жерге көшіп-қонып жүрген» дейді. Басқа әдебиеттерде айтылғандай: «Түріктің» жер басып жүргенінен гөрі, ат үстінде отырғаны көп десе, шығармада қимақтардың жылқы малына құмар болғаны айтылады. Ертістің жағалауында мындап жылқылары жайылып жүрген. Жылқы малы тек мінсе көлік емес, олардың асыраушысы да болды. Еті тамаққа жараса, қымызы дәру сусыны болды. Қимақтар құйрықты қой асырады. Қойдың етінен басқа майын да алды. Оны жарық үшін пайдаланды, жылы киімдер дайындауға терісі мен жүні таптырмайтын зат болды, қимақтар аңшылықпен қатар балық аулаумен де айналысты. Әрине, қимақтардың барлығын көшпелілер деп санау қате болар еді, деректерге сүйенсек, өзен мен көл жағалауында, шекарада, таулы аудандарда, бекініс пен қалаларда өмір сүріп, отырықшылар шаруасын да атқарған. Қалалардың үлкені қағанға арналған астана қала болды, бұл әкімшілігі бар, кәсібі дамыған сауда орталығы болды. Қалалар темір қақпалы қамалмен қоршалып, тұрғын орамға (кварталға) бөлініп, базар, ғибадатханалар орналас-ты. Қатардағы тұрғындар жеркепелерде өмір сүрді. Екінші қимақтар бидай, арпа, сұлы, бұршақ егіп және жүзім өсірді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Қараңыз: Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX — XI вв. По арабским источникам. Алматы, 1972.

VIII ғ. қимақ тайпалық одағы Ертіс бойынан біртіндеп Қазақстанның кең даласына тарай бастады. Оларға XI ғ. басы мен ортасында Ертіс бойынан Оңтүстік Оралға дейінгі Арал бойы – Каспий бойы далалары, Орталық Қазақстаннан Жоңғар Алатауына дейінгі кең аумақ қарады.

Ал Сырдарияның бойынан оғыздарды ығыстырған қыпшақтар батысқа қарай жылжып, половцы деген атпен Киев Русі мен Византияның көршісі болды. Сол батыс қыпшақтар (половцы) тарихы жақсы зерттелді. Ал қазақ жеріндегі қыпшақтардың тағдыры зерттеуді қажет етпеді. Сонда да болса әдеби еңбектерден қыпшақтар туралы не білеміз?

XI ғасырдың аяғы – XII ғасырдың басында, ғалымдардың пікірі бойынша, орталығы Сығанақ пен Жент қаласы болған Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы пайда болды. Деректерде Сығанақ және Жент билігі деп аталды. Жент исламды кейін қабылдаған болса керек. Ортағасырлық авторлар «дінсіздер билігі» деп жазды. Орта Азияның ірі мемлекеттерінің бірі Хорезм мен арасы XI – XIII ғасырларда күрделі болып, соғысып та отырған. Олар хорезмшахтарға бағынып, арасында бейбітшілік келісімге қол қойған. Хорезмшах сарайында қыпшақ билеушілерінің беделі күшейіп, негізгі әскери қызметтерді ала бастады. Қыпшақ билеушісінің қызы Туркан хатун хорезмшах Мұхаммедтің анасы еді.

Орталық Қазақстан мен Тараз маңындағы қазылған Қыпшақ обаларының ішкі құрылыстарының біркелкі ұқсастықтарының болуы, өзіндік әдет-салт туралы мәлімет, ондағы шыққан заттардың ұқсастығы арқылы олардың киімі, әдет-ғұрпын анықтауға болады. Қыпшақ жауынгерлері мынандай болды: киімдері теріден жасалған. Етікке сұғылатын қой терісінен жасалған шалбар<sup>1</sup>, оған түрлі түрлі-түсті жіптен өрнек жүргізілген. Кеудесіне алтын түстес не қызылкүрең шапан киіп, қалың тері белдік тағынған. Белдікке қанжар мен қылыш ілінген. Жауынгер сол жағына ағаштан жасалған әшекейленген қынап іліп, ол 0,7 – 0,8 м келетін жебеге толы болған. Жебе ұштары: ромбы, жалпақ, доға, үшбұрышты үшкір болып келген, белдікке қыпшақтарға тән қошқармүйізді өрнектермен көмкерілген қалта ілінген.

<sup>1</sup> Қорғандардың бірінен қой терісінен тігілген шалбардың сақталып қалған қалдықтары табылды.

Сақталған заттарға қарап, қыпшақ жауынгерлерінің ат-әбзелдері қандай болғанын елестете аламыз, аттың ері ағаштан жасалып, темір қысқыштармен бекітілген, сыртынан былғарымен көмкерілген. Темір үзеңгі – төменгі жағы аяқ тіреуге қолайлы кең келіп, жоғары жағы ілгекті бекітуге ыңғайлы жасалған.

Жерлеу салтына келсек, адам сүйегіне қоса жылқы мен қой-ешкінің жауырын, омыртқа, қабырға сүйектері жерленген. Қыпшақ обаларына тән сұрақ белгісі тәріздес сырғалардың болуы, осы белгіні басқа тайпалардан көрмейміз. Сонымен қатар қыпшақтар жерлегенде өлік жанына теңгелер қойылған. Бұл дәстүр антик дәуірінен хабар береді. Мысалы, о дүниеге, өлген адамдар жаны баратын Аид қараңғы патшалығына сапары кезінде Харонның қайығымен Стикс өзен арқылы өткенде оған тасымалдағаны үшін ақы төлейтіндігін қалайша еске түсірмесің... Табылған теңгеге қарап жерлеу уақыты – XIII – XIV ғғ. кезені анықталды.

Қыпшақ қорғандарын қазуда қазақтың кең даласына бұл кезде ислам дінінің әлі еңбегенін, олардың пұтқа табынғандығын байқаймыз.

Сырдарияның орта ағысына көшіп келген қыпшақтарды қимақтар туралы жазылған мәліметтермен салыстыруға болады, қыпшақ тайпалық одағынан бөлініп шыққан олар малшы, егінші қимақтардың этникалық және әлеуметтік болмысын сақтап қалды. Құмкент, Отырар, Сауран, Баба-ата, Қараспан қалаларында табылған керамикалар қалалық кәсіпкерлік өнімі болса да қыпшақ обаларынан табылған қыш ыдыстармен ұқсас келеді. Сырдария мен қазақ даласында өмір сүрген қыпшақтардың кейінгі тағдыры зерттеуді қажет етеді. Қалай болғанда да, олар қазақ этносының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

## БҰЛТ ҮЙІРІЛДІ. ҚИЫНШЫЛЫҚ ЗАМАН КЕЛЕДІ...

Шығыста 1206 жылы Темучинді халқы ақ киізге отырғызып, Шыңғысхан атымен үлкен феодалдық мемлекеттің ханы сайлап жатқанда, сол ханның 1920 жылы моңғол әскерін бастап келіп Отырарды қирататынын Отырар халқы білмейтін еді. Әлі 14 жыл қала халқы тыныш өмір сүріп, базар саудасы дүрілдеп жатты, 14 жыл ғылым, қолөнер дамыды. Қазіргі Орта Азия және Қазақ-

стан жерінде, көптеген кең аймақта қалалар гүлденіп өсіп жатты. Бұхар және Тараз, Испиджаб және Самарқан, Үргеніш және Сауран, Мерв және Сығанақ, Шаш пен Талғар, Баласағұн және Қойлықта — экономика мен мәдениет XII — XIII ғ. басында гүлденудің жоғары дәрежесінде тұр еді.



Шыңғысхан. Қытай суреті

Шыңғысхан — өзінің ерекше жаратылысымен дараланды, әскерді жоғары біліктілігімен ұйымдастырды. Саясаткер және айлакер — біреулерді алдап-арбап, екіншілерін күштеп өзіне қаратып, үшіншілерін соғыста жеңе отырып көшпенді ордаларды Моңғол мемлекетіне біріктірді. Бұған дейін не болып еді? XII ғ. ақырында Ұлы Қытай қабырғасынан қасиетті Байқалдың мөлдір суына дейінгі орталықта көшпенділердің — татарлар, наймандар, керей, меркіт, жалайыр, маңғыттардың бір мемлекетке бірігуі басталған еді. Олардың бірігуін қылыштың күшімен тездете отырып, ірі мемлекетке айналдыру Шыңғысханның тәлейіне тиген еді. Барлық моңғол тайпалары Шыңғыс ұлысына айналды, көшіп-қо-

нуға жарайтын кең даланың жұрты оған бағынды. Ол жердегі тұрғындар оның ұлдары мен туысқандарына бөліп берілді. Ең ірі әкімшілік бірлігінің түмен<sup>1</sup> жауынгері болды. Әскербасының шақыруына әрбір арат<sup>2</sup> қару-жарағымен, атымен белгілі жерге жиналатын. Әскер құрамы ондық, жүздік және мындық болып, түменге біріккен. Олардың арасында темірдей тәртіп орнатылған, бір адам айыпты болса, оның айыбына ондықта оны бірдей, жүздікте жүзі бірдей, мындықта мыңы бірдей жазаланды. Әскер басында көшпенділердің аксүйектері — нойондар, баһадүрлер, мергендер болды. Билеуші өз маңында іріктелген мың жауынгер-ардагерлерден тұратын кешік<sup>3</sup> ұстады.



Моңғол қолбасшысы Сүбедей баһадүр. Қытай суреті

<sup>1</sup> Түмен — 10 000 салтатты әскер.

<sup>2</sup> Арат — малшы.

<sup>3</sup> Кешік — жеке гвардия.

Осындай әскери өнер меңгерген Шыңғысхан өзінің ұзақ жаулап алу жорықтарын бастады. Ол Қытайды бағындырды, әртүрлі қазынамен қоса сапалы әскери техниканы қолға түсірді: қабырға бұзатын машина, қоршауды ататын құралдар. Моңғол аттары тұяғының дүрсілін Корея да есітті. Енді Шыңғысхан халқы көп, ірі бай елдері бар Батысқа көз тікті. Алдымен ол Қарлұқ жабғуы басқарған Жетісудағы ірі мемлекетті және Күшік хан басқарған Найман хандығын құлатты, сонан соң атты әскерін Хорезмшах мемлекетінің шекарасына аттандырды.

Хорезм гүлденіп, ірі мемлекетке айналған болатын. Оған бүтін Орта Азия бағынатын. Хорезмшах Ала ад-дин Мұхаммедтің Дешті Қыпшақ даласымен Иран жеріне жасаған жорығы сәті аяқталған. Оған Самарқан және Бағдатқа дейінгі феодалдық мемлекеттердің билеушілері бағынды. Мұхаммедтің жеңістен басы айналып, өзін екінші Македонский санай бастады. Оның Үргеніштегі сарайында Александр ғұрпымен «науба зу-л-Карнайн» деп аталатын салтанатты жиын өткізу дәстүрі қалыптасты. Жиынға музыканттармен қатар, бағынышты елдер билеушілерінің 27 ұлдары қатысып отырды.

Сыртқы қуаты гүлденіп өскенмен, елдегі ішкі бірлік нашар болатын. Мұхаммедтің айналасында қандай жолмен болса да өздерінің саяси көзқарастарын өткізуге ұмтылатын әр түрлі топтар бас қосты. Хорезмшах өзінің анасы – қыпшақ билеушілерінің бірінің қызы, хорезмшах болған әкесіне тұрмысқа шыққан Туркан-хатуннан сескенетін еді. Анасын қыпшақ қолбасылары қолдайтын. Мұхаммедтің бағдаттық халифпен араздығы және дін ісіне араласқаны үшін дін өкілдері де оны қолдамайтын. Қанаудың, салықтың өсуі Орталық үкіметке көпестердің, қалалықтар мен шаруалардың да қарсылығын күшейтті. Сарай адамдарының алдамшы қолдауына елтіген Мұхаммед «моңғолдан шыққан жабайы тобырдың» қауіпті екенін елей қоймады. 1218 жылы Шыңғысхан жабдықтаған сауда елшілігі Үргенішке барар жолда Отырарда дамылдады. Хорезмшах моңғол керуенін құртуға бұйрық берді.

Шыңғысханның замандастарына сенсек, Мәуереннахр қалаларына, Самарқан және Бұхарға, киім-кешек заттарына айырбастау үшін күміс, аң терілері және т.б. көптеген байлықтар тиелген керуенмен көпестерді және түркілерді аттандырған. Деректер бойынша, шекара қала Отырардың тегі түркі билеушісі хорезмшахқа хабар жеткізеді. Ол келген керуенді жойып, оның байлығын

өзіне жіберуін талап етеді. Жергілікті билеуші өзі бағынатын ханның талабын орындайды <sup>1</sup>.

Қыпшақтан шыққан қолбасшы Инашық Қайырхан сол билеуші болатын. Ол Мұхаммедтің анасының туысы еді. Оның бұрынғы түркілік есімі Жаған туды «Піл келді» дегенді білдіретін. Керуенде көпестен гөрі ашық және жасырын тыңшылардың көп екенін біліп, шешімді батыл қабылдайтын батыр Қайырхан мемлекетінің қауіпсіздігі үшін қызмет етті. Керуеннің ішінде қала тұрғындарына «бір апаттың болатынын», моңғол әскерінің көптігін, жеңілмейтінін дәріптеп үгіт жүргізгендері болады. Осы қанды оқиғаны Шыңғысханға аман қалған бір түйеші жеткізеді. Ызалы моңғол билеушісі Мұхаммедтен айыптылар мен Қайырханды өз қолына беруін талап етіп, елші жіберді. Мұхаммед моңғол елшісін өлтіруге, сондай-ақ оны бастап жүрген мұсылман көпестерінің сақалдарын кесуге бұйырды. Бұл сол кездегі дипломатия тілімен айтқанда, соғыс жариялаумен бірдей еді. 1219 жылдың күзінде моңғолдар аттарын Сырдариядан суарды. Үргеніште Отырар қабырғасына моңғол әскері жетпей тұрғанда әскери кеңес өтіп, қолбасшылардың бірі сонда бар күшті біріктіріп моңғолдармен шайқасқа шығуға ұсыныс жасады. Бірақ Мұхаммед әр қаланың өз әскерімен қорғануын, яғни қолбасшылардың жеке соғыс ашуын талап етті.

Отырар қорғанысының барысын деректерде төмендегідей суреттеп жазды. «Олар (моңғолдар. – авт.) Отырар қаласына келді. Олар шатырларын қаланы қоршай орналастырды. Сұлтан Қайырханға өзінің шекара әскерінен 50 мың адам берді, сондай-ақ 10 мың адаммен Қараша Хаджибті көмекке жіберді. Қаланың сыртқы қамалы берік болатын, онда сансыз қару-жарақ жиналды. Қаланың ішкі соғысына Қайырхан барлық дайындықты жасады, жаяу әскер мен атты әскерді қақпаны күзетуге қойды. Өзі қабырға үстіне көтерілді. Алға көз жіберген ол жау әскерінің көптігін, сансыз қолдың кең даланың бәрін алып жатқанын, теңіздей толқыған нөпір мен сауытты аттар мен қашырлар дауыстарынан жер тітіркенетіндігін көрді.

<sup>1</sup>Қараңыз: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Спб., 1884. Т.1. С.5.





Моңғолдың Бату ханы. Қытай суреті

Әскер қамал сыртында бірнеше қатар болып орналасқан. Шыңғысхан әрбір әскери қолбасшыларды белгілі бір бағытқа жіберді. Ол үлкен ұлы Жошыны бірнеше түмен батырларымен Жент және Баршынкентке, бірнеше қолбасшыларын Ходжент және Бенакентке жіберді. Өзі Бұхарға бет бұрды. Үгедей мен Шағатайға Отырарды қоршауды тапсырды. Атты әскер басқа бағытта аттанғандықтан, Отырар бес ай бойы қорғанысқа шыдады.

Отырар тұрғындарының мүмкіншілігі таусылды, Қараша Қайыrxанды моңғолдарға бағынып, қаланы беруге үгіттеді. Осы қиыншылыққа себепші болған Қайыrxан, моңғолдар оны аямайтынын әрі еш құтылу мүмкіншілігі жоқ екенін білді. Сондықтан бар күшін салып күресті. Қараша өзінің әскер бөлімдерімен Суфи-хан қақпасына кетті. Түн мезгілінде татар әскерлері осы қақпадан кіріп, Қарашаны тұтқынға алды... Айыпты, айыпты емес Отырар

тұрғындары — кәрі-жасы бәрі мал сияқты қаладан айдап шығарылды. Моңғолдар қолына іліккен заттар мен мүліктерді талан-таражға салды.

Қайыrxан 20 мың арыстан жүректі, батыр тұлғалы ерлермен ішкі қамалға кіріп, қорғанды оның әрқайсысы ақырғы деміне дейін қорғады; моңғол әскері де көп шығынға ұшырады. Бұл күрес айларға ұласты, Қайыrxан екі серігімен қалды, қашып кету туралы ойлаған да жоқ, жанын салып соғыса берді. Моңғол әскерлері ішкі қамалға кіріп, үй төбесіне дейін қуды, сонда да берілмей алысты. Оның үстіне оны тірідей қолға түсіруге бұйрық болған соң, ұрыс барысында өлтіре алмады. Оның жолдастары өлімді азаппен қарсы алды, оның өзінде де қару-жарақ қалмады. Сонда қыздар қабырға кірпіштерін беріп отырды. Ол қулыққа көшіп, бірде құлап, бірде қарсы ұмтылып, моңғолдың көп әскерін құлатты. Бірақ бәрібір қақпанға түсті, қолы артқа қайырылып, шынжырға байланды. Қорған мен қабырғаны жермен-жексен еткеннен кейін ғана моңғолдар тыныш тауып, әрі қарай кетті. Тұрғындар мен кәсіпкерлерді хашар есебінде, кәсіпкерлік өнерін пайдалану үшін өздерімен бірге ала кетті. Шыңғысхан Бұхардан Самарқанға келген кезде оларды сол жерге алып барды»<sup>1</sup>.

Сонымен, Отырардың тағдыры шешілді, тұрғындары өлтірілді, тұтқынға алынды, қара жұмысқа жегілді, қамал қирады.

Отырарда қолға түскен Қайыrxан сол кезде құлаған Самарқанға жеткізіліп, азаптанып өлтірілді.

Сатқын Қараша Хаджиб болса, моңғолға қызмет етуге үміт артқан, оны моңғолдардың өздері бір рет сатқындық жасаған адам тағы да сатады деп өлтіріп тастады.

Моңғол шапқыншылығы қиратудан басталды. Алқаптар қаңырап қалды, қалаларда адам қалмады, күл-қоқыстың үстінде жабайыланып кеткен иттер қаңғып жүрді. Бұл туралы К. Маркс «Орда тағылықтары Хорасанда, Бұхарда, Самарқан, Балқыда және басқада гүлденген қалада жүргізілді. Өнер, бай кітапхана, мешіттер мен сарайлар, жетілген ауыл шаруашылығы бәрі келмеске кетті» деп жазды<sup>2</sup>.

<sup>1</sup>The History of the World (Conqueror by Ala-ad-Din Ata Malik Juvaini) / Transe by J. A. Boyle. Manchester, 1958. Vol. 1. P. 82 – 86.

<sup>2</sup>Маркс К. Хронологические выписки//Архив К.Маркса и Ф.Энгельса. Т.5. С.221.

Отырар құлағаннан кейін Жошы қосыны 1219 – 1220 жж. қысында, өзінің сенімді жолбастаушылары Хасан-қожа мен Әли-қожаның бастауымен, Сырдария бойындағы қалаларды бірінен соң бірін алды. Сығанақта Хасан-қожа тұрғындарды қорқытып, берілуге үгіттеді, алайда сығанақтықтар сатқынды өлтіріп, апта бойы шабуылдарға төтеп берді. Бұл үшін Сығанақ тұрғындары түгелдей өлтірілді. Өзгент, Баршынкент және Жент қарсылық көрсетпеді, оның есесіне Ашнас ұзақ қорғанды, көптеген моңғолдар ажал құшты. Қала алынып, тұрғындардың басым көпшілігі өлтірілді.

Бұхар мен Самарқан алынды. Бұл қалаларды шабуды Шыңғысхан мен оның кенже баласы Төле басқарды. Бұхар үшкүндік қоршаудан соң өртелді. Жақсы бекінген, 60 мың тұрақты әскер мен 50 мың халық жасағы бар Самарқан бір жыл бойы қорғануға мүмкіндігі бола тұра бес-ақ күн қарсыласты. Мұнда да Самарқан гарнизонының басшысы Туған-ханның сатқындығы орын алды. Ерлікпен қарсыласқан Ходжент, бес ай қорғанған Үргеніш алынды. Мұнда ұрыс әрбір үй, әрбір орам үшін жүрді. Моңғолдар сүйегі тау болып үйіліп қалды. Сондықтан моңғолдар қаланы түгел қиратып, Әмудариядағы тоғандарды бұзып, қаланы су астында қалдырды.

Шыңғысханның әрекеті хорезмшах қолбасшыларын естен тандырды. Мұхаммедтің өзі Иранға, кейін Каспийдегі елсіз аралға қашып бас сауғалады. Сонда ол өкпе қабынуынан қайтыс болды.

1222 жылға қарай Қазақстан мен Орта Азия моңғолдардың қоластында болды. Қаңырап елсіз қалған қалалар Шыңғысханның жойқын жорығының ізі болатын, соның бірі Отырардың күйреуі еді.

### АЛАСАПЫРАН... БІРАҚ ОТЫРАР ҚАЙТА ӨРКЕНДЕЙДІ

Күйреген Отырардың қайта қалпына келуіне небәрі 30 жыл уақыт керек болды. Бұл туралы табылған XIII ғасырдың орта кезіне жататын көптеген нумизматикалық заттар арқылы көз жеткіземіз. Мәселен, 1898 жылы Шымкент уезінен табылған алтын теңгелер Отырарда теңге соғудың қаншалықты қарқынды дамығанын дәлелдейді. Осы жерде шығарылған ақшалардың кеңінен

айналымға түскенін 1955 жылы Ташкент қаласының маңынан табылған 143 теңгесі бар көмбе де айғақтаса керек. Отырар теңге сарайының күмістелген мыс дирхемдері 1948 жылы қазылған Шыршық станциясында және Қарагүншік қаласында, Жамбыл облысының Сарысу ауданында табылған көмбелерден кездесті. Отырар ақшалары 1928 жылы Шаян ауданындағы көмбеден де, 1928 жылы Наманган маңайындағы көмбеден де, және т.б табылған еді.

Бірақ теңгелерге қарағанда, қала өмірінің жандануы тек Отырарға және бірнеше сырдариялық қалаларға ғана қатысты болғанын байқауға болады, олардың экономикалық өркендеуі моңғол шапқыншылығына ұшыраған орасан зор аумақтағы қалалардың жалпы құлдырауы жағдайында орын алды. Көптеген қалалар біржолата жермен-жексен болды. Қала тұрғындары қырылып, қол-өнершілер Моңғолияға әкетілді. Жаңа билеушілер көшпелі өмір салтына немқұрайды қарайтын қалалықтар мен егіншілерді жек көрді.

Моңғолдар өздерінің жаулап алған жерлерін басқара алмай, мұсылман көпестеріне және жергілікті феодалдардан шыққан моңғол итаршыларына сатты. Олар ұлы қағанның пайдасына салық жинауға құлшына кірісті, бұл орайда, олар, әрине, өздерінде ұмыта қойған жоқ. Екі жақты езгіге ұшыраған халық көтеріліс жасады, бірақ оны моңғолдар басып-жаншып, көтерілісшілерді қанға бөктірді.

Өндіргіш күштердің құлдырауы жаулап алушылар ішінде толассыз бөлініске әкеп соқтырды. 1227 жылы Шыңғысхан өлгенге дейін-ақ ұлдарының арасында жер бөлінісі болды: үлкен ұлы Жошы Ертіс пен Еділ арасындағы жерді алды; Шағатай еншісіне Орта Азия тиді, оған Хорасан жатқан жоқ; Үгедей өзінің туын (бунчук)<sup>1</sup> Тарбағатайда, Еміл мен Кобук жағасына тікті; Төлей әкесінің шаңырағына ие болып, Қарақорымда қалды.

Бірақ XIII ғасырдың ортасында феодалдық соғыстар басталып кетті. Екі отау – Жошы мен Төле – Үгедей мен Шағатайдың отауларына қарсы бірікті. 1251 жылы құрылтайда<sup>2</sup> бірінші коалицияның ханзадалары ұлы хан етіп Төленің баласы – Мөңкені сайлады. Ол таққа отырған сәттен бастап өз қарсыластарының айла-шарғысына қарсы қатал шаралар қолданды, Шағатай мен

<sup>1</sup> Бунчук – ту.

<sup>2</sup> Құрылтай – кездесу, жиналыс, жиын.

Үгедей отауларының ықпалды өкілдерін өлтірді, ал олардың ұлыстарын екінші қатардағы мекендер етіп тұқыртып тастады. Қолұшын бергені үшін Жошы ұрпақтары Оңтүстік Қазақстанға және Орта Азияның солтүстік аймақтарына билік жүргізді. Келесі онжылдықта Шағатайдың немересі — Алғуи — атасының иелігін күшпен қайта тартып алып еді, бірақ оның өзі ұзаққа бара қойған жоқ: билік Үгедей ұрпағының бірі Хайду ханзада қолына көшті.

Жаулап алушылардың арасындағы қарама-қайшылықты тарихшылар отырықшы тұрғындар мен қала өміріне қатысты жүзеге асқан ағымдардың көрінісі деп бағалайды.

Моңғолдардың басым бөлігі және оларға қосылған түркі әскери-көшпелі ақсүйектері отырықшылыққа жаулық көзқараста болды және қалалар мен кенттерді тонауға күш салды. Жүйесіз әрі қатыгез езгі аймақтың берекетін кетірді, онда берекетсіздік пен тәртіпсіздік орын алғандығы оларды мазалай қойған жоқ. Әрине, бұл топ күшті орталықтандырылған билікке де қарсы болды және тез баю жолына түскен жергілікті ақсүйектермен, шенеуніктермен және көпестермен байланыс жасауға құлшынды.

Хан сарайына неғұрлым жақын әскери-көшпелі ақсүйектердің енді бір бөлігі (шағыны), сондай-ақ шенеуніктердің бір бөлігі, діни адамдар және көпестердің басым бөлігі орталық билікті шектеуге ұмтылған бірінші топты жақтамай, күшті орталықтандырылған билікті құруды қалады, қала өмірін, ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіруді көкседі. Екінші топтың неғұрлым көреген өкілдері «өзін отырған бұтақты кесуге» болмайтындығын түсінді және шапқыншылықты тоқтатып, бейбіт өмір орнатуды, егіншілер мен қалалықтарды қудалауды тыюды жақтады. 1269 жылы Хайду хан Талас алқабында ханзадалар мен нойондардың<sup>1</sup> құрылтайын шақырды. Өзара қызу айтысқан ханзадалар мынадай шешімге келді: «...жазғы және қысқы жайылымды, тау мен даладағы қоныстарды бөлейік, өйткені бұл аймақ (Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия. — Авт.) мейлінше құлазып жатыр әрі игерілмеген...»<sup>2</sup>, сондай-ақ былай деп шешті: «алға қарай тауларда және далаларда қоныстану керек, қалалар маңында шиырламау қажет, малды егінге айдау тоқтатылсын және райаттарға<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Нойондар — моңғол ақсүйектері.

<sup>2</sup> Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. Т.2. С.69.

<sup>3</sup> Райаттар — егіншілер.

әділетсіз талаптар қойылмасын»<sup>1</sup>. Осындай ұстанымды Хайдудың өзі де ұстанды. Ол өзі басқарған 30 жыл ішінде өз ұлысының гүлденуіне орай көп нәрсе істеді.

Жекелеген билік етушілер күшеюінен бүкіл моңғолдық мемлекеттің қуаты әлсіреп, біртіндеп тәуелсіз иеліктерге бөлшектене бастады. Орта Азияда егіншілермен, отырықшы өмір салтына өтушілермен байланысты нығайтуға ұмтылған моңғолдар тобы жеңіске жетті. XIV ғасырдың бірінші жартысында Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі шағатайлық билеушілер арасында мейлінше ірі тұлға Кебек хан болды. Оның отырықшылықты жақтауға деген құлшынысы анық байқалатын: ол өзіне арнап Қашқадария алқабынан сарай тұрғызды, ақша және әкімшілік реформаларын жасады. Бірақ оның тұрақтылыққа деген ықыласы әскери-көшпелі ақсүйектердің ашу-ызасын туғызды. Олар Кебекке қарсы шығып, оның інісі — Тарма-ширинді (1326 — 1334 жж.) өлтірді.

Өзара қырқыстың нәтижесінде тәуелсіз Моғолстан иелігі пайда болды, ол Қашқарияда және Жетісудың солтүстік-шығысында орналасты, астанасы Алмалықта болды. Мұнда дулат руынан шыққан өмір Болатшы Тоғылық-Темір сұлтанды хан етіп жариялады.

Жошы ұлысында, Көк немесе Алтын Ордада сол сияқты қарама-қарсы күштердің қақтығыстары орын алды. Сырдарияда жаңа мемлекет — Ақ Орда құрылды, оның астанасы Сығанақта орналасты, құрамына Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі енді. Оның бірінші ханы сұлтан Сасық-Бұқа болды, сосын ол билікті ұлы Ерзенге берді. Кейінірек Орыс хан тұсында (1361 — 1380 жж.) Ақ Орда Алтын Ордадан біржолата іргесін аулақ салып, атақты Темірдің жаулап алу жорықтарына дейін өзінің дербестігін сақтады. Ақ Орданың негізгі тұрғындары қыпшақтар еді, олардың арасына моңғолдар мүлдем сіңісіп кетті. Сондықтан да XIV ғасырдағы араб авторы әл-Омаридың айтқандарын келтіре кеткен жөн:

«Ежелде бұл мемлекет қыпшақтар елі болды, бірақ татарлар оны жаулап алғаннан кейін қыпшақтар бодан атанды. Сосын олар (татарлар) қыпшақтармен қандары араласып, туыс болып кетті және олардың (татар) табиғи және нәсілдік сапаларынан жер қасиеті биік тұрды, енді олар да тура қыпшақтар тәрізді болып кетті, былайша айтқанда, олар бір рудың адамдары секілді еді, қыпшақтар жеріне қоныстанған моңғолдар мен татарлар олармен (қып-

<sup>1</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.3. С. 71.



шақтармен. — авт.) некеге тұрып, осы жерде біржолата тұрақтап қалды<sup>1</sup>.

Әл-Омаридың айтқандарынан Ақ Орда құрамына кірген Қазақстан тұрғындарының сол бөлігінің этногенезі ғана білініп қоймайды, сонымен бірге олардың иеленген бірқатар саяси тұрақтылығы да аңғарылады. Моңғолдармен қандары араласып кеткен қыпшақтар ендігі жерде бодан болмады.

Тап осы кезеңде біресе Жошы ұлысының, біресе Шағатай ұлысының бөлігі, біресе Ақ Орда хандарының иелігі болған Отырардың іргесі беки түсті. Небәрі ширек ғасыр ішінде ол Батыстан Шығысқа созылған керуен жолы бойындағы белгілі сауда орталығына айналып үлгерді. Осы қала арқылы Үргеніштен Алмалыққа және одан әрі қарай Қытайға, алыстағы Ханбалыққа жол тартылды. Осындай мәртебенің арқасында Отырарға қатысты XIII ғасырдың екінші жартысында саяхатшылар мен саудагерлердің ол туралы қалдырып кеткен көптеген жазбаларын кездестіруге болады. Осы қала туралы «Отырардың күйреуінен» кейінгі бірінші естелік армян патшасы Гетумнің (Гайтонның) құжаттарында сақталған, ол 1259 жылы Армениядан моңғол даласына Закавказьедегі моңғол билеушісі Аргуннің қысымшылығына қарсы жоғары мәртебелі Мөңке қағаннан көмек сұрау үшін құпия түрде аттанады. Патша мен оның серіктері үлкен қиындықтарды бастан кешіре отырып, бір жылдан кейін Қаракорымға жетеді, онда оларды жақсы қарсы алады, салықтарды азайтуға қол жеткізеді. Күзет грамотасын алған Гетум 1254 жылы күздің бел ортасында отанына оралады, жолдағы үлкенді-кішілі қалаларға соғады, соның бірі Сырдариядан өтер жолда орналасқан Отырар еді...<sup>2</sup>

Сол жылдардағы басқа да жазба деректерге қарағанда, Ақ Орданың ханы Ерзен, оның ұлы Сасық-Бұқа кезінде Отырарда құрылыс кеңінен қанат жаяды, Ерзен «өте ақылды, әділетті, күшті, дінге сенетін патша болды. Отырарда, Сауранда, Жентте және Баршынкентте орналасқан медресе, ханака, мешіттердің және басқа да қайырымдылық мекемелерінің басым бөлігін ол өзі салдырған болатын»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. С. 244 — 245.

<sup>2</sup> Гандзакеси Киракос. История Армении/ Перевод, предисл. и комментарий Л.А.Ханларди.М., 1976. С.222-226.

<sup>3</sup> Сборник материалов по истории Золотой Орды. М.; Л., 1941. С.2.129.

XIV ғасырдың ортасында Отырардың атағы кеңінен жайылды. Флорентиялық көпес Франческо Бальдуччи Пеголотти құрастырған «Сауда тәжірибесі» деп аталатын жол көрсеткіште Танадан, Дон сағасынан Ханбалыққа дейінгі ауыр да ұзақ жол суреттеледі. Көпестер жиырма бес күн бойы Танадан Қажы-Тарханға<sup>1</sup> дейін жетеді. Осы жерден Сарайға — Алтын Орда астанасына дейін жүзеді. Су жолымен Каспий арқылы Жайық сағасына жетіп, одан осы өзен арқылы Сараканкоға дейін көтеріледі<sup>2</sup>. Шиқылдақ арба жегілген түйелермен 20 күн ішінде Органчаға<sup>3</sup> дейін жетіп, ал тағы да 40 күннен соң Отырардың ақ қабырғасына ілігеді.

Дегенмен сол кезеңдегі Отырар бейнесі туралы нақты әрі айқын түрде сыр шертуші нумизматика десе болады. Басқа тарихи кезеңмен салыстырғанда XIII — XIV ғасырларға жататын соншалықты көп мөлшерде теңге және теңгелік-заттық көмбелер бұрынсоңды кездескен жоқ. Нумизматика жөніндегі белгілі кеңес ғалымы Е.А.Давидович оларды талдай келіп, мынадай әділ қорытынды жасайды: «жеке және жалпы мәселелер бойынша кейбір көзқарастарды қайта қарау керек, бірқатар жаңадан туындаған мәселелерді мүмкін болатын дәрежеде шешуді алға қою қажет»<sup>4</sup>.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, Отырарда тұрақты түрде теңге соғу моңғол шапқыншылығынан кейін 1251 — 1252 жылдары басталған. Алтын динарлар, күмістелген мыс дирхемдер және мыс фельс тәрізді теңгелер шығарылды. Осының өзі мынаны дәлелдейді, яғни Отырардың ақша шаруашылығы — қала күйрегеннен кейін арада 30 жыл өткесін көптеген басқа қалалық орталықтардан экономика қызметінің барлық саласын — ішкі ұсақ тауар айналымынан сыртқы сауда айналымына дейінгі жүйені толық ақша кешенімен қамтамасыз етуімен ерекшеленеді.

Отырар теңгелерін зерттеу 1271 жылға дейін созылған ақша шаруашылығының бірінші кезеңін сипаттауға мүмкіндік береді, бұл кезең барлық номиналдағы теңгелерді тұрақты шығару кезеңі және де осы арқылы қала өмірінің қаншалықты өркендегенін білуге болады.

<sup>1</sup> Қажы-Тархан — Астрахан.

<sup>2</sup> Сараканко — Сарайшық.


<sup>3</sup> Органча — Үргеніш.

<sup>4</sup> Давидович Е.А. Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в. М., 1972. С.7.

Отырардағы ақша айналымының екінші кезеңі билеуші, көпес Масуд-бек жүргізген ақша реформасынан кейін болады, ол ақша айналымының барлық жақтарын қамтыды. Осы реформаның негізін жоғары сапалы күміс дирхемдер жасауды ұйымдастыру құрады. Егер бұрын күміс дирхемдерді көп мөлшерде тек Алмалық шығарып келсе, ал 1271 жылдан бастап бұл қызмет басқа қалаларда да, оның ішінде Отырарда да өріс алды. Күміс дирхемдердің салмағы барлық жерде бірдей болды, яғни барлық теңге сарайлары үшін белгіленген стандартты салмаққа сәйкес келді, сынамасы да сондай болды: біріншісі 2,1 г., сынамасы – 800 (немесе осыған жақын). Теңгелерді безендірудің негізгі белгілері таңба, картуш пішіні және ірі жазбалар болып келеді, белгілі бір дәрежеде бірліктің белгілерін еншілейді. Е.А.Давидович былай деп атап көрсетеді: «Масуд-бектің реформасы мемлекетті күміс теңгелермен қамтамасыз етті және шығарылған жеріне қарамастан, оларды жалпы мемлекеттік айналымға түсіру үшін қажетті кепілдіктерді (салмақ, сынама, неғұрлым елеулі сыртқы белгілері) берді»<sup>1</sup>.

Дирхемдермен қатар ұсақ сауда жүйесін қамтамасыз ететін мыс фельстерді жасау да жолға қойылды, мұның өзі де 1270 – 1271 жж. реформаның пайдасы екендігін көрсетеді: отырықшы шаруашылықты, қала өмірі мен сауданы қалпына келтіру мен дамытуға бағытталған талпыныс жеңіске жетті. Көптеген көмбелер күміс теңге өндірісінің кезінде жақсы жолға қойылғанын дәлелдейді. Ірі көмбелердің бірі 1893 жылы Арыстың сол жағалауындағы Қарауылтөбе күзет қорғанының төбесінен табылды. Екі құмырадан 5800 күміс және мыс теңгелер, сондай-ақ екі күміс білезік, маржандар, мыс тоға, асыл тастар және алтын бұйымдар сынығы табылды. Отырардың күміс дирхемдері табылған жерлер: 1889 жылы Ташкент уезіндегі Жалал-Төбе облысында табылған көмбе, Ангренге жақын мандағы Дункент көмбесі (1952 ж.), Ленинабад көмбесі (1954 ж.) және, ақыр соңында, жетпісінші жылдары Отырар аймағынан табылған (оның ішінде Отырардан) көмбелер.

<sup>1</sup> Сонда. 144-б.



Отырар көмбесінен табылған күміс белдік бөлшектері

Зерттеу қорытындысы шағатайлық отырар теңгелерінің соңғы сериясы Буян-Кула атынан 1354 жылы шығарылғанын көрсетті<sup>1</sup>. Демек, тұтастай ғасыр бойы Отырар қарқынды түрде теңгелер шығарғаны Қазақстан мен Орта Азия үшін қатал тарихи кезеңде қаланың экономикалық және саяси маңыздылығын дәлелдейді.

### АҚСАҚ ТЕМІРДІҢ СОҢҒЫ ЖОРЫҒЫ

Моңғол мемлекетінің «үйіндісінде» өзара қырқыстың салдарынан пайда болған иеліктің бірінің билеушісі, бұдан бұрын айтылған Моғолстанның сұлтаны Тоғылық-Темір XIV ғасырдың екінші жартысында Орта Азиядағы қуатты мемлекеттің басшысы болу маңдайына жазылған бір адамға «азғантай» ғана көмек

<sup>1</sup> Лэнь Пуль С. Мусульманские династии. Спб., 1899. С.201.

көрсеткен еді. Әңгіме Темір туралы болып отыр<sup>1</sup>. 1361 жылы Тоғылықтың өзі Темірге үлкен түменнің билеушісі және барлас тайпасының басшысы болуға жәрдемдеседі<sup>2</sup>, міне, тап осы сәттен бастап осынау бір тұлғаның билік шыңына өрлеген жеңісті қадамдары басталды.

Өзінің жаужүректігімен, әскери талантымен ерекшеленген, тосын оқиғаларды аңсайтындардың арасында атағы шыққан Темірдің жолы қиындыққа толы болды. Ол көптеген жаугершілік жорықтар жасады, жеңістерге де жетті әрі жеңіліс те тапты, тіпті тұтқынға түскен кездері де кездесті. Осындай буырқанған өмір Отырарда кілт үзілді...

Иә, басынан бастап айталықшы.

Темір барлас тайпасынан шыққан ұсақ моңғол әмірі Тарағайдың отбасында дүниеге келді. Ол жас күнінде нөкерлер жасағын<sup>3</sup> басқарды және үлкен жол бойында тонаушылықпен күн көрді; күшті орталық биліктің жоқтығын пайдаланған ол, Карл Маркстің сөзімен айтқанда, «өртүрлі князьдердің қызметінде кондотьерлердің бастығы ретінде»<sup>4</sup> өктем бола түсті.

Бұл адам өзінің даңққұмарлығымен, билікке ұмтылысымен және шексіз қаталдығымен ерекшеленді. Ол қандай әдіспен болсын, кісі өлтіруден тайынбай, өзінің алға қойған мақсатына жетуге ұмтылды. Ол шамамен үлкен түменді басқаруға келген кезде белгілі моңғол әмірі Хусейнмен таныстығы басталды, Темір оның қарындасына үйленді. Жас әмірлер бірігіп көршілерге тонаушылық шабуылдарын жасады, өзімен теңдестер арасында бірінші болу құқығы үшін күресті. Ал мұндай жағдайлар әрқаз жетіспен аяқтала қойған жоқ. Олар бірде қатты жеңіліске ұшырап, 62 күн бойы алғыр қарсыластарында тұтқында отырды. 1362 жылы Сеистанға<sup>5</sup> шабуыл кезінде Темір жараланды, содан кейін оның қолы семіп қалды. Жетісу мен Қашқариядан шыққан көшпелі моңғол жасақтарымен соғыс кезінде халық қозғалысын пайдалана отырып, 1366 жылы Хусейн мен Темір Самарқанда билікті

<sup>1</sup> Темір (1336 – 1405 жж.) – оны Темірлан деп те атады (Тимурленг, тәжік тілінен аударғанда «Ақсақ Темір»), өйткені 1362 жылы жараланып (аяғы мен қолы), ақсақ болған.

<sup>2</sup> Бұл жағдайда – әскери жасақ.

<sup>3</sup> Нөкер – жауынгер.

<sup>4</sup> Архив К.Маркса и Ф.Энгельса.Т.6. С. 184.

<sup>5</sup> Сеистан – Ауғанстанның оңтүстік-батысы.

басып алды. Бірақ билік үшін талас серттескен жақын достардың арасын суытып, бір-біріне жауластырып тынды. Темірдің жолы болды: 1370 жылы ол Хусейн бас сауғалаған Балқыны қоршады. Қатты қарсылық көрсеткен қала басып алынды, ал тұтқынға түскен Хусейн Темірдің үнсіз келісімімен өлтірілді. Енді онда күшті қарсылас болған жоқ және әскербасыларының құрылтайында оны мемлекет басшысы етіп жариялады.



Тақта отырған Әмір Темір

Темір отыз бес жыл патшалық құрған кезеңнің бәрінде Хорезмге, Парсыға, Үндістанға, Закавказьеге, Кіші Азияға, қазақстандық дала төсіне үздіксіз жорықтар жасады. Ол ешқашан жеңілу дегенді білмейтін қуатты әскер жасақтады, ол соғысу өнерінде «жансыз болу жүйесін енгізді; бұл орайда оған дәруіштер, пақыр-

лар, монахтар — ламалардан христиандық дуанаға дейін қызмет етті».<sup>1</sup>

Жаһангер ең алдымен Алтын Орда қолдау көрсететін, ұзақ уақыт бойына тәуелсіз болған Хорезмді бағындырды. Ол Хорезм аймағына алты рет шабуыл жасады. Хорезмнің астанасы Үргеніш жермен-жексен етілді, ал түтіндеген үйінділерге Темірдің бұйрығы бойынша жұртқа жария түрде қара бидай себілді.

Темір өзінің Алтын Ордадағы бұрынғы қолшоқпары — Ақ Орда ханы Орыс ханның ұлы Тоқтамыспен қанды шайқас жүргізді. Тоқтамыс 1376 жылы Самарқанға қашып келген болатын, сонда Темір оны жақсы қабылдап, темірлік алмас қылыштардың көмегімен Отырарды, Сауранды және Ақ Орданың астанасы — Сығанақты басып алып, онда хан болып жариялануына көмектескен еді. Бірақ Тоқтамыс Темірдің үмітін ақтамады; Алтын Ордаға хан болып алғаннан соң, 1388 жылы ол Темірдің иелігіне шабуыл жасап, шұрайлы жерлерін тонады. Қасиетсіз вассалын бағындыру үшін Темір әскери жорық ұйымдастырды, ол Тоқтамыстың артынан өкшелей қуа отырып, бүкіл қазақстандық даламен өтіп, Алтын Орданың байырғы жеріне басып кірді. Оның астанасы Сарай Берке қаласы, сондай-ақ Қырым мен Солтүстіктің қалалары қаңырап қалды.

Темір Жетісуға бірнеше жорық жасады, Шарын мен Ілеге дейін жетті. Соның нәтижесінде ол Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанды өз мемлекетінің құрамына қосып алды, ал Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ, Тараз, Аспара қалаларында әскери гарнизондарды орналастырды.

Бәрінен бұрын Темірді Парсы қызықтырды, ол сол кезде көптеген ұсақ иеліктерге бөлшектеніп кеткен болатын. Қатыгез жаһангер Гератты, Балқыны соншалықты күш жұмсамай-ақ жаулап алды, сондай-ақ Әзірбайжанды, Грузия мен Арменияны да бағындырды.

1398 жылы ол өзінің үнді жорығын бастады: Делиге дейін жетіп, қаланың тас-талқанын шығарды, Самарқанға үлкен олжамен оралды. Батыста Темірдің әскері Кіші Азияға және Сирияға келіп кірді, 1402 жылы Анкара қасындағы шайқаста осман сұлтаны Баязедтің әскерін талқандап, сол арқылы Византия империясының құлауын кейінге ығыстырды.

<sup>1</sup> Архив К.Маркса и Ф.Энгельса Т.4. С.185.

Тарихта Темір есімі тек оның қанды жорықтарымен ғана емес, сонымен қатар біздің заманымызға дейін жеткен мәдениет ескерткіштерімен де байланысты. Темір өзінің иеліктерінде құрылыс пен сәулеттен қаражат аяған емес, ол мұны мемлекетті нығайтады деп түсінді. Ол Үргенішті талқандағаннан кейін бірден барлық ғалымдарды, шеберлерді, колөнершілерді Самарқанға жинады, тонап алынған құндылықтарға Шахрисябзадан атақты Ақ Сарайды салғызды. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған сәулетшілер мен шеберлер тек сарайлар ғана емес, сонымен қатар мешіттер мен медреселер де салды. Міне, тап сол кезде, XIV ғасырда Гур-Әмір, Бибі-Ханым, Шахи-Зинда тәрізді көрнекті ескерткіштер бой көтерді. Бұл орайда қазақстандық дала көшпенділері мен отырықшы тұрғындар пір тұтатын Ахмет Йасауи бейітінің үстіне тұрғызылған кесенені айтуға болады. Темірдің кенеттен қайтыс болуына байланысты оның құрылысы аяқталмай қалды, дегенмен салып үлгерілгенінің өзі ғажайып сәулетімен адамды таңғалдырады.

«Бұл орайда ұлы әмір өте саяси көрегендік танытты, — деп жазды Ахмет Йасауи кесенесін зерттеушілерінің бірі М.Е.Массон, — ол көшпенділердің ұлттық қасиетті мекеніне ерекше мән беруді, исламды ұстанатын халықтардың рухани бірлігін ескеруді, номадтарды таңғалдыратын кең ауқымды ойды жеткізуді мақсат етсе, ал құрылысты салу арқылы империяның қуатын көрсетуді меңзеді, — міне, XIV ғасырдың аяғындағы ортаазиялық сәулет өнерінің бірінші дәрежелі ескерткішін мемлекеттің шетінде салудың сыры осындай еді»<sup>1</sup>.

Темірдің ресми тарихы «Жеңістер кітабы» ғимаратты салуды 1397 жылғы оқиғамен байланыстыра баяндайды. Осы жыл Темір Моғолстан ханы Қызыр-Қожаның қызы — Тәукел-ханымға үйленеді. Өзінің зайыбын күткен Темір қыркүйек айында Қожа Ахмет бейітіне тәжім ету үшін Йасы қаласына барады. Сірә, сол жолы ол құрылысты бастауға бұйрық берген. Тапсырыс берушінің тілегі жарлықпен бекітілген, онда ғимараттың жалпы жоспары мен негізгі өлшемдері қарастырылған: Бас күмбездің диаметрі қырық бір гязге<sup>2</sup> тең болуы тиіс. Алдыңғы жағында екі мұнара-

<sup>1</sup> Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжи Ахмеда в городе Туркестане / Известия Среднеазиатск.географ. о-ва. 1929. Т. 19. С.39-45./

<sup>2</sup> Гяз — ұзындық өлшемінің бірлігі.



сы бар аркалы биік портал қондыру жоспарланды. Оның артқы жағында үлкен күмбезді шаршы бөлмежай жан-жағынан отыз гыз болады және есік жақтаулары тәрізді жеті металл қорытпасынан құйылған ортада хауыз орналасады. Одан кейінгі бөлме жан-жағынан он екі гыз болады, шағын күмбезді, шайқының өзінің бейітінің үстіндегі бөлме Тавриздан алынған мәрмәр тастақталармен көмкеріледі. Қабірдің оң және сол жақтарында жиналыс жасайтын екі бөлмежай (чарсуфалар) орналасады. Сонымен қатар, бірнеше басқа да бөлмежайлар, сондай-ақ ескерткішке тәжім етуге келгендерге арналған Құжыралар<sup>1</sup> жоспарланған. Күмбездер мен қабырғалар сол дәуірдің сәулеттік талғамына сай айшықталуы тиіс болды. Міне, тапсырма осындай болды, ал оны жүзеге асыру Маулан Убайдулла Садрға жүктелді<sup>2</sup>.

Белгілі кеңес археологы М.Е.Массон осы ескерткіш туралы былай деп жазды: «Жобасы мен ой-толғамы жағынан Орта Азияда күдіретті салынған осы кесенеге тең келетіні жоқ. Ол өте ғажайып дүние. Бірақ ислам өнерімен салынған оның дәстүрлі пішіндегі күдіретті құрылысынан сол кездегі дәуірдің, сасанидтер дәуіріндегі Парсы патшалығының стилі мен императорлық Византия сәулетінің лебі ескендей әсер қалдырады. Ктесифон мен Фирузабад сарайлары П әрпі тәрізді түрде салынған; сасанидтер патшаларының зор қабылдау залдары (Тек-и-Кесра) — тамаша ғажайып порталдың бейнесінен туындаған. Византияның ықпалы сасандық Парсы кезінде-ақ сәулет өнеріне енді, «көктегі патшалық пен жердегі билік жүргізушінің жеке-дара билігінің бірлігі» үйлесім тапты және Әулие Софияның константинопольдік храмында тамаша бейнеленді. Көптеген ғасырларға озық тұрған осы әлемдік ескерткіш тек Шығыстың сәулетіне ғана емес, сонымен қатар мұсылмандық Түркияға да әсерін тигізді, Қожа Ахмет кесенесінде оның соншалықты айқын көрініс тапқаны сондай, оны мұсылмандық Айя-София деп атауға толық негіз бар деуге болар еді»<sup>3</sup>.

Темір Отырар жанындағы Қожа Ахметтің ұстазы әулие Арыстан-бабтың бейітінің үстіне кесене орнату идеясын да ұсынған болатын. Халық аузындағы аңыз былайша сыр шертеді. Қожа Ах-

мет кесенесінің құрылысын салуға кіріскен жұмысшылар оның қабырғасын қалайды, түн ортасында бір алып бұқа келіп, қаланғанның бәрін бұзып тастаған. Содан құрылыс қайта салынып, аркалары мен күмбездері көтеріледі, бірақ бір күні түнде соның бәрі құлап, үйіндіге айналады. Бұл жағдай Темірді ойландырып тастайды. Бірде түсінде ақсақалды қарт келіп, Қожа Ахметтің айтқанын жеткізеді: ең алдымен Арыстан-баб бейітінің үстіне кесене орнату керек дейді. Сөйтіп, шын мәнінде де осы кесене салынады, тек содан кейін Түркістандағы кесене құрылысы ешқандай кедергі болмай қарқынды жүреді.

Өкінішке орай, аталған кесене сақталмады — Отырардың шығысына қарай үш шақырым жердегі қазіргі кездегі зиратта құрылыс тұрғызылған, ол XIV ғасырда жартылай бұзылған орында XIX ғасырдың бас кезінде салынған. Сол кезеңнің құрылысынан тек екі оюланған қарағаш бағанасы ғана қалған. Бірдей бағаналардың ұзындығы 3,5 м; ойылып салынған дөңгеленген жапырақтар ізі байқалады, бағананың төменгі жағында шаршылап ойылған белдеу және айқышталып орналасқан геометриялық пішіндер бар; онда салынған айшықтар Ахмет Йасауи кесенесінің есігінде салынған өрнектерге ұқсайды. Қазір қайтадан қалпына келтірілген кесенеден сол бағаналардың көшірмесін көруге болады, ал оның түпнұсқасы Қазақстан Ғылым академиясының археология мұражайында орналасқан.

...1404 жылдың аяқ кезінде Темірдің көптен ойлаған жорығы басталды. Жаһангер әрқашанда алға үлкен мақсаттар қоятын. Қазіргі заман тарихшыларының бірі Темір ортаазиялық феодалдардың көп олжаға кенелуге деген ұмтылысын шебер пайдаланды деп атап көрсетті. Олардың көмегімен көрші мемлекеттерді тонады. Темір өзінің әскерін Сырдария мен Жетісудан өткізуді жөн деп тапты. Жылдың аяқ шенінде 200 мыңдық әскер Сырдарияның арғы бетіндегі Отырар мен Сауранға шоғырландырылды. Бәрі де дайын болып, тек аттану хабарын күтіп тұрды. «Бірақ тағдырдың жазмышы басқа болды». Ақпанда Сырдариядан өту кезінде салқын тигізіп алған Темір ауырып, Отырар сарайларының бірінде дүние салды. Оның өлімін жасыруға тырысты. Қалың әскер жорыққа аттанды, алдыңғы лектері Отырардан шығысқа қарай 5 фарсахтағы<sup>27</sup> Шілік қонысына келіп жетті және осы жер-

<sup>1</sup> Құжыра — медресе шәкірттері мен дәріс берушілердің тұрғынжай бөлмесі.

<sup>2</sup> Қараңыз: Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжи Ахмеда в Туркестане. С.41.

<sup>3</sup> Массон М.Е. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясеви. Ташкент, 1930.

<sup>1</sup> Қараңыз: Бартольд В.В. Сочинения. М., 1964. Т.2. С. 71-72.

де жаңалықты естіп, Самарқанға ат басын бұрды, сонда Темірдің мұрагерлері билікті бөлісуге асықты.

### ОТЫРАРДАН ОТЫРАРТӨБЕГЕ ДЕЙІН – ҮШ ҒАСЫРЛЫҚ ЖОЛ

XV – XVIII ғасырлардағы Қазақстан тағдыры Отырардың тағдыры болды. Жазба деректер оның тыныс-тіршілігін әдетте хандар мен сұлтандардың жорықтарына қатысты қысқаша түрде хабардар етеді. Дегенмен ежелгі жылнамашылардың жұтаң жазбаларының өзінен қаланың тыныс-тіршілігі білінгендей болады. «Таварих-и Гузида» деп аталатын ортағасырлық шығармада былай деп жазылған: «Сұлтан Махмұд хан Отырарды (Мұхаммад Шейбани ханға) берген осы кезде... Құл-Мұхаммед тархан Сабранда болды. Сабранның барлық адамдары, молдалары мен қожалары кеңес құрды: Отырар тағы да Мұхаммед-Шейбани ханның қоластына қарады. Күн санап оның қуаты арта түсуде. Енді ол барлық уалаятты басып алды, адам жіберіп, Мұхаммед сұлтанды алып келгізді (Шейбани ханның інісі) және оны Сабранға берді»<sup>1</sup>.

Осы жазылған мәтінге қарап, тоғыз жолдың торабындағы Отырардың маңызы ерекше болғанын білуге болады. Әрбір жеңімпаз үшін (осы орайда Мұхаммед-Шейбан хан) бұл қаланы алу дегеннің өзі барлық сырдариялық қалаларға билік жүргізу деген сөз еді.

«Таварих-и Гузида» шығармасына келтірілген үзінді Темірдің өлімінен кейін Орта Азия мен Қазақстанда өзара қырқыс пен феодалдық соғыстардың болғанын көрсетеді. Билік басына келген Темірдің немересі Ұлықбек, өзі көрнекті ғалым болған, билікке таласқандардың құрбаны болып, айуандықпен өлтірілді. Бірақ оның көзі тірі кезінде-ақ атасынан мұра болып қалған зор аумақтың солтүстік шекарасындағы жағдай шиеленісті болды. Шах-Жахан басқарған моғол жасақтары Сайрамды басып алды және Қарасаман қаласына жақындап келді. Бірақ моғолдар қатты жеңіліске ұшырап, кері шегінді. Ал 1426 жылы Жошының ұрпағы саналатын Барақ хан өзін Дешті Қыпшақ пен сырдариялық қалалардың билеушісі етіп жариялады.

<sup>1</sup> Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории Казахских ханств в XV-XVII вв.// Казахстан в XV-XVIII вв Алматы, 1969. С.21.

XV ғасырдың ортасында Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақтың көптеген тайпалары мен руларын өзіне күшпен бағындырып алды, сөйтіп, жаңа феодалдық иелік атанған Өзбек хандығын басқарды. Осы мемлекеттік бірлестікті құру Қазақстанда патриархаттық-феодалдық қатынастардың нығайтылғанын дәлелдейді: феодалдардың құқықтары мен артықшылықтары одан әрі кеңі түсіп, бұқара халықты қанау күшейді, таптық күрес шиеленісті. Феодалдар халықты езгіде ұстау үшін күшті билік аппаратын құрды.

Өзбек хандығы Арал маңы мен Сырдарияның төменгі ағысынан солтүстікте Тобылға дейінгі және одан әрі солтүстік-шығыста Есілге дейінгі орасан зор аумақты еншіледі. Оның тұрғындарын бір сөзбен «өзбектер» деп атады. Оның құрамына қаңлы, қыпшақ, дулат, керей, карлұқ, найман, үйсін, арғын, қырғыз тәрізді тайпалар кірді. Әсіресе қыпшақтар қатты ерекшеленді, міне, сондықтан да кейбір зерттеушілер XV ғасырдағы осы мемлекеттік құрылымды «Қыпшақ хандығы» деп атауға бейім тұрады. Бірақ «өзбек» атауы, сондай-ақ бұдан бұрын да болған «қазақ» атаулары ол кезде этникалық мазмұнға ие болмағандығы және белгілі бір халыққа бірікпегені дәлелденді, бұл кейінірек болды: екеуі де дала төсінде қоныстанған көптеген тайпаларды қамтыды, оны XVI ғасырдағы ортаазиялық ғалым Рузбихан өзінің жазбасында былай деп растай түседі: «Үш тайпа өзбектерге жатады, олар Шыңғысханның даңқты иелігінде... екінші тайпа – қазақтар, олар барлық әлемде күш-қуатымен және ержүректігімен даңққа бөленген және үшінші тайпа – маңғыттар...»<sup>1</sup>

Дешті Қыпшаққа билік үшін өзара қырқыс пен күрес Әбілхайырдың күшімен шегіне жетті және «Жошы ұрпақтарының арасында ханның жебесі атылмаған немесе ханның қолы тимеген бірде-біреуі қалған жоқ». Мұның өзі Жәнібек пен Керейдің Шу аймағына көшіп кетуіне әкеп соқтырды. Тұрғындардың үдере көшуі XV ғасырдың 50-жылдардың аяғынан 60- жылдардың аяғына дейін созылды<sup>2</sup>. XVI ғасырдағы тарихшы Мұхаммед Хайдар осыған қатысты былай деп айтқан: «Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілхайыр хан билік етті. Ол Жошы ұрпағынан тараған сұлтандарға қатты тиісті. Жәнібек хан және Керей хан одан Моғолстанға қашты. Есенбұға хан оларды ықыласпен қарсы алып, өздеріне

<sup>1</sup> Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-ий Бухара. С.62.

<sup>2</sup> История Казахской ССР. Алматы, 1979. Т.2. С.256-257.

Шу және Қозыбасы аймағын берді, бұл аймақ Моғолстанның батыс өңіріне жататын еді. Сол кезде олардың тілегені болып, Өзбек ұлысы Әбілхайыр ханның өлімінен кейін бытырай бастады; (онда) көптеген қолайсыздықтар орын алды. Тұрғындардың басым бөлігі (оның бодандары) Керей хан мен Жәнібек ханға көше бастады, сөйтіп (жиналғандар) олардың маңына жиналып, 200 мың адамға жетті. Оларды «өзбек-қазақ» деп атады»<sup>1</sup>.

Осы кезде, дәлірек айтсақ, 60-жылдардың ортасында, зерттеушілердің пікірі бойынша, Қазақ хандығы құрылған кезең болды деп есептеледі. Мұндай мемлекеттің құрылуы қазақтардың көшпелі хандары мен тайпаларының бөлігі деп келте қайыруға болмайды. Өйткені, Қазақ хандығы осы аумақтағы бұрынғы феодалдық мемлекеттердің мұрагері болып табылады. Оның экономикасы, әлеуметтік қатынастары, экономикалық процестері қалыптасқан еді<sup>2</sup>.

Қазақ хандығы мен көшпелі өзбек мемлекетінің арақатынасына келсек, жиі-жиі соғыстар болып тұрды: ең алдымен Жәнібек пен Керей Әбілхайырға қарсы соғысты, одан кейін Керейдің ұлы Бұрындық және Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шейбани Дешті Қыпшақтағы билік үшін және Сырдарияның сыртындағы Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ, Йасы қалалары үшін шайқасты. Қазақ хандығына қалалар қолөнер, сауда, саяси және экономикалық билік орталығы ретінде қажет болды. Дегенмен, Мұхаммед Шейбани Орта Азияны өзіне бағындыра білді, қалаларды өз қолына қалайда ұстауға тырысып, көшпелі тұрғындарға өзінің айтқанын осы жерден жүзеге асыруға күш салды.

1510 жылы Шейбанидің өлімінен кейін оның мұрагерлері ортаазиялық иеліктерде билік үшін таласып, дала төсіндегі ықпалынан айрылып қалды, сөйтіп, билік қазақ сұлтандарының қолына көшті. Өзбектер Орта Азияға кеткеннен кейін Қазақстанда қазақтар мен өзбектердің қалған тайпалары бірігіп, қазақ халқын қалыптастырды. Бұл процесс өзара қырқысуды тоқтатып, Қазақ хандығын нығайту кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұрындықтың өлімінен кейін қазақтарды Жәнібектің ұлы Қасым хан басқарды, оның кезінде хандық шекараларының кеңеюі және жаңа тайпа-

ларды бағындыру есебінен Қазақ хандығы одан әрі күшейе түсті. Замандастарының деректеріне қарағанда, Қасым хан кезінде Қазақ мемлекетіндегі тұрғындар саны 1 миллионға жетті.

Тарихшылардың айтуынша, Қасым ханның өлімінен кейін қазақ сұлтандарының арасында алауыздық туды. Қасым ханның мұрагері қақтығыс кезінде өлтіріліп, оның орнын Тағир, одан кейін Тағирдің ұлы Бұйдаш хан иеленді. Хандықтың бөлінуі орын ала бастады: басқа хандар да пайда болды (батыс аудандарда Ахмед хан, Жетісуда Тұғым хан). Осыған қарамастан XVI ғасырда экономика қарқын алып, қалалар өсіп-өркендеп, әртүрлі қолөнер саласы дамыды, жергілікті және өтпелі сауда ауқымы кеңейе түсті. XVI ғасырдың жылнамашыларына сүйенсек, қазақ көпестері үнемі ислам елдеріне баратын болған. Түркістан қаласында қазақ хандары теңге шығарды, Сығанақ қаласын «Дешті Қыпшақтың айлағы» деп атады.

Хақназар ханның кезінде (1538 – 1580 жж) Қазақ хандығының күшейгендігі сондай, ол енді Ташкенттің жеріне таласа бастады. Тәуекел ханның кезінде Бұхарды жаулап алуға күш салынды. Өзара қырқыс оты қайта тұтанып, қалаларда топ-топқа бөліну жүріп жатты. Тонау, суландыру жүйелерін бүлдіру, отырықшы тұрғындарды қыру – осының бәрі қала өміріне зауал әкелді. Өзара қырқыс сырттан төнген қауіпке қарамастан өрши түсті. Көп кешікпей шығыстан XVII ғасырдың 30-жылдарында құрылған Жоңғарлардың әскери-феодалдық мемлекеті шекараға келіп жетті. Жүз мыңдық әскеріне сүйенген жоңғар феодалдары аумақты басып алу саясатын жүргізді: олардың жойқын шабуылын тарихшылар моңғол шапқыншылығымен теңестіреді. 1643 жылы жоңғар қонтайшысы Батур Қазақстанның оңтүстік аймағына шабуыл жасады. 1684 – 1685 жылдары қонтайшы Қалдан Оңтүстік Қазақстанға қайтадан шабуыл жасап, бай да берекелі ауданды қаңыратып кетті. Сайрамға шабуыл жасап, оны талқандады.

Жоңғарлардың жорықтары XVIII ғасырдың басында да жалғасты. Олар жергілікті халықты қырып-жойып, қоныстарды талқандады. XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы жоңғар шапқыншылығы тарихта «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалуы бекер емес: мындаған қазақтар қаза тапты және тұтқынға түсті, қалалар талқандалып, жүздеген қазақ ауылдары өздерінің атамекендерінен айырылды. Қазақ халқы кейінірек орасан зор күш жинап, жаулап алушыларға қарсы тойтарыс берді, оларды талқандап, өздерінің жерінен қуып шықты.

<sup>1</sup> Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв.: (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алматы, 1969. С.295.

<sup>2</sup> История Казахской ССР. Т.1. С.17 – 18.



Ал Отырардың жағдайы қалай болды? Бұл туралы мәліметтер ұзаққа созылған қоршауға төтеп берген бірінші дәрежелі әскери бекініс ретінде мәлімдейді. Әдебиеттердің бірінде 30 мың адамы бар әскердің қаланы қоршағаны туралы, қаланы қорғаушылармен күн сайын нәтижесіз шайқастар жүргізгені туралы айтылады. XVI ғасырдың аяғында және XVIII ғасырда орыс әдебиеттері де деректер қалдырған, оны Қазақ Ордасының қалаларының бірі ретінде атайды. Шағын қала туралы айтқан соңғы мәліметтер XVIII ғасырдың орта кезіне жатады. Содан кейін қала қаңырап калып, бірте-бірте үйіндіге айналады, сөйтіп кейін Отырартөбе деп аталады. Адамдар бұл жерде көптеген ғасырлар бойы тұрған. Кейін уақыт өте келе бұл өңірден көшкен. Олардың бір бөлігі Түркістанға келіп қоныстанды, ал енді бір бөлігі оңтүстікке, Шымкентке қарай ауды. Бірнеше қалашықтарға орналасқан оларды ұзақ уақыт бойы отырарлықтар деп атады. Отырарда каналдар құрғап, егістік жерлерге соран өсті, ыстық күн сәулесінен бау-бақша қурады. Жүзімдіктер мен бақшаларды құм басты... Айта кетелік, бұл Қазақстандағы соғыстардың салдарынан жойылып кеткен көптеген қалалар мен қоныстарға ортақ тағдыр еді. XII ғасырдағы географиялық сөздіктің авторы Якут былай деп бейнелеп жазған болатын: «олар (жаулап алушылар. – Авт.) онда қалғандарды қырып тастады, өздері қырғандарға оларды да қосып жіберді. Бұрынғы таңғажайып бақшалардан және даңқты бекіністерден ештеңе қалмады. Тек ғайып болған халықтардың ізіндей боп қираған қабырғалар ғана қалды... Мүлдем қаңырап қалған бұл бақтар жан дүниенді күйзелтеді... Бұл каналдардың өтетін жерлері жоғалып, су беті ауған жаққа қарай ағатын болды».

## II. «ҚАЛА ТАСТАРЫ» – АТА-БАБА ҚОНЫСТАРЫНЫҢ СҰЛБАСЫ

### АРЫСТЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРМАҒЫНДАҒЫ ТӨБЕЛЕР

...Осы қаланың тақырланған төбесін қазғанға дейін-ақ жекелеген тұрғынжайлардың жобасы білінген болатын. Көк шөптің арасынан шикі кірпіштен қаланып, мүжілген сары тіктөртбұрыштар ерекшеленіп тұрды. Жекелеген тұрғынжайларды екіге бөлетін үлкен көшелер де байқалды. Көшелердің бағыттарын да болжауға болатын: олар қақпадан шығып, «орталық» көшесі шығыстан батысқа қарай қаланы қақ бөліп, тіке тартылған. «Қиғаш» көшелердің бірі қала арқылы солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталған, ал «сақина» тәріздісі оның периметрі бойымен қаланың шетімен оралып жатыр...

Отырар алқабы ескерткіштеріне жататын Көк-Мардан<sup>1</sup> қаласымен алғашқы танысқандағы көз алдыңызға келетін сурет осындай. Бұл Арыс өзенінің сол жағалауындағы шағын аумақтағы (100 ш.м.) орналасқан ең ірі дөңестердің немесе төбелердің бірі. Әртүрлі өлшемдегі ондаған дөңестер бұрынғы заманда осы жерде тіршілік еткен ата-бабаларымыздың ізіндей үнсіз жатыр. Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, Сейтмантөбе, Ахайтөбе, Шөлтөбе... Бұның бәрі бір кездері арнасы суға толған, бүгінде кеуіп қалған Арыстың ежелгі бір сағасына географиялық жағынан байланысты.

Көк-Марданның үйіндісі екі бөліктен, яғни негізгі дөң мен оның жанындағы адырлы жерден тұрады. Суретке зер салып қарайтын болсаңыз, онда сіз негізгі дөңді көресіз. Бұл – қалашықтың орталық бөлігі, ол Арыстың ежелгі екі сағасының қосылған


<sup>1</sup> Ескерткіштердің басым бөлігі орналасқан Көк-Мардан мекені бойынша аталған.

жерінде пайда болған аралда орналасқан. Аралдың аумағы бұрынғы қаланың жобасы қандай болғанын көрсетеді. Ал қазіргі кезде қала орны солтүстіктен оңтүстікке қарай сопақша болып созылып жатыр, бұл орайда оның аумағы екі гектардан сәл асады, ал төбенің биік тұстары 15 метрге жетеді.

Көк-Марданды неғұрлым мұқият зерттеген сайын, оның өзіне тән ерекшелігі бар отырықшылық мәдениеттің қырларын ғана емес, сонымен бірге оның даму барысын айқындау да мүмкін болды.

Сонымен, сіз ашық аспан астындағы мұражайға келіп кірдіңіз делік. Онда сіз «материктен» қаланың шығыс бетінде орналасқан жалғыз ғана қақпадан ішке енетін боласыз...

Ол биіктігі 1,5 м, жоғарғы бетінің ені 1,5 м, төменгі жағының ені 3 м қолдан үйілген жал (дамба) бойымен өтеді. Содан кейін жал жайпақ еңіске (пандуска) айналып, қақпаға келіп тіреледі. Қалаға кіретін жердің қос жақтауында жұмыр пішінді екі мұнара орнатылған, ал қазір оның шығыңқы көрінетін ізі ғана жатыр.



Көк-Мардан қалашығының қазбасы

Сағалармен бөлінген қаланың орталық дөңесіне құрылыс сілемдері жатқан аумақ келіп тіреледі. Құрылыс шығыс жағынан қарағанда бір гектардай аумақты алатын, биіктігі 2,5 метрге жететін тегіс төбешік түрінде тікбұрыш пішінді болып көрінеді. Орталық дөңің батысында және солтүстік-батысына қарай құрылыс тағы да үш гектардай жерді қамтиды. Солтүстікке қарай жар-

ты шақырым жердегі қалалық зиратта биіктігі 2 — 2,5 және диаметрі 15 метрге жететін езіліп шөгіп кеткен бірнеше ондаған қорғандар бар.

Аумақтың өлшемі мен жағдайына қарағанда, Көк-Мардан кезінде онша үлкен емес әрі егіншілікпен айналысатын отырықшы өмірдің өзіндік ерекшелігі бар орталық болғанға ұқсайды.

Көк-Марданды қазу кезінде бұл қала көп қабатты, яғни бірінен кейін бірі өртүрлі кезеңде салынған бірнеше қаладан тұратындығына көз жетті.

Сонымен археологтар бірінші қабаттан қандай мәліметтерге қол жеткізді?


Оның ең жоғарғы бетінің орналасуы шағын учаскелерден ғана табылды, былайша айтқанда, тұрғынжайлар жауын-шашынмен езіліп, желге мүжіліп, тіптен сақталмады десе болады. Сонымен қатар бұл қала өзінің өмірінің соңғы кезеңінде құлдырауға ұшыраған тәрізді: оның құрылысы ескіріп, біртіндеп тасталғанға ұқсайды. Сөйтіп, қала бейнесі баяу жоғала бастаған. Ақырында оның кейінгі тұрғындары ондағы жарамды заттардың бәрін алып басқа жерге көшіп кеткен. Қаланың күйреуіне не себеп болғаны әзірге белгісіз күйде қалып отыр. Бұл Арыс өзені арнасының өзгеруінен болуы да ғажап емес, соның салдарынан бұл өзеннің бірқатар салалары құрғап, «судан тапшылық көрген» Көк-Марданның тұрғындары жаңа су көздерін іздеп кеткен болуы керек. Мүмкін экологиялық факторлар да әсер еткен шығар, мысалы, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер тұзданып кетуі Көк-Марданның құлазуының бір себебі деуге келеді (бұл сол алқаптағы басқа қоныстарға да қатысты). Сондай-ақ қоғамда болуы мүмкін жалпы дағдарысты да жоққа шығара алмайсыз.

Ал төменірек қабатта орналасқан одан бұрынғы болған қалаға келсек, ол үлкен көшелермен және тұйық көшелермен бөлінген тұрғын үйлерден тұрады. Мұндағы үйлер негізінен бір бөлмелі, ішінара екі бөлмелісі де кездеседі, бұл орайда екінші бөлме қоймаға арналған.

Суретке қарап бір бөлмелі үйдің қандай болғанын байқау қиын емес. Үйлердің бәрі де жерге (мәдени қабат) біршама сіңіріле орналасқан, сондықтан оларға одан жоғары тұрған көшелерден баспалдақ арқылы түсетін болған, ондай баспалдақ саны үштен беске дейінгі аралықта кездеседі. Үйдің есіктері әдетте бір бұрышқа жақын салынғаны байқалады.

Тұрғынжайдың ішкі құрылысы біртектес келеді, мұның өзі археологтарға, қазба жұмыстары аяқталмастан бұрын, мәселен, ошақ пен пеш үшін жасалған қуыстың қай тұста орналасқандығын алдын ала дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Кіретін есікке қарсы орталыққа жақын еденге салынған ошақ<sup>1</sup> орнатылған, оған жиектері бойымен саз балшықтан ернеу жасалып, еденге тік бұрышты пішінде сіңіріле қондырылған. Оның бір бөлігі от жағу үшін, ал екіншісі шоқ пен күлге арналған.




**Көшеден баспалдақпен кіретін бір бөлмелі тұрғынжай,  
V – VI ғғ. (Көк-Мардан)**

Қазба жұмысы кезінде әр үйден дерлік ошақ қасында еденде жатқан тастан жасалған дән елегіш немесе диірмен тасы<sup>2</sup> тұтас немесе сынық күйінде табылды. Кей жағдайда диірментастарға арналған тұғыр жасалған. Ондай тұғырдың төменгі бөлігі «жатқызылып», онша биік емес жұмыр бағанаға мықтап сіңіре орна-

<sup>1</sup> Үйдің іші «ашық отпен» жылытылған (түтін есік немесе төбедегі булық арқылы шыққан).

<sup>2</sup> Диірмен тасының көлемі біркелкі, диаметрі – 25-35 см.


тылған. Үй қабырғаларының бірінен еден деңгейінде немесе одан сәл жоғары биіктікте ашық пеш (камин) үшін әдейі сопақ пішінді қуыс ойылған, оның түбіне саз балшықтан жасалған таба қондырылған.



**Көк-Мардан. Үй**

Бөлменің периметрі бойынша қабырғаларды жағалай жататын, ені бір метрге жететін, биіктігі 0,3 – 0,4 м болатын сәкі орнатылыпты, бөлмежайлардың бұрыштарында қуыстар бар, оның алдыңғы жағы сәл биіктетілген, күл қабатына карағанда, онда әдет-ғұрыптық от жағылған болуы керек. Үйдің бұрыштарында суға және азық-түлікке арналған ыдыстар орналасқан – бұлар әдетте хумдар (көзе күбі) немесе күйдірілмеген саздан жасалған цилиндр тәрізді бөшке ыдыстар, онда тары, бидай, арпа, бұршақ сақталғаны анықталды.

Қазба жұмысы кезінде басқа үйлерге мүлдем ұқсамайтын шағын құрылысы бар бір бөлмелі үй кездесті, оны сіздер суреттен көріп отырсыздар. Кіреберістегі қабырғада жарты метр биіктікте тікбұрышты келген қуыс бар, оның жиегі қошқар мүйізімен көмкерілген. Қуыстың астыңғы жағында 1,5x1м мөлшердегі екі сатылы тұғыр бар, тұғырдың оң жағында саздан құйылған қабырғамен бөлінген шағын бөлік орналасқан. Қазу кезінде табылған қыштан жасалған шырақтар, тұғырдағы таза күл қабаты, осының бәрі осы үйдің отқа табынумен байланысты ғибадатхана болғанын дәлелдей түседі. Шындығына жүгінсек, мұндай құрылыстың баламасы басқа еш жерде кездеспейді, дегенмен осы дәуірге жататын, яғни I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы Хорезмдегі Гуяр-кала қаласындағы құрылыс залына кейбір ұқсастықтары бар.



Кұдайға құлшылық ететін қуысы бар ғибадатхана,  
V – VI ғғ. (Көк-Мардан)

Оның қабырғаларында да төменгі жағында тұғыры бар ернеуі жапсырыла жиектелген қуыстар кездеседі. Сондай-ақ Хорезмдегі Топырақ-қалада тағзым ететін орын болған, V – VI ғасырларда ашылған храмда әлгіндей жапсырмалар арқар мүйізінен жасалған. Көк-Мардан мен Хорезм ғибадатханаларының ұқсастықтары мәдени байланыстарға немесе сырдариялық тайпалардың Хорезм аймағына қоныс аударуына байланысты болса керек.

Көк-Марданның барлық құрылысы тікбұрышты шикі кірпіштен қаланған. Қабырғалары іргетассыз өрілген: олардың негізі бірден жердің топырағына қойылған. Іш жағынан бірнеше мәрте саз балшықпен сыланған. Төбесі тегіс, ол тірек бағаналарына ұстатылған ағаш бөренелермен жабылған. Әдетте мұндай бағаналар саны төртеу, оны үйлердің еденінде сақталған ағаш бағаналардың тікбұрышты ұялары дәлелдейді. Төбеге бөрененің үстіңгі жағына қалың етіп камыс салынған, бет жағы күл араластырылған саз балшықпен сыланған. Мұны қазба жұмыстар кезінде айқындауға мүмкін болды: кейбір бөлмежайлардың едендерінен археологтар төбеге салынып сыланған камыс сабақтарының бөліктерін тапты.

Көк-Марданның материалдары Сырдария жазығынан қазып алынған басқа ескерткіштердің қалдықтарына ұқсайды, соған қарағанда, аталған қаланың дәуірін III – VII ғасырларға жатқызуға болады.

Арыс өзенінің ежелгі салаларында орналасқан тағы бір ірі қаламен танысалық. Бұл Көк-Марданнан үш шақырым жердегі ескерткіш – Пұшық-Мардан.

Пұшық-Марданның орталық бөлігінде негізі 70x100 м болатын, шығыс жақ беті тіке жар және батыс жағы жайпақ екі қабаттан тұратын биіктігі 12 м болатын дөң бар. Дөңнің төрт бұрышты сұлбасы солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған. Оның жанжағынан ежелгі Арыспен жалғастырылатын ор қазылған. Өзінің топографиялық белгілері бойынша бұл дөң Оңтүстік Қазақстанда «алаңы бар төбе» деген атаумен кеңінен мәлім ескерткіштер түріне жатады.

Орталық Пұшық-Марданды, батыс жағын айтпағанда, жанжағынан тұрғынжай құрылыстарын жауып жатқан төрт метрлік тегіс дөңдер орналасқан, бұл рабадтың<sup>1</sup> қалдықтары болып табылады. Сол дөңнің айналасында ор бар, ол көзге ойпаттанып білінеді, онда жыңғыл және басқа шөптер өсіп кеткен. Дөңнің микротопографиясы бойынша құрылыстардың жобасы мен көшелердің бағытын айқындау қиынға түспейді.

Қамалды қазған кезде бұл учаскеде екі әртүрлі кезеңнің қабаты болғаны анықталды, құрылыс б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысына жатады.

Оның біріншісінде екі қабатты ғимараттың құрылысы анықталды. Төменгі қабатта солтүстік-шығыс бағытқа бастайтын екі күмбез тәрізді дәліздердің түйіскен жері табылды. Бұл учаске өлшемі 1,7x1,6 м шағын төртбұрыш пішінді бөлмежай болып шықты. Солтүстік дәліздің ені – 1,1, шығыс дәліздің ені – 0,85 м, биіктігі – 2,5 м, күмбездің биіктігі – 1,2 м. Өрілген қабырғаны көлденеңінен және ұзынынан кескен кезде оның «алдамшы күмбез» тәсілімен өрілгені белгілі болды, яғни ол көлденеңінен соқпа саз балшықпен (пахса) және шикі кірпішпен сатылай өрілген. Қабырғалардың сылағы шытынаған, қабаттары түсіп қалған, мұның өзі қабырғалардың деформацияға ұшырауынан болса керек.

<sup>1</sup> Рабад – сауда-қолөнер мекені.



Төменгі қабаттың еденінен төменгі жерде дәліз қабырғаларының бойымен шегенделгені байқалады әрі жалғасы қабырға өрілімінің астына қарай кетеді. Бұл қабаттан көмір, сүйектердің сынықтары, түр-түсін айырып болмайтын бірнеше керамика сынықтары табылды.

Екінші қабаттың едені қазба жұмысының солтүстік-батыс бұрышынан 1,8 м тереңдіктен анықталды. Оның солтүстік қабырғасынан стартиграфия жақсы көрінеді, жұқа күл қабаттары кезектесіп келетін шығыс қабырғаның үйінді қабаты анықталды. Қабырғалар қалың етіп сыланған, жартылай жерден қазыла салынған қабаттың қабырғалары тәрізді шикі кірпіштен және соқпа саз балшықтан — пахсадан араластырыла өрілген. Екінші қабаттың бөлмежайларын жөндегеннен кейін бастапқы қалыңдығы 0,7 м болған оңтүстік қабырғаның қалыңдығы 0,4 метрге қалыңдай түскен, қабырғаның осы қосымша «қалындатылған» жерінде қуыс жасалған, бұл қазба жұмысы кезінде ішінара ұшырасты. Екінші қабатты кезекті қайта жобалау нәтижесінде қазба объектісінің батыс шекарасы бойында орналасқан қабырға тұрғызылған. Осы қазбаның солтүстік-шығысында екінші қабаттың тағы бір бөлмежайының бұрышы айқындалды, бұл толықтай қазбаның сыртында қалып қойды.

Бірінші құрылыс қабаты құрылысының еденін тазалау кезінде керамика сынықтары жиналды. Шығыс қимасында дөңнің шығыс бетіне қарай созылатын екі қабырғаның аралығынан «үйіндінің» қалың қабаты анықталды. Барлық керамикалық кешенді осыған орай жоғарғы құрылыс қабатымен байланыстыруға болады. Бұл арадан «мүйізді» таған, ұршық иіргіш (айналдырғыш) сынықтары табылды.

Сонымен, Пұшық-Мардан қамалын қазу жұмысы әлі аяқталған жоқ, бірақ дөңнің астында биіктігі 4 метрге жететін сақталып қалған қабырғаның, іргетастық құрылыстың қалдықтары жатқаны анық. Бөлмежай бос қаңырап қалғаннан кейінгі кезеңде оның іші шегенделіп қалған, жоғарғы қабат қабырғаларының қалдықтары үстіне салынған, яғни жаңа қабырғалар тұрғызылған, демек олар жоғарғы құрылыс қабатына жатады.

Көріп отырғанымыздай, ежелгі қаладан бізге баяғы заманғы құрылыс-жобалау ерекшеліктері туралы мағлұмат алатындай іздер қалған.

Пұшық-Марданның шығысына қарай жарты шақырым жерде Қостөбе (Оңтүстік) қонысы бар, ол бізге тұрғынжай және ша-

руашылық бөлмежайлары құрылысының үлгілерін ұсынады. Бұл — алаңқайы бар шағын ғана төбе, оңтүстік жағы жайпақ. Негізгі дөңнің диаметрі 40 м, қазіргі жазықтық үстінен 10 метрдей шығып тұрады.

Қостөбе құрылыстарының сипатына тоқталайық.

Қазбаның ортасында орналасқан алаңы 5,5 x 5 м бөлмежайдың қабырғалары соқпа саз балшықтан құйылған және ол биіктігі 35 — 40 см болып сақталған. Едендегі ашық ошақ орны көңіл аударарды, оның құрылысына хумның жапсары пайдаланылған және оңтүстік және батыс қабырғалардың бойына ені 125, биіктігі 15 см қалың етіп сыланған сәкі орнатылған. Тағы бір ошақ оңтүстік бұрышқа орнатылып, сәкіге ойылып салынған. Осы оңтүстік бұрышта ені 50 см келесі бөлмежайға өтетін есік ойығы бар. Екінші бөлмежайдың едені төмен болуына байланысты өтетін жерде үш баспалы баспалдақ жасалған. Шығыс бұрышқа таяу тұста «құрбандық шалатын» орын табылды, ол қырынан қойылған және диаметрі 45, биіктігі 30 см соқпа саздан жасалған сақинаға кигізілген екі хум қойылған. Бөлгіш қабырға екі жағынан сыланған. Бөлмежайдың еденінен кезінде төбені ұстап тұрған тірек бағаналар қондырылған үш ойығы анықталды.

Тағы бір ойық екінші бөлмежайға кіретін есік орнынан 60 см жерде бөлгіш қабырғаның ортасында орналасқан. Бұл ойық, сірә, осы жерден табылған суретте көрсетілген құмыраның бөліктерімен өзара байланысты болса керек. Сатылы пирамида тәрізді бейнелер бейнеленген, оның үстіңгі жағында шауып бара жатқан бұғы, төменде қонып отырған жыртқыш құс, қасында антропоморфтық бет-пішін бейнеленген.

Осы шаршы аланда бау ілетін тесігі бар мөр тәрізді қыштан жасалған тұмар табылды, оның бір жағында крест, ал екінші бетінде таңба тәрізді белгі салынған.

Екінші бөлмежайдың қабырғалары 35 — 50 см биіктікте сақталған. Батыс және солтүстік қабырғалардың іш жағынан сәкі тұрғызылған, оның бір ерекшелігі — ол бірінші бөлмежайға апаратын есік орнына дейін 70 см жетпейді. Солтүстік қабырғадағы сәкінің шығыс жақ бөлігінде ашық ошақтан қалған шаршы пішінді дақ бар. Оңтүстік-батыс бұрышқа таман тікбұрышты тас бөлік пішінді ауданы 12 шаршы метр үшінші бөлмежайға өтетін ені 76 см есік орны анықталды <sup>1</sup>. Бөлмежайдың едені сары сазбен сылан-

<sup>1</sup> Өлшемі: 25x13x7 см.

ған және төбеге жабылған қамыстың үгітілген ақ қалдықтары қабаты алаңға жайылып кеткен.

Үшінші бөлмежайдан шығатын шығаберіс батыс жақтағы тұйық көшеге және үш қоқыс шұңқыры<sup>1</sup> бар аулаға апарады. Әлгі шұңқырларды аршыған кезде құрылыс материалдары қоқысы, сынған керамикалар табылды, мұның өзі ауланың шаруашылық қызметін атқарғанын білдіреді.

Қостөбеден қазылған үй III – V ғасырларға жататындығы анықталды. Оны осы дәуірге тән келетін керамика, қыш тұмар айғақтай түседі.

Көк-Мардан мекеніне жүргізілген қазба жұмыстары ежелгі үй салу құрылысының тарихы бойынша қызықты материалдар жинауға мүмкіндік берді. Кез келген тұрғынжайды үй құрылысы техникасы арқылы жүзеге асырылатын, қоғамдық құрылыстың тіршілікке қолайлы болуын барынша қамтамасыз ететіндей табиғи ортадан бөліп алуға бағытталған әлеуметтік тапсырыс ретінде қарауға болады. Тұрғынжайдың сипаты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлармен айқындалады. Сәулет өнерінде және құрылыс техникасында этникалық қырлардан бастау алатын мәдени дәстүр ізі байқалады.

I мыңжылдықтың бірінші жартысын қамтитын аталған дәуірдегі үйлердің үш үлгісі бар екендігі анықталды. Бұл алдымен жер бетінен салынатын бір бөлмелі үйлер, бұлар шаршы немесе тікбұрышты түрде жобаланып салынады. Жобасы және ішкі көрінісі тап осындай үйлер де жерге қазылып салынады.

Көк-Мардан қаласын қазған кезде табылған үй қалай сипатталатынына тоқтала кетелік. Ауданы 43 шаршы метр тікбұрышты жобадағы үй бұрма дәліз арқылы көшемен қосылды, дәлізше тәрізді кіреберісі болған. Батыс және солтүстік қабырғаларының ұзына бойына ортасында шығыңқы сәкі салынған. Босағаға қарсы бетте, ортада саз балшықты ернеуі бар тікбұрышты ошақ еденде орналасқан<sup>2</sup>. Босағаның сол жағында, дәлізшеде, қабырғада екі қатар етіп алды ашық пештер (каминдер)<sup>3</sup> салынған. Оңтүстік-шығыс бұрыш өзінше асүй тәрізді шаруашылыққа арналып, саз балшықтан онша биік емес қабырғамен бөлініп тасталған.

<sup>1</sup> Оңтүстік шұңқырдың диаметрі – 150 см, ортаңғысы – 100, солтүстігі – 120 см.

<sup>2</sup> Өлшемдері: 1x1,5 м.

<sup>3</sup> Өлшемдері: 0,2x0,2 м.

Бөлмежайдың еденінде тіреуіш бағаналар орналасқан үш тікбұрышты шұңқыр табылды. Ал төртіншісі еденмен бірге толығымен бүлінген, бірақ оның да тіреуіш бағана орны екені анық, яғни үйдің төбесін төрт бағана ұстап тұрған. Төбеде жарық түсетін тесік ойылған, сонымен қатар одан түтін де шығатын болған. Түтін негізінен есік арқылы шығатын болғандықтан, ошақ пен ашық пештің есіктің қыр көзіне орнатылуы түсінікті.

Мұндай үлгідегі үйлер үшін ашық түрдегі ошақ қолдану тән, сол арқылы онымен үй де жылытылған, тамақ та дайындалған. Мұндай ошақтар Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық тұрғын үйлерінде кеңінен таралғаны белгілі және ол реликтік нысан ретінде күні кешеге дейін сақталды, бұл орайда ол әдет-ғұрыптық рөл атқарды. Қабырғадан ойып салынған қуыс түріндегі ашық пештер немесе «қабырғалық ошақтар»<sup>1</sup> нан пісіруге қолданылды.

Азық-түлік сақтайтын хумдар, қыш құмыра тәрізді ыдыстар бөлмежайлардың бұрыштарында және сәкілерде орналастырылды. Қойма ретінде шикі саз балшықтан соғылған бөшке тәрізді және астау тәрізді ыдыстар пайдаланылды.

Жекелеген үйлердің көлемінде бірқатар ауытқушылық та кездеседі. Ең үлкенінің ауданы 35-тен 45 шаршы метрге дейін жетсе, ал шағындарының ауданы 12-ден 20 шаршы метр аралығында болады. Әдетте ондай үйлердің басым бөлігінің (85 пайызы) ауданы 20-дан 35 шаршы метр аралығында. Үйдің көлеміне байланысты оның төбесін жабудың да өзіндік ерекшелігі бар. Үлкен үйлердің төбесі төрт бағананы тірек етсе; орташаларында бір-бір тастама бөренені немесе айқастырылған екеуін бір бағана тіреді. Ал шағын үйлерде төбені тек қабырғалар арқылы ұстатты.

Көк-Марданда аршылған үйдің екінші түрі – екі бөлмелі болып келеді, қойма ретіндегі екінші бөлмесі тұрғынжайдан бітеу қабырғамен бөлініп тасталған. Тікбұрышты етіп салынған осындай үйлердің бірінің жалпы алаңы 27,1 шаршы метр болса, қойма бөлмеге оның 7 метрі бөлінген. Бұл орайда оларға оңтүстік және шығыс қабырғаларды бойлап салынған Г-тәрізді сәкі, шығаберіске жақын жерде орналасқан тікбұрышты ошақ, шығыс қабырғада ашық пештің орналасуы сияқты жоба тән. Қоймада саз балшықтан жасалған екі сопақша қамба, хумдар және төменгі диірмен тасы ойып орнатылған қол диірменге арналған таған тұр.

<sup>1</sup> Өлшемдері: тереңдігі – 0,4 м дейін, биіктігі – 0,3-ке дейін, ені – 0,4 м дейін.

Үйдің үшінші түрі көп бөлмелі болып келеді, ондай үй Қостөбеден аршылып алынды. Үш немесе бес бөлмежайдан тек біреуі екі немесе үш қабырғаны бойлай салынған сәкілері бар бір тұрғынжай бөлмесі болды. Ошақ еденге дөңгелене орнатылған, не тікбұрышты алаң түрінде келеді, ашық пеште, едендегі ошақта шаруашылық бөлігі бар — міне, тұрғынжайдың негізгі құрамы осындай, ал қалған бөлмелер қойма ретінде пайдаланылған, оларда хумдар, қыштан жасалған ыдыстар тұрды.

Үйлердің осы үш түрінің бәрі де Оңтүстік Қазақстан үшін б.з.д. I мыңжылдықтың аяқ кезінен бастап тән болды десек қателеспейміз. Оларды, мәселен, Төменгі Сырдариядағы Алтын-Асар қонысында қазылған үйлермен салыстырғанда көптеген ортақ нәрселерді табамыз: мұнда «науалы кіреберісті» деп аталатын бір бөлмелі үйлер Көк-Мардандағы дәлізше тәрізді кіреберістерімен салыстыруға келеді, Г-тәрізді және П-тәрізді сәкілер, тікбұрышты ошақтар мен ашық пештер, дән тартуға арналған диірмен тұғырлары; құрылыс материалы — тікбұрышты шикі кірпіш.

Оңтүстік Қазақстанның тұрғынжайларына баламаны көрші аймақтардағы қазба жұмыстарының материалдарынан кездестіруге болады. Мәселен, VII — VIII ғғ. памирлік таулы қоныс тұрағы Гардани-Хисордың жобалау мен құрылысында көкмардандыққа жалпы түрде ұқсас келетін тұстары бар: мұндағы бір-, екі- және үш бөлмелі үйлерде қабырғаларды бойлап дән сақтауға арналған ыдыстар орнатылған; бір бөлмелі үйлер тұрғынжайға және шаруашылық бөлмесіне шартты түрде бөлінген; екі бөлмелі үйлерде екінші бөлмежай міндетті түрде қамбалы қоймаға арналған. Бұл екі қоныстардағы тұрғынжайларға ортақ нәрсе — үйді жылыту мен тамақ дайындауға арналған екі-үш ошақтың болуы дер едік. Бұл орайда Гардани-Хисордағы «равоктанура» деп аталатын күмбезді ошақтар — Көк-Марданның ашық пештерінің баламасы десе болады, оның да түбінде қыштан жасалған таба бар, бұл нан пісіруге арналған.

Пенджикент пен Көк-Мардан үйлеріндегі төрт бағаналы бөлмежайлардың жобалануында ортақ ұқсастықтар кездеседі. Мысалы, Пенджикенттің үйлерінде орталығы «шығынқы эстрадалар» Көк-Марданның сәкілеріне ұқсас, дәлізше тәрізді кіреберісті, екі, үш немесе барлық қабырғаларды бойлай сәкілері бар, тұрғынжай және шаруашылық міндеттерін қоса атқаратын бөлмежайлары Өзбекстандағы Балалықтепе қорғаны мен Тәжікстандағы ерте орта ғасырлық ескерткіштерге де тән.

Оңтүстік Қазақстанның қалалық тұрғынжайлары ортағасырлық Хорезмнің тұрғынжайларымен ұқсастығы анық байқалады, онда қоныстар мен қорғандардың тұрғынжай құрылыстары екі (үш) бөлмежайдан тұратын жеке бөліктерге бөлінеді: оның бірі тұрғынжай да, ал екіншісі шаруашылық мақсатқа арналады. Тұрғынжай бөлмелерінің қабырғаларында Г-тәрізді сәкілер бар. Бөлмелерде әртүрлі үлгідегі және мақсаттағы бір, екі немесе бірнеше ошақтар орналасады. Мұндай тұрғынжайлардың жұрнақтары Памирде, Ферғанада және Зеравшанның жазықтық бөлігінде сақталып қалған.

Осы келтірілген салыстырулар ғалымдарға Отырар алқабы қазақстандық-ортаазиялық аймақтың дәстүрлі тұрғынжайын қалыптастыру аймағына кірді деп есептеуге мүмкіндік береді.

Көк-Мардан қоныстарының сипатын зерттеу кезінде назар аудартарлық нәтижелерге қол жеткізілді. Қазір анықталғанындай, бұлар өзендердің немесе өзен салаларының жағалауында орналасқан. Барлық қалаларда тұрғындардың тұрақты өрі ұзақ уақыт бойы отырықшы болғандығын дәлелдейтін қуатты мәдени қабат айқындалды. Дәнді дақылдар дәндерінің табылуы, бидай сақтайтын шұңқырлардың болуы, еден сылағы мен шикі кірпіште кездесетін сабан, табылған дәнтартқыштар мен дән қорын сақтауға арналған хумдар, тас кетпендер, сүйектен жасалған егін шаруашылығы құралдары — бәрі-бәрі мұнда егін шаруашылығының дамығанын көрсетеді. Әрине, суармалы егіс болды, ал суландыру жүйесі өзінің қарапайымдылығымен ерекшеленді. Көк-Мардан алқабын алдын ала зерттеу ежелгі Арыстың суын жал жасап бөгеп, салаларына бөгесін салып, олардан қысқа каналдар (100 метрге дейін) шығарып, онымен келетін суды егістік пен бау-бақшаға пайдаланған. Каналдардың іздері, бөгеттер мен бөгесін сілемдері осы алқапты зерттеу кезінде және ескерткіштерді және оның маңайын аэрофототүсірім арқылы түсірген кезде анықталды. Көк-Марданның суландыру құрылыстары Сырдарияға да тән келеді. Мысалы, Көк-Марданмен бір уақытта қоныс тепкен қасындағы Жеті-Асар алқабында ұзындығы 40 — 50 м болатын қысқа арықтар анықталды, төртбұрышты егістіктің ізі анықталды. Егістікті суландыратын арықтарға су қарапайым әдіспен жасалған суқоймаларынан ағып келді.

Шаруашылықтың маңызды саласы мал шаруашылығы болды. Біз бұған қоныстарда көптеп сақталып қалған жылқының,



қойдың, ешкінің, ірі қараның сүйектеріне қарап көз жеткізе түсеміз. Тұрғындардың күнделікті өмірінде аң аулаудың рөлі үлкен болды. Қазба жұмыстары кезінде еліктің, таутекенің, арқардың, киіктің сүйектері табылды. Сондай-ақ әртүрлі бұйымдарды жасауға қолданылған арқар мен маралдың мүйіздері жиі ұшырас-ты. Тұрғындар суда жүзетін үйрек, қаз, бірқазан тәрізді құстарды аулады, шанышқы және басқа балық аулау құралдарын пайдалана отырып балық та аулаған (оны қазба кезінде табылған балық сүйектері мен қабыршақтары дәлелдейді).

Тау бөктерінде тұратын тұрғындар жабайы жеміс, өрік, долана, жиде жинаумен айналысты. Олар пияз, сарымсақ дайындайтын болған.

Археология ғылымында зерттеу объектілерінің бірі зираттар қорымы екендігі белгілі. Мұндай орындарға қазба жұмысы кезінде табылған материалдар тарихшыларға көбінесе баға жетпес құнды этномәдени материал береді. Әдетте Орта Сырдария ауданына зираттардың қала іргесінде орналасуы тән болады. Мұндайда қорған, ескі молалар саны кейде жүзге жететін төмпешіктерге айналған. Мысалы, ені 1 – 1,5 шақырым болатын Бөріжар қорымы Арыс өзенінің бойымен бірнеше шақырымға созылып жатыр. Көк-Марданға, Пұшық-Марданға, Қостөбеге жақын орналасқан зираттар қорымы да қорғанды болып келеді. Әдетте қорғанның астына көр орналасқан, оған тар қуыс дәліз – дромос жалғасады. Бұл шұңқыр да, дромос та сарғыш топырақтан ойып істелген. Сонымен қатар кәдімгі топыраққа қазылған немесе қуысты шұңқырларда бір жағына «лахат қазылған» жерлеу салттары да кездеседі.

Көк-Мардан зиратынан әдеттен тыс жерлеу құрылысы табылды, ол көлемі 4 x 4, 5 x 5 пішінді төрт бұрышты соқпа сазбалшықтан (пахсадан)<sup>1</sup> жасалған тұғыртабан (платформа), оның сақталған биіктігі 3 метрге жетеді. Жерлеу құрылысында катакомба<sup>2</sup> ойып жасалған арнайы соқпа саздан тұрғызылған тұғыртабанның қандай болғанын көруге мүмкіндік туды. Тұғыртабанның периметрі бойынша сазбалшық қабырғалар бекітілген. Тұғыр-табан ішінен көр ойылып, оған мүрделерді жерлеген. Бұл орайда мынадай бір заңдылық байқалады, неғұрлым ауқатты болған мар-

<sup>1</sup> Пахса – соқпа сазбалшықтан құйылған.

<sup>2</sup> Катакомба – жерден күмбез тәрізді етіп қазылған лақатты зират құрылысы, ол жердің бетімен дромос арқылы жалғасқан.

құмдарды құрылыстың бұрыштарына қойған, ал балаларға тұғыр-табанның белгілі бір учаскесі бөлінген. Аталған құрылыстар ондаған мүрде жерленген ұжымдық қорым тәрізді. Зерттеушілер оны рулық зират деп есептейді; Көк-Марданның әр көше бөлігінің тұрғындарына арналған өз зираты болды деген де болжам бар. Сөйтіп, ол заманда тұғыртабандардың қасынан қазылған көрдегі жерлеу үлгісі, сондай-ақ – катакомбадағы жерлеу салты болғанын білеміз.

Аршылған қаңқаларға қарағанда, өлікті жерлеуде қатаң салт-жора болмаған тәрізді, өйткені мүрделердің бастары кез келген жаққа қарай берілген. Жерленген адамның қасына әртүрлі заттар қойылатын болған, мұның өзі белгілі бір салт-жоралар туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл – ішінде тамақ салынған және су құйылған қыш ыдыстар, қару-жарақ, әшекейлер.

Шүмегі бар құмыралар, сапты аяқ, ұшаяқты тостағандар, өте кішкентай ыдыстар (бұлар көбінесе балаларды жерлегенде қасына қойылған) табылды. Кейбір ыдыстардың жанына жылан тәрізді өрнектер салынған, жырып салынған таңба тәрізді белгілер, таутекелердің мүсіндерін сызып келтірген өрнектер кездеседі.

Қару-жараққа жататындар – үш қырлы жебелер, сүйектен салынған өрнектері бар ауыр садақ, ұзын темір қылыштар мен бір жүзді қанжарлар болып табылады. Садақ негізінің қаттылығын арттыруға арналған сүйектен жасалған жапсырма табылды.

Көк-Мардан бейіттерінен кезінде тері белбеулерге тағылған темір және қола тоғалар көп ұшырасты. Әшекейлер ішінде жиі кездескендерін атап айтар болсақ, бұлар – тас, металл, әйнек моншақтар, сырғалар мен түрлі-түсті тастан жапсырмалары бар, қола немесе алтын шарлар шоқтары қондырылған алқалар, тарақтар, сымнан өрілген ұстатқыштар, шаш түйреуіштер – әйелдерді жерлегенде салынатын заттар.

Әйел бейіттерінен қола айналар, қасты сүрмелеуге (бояуға) арналған графиттен жасалған сүрметастар жиі кездеседі. Табылған заттардың бірі – ашық түсті әйнек жапсырмамен әшекейленген қола медальон мен қола бау. Бұл заттар суретте көрден табылған күйінде бейнеленген: уақыт өте келе бүлініп үзілген бау. Медальондағы симметриялық өрнектер, оны айнала жүргізілген пішінді жапырақтар назар аудартады...

Қабірлер өте ерте кездің өзінде-ақ қазылып тоналған. Дегенмен сол бастапқы күйінде сақталып қалған көрлер де бар, оның

ішінен көп әшекейлер, қару-жарак, қыш ыдыстар табылды. Оның ішінде заттары жұтаң қойылғандары бар, онда қымбат металдан жасалған бұйымдар мүлдем кездеспейді. Балалардың көрлерінен әдетте бір-екі қыш ыдыстар шықты.

Көк-Мардан зиратынан әртүрлі тұмар-алқалар көптеп табылды, олардың ішінде таутекенің, құстардың қола мүсіндері жиі ұшырасады. Сердоликтен, агаттан, гагаттан, тау хрусталінен, шыныдан жасалған моншақтар да табылды. Белдіктер, белбеу тоғалары, сондай-ақ алтыннан жасалған бұйымдар — шоқ шарлар түріндегі алқалы сырғалар, түрлі-түсті тастар жапсырылған белбеулер, өрілген баулар да бар...

Осы табылған нәрселердің бәрі, сайып келгенде, осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген халықтың мәдениетін терең зерттеу үшін оңтайлы объект қызметін атқарады.

Археологтардың ежелгі қалалар мен қоныстарды қазған кезде табатын негізгі материалы керамика екендігі белгілі. Ал ежелгі тұрғындардың қыш-құмыра бұйымдарын жасау кәсібіне шығармашылықпен қарағаны әрі оны кәсіп еткені байқалады. Көк-Марданнан табылған керамика негізінен шаруашылық мақсатқа арналған; тамақ дайындайтын ыдыстар — қазандар, қақпағы бар құмыралар, табалар, ошаққа қойылатын тұғырлар; су таситын ыдыстар — бір немесе екі тұтқалы кең ауызды құмыралар, көлденең тұтқалы құмыралар, қос тұтқалы ыдыстар; артық азық-түлікті сақтауға арналған сыйымдылықтар — хумдар, хумшалар, құмыралар. Тұрмысқа қолданылатын заттар — керамикалық шырақтар да табылды. Асхана керамикасы — қақпақтар, құмыралар, өте әдемі етіп қыштан дөңгеленте жасалған тостағандар. Қазанның бүйіріне орнатылған тұтқа дөңес тұмсықты жануар түрінде жасалған, бұл шөпқоректілерге жататын, қысқа құйрығы жоғары қарай көтерілген жануарды дала антилопасы — киік бейнесі деп жорамал жасауға болатын секілді.

Темір қорыта білген Көк-Мардан тұрғындары одан орақ, пышақ, жебенің ұштары тәрізді қажетті заттарды жасаған. Оны ұстаның темір қорытуға және бұйымдар жасауға қолданылған жұмыр қорытпа жыныс дәлелдей түседі.

Сүйектен ойып әшекей жасайтын қолөнершілер бұйымдары да назар аудартады, бұлар атап айтқанда, күрделі құрамды садақтардың жапсырмаларын, пышақтардың саптарын жасауға, түйреуіш, түйме тәрізді нәрселерді дайындауға қолданылған. Тұмар-

лар қасқырдың, бүркіттің, иттің бақай сүйектерінен жасалған, мұның өзі ол кезде адамдардың жануарлар мен құстардың кейбір қасиеттері өздеріне ауысады деп ойлағанынан болса керек. Сүйектен әдемілеп ойылған мүсінді басы бар ұзын түйреуіш, сірә, шашты түйеге арналған сияқты.

Көк-Мардан мекенінің ескерткіштерін археологтар отырар-қаратау мәдениетіне жатқызады, бұл мәдениет жетіасар және қауыншымен қатар, Сырдарияның төменгі ағысы мен Ташкент алқабындағы көне қалалардың мәдениетіне тән келеді, қытайдың жазба деректеріне сәйкес бұл Қанды мемлекеттік бірлестігіне сәйкестендіріледі, біз ол туралы айттық. Мейлінше ежелгі қабаттары зерттелген осы мәдениет ескерткіштерінен әзірге тек біздің заманымыздың шегінде жататындарын ғана зерттеудеміз.

Оның мәдениетінің гүлденуі отырықшы-егін шаруашылығы орталықтарының дамуымен байланысты, бұл I мыңжылдықтың орта кезіне жатады: сол кездің өзінде қалалар пайда болды. III ғасырдың аяғында IV ғасырдың басында археологиялық материалдар бойынша айтарлықтай өзгерісті байқау қиын емес. Шығыстан қоныс аударып келген халықтың әсерімен материалдық мәдениетте едәуір өзгерістер пайда болады. Тува және Моңғолияның ғұн ескерткіштеріне тән белгілер біліне бастайды. Егер бұрын антропологиялық материал хорасан және шығыс-жерорта теңізі — екі түрін білдірсе, ал IV ғасырға таман моңғолоид пен еуропеоид араласқан өзіндік түр пайда болады. Осы кезеңде лингвистикалық ахуал да анық байқалады, яғни түркі тілі иран тілін ығыстырды.

Қоныс аударып келгендер ғұндар және басқа да ортаазиялық тайпалар болған тәрізді, олар жетіасарлық және отырар-қаратаулық тайпалардың Сырдария бойымен жоғары қарай, Орта Азияға және Орта Шығысқа қарай қозғалуына түрткі болды. Тұрғындардың бір бөлігі Арал жағалауы арқылы Кавказға ығысты. VI ғасырда және VII ғасырдың басында Орталық Азиядан келген тайпалардың — түркілердің екінші толқыны ең алдымен Орта Сырдария ескерткіштерінде көрініс тапты. IV ғасырда — IX ғасырдың бірінші жартысында Отырар өңірінде жергілікті тайпалардың мәдениет элементтері бар жана мәдени кешен құрылды, бұл қазба жұмыстары кезінде табылған қолөнер заттарында бейнеленген. Осы кезде отырар-қаратау мәдениетінің көптеген қоныстары мен қалалары өздерінің тіршіліктерін тоқтатты. Сырдария-

ның төменгі ағысына қарай ығыстырылған тұрғындар жетіасарлықтармен бірге «балшық қалашықтар» ауданына – Сырдария мен Әмударияның сағаларына кетті, ал қалған бөлігі VII – IX ғасырларда билік құрып, орталығы Орта Сырдариядағы Отырар болған Қаңғар бірлестігі – Кангу Тарбан құрамына кірді. Тұрғындар – қаңғарлар (печенегтер) – тек бұл жерде ғана емес, сонымен қатар Сырдарияның төменгі сағасында қоныстанды, сөйтіп олар оғыз, кейін қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған қыпшақ тайпаларының одағын құруға қатысқан еді.

Отырар – Каратау мәдениетінің ескерткіштерін кеңінен археологиялық зерттеу енді басталуда. Әлі де атқарылған істер онша көп емес: қалаларды, қоныстарды, зираттарды анықтау, белгілеу, олардың кейбіреуін қазу. Дегенмен, Қазақстанның маңызды әрі аз білетін кезеңінің құпиясын сақтаған материалдар ретінде бұл ескерткіштерді зерттеудің қажеттілігі түсінікті.

#### КҮЙІК-МАРДАНЫҢ, «ӨРТЕНГЕН ТӨБЕНІҢ» ҚҰПИЯЛАРЫ

Археологтарда Отырар аймағының үлкен төбесі Күйік-Марданды зерттеу кезінде мынадай болжамдардың бірі пайда болды. Ғалымдар тап осы жерде I мыңжылдықта қаңғарлар (печенегтер) тұрған деп есептейді, онда VII – IX ғасырларда астанасы Отырар болған Сырдарияның орта тұсындағы Кангу Тарбан иелігі болған және олар I – VII ғасырлар кезеңінде отырар-қаратау мәдениетін қалыптастырды.

«Күйік-Мардан» «күйген Мардан» дегенді білдіреді. Ескерткіш Қоңыртөбе деген атпен белгілі. Жергілікті тұрғындардың оны осылайша атауының өзі бұл қаланың ерекшелігін дәлме-дәл айқындап береді. Өйткені төбенің жоғары қабаты жанған қамыстың, ағаштың қалың күлінен және өзге де органикалық қалдықтардан тұрады. Бұл кезінде гүлденген қаланың кейін өртеніп кеткендігін дәлелдейді. Ұшақтан Күйік-Марданның топографиясы өте айқын көрінеді. Жеке-жеке тұрған үш қоңыр төбе мен алаң, оған келіп қосылатын дөңгеленген қабырға айқын көрінеді. Келтіріліп отырған аэрофототүсірілім суреті жанып кеткен қаланың жобасы қандай болғандығын білуге көмегін тигізеді.


Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан қаланың топографиясы да күрделі, жекелеген учаскелерінің әр кезеңде қалыптасып,

пайдаланылғаны байқалады. Мысалы, бұрынғы қамал орны төбесінде алаңы бар жоғары жағы төртбұрышты болып келетін дөң<sup>1</sup>, оның оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бөліктері біртіндеп жайпақ бола түседі, ондағы жыра бір кездері қамалға көше жақтан кіретін түс екендігін білдіреді. Оңтүстік-батысына таман қамалға биіктігі 7 – 11 м сопақша адыр түріндегі шахристанның шеті келіп қосылады, ол үстіңгі қабырғаларының бойымен есептегенде солтүстіктен оңтүстікке қарай 180 метрге, шығыстан батысқа қарай 160 метрге созылып жатыр. Шахристанның үстіңгі жағы тегіс, бірақ онда жоғарғы құрылыс қабаттарында салынған қабырғалардың қалдықтары бар учаскелер көзге айқын көрінеді. Шахристан адырының жиегінде қырканың төменгі жағында бекініс қабырғасының орны жатыр.

Қамалдың іргесінен батысқа қарай 15 м жерде орналасқан Г-бейнелі дөңде жарқабақ бар. Бұл бет жағының ұзындығы 40 м, ені 10 – 15 м және биіктігі 14 м мұнараның орны болып табылады. Қабырғаларды батыс жағынан айналдыра қоршаған мұнара қала аумағына кіретін негізгі қақпаны екі қанаттан қорғайтын болған. Адырдың оңтүстік етегінде ішке кіретін жердің жылғаға айналған орны сопақша алаңға апарады (6 x 30 м), ал одан қамал мен шахристан аумағына баратын жол басталады.

Шахристан дөңіне рабадтың аумағы келіп қосылады, оның көлемі тікбұрышты келетін оңтүстік-батыс – солтүстік-шығыс сызығы бойынша 650 м, солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс сызығы бойынша және қабырғамен айнала қоршалғанымен 260 м болады. Рабадтың оңтүстік бөлігі тегіс, солтүстік жағы бірнеше дөңдерден тұратын биіктеу келеді. Шығыс бөлігінде диаметрі 120 м және биіктігі 8 м-ге жететін үстіңгі жағында тегіс алаңы бар дөңгеленген пішіндегі дөң жатыр. Қаланың басқа учаскелерінен рабадтағы бір ерекшелік – қазба жұмыстары кезінде XI – XIV ғасырларға жататын жылтыратылған қыш ыдыстарының сынықтары табылды, бұлар қышхана пештерінде жасалған, осындай бұйымдардың қалдықтары ескі арна жағалауының шығыс бетінен де кездесті.

<sup>1</sup> Өлшемдері: 55x50x14 м.



**Көк-Мардан қаласының жоспары**

Қазба жұмыстары кезінде табылған зергерлік, ұсталық материалдарға карағанда (Қытайда, Бұхарда ерте ортағасыр кезеңінде жасалған теңгелер, хрусталь моншақтар, тұмарлар, белбеуге қайтайтын әшекейлер) қала I – IX ғасырларда болған, ал X – XII ғасырларда қамалдың аумағы мен шығыс дөңде ғана адамдар қоныстанған, сондай-ақ XIII – XIV ғасырларда тек дөңнің шығыс бетінде ғана қоныс болған деген қорытынды жасауға тура келеді.

Қаланың бұрынғы қамалына қазба жұмыстары жүргізілді және кіретін жерден орталық көшеге бастайтын және қамалды оңтүстігінен солтүстігіне кесіп өтетін «аумақ қамтылды». Үш құрылыс қабаты анықталды, олардың ең жоғарғысы сақталмаған: мүжіліп, шайылып кеткен, тек бет жағында керамика қалдықтары жатқан еденнің учаскелері, қоқысқа арналған шұңқырлар (IX – XI ғғ.) ғана қалған. Үстінен төмен қарай санағандағы екінші құрылыс қабаты өртеніп кеткен, оны үйлердің жанған қабырғалары, төбеге жабылған ағаштардың құлағандары, төбенің күйген саз сылақтарының кесектері дәлелдей түседі. Бірақ екінші қабатта екі үйдің орны аршылды.

Сіздер суреттен тікбұрышты пішінді, ортада еденге орналасқан ошағы бар қазылған тұрғынжай бөлмесін<sup>1</sup> көріп отырсыздар. Ошақтың ернеулері саздан жасалған. Одан ошақты үйдің бұрышымен қосатын және шаруашылық аймағын бөліп тұру үшін жасалған аласа қабырға бар, ал шаруашылық бөлігі жағында геометриялық өрнектер салынған құмыралардың, тостағандардың сынықтары, асүйге арналған сырты әбден күйеленген банка тәрізді ыдыстар табылды. Ошақтың қасында еденнен VII – VIII ғғ. қола теңге, сондай-ақ қорғаныс жарағына арналған темір пластиналар табылды. Шығыс қабырғаға жиектері шикі кірпіштен өрілген сәкі<sup>2</sup> орналасқан. Суреттегі сол жақта – тағы бір бөлмежей – бұл тұрғынжай бөлмемен ені 1 метрдей өтетін жермен қосылған трапеция пішінді қойма<sup>3</sup>. Қойма қаланың соңғы кезеңдеріне дейін пайдаланылған (жоғарғы құрылыс қабаты): бөлмежай үйінділерден тазартылған кезде еденде IX – XI ғасырларға жататын керамиканың сынықтары жатты.

Тұрғынжай бөлме мен қоймадан тұратын екінші үйдің де кіретін тұсы тұйық жағында орналасқан. Ұзындығы 6 м. дәлізбен бөлмеге<sup>4</sup> енеді, онда екі қабырғаның ұзына бойына Г-бейнелі бұрышқа жақын жерінен баспасы бар сәкі қондырылған. Солтүстік жақ бұрышында және дәліздің шетінде сазбалшықтан құйылған қабырғамен бөлінген тікбұрышты қамба бар.

<sup>1</sup> Өлшемдері: 4,2x4,5 м.

<sup>2</sup> Өлшемі: 1,5x0,4 м.


<sup>3</sup> Өлшемдері: 3,7x3,7 м.

<sup>4</sup> 5,4x3,5 м.



Бөлмежайдың ортасында сазбалшықтан ернеу орнатылған, тікбұрышты от жағатын бөлігі бар едендегі ошақ ізі анықталды. Диаметрі 15 және тереңдігі 10 см аршылған конус тәрізді шұңқырдың қасынан құйылған қола теңге мен шабдалы дәндері табылды. Осы арадан қыштан жасалған асүй құмыралары мен тостағандары да кездесті. Екінші үйдің қоймасында<sup>1</sup> қабырғалар бойында сегіз хум тұр, оның жетеуінде шала күйген дән, ал біреуінде тұқымынан тазартылмаған мақта бар болып шықты. Еденнен шала өртенген алмалар қазып алынды.

Күйік-Мардандағы қазылған бұл екі үй де, оған қоса екінші құрылыс қабатының бәрі де қазба жұмыстары кезінде табылған теңгелер мен керамикаларға қарағанда, VII – VIII ғасырларға жатады. Бұл датаны VII ғасырдың екінші жартысындағы, IX ғасырдың бірінші жартысындағы Отырар алқабына тән өрік салынған құмыралар, қарақоңыр, қоңыр түсті және қара ангобты ойып салынған геометриялық сипаттағы (ирек сызықты, торлы, сопақша рамкалар) өрнектері бар керамика дәлелдей түседі.



Тұрғынжай бөлмесі, VII – VIII ғғ. (Күйік-Мардан)

<sup>1</sup> Өлшемі: 2,5x5,2 м.

Шамамен VI ғасырға, VII ғасырдың бірінші жартысына жататын үшінші құрылыс қабатынан тоғыз бөлмежай табылды, олардың үшеуі үш бөлмелі үй болып шықты. Әсіресе бір кешеннің құрамына кіретін бөлменің бірі өзіне ерекше назар аудартады. Осы неғұрлым үлкен бөлменің<sup>1</sup> қабырғалары биіктігі 2,3 метрге дейін сақталған (ең биік қабырғасы солтүстік бөлігі). Бұрышқа салынған кіретін жерде төрт баспалдақ қалған. Батыс (ені – 1,3 м) және солтүстік (ені – 1,2 м) қабырғаларда әртүрлі биіктіктегі сәкілер орналасқан.

Күйік-Мардан қамалын қазу кезінде керамика негізінен өртенген бөлмежайлардан табылды. Соқпа саздан жасалған хумдар, шағын хумдар, үлкен құмыралар, асүй ыдыстары көптеп кездесті. Жұмыртқа пішінді хум түбі кең (45 см), ал биіктігі 1,2 – 1,5 м болады. Мұндай ыдыстарда шикі сазға кеппей тұрғанда дөңгелектер, айқыштар, үшбұрыштар салынған. Хумдарда дән мен мақта сақтаған<sup>2</sup>. Асүй керамика ыдыстары ішінде қыштан жасалған ыдыстар, шетінде тұтқасы бар шағын тостағандар мен қазандар назар аудартады. Бұлар соқпасаздан ұнтақталған қыш қоспасына араластыра отырып дайындалған, қара түске айналғанша қақталған. Өзіндік ерекшелігі бар керамика «қолмен» немесе айналдырылатын тұғыр көмегімен жасалған, әсіресе ондағы жұмыр «тісті» тұтқасы бар тостаған мен шағын қыш құмыра тәрізді ыдыстар қызықтырады. Бұл бұйымға ангоб қабаты салынған, содан кейін бет жағы мұқият үйкеліп тегістелген. Әртүрлі түсті ангоб қолданған, бірақ табылған заттарда қарақоңыр, қоңыр, қара түс жиі кездеседі. Бұйымдардың иықтарына үшбұрышты суреттерді немесе ромба тәрізді торшаларды параллель сызықтармен белдеу тәрізді етіп бұйым қатпай тұрғанда қолмен батырып салған. Мұндай керамика Отырар алқабында Отырарды, Құйрықтөбені, Алтынтөбені, сондай-ақ Ферғанадан Сырдарияның төменгі сағасына дейінгі орналасқан қалаларды қазған кезде табылғаны белгілі.

Керамикалық заттардың өзіндік ерекшелігі бар түрінің бірі – бөлмеге хош иіс таратуға арналып жасалған тостаған болып табылады. Ондай бұйымның екі бөлігі табылды. Оның бірі диаметрі 11 см болатын тостаған-ыдыс және цилиндр пішінді аяқтарының

<sup>1</sup> 5,7x10,4 м.

<sup>2</sup> Хумның түбі мақта көмірімен дөңгеленген ойық түрінде көрінеді (сірә, ондағы затты желдету үшін жасалған болса керек)


сынықтары. Ал екінші осындай тостаған әлдеқайда жақсы сақталған. Бұл диаметрі 16 см тостаған-ыдыс бөлігі және аяғының толық бөлігі. Тостағанның сыртқы жиегінен бастап жанынан ағаш тәрізді өрнектер ойып салынған, ол өрнектің жоғары жағында үшбұрыштар, параллель сызықтар бар.

Ыдыс пішінді шырақ қондырғыш ойып салынған өрнектерге бай, таутекенің басы бейнеленген мойнының бөлігі сақталып қалған. Суреттегі бұл бөлік зооморфты мотивтен хабар береді. Ол қоладан жасалған заттарда жиі кездеседі, соның біріне Күйік-Марданнан табылған таутеке бейнелі екі алқаны айтуға болады. Белдіктің тоғасында (ол өзі шаршы пішінді) азу тісін ақситқан, құйрығы тік көтерілген арыстан бейнеленген.

Бұл қаладан қазба жұмыстары кезінде қоладан жасалған басқа да бұйымдар табылды. Бұлар атап айтқанда – екі жалпақ білезік, сырғаның салпыншағы, сақинаның үстіңгі бөлігі, дөңгелек және шаршы көздері бар жасыл әйнекпен әшекейленген жүзік. Тікбұрышты рамасы бар, ортасындағы тілі жылжымалы қола тоға, сондай-ақ ат әбзелдерінің айылындағы қола бөлігі қызықты олжалар болып табылады.

Ғимараттардың бірінің еденінен табылған темір пластиналар<sup>1</sup> (барлығы 21 дана) VI – VIII ғасырларда соғыста кеңінен қолданылған қорғану құралы болған. Пластинаның жоғарғы шеті тік бұрышты, ал төменгі жағы сопақша келеді. Пластиналардың ортасы сәл дөңес. Бетіндегі тесіктері өзіндік ретпен орналасқан: екеуі жоғарғы шеті мен бұрыштарынан бірдей қашықтықта орналасқан, бүйірлерінің ортасында екеуі, үшеуі орта бойында (біреуі ортасында, екеуі сопақша шетіне таман) орналасқан. «Шындалған» пластиналарға қарап, олардың тұғырға қалай бекітілгенін болжауға болады: пластинаның үстіңгі шеті жоғары тұрған қатардың пластиналарымен көмкерілген (пластиналардың орналасуы мынадай, яғни бірінің шеті екіншісінің шетін басады), ал екінші қатар екінші жағынан орналасқан пластина шетімен тиісінше көмкерілген.

<sup>1</sup> Өлшемдері: 6x3,5 (4 дана), 5,0 – 5,4x3,3 – 3,8 см. (17 дана).



Зираттан табылған заттар  
IV – VI ғғ.  
(Күйік-Мардан)

Осындай табылған заттар түрлері жағынан Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық ескерткіштеріне тән.

Жергілікті жерде жасалған теңгелер VII – VIII ғасырларға жатады. Әсіресе олардың бір жағында арыстанның бейнеленуі мен екінші жағында таңба тәрізді белгінің болуы таңғалтады. Бұл печенегтердің таңбасына ұқсайды, бұл туралы XI ғасырда Махмұд Қашқари айтқан болатын, мұны Кангу Тарбан иелігінің тұрғындары қалдырмады ма екен деген ой келеді.

Қалаға орталықтан кіретін жерден шығысқа таман 700 метр жерде жатқан ескі зираттарды қазу кезінде табылған кейбір бұйымдарды да қаңғарларға жатады деп болжауға әбден болады. Мәселен, қолында ыдысы бар, беті төмен қараған, кереметтей болып шебер қолынан шыққан қола мүсін табылды. Кейбір көрлерден бас сүйегі соғылған, беті жоғары қаратыла қойылған сүйектер табылды. Бұл орайда Қорғантөбе моласынан табылған сүйек пластиналардағы қаңлылардың бейнесін қалайша еске түсірмейсің... Күйік-Мардан зиратының сазбалшықтан құйылған тұғыр-табанында шикі кірпіштен қаланған сағаналарда V – VII ғасырлардағы қаланың тұрғындары, Қорғантөбе қаңлыларының – ортағасыр дәуірінде өмір сүрген қаңғарлардың ұрпақтары жерленген.

Ескі моланы қазу қандай мәліметтер алуға қол жеткізді?

Қаңқалардың орналасуына қарап, жерленгендердің шалқасынан жатқызылғаны байқалады, ал кейде тізесін бүккен күйде жерленгендері де кездеседі. Ер адамдарды жерлегенде қасына қару-жарағын – екіжүзді семсерлері мен темірден жасалған қысқа қанжарларды қойған, кейбірі сүйір тілі бар темір тоғалы (бір жағдайда – нефриттен) әдемі безендірілген белдіктер таққан. Жерленген әйелдердің хрустальдан, сердоликтен, шыныдан жасалған моншақтары жиі табылды. Шаш түюге арналған сүйектен жасалған әсем шаштүйреуіштер табылды.

Күйік-Мардан қаласы мен оның қасындағы зират материалын, оның ішінде керамикалық, қола және нумизматикалық материалдарды алдын ала зерттеу «өртенген қабат» VII – IX ғасырлардағы Сырдарияның орта ағысындағы қаңғарлардың (печенегтердің) өмірімен байланысты деп қорытынды жасауға әкеледі. Бір кездері қазір үйінді болып жатқан атышулы қаланың дәл қай уақытта күйрегені туралы айта қою қиын. Оны IX ғасырдың басында Отырарға жорық жасаған арабтар, немесе осы ғасырдың орта шенінде Отырар мен Шауғарға шапқыншылық жасаған са-

манидтер билеушісі Наср ибн Ахмад<sup>1</sup> талқандаған болуы керек. Ондай оқиға, әйтеуір, күзде, бидай мен мақта жинағаннан кейін болғаны анық. Оған өртенген қойма үйлердегі күйген қалдықтарға қарап көз жеткізуге болады.

## ҚҰЙРЫҚТӨБЕ – КЕДЕР ҚАЛАСЫНЫҢ АЙҚЫН ІЗІ


...Есіңізге түсірсеңіз, XI ғ. шежірешілері Орта Сырдариядағы Фараб округінің орталығы болған, «жауынгер және ержүрек тұрғындары бар» қала Кедерді есіне де алмайды. Тарихшылардың айтуынша, ол қыпшақтардың шапқыншылығынан кейін Оғыз мемлекетімен бірге күйреген, бірақ ұзақ уақыттар бойы жүргізілген қазба жұмыстары оның орналасқан жерін анықтай алмайтын еді. Әдебиеттегі мәдениеттер археологтарға екі «бағыт» сілтеді: Әл-Истахри бұл туралы жаза келіп, Кедер «өзеннен жарты фарсах қашықтықта» орналасқан десе, ал Әл-Макдиси (X ғ.) Кедерде мешіттердің болғанын көрсетеді. Бұл мәліметтер Отырар аймағының ортағасырлық дөңдерін қазу кезінде табылған материалдарды қарау кезінде назарға алынды. Бұл орайда әңгіме Құйрықтөбе туралы болып отыр.

Бірден айта кетелік, қазіргі кезде Құйрықтөбені жоғарыда келтірілген әдебиеттердегі мәліметтерді растайтын Кедермен салыстыру орын алған. Сонымен қатар бұл жөнінде қалада жүргізілген қазба кезінде табылған заттар да дәлелдей түседі.

Ең алдымен Кедерді Құйрықтөбеде болды деу мынадай қарапайым фактімен айқындалады, қала шын мәнінде Әл-Истахри айтқандай, Сырдариядан сондай қашықтықта орналасқан – жарты фарсах (3,4 – 4 шақырым). Ол Фараб (Отырар) округінің орталығы болуы мүмкін, өйткені Отырартөбеден солтүстік-батысқа қарай небәрі 5 шақырым жерде орналасқан. Құйрықтөбе мен Кедердің бір қала екендігін дәлелдейтін дәлелдердің ішінде X ғ. тарихшысы Әл-Макдиси жазған собор мешітінің қазба жұмысы кезінде табылғанын айтуға болады.

<sup>1</sup> Михайлов А.И. Новые эпиграфические данные для истории Средней Азии. IX в. // Эпиграфика Востока. М., Л., 1951. Т.5. С.17; Якубовский А.Ю. Об одном раннесаманидском фельсе // Краткие сообщения Института истории материальной культуры: (Вып. XII), М., 1946. С.111.

Күйрықтөбе қазбалары атакты Кедердің құрылыс сипатын, тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі.



Күйрықтөбе – Кедер қаласы. Жобасы және қазбалардың орны

Қаланың топографиясында биіктігі 7 метр сопақша төбе түрінде 5 га алаңға орналасқан қорған, шахристан және қоршалмаған рабад айқын көрінеді. Қорған төбесінде алаңы бар<sup>1</sup> төбе, ол шахристанның солтүстік-батыс бұрышын алып жатыр. Рабадтың қалдықтары каналдың бойымен 25 га алаңға шоғырланған.

Қорғанды қазу әртүрлі уақыттағы үш құрылыс кезеңінің құрылыс құрылымдарын білдіреді: ұсталар (қыш-құмыра жасаушылар) орамына жататын ең жоғарғы құрылыс, бұл XI ғ. екінші жартысы мен XII ғ. аралығындағы датамен белгіленеді. Жинақы қала орамы болып табылатын ортадағы құрылыс – IX ғ. екінші жартысы мен XI ғ. аралығына жатады, қорғанның сарай құрылысына жататын бастапқы қабаты – VII ғ. екінші жартысы мен IX ғ. бірінші жартысына қатысты.

Қорғанның сарай құрылысы қандай болған?

Құрылыс күрделі құрылым болып табылатын жасанды тұғыртағанға орналастырылған: қабырғалардың бірнеше қатары соқпа сазбалшықтан қаланған. Бұл көлденеңнен шикі кірпішпен бөліктерге бөлінген, оған сарғыш топырақ, құрылыс және шаруашылық қоқыстары толтырылған. Төбенің көлденең қимасында солтүстік-оңтүстік бағытта тұғыртабанның көлемін айқындауға мүмкіндік болды: 80x80 м.

Бұл құрылыстың өзі нашар сақталған: сыртқы жиектері толықтай мүжіліп кеткен, ішкі қабырғалары кейінгі салынған құрылыстарда кесіліп тасталған. Тек соқпа сазбалшықтан және ұзын күйылған шикі кірпіштен қаланған қалың қабырға ғана<sup>2</sup> және кейінгі кезеңдегі құрылыстарға екінші қайтара пайдаланғандары сол күйінде қалған.

Төменгі құрылыстан бөлмежайлар тобы сақталған және олардың ішінде салтанатты зал бірден көңіл аудартады. Төрт қабырғаның ішінен залдың едені деңгейінен 10 – 20 см биіктіктегі оңтүстік жақтағысының сырты мүжілген. Биіктігі 0,5-тен 2 метрге дейінгі солтүстік, батыс және шығыс қабырғалары неғұрлым жақсы сақталған. Олар мейлінше ірі соқпа сазбалшықтан жасалған блоктардан өрілген. Аумағы 157,5 шаршы метр алаңы бар зал<sup>3</sup>


<sup>1</sup> Өлшемі: 30x30 м, биіктігі 14 м.

<sup>2</sup> Өлшемі: 46x24x10 – 8 см.

<sup>3</sup> Өлшемі: 10,5x15 м.



көрші бөлмежаймен <sup>1</sup> біріктірілген. Қабырғаларды бойлай ені 1 — 1,2 және биіктігі 0,5 м сәкілер орналасқан, ал ортасында — диаметрі 2 және биіктігі 0,4 м дөңгелек таған орналасқан. Бұл бөлмежайдың бұрышында баспалдақтар бар, бұл айналма дәлізге бастайды. Салтанатты залдан шығатын есік дәліз арқылы айналма галереяға<sup>2</sup> шығады және тар бөлмелерге кіретін есіктер бір қатарға орналасқан. Бұл бөлмелердің интерьерлері нашар сақталған: олардың қабырғаларын бойлай сәкілер қондырылған, ал еденге орналасқан ошақтар бар. Бөлмелердің бірінен ошақтың жанынан қошқар бейнесіне келетін ошақ тұғыры табылды. Демек, бұл бөлмежайлар кейінірек тұрғызылған сияқты, сөйтіп тұғыртабан шығыс бағытқа қарай кеңейтіле түскен.



Күйықтөбеден аршылған үй қалдығы. X — XI ғғ.

Салтанатты залды еденге дейін тазарту кезінде және бөлмежайларды қазу кезінде көптеген керамикалар, оның ішінде Отырар аймағында VI ғ. бірінші жартысында және VII ғасырдағы ыдыс-

<sup>1</sup> Өлшемі: 5,2x5,5 м.

<sup>2</sup> Ені — 2-2,5 м, ал шығыс учаскесінің сақталған ұзындығы — 3 м шамасында болады.

тар көп кездесті: жиегі өрнектелген құмыралар, құмыра тәрізді ыдыстар, тік ернеулі хумдар. Керамиканың екінші тобын үшбұрышты шүмегі бар ауыр алмұрт тәрізді құмыралар, бүйірлі, жабыстырылған тұтқалары бар тостағандар, ернеуі иректелген тостағандар мен ыдыстар кездеседі. Соғдыда кездесетін мұндай үлгілер (әсіресе Пенджикенттің материалдарында) VII — VIII ғғ. аралығында делінеді.

Сондай-ақ тағы бір топты айқындауға болатын керамика табылды. Бұл ыдыс: бір немесе екі тісті тұтқалары бар, қызыл-қоңыр түсті, қызыл және кара ангобпен көмкерілген және тор, үшбұрыш жартылай сопақты гирлянд тәрізді геометриялық айшықтармен безендірілген құмыралар, тостағандар. Мұндай керамика VII — IX ғғ. уақыт аралығында дайындалды.

Күйықтөбеден қазба жұмысы кезінде табылған кеңінен мәлім олжаның бірі — күйдірілген саздан істелген фраваштардың — жанды қорғаушылардың ойылған пішіндегі бейнелері. Бейнелер имек түмсықты, қиғаш көзді, қолдарын кеудесіне айқастыра ұстаған, құлақтарында сырға бар, бастарына тәж кигізілген, үстіндегі киімі шапан және сауыт-сайман. Мұндай бейнелерге Жетісудың оңтүстік-батысынан табылған бейнелер сәйкес келеді, онда олар Тараз бен Қызылөзен оссуарияларында жапсырма түрінде кездескен болатын.

Табылған заттардың ішінде сердолик мөрді — конегрифон мен теңгелер бейнесі ойып салынған инталионы бөліп айтуға болады. Камалды қазу кезінде, сонымен қатар еденнен қабырғалардың үйіндісі мен сылағынан нумизматикалық материалдың екі түрі табылды. Бірінші үлгідегі теңгенің бір жағында арыстан бейнеленген, ал екінші жағында руналық монограммалар «н+уш», екінші үлгідегі теңгеде арыстанның бейнесі бар, бірақ онда басқа монограмма белгіленген — «ат». Теңгенің шығарылған датасы VII — VIII ғғ. жатады.

Камалда бастапқы құрылыстың болған уақыты VII ғ. екінші жартысы, IX ғ. бірінші жартысы деп айқындалады.

Қаланың шахристанын қазу кезінде де қызықты нәтижелерге қол жеткізілді. VI ғ. бастап XIII ғ. басына дейінгі кезеңдегі қала тұрғынжайларының даму барысын байқауға, қала құрылысын анықтауға мүмкіндік туды.

VII ғ. екінші жартысында — IX ғ. бірінші жартысында ішкі орамдық көшелер мен негізгі көшелер бөліктерінің бойында шо-

ғырланған үйлердің орам бойынша орналасқаны анықталды. Сондай орамдардың бірі 306 шаршы метр аланды алып жатыр. Онда төрт үй орналасқан. Олар бір-бірінен ошағы бар бөлмелермен ерекшеленеді. Мұндай үйлер бір немесе екі бөлмеден тұрады. Бір бөлмелі үйде (63,8 ш.м.) бөлмежайдан қабырға арқылы бөлінген кіреберісі болады. Ондай қабырғалардың бойында биіктігі 0,4, ені 0,7 – 1 м сәкілер орналасқан. Батыс қабырғада орналасқан сәкінің ортасында шығыңқы түс – ұзындығы 2,4, ені 1,35 м эстрада бар. Орта тұсында бүлінген едендегі ошақтың ізі байқалады. Екі бөлмелі үйге екінші бөлмежай – қойма бөлме тән.

X – XIII ғ. басында орам аландары ұлғайтылды (1000 ш.м-ге дейін) және ондағы үйді иеленушілер саны да өсті (8 – 10-ға дейін). Орамдардың бірі 1005 ш.м. алаңында, цитаделдің бұрынғы резиденциясының орнына салынған. Үйлер П-бейнелі көшелерді бойлай шоғырланған. Шахристанның оңтүстік бөлігінде IX ғ. екінші жартысы және XII ғ. бас кезіндегі үш орам аршылып алынды. Оның бірі («Д орамы») ұзындығы 52 метрге жетіп, қала қабырғасына келіп қосылады, ол бас көшеге қарайтын 8 үйден тұрады.



Бай үйдегі сәкі. VII – VIII ғғ. (Күйрықтөбе)

XI – XII ғ. бірінші жартысындағы ортасында тікбұрышты ошағы бар бөлме пайда болды, бұл үйлердің жобасы мен интерьердің өзгергенін білдіреді. Осы кезде, тура бұрынғыдай бір және

екі бөлмелі үйлер салынған, бұл орайда екі бөлмелі үйлер тұрғынжай бөлмеден және қоймадан тұрған. Бөлмелерде қабырғаны бойлай П және Г тәрізді сәкілер орналасқан. Ортада еденнің үстінде дөңгелек немесе антропоморфты, шетінде ернеуі бар және ауыз жағында жабыстырылған екі жапсырм томпақ бар ошақтар болады, олардың қасында ашық пештер орналасқан. Арнайы тұғырға қондырылған тандырлар кеңінен таралған. Бұрыштарының бірінен ошақтың қасында шұңқырлары мен үн сақтайтын орны бар аландар түріндегі шаруашылық бөлігі кездеседі.

XI ғ. үйлердің жаңа түрлері пайда болды: бөлмежайлардың бәрі бір сызықтың бойында орналасқан үйлер – анфиладты жобалау, айқыш тәрізді үйлерді жобалау және бір-біріне параллель қатарға қойылған бөлмелері бар үйлер. Тұрғынжай бөлмелерінде сәкілер алаңы өсе түскен, кейде олар бөлменің төрттен бірін немесе жартысын алады. Ошақтар не еденге орналасады, не едендегі шұңқыр түрінде, не қабырғаға немесе сәкінің шетіне қондырылған камин түрінде болады. XII ғ. үйлерде сандал ошақтар салынатын болды, бұл дөңгелек немесе антропоморфты, еденге ойып қазылған ошақ. Сандалдардың ішкі қабырғалары мен түбі әртүрлі өсімдік сабақтарымен, астраль белгілерімен, ойықтармен өрнектелді. Сандалдармен қатар аяқтары бар цилиндр тәрізді жылжымалы ошақ – манкалдар кездеседі.

XII ғасырға жататын және кеңінен таралған санитариялық-гигиеналық құрылым – ташнау. Бұл жерге қазылып көмілген, кейін алаңы кірпішпен өрілген, қалдықтарды жинауға арналған керамикалық астау.


Тұрғынжай құрылыстарымен қатар қаланың қоғамдық ғимараттары да ерекше назар аудартады. Бұл орайда қаланың орталық көшесінің қиылысында орналасқан қаланың собор мешітін айтуға болады. Ежелгі құрылыстан өлшемі 22x22x4 – 5 см күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғалардың қалдығы сақталған.

Одан кейінгі салынған мешіт XIII – XV ғғ. мұсылман зираттарын салу үшін кірпіші бұзып алынған. Дегенмен, қабырғалардың қалған бөліктеріне қарап-ақ оның бейнесін көруге болады. Қалыңдығы 1,5 м қабырғалар күйдірілген және шикі кірпіштен байланып қаланған. Қабырғаларының сырт жағынан өлшемі 36,5x20,5 м болатын мешіт оңтүстік-батыс-солтүстік-шығыс бағытына созылып жатыр. Едені тек жекелеген бөліктерде ғана сақталған.




Кедер мешіті. X – XII ғғ.

Жаксы сақталған солтүстік-батыс бөлігіндегі еден негізіне дейін аршылды, (оның көлемі (тікбұрышты – 79x10 см) күйдірілген кірпіштен жасалған 16 базы бар. Мұндай баздар қысқа қатарда 50, ал 5 және 10-ы ұзыннан болған. Колоннаның аралары – 3-тен 3,2 метрге дейін, шеткі баздар мен қабырғалардың арасындағы қашықтық – 1,5 м. Құйрықтөбе мешіті бағаналы немесе колонналы құрылыстар үлгілеріне жатады, олардың өлшемдері төбенің стандартты шаршыларының санына және шаршылардың арақашықтығына байланысты (олардың арасындағы өтетін жер 3,5-тен 4,6 м құрайды).



XIV – XV ғ. басындағы мешіт жоспары.  
Жоғарғы бұрышта XV – XVI ғғ. мешіт жоспары

Мешітті қазу кезінде жиналған керамика мешіттің X – XII ғғ. болғанын айқындайды.



Мешіт аумағынан табылған ойып салынған өрнегі бар кірпіштер.  
X – XII ғғ.

Құйрықтөбеде қазып алынған қоғамдық ғимараттардың арасында XI ғ. екінші жартысына жататын сауда дүкендері бар. Бұл тұрғын үй құрылысынан оқшауланған, көшеге қаратылған ені 1,45 м ойығы бар шағын құрылыс. Еденде ашық ошақтар болған, жерге қазылып орналастырылған хумдар мен шағын камба осы дүкендермен байланысты болған.

Зерттеумен анықталғанындай, қала моңғол шапқыншылығынан кейін де өмір сүрген. Қаланың аумағында XIII – XIV ғғ. пайдаланылған учаскелер сақталған. Осы кезеңде әсіресе рабадтар дамыған. Оның батыс бөлігінде, шахристанға жақын орналасқан, темірді сапалы қорытатын шеберханалар болған.

Қазба жұмысы кезінде шеберханалардың жобалары анықталды. Онда тұрғын үй өндірістік бөлмежайлармен біріктірілген. Ше-

берхананы тазалау кезінде көптеген жарамсыз қожтемірлер, шлак жинап алынып, темір рудаларының кесектері табылды. Шеберханалар кешені XIII ғ. соңғы ширегінде – XV ғ. бірінші жартысында болған. Шеберханалар орналасқан учаскелердің өлшемі Құйрықтөбе сол кезеңде Отырар аймағындағы темір өндірудің ірі орталығы болғанын дәлелдейді. Осы арадан керамиканың, металл бұйымдарының, сүйек, шыны, зергерлік заттардың бай коллекциясы жиналды.

X – XI ғғ.-дың жылтырақ керамика тобына жататын тостағандар, таксылар, ыдыстар, шырақтар табылуы назар аударатын мәселе. Қорғасын түсті жылтырақ түрі мен ақ ангобтелген керамика кенінен таралған. Өрнектер кара, қызыл және қоңыр бояулармен салынған. Мұндай әшекейлер көбінесе ыдыстың жоғарғы жағында, ернеуге таман орналасқан. Онда кұфалық жазбалармен және керамикалық курсивпен жазылған араб жазулары бар. Әдетте тостағанның басқа қалған жері ашық, тек дәл ортасында ирек, дөңгелек, дақ немесе үтір бар. Дақты әшекейлі керамика кездеседі, кейде ол өрнекпен үйлесім табады, сондай-ақ инелік қанаты тектес ою-өрнекті, өсімдік сабақтары салынған керамика да кездеседі.

Қызыл түсті ашық жылтыраған керамиканың ерекше тобы бар, онда әшекей ақ және кара бояумен жүргізілген. Элементтер ретінде жазулармен толтырылған, әріптік өрнек салынған жазбалары бар медальондар қолданылған. Ашық жылтырақ түсті қызыл керамика және геометриялық өрнектері бар тарамдалған ақ бояумен салынған өрнекті керамикалар көп.

Сырты жасыл және қоңыр түспен тұтас боялған күңгірт керамикалар да кездеседі.

Жылтырақ емес керамика бұйымдарына хумдар, құмыралар, су таситын және асүйлік құмыралар, тостағандар, дастархандар (саздан жасалған үстелдер) жатады. XI ғ.-дың асүйлік және асханалық ыдыстары да назар аудартады. Олар ойылған және жапсырылған әшекейлер түрінде болады. Олар жартылай сопақша өрілген, өсімдік сабақтары түрінде кездеседі. Керамиканың мұндай түр үлгілері көшпенділердің отырықшы қалаларына тән. Сіздер мына фотодан ер адамның басы пішінінде жасалған тұтқасы бар саздан жасалған сылдырмақты көріп отырсыздар.

Құйрықтөбені қазу кезінде шыныдан жасалған тостағандар, көзелер, құмыралар, шишалар, металдан жасалған қола құмыралар (XI – XII ғғ.), саптыаяқтар, белдік бөлшектері, жартылай қым-



бат тастардан жасалған моншақтар, зергерлік әшекейлер, сырға, сақиналар, білезіктер табылды.

Сонымен, Құйрықтөбені Кедер қаласы деуге болады. Ол ежелгі астана — Отырарға (Фараб) қарағанда жаңа болды және ондағы соборлық мешіттің құрылысы Кедер мен Отырардың қала тұрғындары арасында келіспеушіліктер туғызды. Бұл фактіні түсіну де қиын емес, өйткені Кедердегі собор мешіті оны жаңа астанаға айналдырды, ал мұнымен отырарлықтар келісе алмады.

Қаланы қазу кезінде табылған керамиканың датасы ХІХ — ХІ ғғ. жатады (ойылған және жапсырылған өрнегі бар дастарқандар, қақпақтар, жылжымалы ошақтар), бұл ою-өрнегінің өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Онда әртүрлі геометриялық пішіндер бар: үшбұрыштар, ирек сызықтар, қисық сызықтар, бұтақшалар. Дастарқандар көбінесе кілемдер мен киіз бұйымдарына қолданылатын дәстүрлі әшекейлі таңбалар арқылы безендірілген. Мұндай бұйымдар ІХ — ХІ ғғ. Отырарда жасалған бұйымдарға өте ұқсас. Бұл ыдыстардың қай-қайсысы да бір шебердің қолынан шыққандай әсер етеді. Сірә, астана Кедерге көшкен кезде Отырардан ең алдымен жаңа қаланың оғыздық басшыларына қызмет ету үшін қолөнершілер қоныс аударған болса керек. Мұны керамикалық материалдардың ұқсастығы арқылы түсіндіруге болады.

Иә, Кедер Отырар аймағының тарихында өзінің айқын ізін қалдырды. Егер, тұжырымдап айтсақ, ІХ — ХІ ғғ. Фараб округінің астанасы Құйрықтөбе орнында болған.

## ОТЫРАРТӨБЕГЕ УАҚЫТ ҚАТПАРЫНАН ҚАРАҒАНДА

Енді Отырар алқабының астанасы Отырар туралы тиянақты әңгімелеуді бастаймыз. Онда жүргізілген қазба жұмыстары Шығыс пен Батыстың арасындағы сауда жолының ең маңызды телімдерінің бірінде орналасқан ежелгі қаланың, аймақ орталығының тыныс-тіршілігін көрсетуге мүмкіндік беретін мәліметтермен ғылымды байыта түсті.

Ұшақтан қарағанда Отырартөбе <sup>1</sup> біздің бұдан бұрын айтып өткеніміздей, алып та аумақты төбелер болып көрінеді. Аэрофо-

<sup>1</sup> Талапты совхозының қасында, Темір теміржол бекетінің батысына таман 15 шақырым жерде орналасқан.

толық түсірімдерге зер салып қарайтын болсақ, ортағасырлық ескерткіштердің бейнесіне тән топографиялық тұрғыдағы үйінділерді көреміз. Биік бесбұрышты жобадағы төбе анық байқалады. Бұл — қаланың орталық бөлігі. Төбенің жалпақ бетіндегі биіктікке дейін 18 м, ал жекелеген бөліктерінің орташа биіктігі 10-нан 15 м аралығында болады. Жүздеген жылдар бойы ол бұзылған ғимараттардан, құрылыс үйінділерінен, құрылыс қызметінің қоқыстарынан, адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерінің қалдықтарынан биіктей түсті, қазір оның өзі бірнеше қабаттардан тұрады. Төбені өлшеу мынадай көріністі көз алдыңызға әкеледі: ол 20 га алқапты алып жатыр, оңтүстік жағы 380 метрге, оңтүстік-батысы 145 метрге, батысы 400 метрге, солтүстік-шығысы 380 метрге және шығысы 350 метрге созылып жатыр.

Қала шөгіп, жел үріп, шөп басып кеткеніне қарамастан, Отырардың екі мыңдық масштабпен, аэротүсіріммен және көзбен қарау арқылы орындалған құрал-аспаптық жобасын салыстыра қарау көмегімен бұрынғы жобасының бөліктерін анықтау мүмкін болды. Біз айтып отырған орталық бөлігі жан-жағынан қабырғалармен қоршалған, кейбір өзінің учаскелерінде сақталып қалғандарының жарқабағы 75 — 80 м болады. Қабырғадан мұнаралар болғаны байқалады, олардың дөңгелек болғаны анық: қазір бұл қабырға желісінен шығыңқы тұрған дөңгелек төбе болып жатыр; бұрыштардағы мұнаралар анық байқалады, қабырғалардың периметріне қарағанда көмескі білінеді. Қабырғаның сырт жағында ежелгі заманда қазылған ордың ізі байқалады, бұл — тереңдігі 2 — 3, ені 10 — 15 м еңіс аңғар. Қалаға кіретін үш жер болған: оның екеуі оңтүстік және солтүстік-шығыс қабырғаларда бір-біріне қарама-қарсы орналасқан, ал үшіншісі — батыс қабырғаның ортасында. Сірә, басты қақпа оңтүстік жағында болса керек. Қабырғадағы ойықтың өзі қазір 20 м болады. Ені 5 — 8 м тереңдіктегі орталық көше солтүстігін орталық кіретін жермен біріктірген және қаланы екі тең еместей бөлікке бөлген, қазірдің өзінде топографияда үйінділердің іздері анық байқалады. Орталық көшеден тіке көшелер тарайды, олар қабырғаларға барып тіреледі. Оған жапсарласа тағы да алты магистраль көшелер жүреді, ал периметрлері бойынша сақина тәрізді болады. Магистраль көшелерден өз кезегінде шағын өтпе көшелер, тұйық жолдар тарайды, бұлар жекелеген дөңестерді — тұрғынжай орындарын (орамдарды) айналып өтеді. Солтүстік және батыс қақпалар алдында құрылыс салынбаған тегіс жерлер бар. Бұл — алаң.

Қаланың орталық бөлігінің топографиясы негізінен алғанда кейінгі ортағасырларда (XIII – XVIII ғғ.) қалыптасқан. Бұл кезде қалаларда қамал, шахристан және рабад деп нақты бөліктерге бөлу бола қоймаған. Орталық дөңеске құрылыстың ізі бар шамамен 150 га аумақ келіп қосылады. Қала маңы жан-жағынан ішінара бұзылған қабырғалармен қоршалған, оның сыртында ор бар, кейбір бөліктері әлі күнге батпақты болып келеді. Солтүстік жақтан қабырғаға қазіргі кездегі поселке келіп тіреледі. Осы тұс жердің табиғи бедері тәрізді екі тікбұрышты шығыңқы болып көрінеді. Орталық дөңің солтүстік бұрышынан қабырғалардың қашықтығы 520 м болады. Осы бөлігінде ол жақсы сақталған және ені 20 – 25 м, биіктігі 3 – 5 м жал мүжіліп шөккен, онда қазіргі заманғы қосылған іздің сұлбасы байқалады. Жалдың оңтүстік бөлігі бұзылған, өйткені оған совхоз аумағы сұғына орналасқан. Қабырғалар ішінара егіндікке жырттылып кеткен, дегенмен аэрофототүсірімдерде ежелгі контурды қайталайтын ақ түсті жолақ түрінде көрінеді. Қабырға батыс жағынан толықтай сақталған.

Қаланың шығыс бөлігінде неғұрлым маңызды көріністер байқалды: бекіністердің және сыртқы жалдың учаскелері анықталды. Егер қабырғалардың бірінші сақинасы орталық төбеден 750 м қашықтықта болса, ал ішкі жағынан 1000 метрге алыс орналасқан. Жалдың 2 шақырымдай жерге созылатын сыртқы түрі ішінара сақталған. Жалдың құрылымын зерттеу мақсатында оның учаскелерінің біріне қазба жұмыстары жүргізілді. Жал ұзындығы 25 м және ені 1,2 м болатын ор етіп қазылды. Қазылған тұстың қимасынан қабырғалардың құрылымын, оның негізгі параметрлері мен екі құрылыс кезеңін анықтауға мүмкіндік туды.

Қабырға үйілген саз балшықты монолитті тұғыртабанның үстіне тұрғызылған, онда үш қатарлы шикі кірпішпен<sup>1</sup> жалпағынан қаланған қабырғаның негіздігі жатыр. Кірпіш қалауында оның жиектерімен әр шетінен екі-екіден соқпа сазбалшықтан жасалған блоктар<sup>2</sup> қойылған. Одан әрі жоғары қарай қабырғалар әрқайсысының биіктігі 15 см болатын саз балшықтан жасалған қабаттармен биіктетілген. Блоктар арасындағы қуыстар құрылыс қоқыстарымен және топырақпен толтырылған. Блоктар құлаған қабырғаны жинаған қап тәрізді әсер қалдырады. Одан кейін қабырғалар қайтадан

<sup>1</sup> Кірпіштің өлшемі – 26 – 30x13 – 15x80 см, қабырға негізінің ені – 2,6 м.

<sup>2</sup> Өлшемі: 80x80x80 см.

шикі кірпішпен өрілген. Қабырғалардың жоғарғы бөлігі нашар сақталуына байланысты үстіңгі жағында бруствер және атыс алаңы болғанын аңғаруға болады.

Қазба жұмыстары кезінде табылған керамикаға қарағанда, Отырар рабадының айналасындағы қабырғалар XI – XII ғасырларда салынған. Оны қайта салу және жөндеу XIII ғасырдың бас кезінде жүргізілген, өйткені кейінгі кезеңдерге жататын керамикалық материалдар қиылып қазылған тұста кездеспейді.

Кима қазбадан тағы бір назар аударатын факт кездесті. Қабырғалардың негізінде жатқан тұғыртаған өртенген қамыс қабатының үстінде орналасқан. «Өртенген қабат» қаланың басқа бөліктерінде де барлау жасалған шруфтан табылды. Сондықтан кейбір ғалымдар Отырар (Фараб) сөзінің төркінін өзен сағаларымен немесе каналдарымен суланып батпаққа айналған, батпақты жер, тегістік деген ұғымға саяды, әрі өртенген қамыстың қабатын адамдар құрылысты бастар алдында амалсыздан батпақты учаскелерді құрғату үшін қамысты өртеген деген тұжырым жасайды: қамысты өртеген, оған жасанды түрде жал жасаған (тұғыртаған), сосын оған құрылыс (және қала қабырғаларын) тұрғызған. Міне, осындай «жасанды төбелерде» X ғасырдың араб географы Ибн-Хаукалдың деректері бойынша Фараб округінде 1 қоныс салынған.

Жалпы алғанда, стратиграфиялық қабаттардың «айтары» өте көп. Әсіресе «оқи» білетін археологтар үшін қолайлы. Олар үшін көп қабатты қаладағы жұмыстың маңызды принципі – қабаттардың кезектесіп келуі болып табылады. Қабаттардың аражігін ажырату өте қиын да жауапты шара екені сөзсіз. Бұл орайда қателесуге болмайды, әйтпесе тарихи шындық бұрмаланады. Тек қабаттарды ғана ажыратып қоймау керек, сонымен қатар табылған заттардың кешендері бойынша олардың әрқайсысының датасын қоя білу қажет.

Әрбір қабат қала өмірінің белгілі бір кезеңіне сәйкес келеді, ол дәуірдің өзіндік ерекшелігі бар бет-бейнесі де болып табылады. Бет жағы әдетте қалың келеді, онда қарқынды құрылыстың қалдықтары, белсенді өмірдің іздері жатыр. Ал төменгі қабаттарындағы жағдай мүлдем өзгеше: төтенше жағдай кезеңінің ізі айқын сезіледі. Жанған төбенің опырылып түскен ағаштарынан кезінде өрт болғанын білеміз; бұзылу – соғыстар мен тонаудың салдары. Әдетте уақыт жағынан неғұрлым кейінгі қабат ежелгі қабаттардың үстінде болады. Мәдени қабат оның үстін жауып жатқан

кабатқа қарағанда неғұрлым қара түсті келеді, оның ішіндегі жекелеген қабаттар өздерінің реңктерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, қабаттардың кезектесіп келуі қазылған шұңқырлар, қайта қазу, ежелгі құрылыстар арқылы бұзылуы мүмкін.

Біз Отырардың қабаттарын зерттей отырып, ежелгі қала туралы көп жайды аңғардық.

24x8 м өлшемдегі стратиграфиялық қазба жұмысы қаланың орталық үйіндісінің солтүстігінде, еңіске жақын жерде жүргізілді және оның қабаты 16 м тереңдікте материктің қабатына дейін қазылды. Кең ауқымды қазба жұмыстарының, Отырардың стратиграфиясын зерттеу нәтижесінде қаланың өмірі көз алдыңызға келеді.

Жоғарыдан төмен қарай қабаттардың орналасуы мынадай болады.

XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың басындағы қабат жоғарыдан санағанда екінші деңгейдегі еден құрылымының жақсы сақталғандығын көрсетті. Қазба жұмыстары кезінде екі бөлмежай аршылды, оның бірі (айван үлгісіндегі)<sup>1</sup> екі бөлмежай солтүстік-батыс бағытта аршылды. Қалыңдығы 0,8 м қабырғалар тікбұрышты шикі кірпіштен<sup>2</sup> қаланған. Мұқият зерттеу бөлмежайдың ортасында күйдірілген кірпішпен қапталған орталық ағаш бағанаға тірелген сырғауыл мен қамыстан жабылған айванның тегіс жабыны болғанын анықтауға қол жеткізді; қабырғаларда жерге қазылып орналастырылған хумдар тұр. Осы қабаттан керамиканың шағын коллекциясы табылды, оның ішінде сырты жылтырақ, шыңылтырмен өрнектеу әдістері бір үлгіде деуге болатын ыдыстар (тостаған, табақ, тагор) бар. Ыдыстардың екі беті де ашық түсті ангобпен қапталған: шыңылтыр бояламаған, ішінара көкшіл және көгілдір ақық түсті көмескі реңктері бар; өрнектер моно- және полихромды болып келеді, көк, көгілдір ақық түсті, марганец және қара түстердің қосылысы да кездеседі. Ою мотивтері таңғаларлықтай бір тектес десе болады. Суретшілер қолданылған тек бірнеше элементтерін ғана атауға болады: толқын, ирек, кейде сәуле шашыраған дөңгелектер, ішінара қос-қос-тан және төрт-төрттен қосарланған белдеу сызықтары.

XVII ғасырдың алғашқы үш ширегінің 1,5 м қалыңдықтағы қабатында орналасқан құрылыс құрылымдарын үйінділерден,

<sup>1</sup> Айван — бір жағы ашық, үйге жалғастырып салынған үсті жабық құрылыс.

<sup>2</sup> Өлшемі: 30x18x9 см.

ағынды және құлаған топырақтан тазалау жүзеге асты, нәтижесінде бұрынғы және кейінгі кезеңге жататын екі еден табылды. Кейінгіге жататын еден қазбаны төмен бойлап кететін екі қабырғаға жалғасқан. Мұржасы сәкі астымен тартылған тандырпеш өзінің салынуы жағынан ерекшеленеді. Оның жанындағы тары қалдықтары бар шаруашылық шұңқыры мен ташнау тазартылды. Демек, бұл жерде нан пісіретін «шаруашылық кешені» орналасқаны талас тудырмайды.

Осы қабаттан табылған қыры мұқалған, темір пышақтың сынығы ромб тәрізді серпентиниттен жасалған тас алқа тұрғындардың шаруашылық қызметінен хабар береді. Көкшіл-сұрғылт сырлы және марганец бояулы глазурь өрнегі бар ат мүсінінің бөлшегі назар аударуға тұрарлық. Әшекейге қарап аттың түсін білуге болады («теңбіл сұр түсті») өрі сол кезеңдегі ат өзбелінің қандай болғаны аңғарылады. Сондай-ақ шыны бұйымдардың — құмыралардың тұтқалары мен мойындары, графиндердің, бокалдардың, тостағандардың сынықтары табылды.

Сырлы керамиканың коллекциясы көп: тостағандар, кеселер, табақтар, құмыра тәрізді ыдыстар, тагорлар. Ыдыстар жақсы саздан жасалған, ашық түсті ангоб бетінен қорғасын түсті және сақарлы шыңылтырмен қапталған. Көк, крем, көгілдір ақық түстеріне боялған және түссіз шыңылтыр да кездеседі. Әшекейлердің түстік гаммасы әралуан: марганец, көк, көгілдір ақық түсті, кобальт, күңгірт-жасыл және басқа түстер араласып келеді. Ыдыстардың екі бетін де жабатын ою-өрнек құрылымында құрама құрылым принципі басым тұрады. Кейбір ыдыстарда суреттер ою-өрнекте «жоғары» және «төмен» орналасады.

Осы қабаттан кезінде қалада өрт болып, құрылыстың қанырап қалуының белгілері, сондай-ақ орыс патшасы Алексей Михайлович патшалық құрған кезеңге жататын (1645 — 1676 жж.) орыс теңгелері көмбесі табылуы қала тіршілігінен хабар береді. 1650 жылдан бастап (негізінен 60 — 70 жылдары) мыс тиындар Орта Азияның базарларына келе бастады. Осы қабаттардан әлгіндей ақшалардың табылуы оның кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік береді. Отырардан табылған көмбелер XVIII ғасырдың соңғы ширегінде осы арада болған апаттардың бірі кезеңіне жататынын білдіреді.

XIII — XV ғасырлар қабатының қалыңдығы 1,5 — 1,6 м болады. Бөлмежайлардың әртүрлі кезең деңгейлері тазартылды. Еден-



де тандырлар, ташнау, шаруашылық мақсатқа арналған шұңқырлар кездесті.

Үшінші еден деңгейінен зат сақтайтын жасырын қойма табылды, онда тікбұрышты темір пластинкалар мен басында дөңгелек қалпақшасы бар қаусырмалар көп екен, ал мұндай заттарда матаның қалдықтары мен іздері жатыр. Сірә, бұл матадан жасалған белдіктің қалдықтары шығар. Ал басқа заттар ішінде — темір пышақ, сақиналар, тоғалар және ат әбзелінің айылбастары бар, бір назар аудартатыны — сыртқы қыры жұмыр ұстара дередік, оның жүзі ағаш қапқа кигізілген, сондай-ақ тігуге арналған темір ине мен мүйіз біз де кездесті. Төрт моншақтың үшеуі шыныдан жасалған: оның екеуі көкшіл көздері бар күңгірт сұрғылт түсті, үшіншісі — ақ мәрмәр түсті бөліктерден тұрады, төртіншісі (ірісі) — көк түсті тас.

Көмбеде басқа да заттармен бірге қола бұйымдар да табылды: сегіз қырлы, шеттері жуандатылған сым білезік, матаның бөліктеріне тігілген қола шарлар... Бұлардың ұзындығы 30 және ені 4 см жолақшаны құрайды. Сірә, бұл мандай тартатын орамал шыны болса керек.

Осы қабатқа қатысты басқа табылған заттар ішінен шыны ыдыстардың сынықтары, темір бұйымдарды (тоғалар, сақиналар), әшекейлерді (нефриттен жасалған алқа, моншақтар) атауға болады. Әсіресе арабша «Куат алладан» деген эпиграфтық жазуы бар белдіктің қола тоғасы ерекше қызығушылық туғызады.

Осы қабаттан керемет әрі әралуан керамика табылды. Оның ішінде жылтыратылған түрлері барлық табылған ыдыстың кемінде жартысы десе болады, бұл орайда қызыл саздан жасалғандары — жарты сақиналы тұғырдағы жарты кеселер мен тостағандар, сондай-ақ шағын құмыра тәрізді ыдыстар көп кездеседі.

Қызғылт-қоңыр ангобты қорғасын түсті жылтыратылған керамикалар тым көп кездеседі. Қызғылт-қоңыр ангобты боялған немесе түссіз жылтыратылғандар әралуан реңктегі күңгірт түс құрайды, онда көбінесе онша биік емес бұдырмен жасалған шыңылтыр гүлінің әшекейі өте әдемі көрінеді. Сары түспен жылтыратылған, ашық түсті және қызыл түс бойынша бір немесе әртүрлі гүлдер әшекейі бар керамика да назар аудартады: жасыл жылтыратылғаны өрнексіз немесе шыңылтырлы ойылған; сыртқы және ішкі бет жағы жасыл және сары түспен жылтыратылған; қызыл түске жасыл жылтыр мен жасыл өрнек жасалған; қызыл жылтыр және қоңыр өрнек; мәрмәр тәрізді жылтыратылған.

Бұл қабаттың керамикасы XIII — XV ғасырдың басындағы қазақстандық қалаларға тән. Қабаттың датасын онда табылған XIII — IV ғасырлардың теңгелері дәлелдей түседі.

Қалыңдығы 1,5 м XII — XIII ғасырдың басындағы қабат ғимараттары ерте заманда жөнделгені және қайта жобаланғанын көрсетеді. Оны бірнеше тазартылған бөлмежайлар едендерінен табылған құрылыс қоқыстары мен шаруашылық қалдықтарымен толтырылған шаруашылық шұңқырлары дәлелдейді.

Табылған заттардың ішінде найзаның үш қырлы темір ұшы, темір қылыштың сынығы, қола сақина, әйнек ыдыстардың сынықтары, әралуан түсті әйнек пен пастадан жасалған моншақтар бар. Керамика өте көп. Тостағандар, табақшалар, тақсылар жылтыратылған. Ыдыстардың бетіндегі ашық түсті шыңылтырлы түрлері жиі кездеседі, ақ және қызыл (ангобпен) қапталғандары бар. Өрнектер жасыл, қоңыр, қызыл және сары бояулармен жасалған. Әшекейлердің элементтері — өсімдік сабақтары және геометриялық өрнектер, араб жазуының айшықталған әріптері. Әшекей шыңылтырлы оймамен толықтырылған. Сырты жылтыратылмаған керамикалар таңбаланған және ойған өрнегі бар жалпақ және жартылай өрнекті түрде болады.

Қалыңдығы 1 метрге жуықтайтын төмендегі қабат X — XII ғасырларға жатады. Онда үш бөлмежайдан тұратын құрылыстар кешені тазартылды, олардың сұлбасын анықтау ішінара ғана жүзеге асты, өйткені оның қабырғалары шурфтың қимасына тап болған. Бөлмежайдың еденінен жерге қазып орнатылған хум табылды, оның ернеуі шикі кірпішпен қаланған. Шаруашылық шұңқырларын аршу кезінде еденнен ұзындығы 30 см темір қылыштың сынығы, екі сүйектен жасалған біз, маржан тастан қашалған моншақ және әралуан түсті әйнек тәрізді заттан жасалған алты қырлы ірі моншақ табылды. Сонымен қатар, X — XI ғасырларға тән ұзындығы 12,5 см темір үшқырлы найза ұшы кездесті.

Бөлмежайлардың бірінің қабырғасынан қауымдық зират табылды. Оны былайша сипаттауға болады. Қабырғасынан қуыс қашалған, оған екі қатармен бірінің үстіне бірі қойылған 18 бас сүйек жатыр, оның қасында қаңқалардың ұзын сүйектері бар. Кейбір бассүйектерде соғыс қаруының іздері бар. Демек, бұл соғыс кезінде бір мезгілде бірнеше адамның қаза тапқанын білдіреді. Сірә, бұл мүрделер кезінде ұзақ уақыт бойы көмусіз жатса ке-



рек, сосын біреулер денеден бөлініп қалған бассүйектерді жинап, оларды денелерінен бөлек жерлесе керек.

Қоқыс шұңқырларының бірінен табылған ыдыс сынықтарынан әйнек бұйымдарының бөлшектері кездесті. Шыны өте жұқа, онда ауаның көпіршіктері бар, ашық түсті және әртүрлі түстерге боялған — көк, жасыл, сары, алқызыл, ақсары, қара. Бұл сынықтардың көзелер, құмыра, тостаған, құтыларға жататындығы анықталды. Осы арадан әйел басты фантастикалық жануар түріндегі шағын ыдыс — сукұйғыш (немесе шырақ) табылды. Ыдыстың тұрқы түйеге ұқсайды: жуан аяқтары, шағын құйрығы бар, бүйірі шығыңқы, иілген ұзын мойынды, ай тәрізді жалпақ бетті, қалың қастары қабақтарына түйіскен, қиғаш көзді, мұрыны сәл имек пішінді әйелдің бас бейнесіне жалғасқан. Фантастикалық мүсіннің басында тәжі бар, арқасында мұнара іспетті жінішке шыбықтан өрілген бесік орнатылған. Бұл ыдыс қызыл жылтырақпен қапталған.

Қабаттан табылған керамика көп, бүтіндер де, сынық бөлшектері де бар. Жылтыратылған ыдыстарға ақ немесе қызыл түске жағылған қорғасын түсті жылтыр тән. Әшекейлер жасыл, қызыл, қоңыр, сары бояулармен салынған, онда жапырақ тәрізді әшекей, нүктелер, дақтар үйлесім тапқан, тостағандар мен табақтардың түбінде өсімдік сабақтары, жапырақтар, иректер, араб ғарпінің айшықталған әріптері түріндегі сурет бейнеленген. Жылтырақ емес керамикаға құмыралар, қыш ыдыстар, қазандар мен хумдар жатады.

Одан да төмен қалыңдығы 3,5 м қабат жатыр, онда бірін-бірі алмастырып кезекпен келетін төрт құрылыс құрылымы бар, бірақ оның бәріне ортақ жобалау принципі тән. Солтүстіктен оңтүстікке қарай барлық қазба арқылы қалыңдығы 1 см болатын ғимараттың қасбет қабырғасы созылған. Оған шығыс жағынан тікбұрыш жасап тұтас қабырға келіп қосылады, ол қазба барысында құрылымды екі кешенге бөледі: біріншісі бір бөлмеден, ал екіншісі екі бөлмеден тұрады. Олардың қабырғалары 80 см биіктікте сақталып қалған және 45x25x10 см өлшемдегі шикі кірпіштен араларына саз балшық салынып байланып қаланған. Қабаттан, қабырғалардың үйінділерінен және құрылыс қоқысынан VII — VIII ғғ. нумизматтарына жататын теңгелер табылды. Бұл уақыт аралығын қабаттан алынған керамика жиынтығы да дәлелдейді: шүмекті, мойны тар құмыралар, тісті тұтқалары бар қызыл түсті

тостағандар, баған тәрізді аяқтарға орналасқан биік шырақ. Ыдыстардың осыған ұқсас түрлері әдетте VII — VIII ғғ. қалаларының қабаттарынан кездеседі (Пенджикент, Афрасиаб, Құлан, Тараз және т.б.).

VII — VIII ғғ. құрылыстарының ең төменгі едені астында көмірдің жанған түйіршіктері бар күлді борпылдақ саз қабаты табылды. Одан құрылыс қалдықтары кездескен жоқ. Күлдің астында сұр саз қабаты басталды әрі ол материк топырағына дейін жетеді. Мұнда табылған заттар өте аз, атап айтқанда, негізінен керамика — хумдардың, құмыралардың, ыдыстардың сынықтары, бұлар ерте заманғы егін өсірушілер ескерткіштерінің ыдыстарына ұқсайды. Отырар қаласының ең төменгі қабатын 1 мыңжылдықтың бірінші жартысына жатқызуға болады.

Көріп отырғанымыздай, стратиграфия археологқа бай материал береді. Шын мәнінде біз Отырардың кезінде тіршілік болған тоғыз хронологиялық қабаттарының қалыңдығынан өттік. Тек біздің мыңжылдықтың бірінші ғасырларында Отырардың алғашқы құрылысы басталды. Аса зор сәулет құрылыстарының қалдықтарын құрайтын VII — VIII ғғ. қабаты оның ерте заманғы феодалдық қала екендігін сипаттайды. IX — XII ғғ. қабаттарынан табылған керамиканың көп кездесуі, шыны коллекциялары Орта Азия мен Қазақстанда уақыт өте келе мәдениеттің өркендеуі кезеңімен Отырардың гүлденуі тұспа-тұс келгенін дәлелдейді. Моңғол шапқыншылығынан және темірліктер кезеңінде (XIII — XV ғасырдың бас кезі) қабаттардың стратиграфиялық қимасындағы көрініс неғұрлым жақсы дамыған қала келбетін көз алдымызға әкеледі. Гүлдену кезеңі XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғғ. кезеңіне сәйкес келеді, яғни бұл Қазақ хандығының қалыптасу кезеңі еді. Қаланың күрт құлдырауы XVII ғасырдың соңында болғаны байқалады. Егер бірінші үш ширегінде құрылыс қарқынды жүріп, қала дамып, XVII ғасырдың соңғы ширегіне дейін өркендесе, ал одан кейінірек XVIII ғасырдың бас кезіне дейін Отырардың біртіндеп бұзылуы мен қаңырап бос қалу процесі жүрген.

## ОТЫРАР МОНШАЛАРЫНЫҢ СҰЛБАЛАРЫ

Отырардан табылған өсімдік және геометриялық сипаттағы әшекейі бар жылтырату техникасымен жасалған табақ туралы әлденеше рет жазылған болатын. Өкінішке орай, ол толықтай сақталмаған (оны суреттен көрдіңіздер). Табақтағы ою-өрнек осы затты жасаған шебердің жоғары көркемдік талғамынан хабар береді. Диаметрі 27 см болатын табақтың қабырғалары жайпақ, жиектері тікбұрышпен иілген, сақина тәрізді табаны бар. Ол екі жағынан да қаракөк түспен жылтыратылған. Ішкі жағында қара күлгін түсті бояумен салынған өрнегі ортасында бейнеленген жеті жапырақтан тұрады, одан сегіз радиальды сызықтар тарайды, бұл оны сегіз бөлікке бөледі, олардың ішінде ұсақ өсімдік сабақтары және үшбұрыштап салынған ірі гүлдер түрінде өрнектер бар. Барлық композиция екі сызықты дөңгелек ішінде орналасқан, оның сыртында екі белдеу салынған. Оның бірінде уақыт кезеңі XIV ғасырдың екінші жартысына – XV ғасырдың бас кезіне жататын арабша жазу жазылған. Мәтін екі бөйіттен (екі жолдан)<sup>1</sup> тұрады. Оның біріншісі былайша аударылады:


Сенің тілеуің бойынша, сенің барлық істерің орындалсын,  
Құдай сенің лайым тағыңның сақтаушысы болсын.  
Кеш түсті. Сен менің дүниедегі асылымсың....

Өлеңнің стиліне қарағанда, ол фольклорлық батаға жататын тәрізді. Бірақ сүйіктісін құдаймен теңестіретін<sup>2</sup> сопылық тұрғыдағы махаббат лирикасынан болуы да ғажап емес және бұл өлең жолдарының авторы исламды насихаттаушы, ақын, сопылық өлеңдер жинағы «Хикметті» («Даналық») жазған Қожа Ахмет Йасауи болуы да мүмкін... Кім білсін!

Өзіндік ерекшеліктері бар табылған заттар тек өнер туындылары тұрғысынан ғана хабар беріп қоймайды. Бұл табақ әлдебір жерден емес, XI – XII ғғ. монша орнының үйіндісінен, XIII ғасырда тұрғызылған отырарлық моншалардың бірін қазу кезінде табылған еді.

<sup>1</sup> Жазуды оқыған, аудармасын жасап, оның қай кезең екенін анықтаған В.Шуховцов.

<sup>2</sup> Сопылық ілім (софизм) ізгілікті, ұстазды қалдыр тұтып, тыңдауды уағыздайды, пайдакүнемдікке қарсы тұрады.



Арабша жазуы бар шыңылтырлы табақтың сынығы, XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бас кезі. (Отырартөбе)

Қазба жұмыс кезінде кездескен монша ішінде осындай әдемі ыдыстың болуы кездейсоқтық емес: бұл арада оған таңғалудың да реті жоқ, өйткені монша ғұрпын жақтаушылар өздері болатын орындағы ахуалға мән берген. Моншаның әрбір бөлмежайы белгілі бір мақсатқа арналған. Мәселен, мұнда демалыс бөлмесі, шайхана, намаз оқитын орын болған. Олардың интерьерлері ұсақтүйегіне дейін ойластырылған. Сонымен қатар жапсырма тақта-тастардың әдемілігіне де назар аударылған және т.б. Безендіріп жабдықтау ісіне біз айтып отырған табақтың да кіргені сөзсіз. Табылған заттардың ішінде керамиканың бөлшектері көптеп кездеседі: тагорлар (леген), құмыралар, тостағандар, яғни толықтай пайдаға асырылатын заттар. Бірақ бұл ыдыс көзге көрнекті көрінуі

тиіс. Тостағандар, табақтар, шырақтар ашық, қызыл, сары, жасыл түспен жылтыратылған. Мысалы, сыртына ақшыл ангоб жүргізілген. Жасыл және қоңыр, кара қоңыр бояулармен өрнектелген керамикалар бар. Әшекейлердің мотивтері — геометриялық, композициялық жағынан құрылуы — меридиональды болып келеді. Әдетте тостағандардың сырт жағында аркада суреттері болады. Көк немесе көкшіл жылтырақ жалатылған, өсімдік немесе геометриялық сипаттағы әшекейлері бар керамика кездесті.

...Шығыс қаласында монша бірқатар қоғамдық ғимараттар ішінде өзіндік орын алды, ол қала тұрғындарының өмірінде бірінші кезектегі рөлдердің бірін атқарды, әрі мешіттен кейінгі жұртшылық көп жиналатын орын саналды. Академик И.А.Орбели былай деп жазды: «...Кавказдағы монша барлық Шығыстағы тәрізді — қала басқарушысының да, цехтық ұйымдардың да, өзі үшін және өзінің достары үшін салған жекелеген бай адамдардың да ерекше мән беретін нәрсесі. Сондықтан монша тек жуыну үшін ғана емес, сонымен қатар күш-қуат жинап, көңіл-күй көтеретін, демалатын, достық кездесулер жасайтын, сатып алу мен сату туралы сауда мәмілесін жасайтын және шахмат пен нарда ойнаудағы шеберліктерді паш ететін орын болып табылады»<sup>1</sup>.

Шығыста моншаның адам ағзасына тигізер оң пайдасы медициналық қағида ретінде белгілі. Отырар моншасында да атақты дәрігер Ибн Сина ұсынған өсімдіктерді, күкіртті, күлді, сондай-ақ ғалым «темірлі», «тұзды», «кварцті», «тотияйынды» деп атағандардан емдік ерітінділерді пайдалануға мән берілген болса керек. Осы моншаларды қазу кезінде хош иісті заттарға арналған арнаулы ыдыс табылды...

IX — X ғғ. дәрігері Закария ар-Рази моншаның адам ағзасына әсерін сипаттай келе, моншаны тамаша суреттермен безендіруді ұсынады, ол көңілсіздіктен арылтып, қиыншылықтарды жеңілдетеді...

Тұрғындар тұрмысындағы моншаның орны ерекше болғанын ортағасырлық әдебиетте сақталып қалған оның көптеген сипаттамалары, монша эпизодтарын баяндаулар, моншаға барудың өзіндік тәртіптерінің тізімі дәлелдейді. Монша пайда түсіретін мекеме болды, сондықтан қала тұрғындары мен жоғары билік


<sup>1</sup> Орбели И.А. Бани и скоморох XII в.// Памятники эпохи Руставели. Л., 1938. С.159 — 170.

басындағы адамдар оны сатып алуға немесе құрылысын салуға ұмтылды. Моншаны әдетте қаланың халық көп жүретін жеріне, сауда жолының бойында, базарларда және оның қасынан салды. Отырарда, мәселен, монша қала қақпасынан онша қашық емес жерде орналасты.

Моншаның болуының өзі мейлінше жоғары дәрежедегі тұрмыс деңгейін көрсетеді. Монша құрылыстарын тұрғызу сәулет өнеріндегі маңызды бағыттардың бірі екендігі белгілі. Моншаларда жүздеген жылдар бойына өзгертілмейтін құрылыс тәсілдері, технологиясы мен сәулеттік пішіндері сақталып келді.

Отырардың рабад аумағынан үш монша табылып, оған қазба жұмыстары жүргізілді, мұның өзі Орта Азия мен Қазақстандағы ірі қалалардың бірі ретінде Отырардың тұрақтылығын тағы да дәлелдей түседі.

Ерте кездегі отырарлық моншаның салынуы IX — X ғғ. кезеңімен белгіленеді. Ол қаланың солтүстік-батыс жағында, Дарваза и-Суфа қақпасынан онша қашық емес жерде орналасты.



Отырар қалашығы. XI — XII ғғ. монша жоспары

...Біздің алдымызда биіктігі 4 м сопақша төбенің созылған пішіні жатыр. Жұмыс басталар алдында бұл қырат XV ғасырдың аяғынан ұзақ уақыт бойы зират ретінде пайдаланылып келгені анықталды: мүрделер жерленген сағаналар бірнеше қатарға (ярус) орналасқан, оның ең кейінгісі – шым қабаттың астында, басқалары 2,5 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Сұр, сары шикі кірпіштен қаланған сағаналар кездесті, моншаның құрылысынан алынған күйдірілген кірпішті немесе оның сынықтарын пайдаланған сағаналар да бар. Моншаның қабырғалары кейінгі кезеңде бұзылған, сонда оның кірпіштері XVI – XVIII ғғ. үй құрылысына пайдаланылған.

Моншаны тұрғызғанда күйдірілген кірпішті қайда пайдаланды? Әдетте онымен ауланың, алаңның (ташнау)<sup>1</sup> едендері төселіп, сәкі жиектері көмкерілді. Шикі кірпіштен қаланған құрылыстар қабырғаларының негізіне қалау үшін күйдірілген кірпіш сирек те болса пайдаланылды. Суреттеліп отырған моншаның еденге және кейбір құрылым бөліктеріне сүйенген қабырғаларының, бағаналарының қалдықтары сақталуы осыдан болса керек. Мысалы, от жағатын жер жақсы сақталған, одан ыстық өткізетін канал моншаның еденінің астымен өтіп, оны жылытатын болған.

Отырар моншасын кеңірек таныстыру үшін оның жобасына тоқтала кетелік.

Моншаға кіретін жер<sup>2</sup> оңтүстік-батыс қасбеттік қабырғада болды, сол арқылы келуші адам 1 бөлмежайға кіретін болған (алаңы – 6,8 ш.м.), одан бізге дейін солтүстік бұрыштағы және солтүстік қабырғаның бөлігі сақталған. Буға түсетін және массаж жасайтын бөлімнің рөлін атқаратын орталық залдан (шаршы түрдегі алаңы 12,6 ш.м.) солтүстік-шығыс бұрышқа қатысты қабырғаның қалдықтары қалған, қабырғаның қалған бөлігі кірпіштердің ізі бойынша реконструкцияланған. Орталық бөлменің әрқайсысы 7,8 ш.м. екі бөлмежайы массаж жасауға және буға түсуге арналған. 4 бөлмежайда кірпіш өрімі батыс қабырғада (бұрыштан әрі қарай ол кірпіштің қалдықтарымен білінеді) және солтүстік-шығыс бұрышта сақталып қалған. 7 бөлмежайының сұлбасы кірпіштің ізімен және солтүстік қабырғаның шағын учаскесінде сақталған қаланған кірпіш бойынша анықталды.

<sup>1</sup> Ташнау – су ағызатын құрылым.

<sup>2</sup> Өлшемі: оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа – 16,5 м, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа – 11,5 м.

Аландарының аумағы тең 5, 8 және 6 бөлмежайлар жуыну үшін арналса керек, көрші бөлмелермен салыстырмалы түрде тар дәліздермен байланысқан, бұл моншаның ішінде белгілі бір температураны ұстауға көмектескен. Алаңы 7,1 ш.м. 5 бөлмежайдың қалауы оңтүстік-батыс бұрышқа келіп қосылатын батыс қабырғаның кесіндісінде және оңтүстік қабырға учаскесінің бұрышымен байланысқан шығыс қабырғада сақталған.

Қабырғалардың қалған учаскелері іздері бойынша айқындалды. Аумағы 6,7 ш.м. 8 бөлмежайда оңтүстік қабырғаның қаланғаны, сондай-ақ бөлмежайдың оңтүстік-батыс бұрышындағы еңсіз кіретін жердің (ені 0,35 м) қалауы сақталған. Басқа бөлмежайларға қарағанда жақсы сақталған аумағы 5 ш.м. 6 бөлмежай солтүстік-шығыс бұрышқа келіп қосылатын бұзылған қабырғалардың негізіне дейін ғана учаскелері бар. Солтүстік-батыс бұрышта солтүстік қабырғаға өтетін тұсты 6 және 7 бөлмежайлар қосады.

Шартты аумағы 14 ш.м. 2 бөлмежай, сірә, демалыс бөлмесіне арналса керек, оңтүстік қабырғаның қалауы бойынша сақталған барлық ұзындығы – 2,5 м бойына қалпына келтірілген. Шығыс қабырғаның осындай ұзындықтағы қалауы да жойылып кеткен, одан әрі қарай қысқа учаскеде оның ізі бойынша анықтауға мүмкіндік болды. Ізі бойынша батыс қабырға қайта қалпына келтірілді.

8а және 9 бөлмежайлар кешенде қосалқы қызмет атқарған, онда жуыну үшін су құятын сыйымдылық болған, бірақ ол сақталмаған. Жекелеген учаскелер бойынша қабырғалардың қалауының жобасын қалпына келтіруге мүмкіндік болды: 8 және 8а бөлмежайларының арасында ішкі қабырғаларда, шығыс қабырғаның бұрышында және от жағатын ауданда, 9 бөлмежайдың оңтүстік-батыс бұрышында, 8а және 8 бөлмежайларды бөліп тұратын қабырғадан кірпіштің ізі бар небәрі метрге жететін учаске білінеді.

Әлдебір бөлмежайлар монша ғимаратына солтүстік жағынан келіп қосылған. Оның да қабырғалары күйдірілген кірпіштен қаланған, бірақ табылған заттардың қалдықтарына қарап мұндай құрылыстың неге арналып салынғанын анықтай қою қиын. Тек моншаның солтүстік қабырғасынан тікбұрышпен қалаудың екі учаскесі шығатындығын ғана айтпақшымыз: оның бірінің ұзындығы 2,4 м – 1 бөлмежайдың солтүстік-шығыс бұрышының ауда-



нында, екіншісі — ұзындығы 0,2 м — солтүстік-батыс бұрыштан басталады. Қабырғаның сақталған 11 метрлік бағыты моншаның солтүстік қабырғасына сай келеді десе болады.

Монша кешенінде басқа да бірқатар құрылыстар бар. Мысалы, оған оңтүстік-шығыс бұрышта орналасқан 13 бөлмежай (2,3x6,9 м) кіреді. Ұзын қабырға моншаның шығыс қабырғасының бағытына созылған. Тап осы арадан солтүстік жарты бөлікте диаметрі 0,85 м құдық табылды.

Сондай-ақ батыстан шығысқа қарай бағытталған (солтүстікке қарай сәл ығысқан), оңтүстіктен оған келіп қосылатын шикі кірпіштен салынған құрылыс<sup>1</sup> та моншамен байланысты. Құрылыстың ұзын қабырғасы тік бұрышпен моншаның оңтүстік қабырғасына жақындайды, ал 9 бөлмежай ауданында олар бір-біріне қосылады десе болады. Ғимараттың негізгі бөлігінің сақталуы салыстырмалы түрде жақсы, қалаудың бұрыштағы учаскелері қатты бұзылған (оңтүстік-шығыс бұрыштан басқасы).

Осы ғимараттың үш бөлмежайы (10, 11, 12) туралы не айтуға болады?

10 бөлмежайға (оның жобасы трапеция тәрізді, қабырғалардың ұзындығы — 4,3; 9,8; 8,7 м) екі кіретін жер бастайды — бұл оңтүстік және батыс қабырғаларда, олардың екеуі де оның оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Батыс жақтағы кіретін тұстан басталатын кеңістікте солтүстік-батыс бұрышқа дейін сәкі орнатылған<sup>2</sup>. Оңтүстік жағындағы кіретін тұстың оң жағынан бұрышқа дейін де сәкі бар<sup>3</sup>, оның жоғары жағына күйдірілген шаршы әрі тікбұрышты кірпіш төселген, батыс бөлігі бұзылған. 10 бөлмежайдың солтүстік-шығыс бұрышында тереңдігі 0,92 м хауыз<sup>4</sup> бар, қыш құмыра жасайтын пештен алынған шлак кесектерімен оның түбі және қабырғалары құйылған. Бассейннің батысына қарай сәкілермен, бассейнмен және солтүстік қабырғамен шектелген учаскеде диаметрі 14,5 м тумба (дөңгелек пішінді) орнатылған.

Аумағы 25,1 ш.м. бөлмежай қабырғаларының сақталуы жақсы күйде, бұл орайда оңтүстік қабырға 0,9 м, ал солтүстік қабырға 0,8 м биіктікте тұр. Неғұрлым бұзылғаны ішкі қабырғасы —


<sup>1</sup> Суретте ол жоғарғы жағында орналасқан.

<sup>2</sup> Өлшемі: 2,3x0,5x0,13 м.

<sup>3</sup> Өлшемі: 0,11x0,66x0,24 м.

<sup>4</sup> Өлшемі: 2,5x2,5x0,85x1,2 м.

шығыс қабырға — 0,07 — 0,1 м, батысында 0,27 м биіктікте сақталған.



Моншаның жылыту жүйесі. XIII – XIV ғғ. (Отырартөбе)

10 бөлмежайдың шығыс қабырғасында өтетін ойма оны аумағы 16,7 ш.м. 11 бөлмежаймен байланыстырады.

Оңтүстік және солтүстік қабырғалардың 0,65 — 0,66 м биіктігі бар, шығыс бөлігінің биіктігі — 0,41 м. Шығыс бұрышта шығыс бұрыштың қабырғаларын бойлай қазылып орнатылған екі хум және оңтүстік қабырғаға келіп қосылатын диаметрі 0,45 м тандыр бар. Оңтүстік-батыс бұрышта қабырғалардан бірдей қашықтықта (0,85 және 0,9 м) 0,13 биіктікте орналасқан тагор кездесті. Солтүстік қабырғада диаметрі 0,75 м құдық табылды, оның қабырғалары күйдірілген кірпішпен өрілген. Құдықтан су одан бірдей қашықтықта орналасқан 5 және 6 бөлмежайға берілетін болған.

Сипатталып отырған ғимараттың ақырғы үшінші 12 бөлмежайға (жобасында тікбұрышты аумағы 5,5 ш.м.) кіретін түс оңтүстік-батыс бұрышта орналасқан. Солтүстік қабырғада солтүстік-шығыс бұрыштан 0,85 м қашықтықта еденге қазылған екі хум табылды.

8a және 9 бөлмежайлардың батыс қабырғасында орналасқан сыйымдылыққа науа бойымен 13 бөлмежайға құдықтан су құйылған деп болжам жасауға болады. Оны осы жерден 6, 7 және 8 бөлмежайлардың терезесінен алса керек. 5 және 6 бөлмежайларға су оңтүстік құдықтан берілуі де мүмкін.

Лас суларды құбыр жүйесімен шығарған, оның учаскесі 9 бөлмежайдан табылды, лас су құбыр бойымен шығарылып, орға барып құйылған.

Моншаны жылыту құрылыстың сыртына оқшауланған және ол күйдірілген кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді пеш болған. Осы материалмен диаметрі 1,5 м 1,55 биіктікте оттық камераның түбі төселген. Ені 0,36 м оттық қуысы шығыс бөлікте орналасқан. Оған диаметрі 4 м дөңгелек алаң келіп қосылады, оның деңгейі оттық камерадан 1 м терендетілген. Пештің батыс бөлігінде күйдірілген кірпіштен қаланған ыстық апарушы магистральды канал басталады, ол бүкіл ғимарат арқылы шығыстан батысқа қарай бағытталған. Оттықтан алыстаған сайын оның өзегі тарыла түседі; мәселен, ең басында оның ені 0,6 м болса, кесіндіден кейін 1,9 – 0,4 м, ал шеткі батыс учаске – барлығы 0,2 м. Ұзындығы 3,65 м каналдың шығыс бөлігі сақталған, қалған 2,5 м кірпіштердің ізі бойынша қайта қалпына келтірілді.

Ыстық өткізгіш құбырдан тармақталу учаскелері сақталмаған, бірақ бөлмежайлардың бөлігі еденасты құбырлар жүйесінің көмегімен жылытылғаны күмән туғызбайды, ал қалғандары – еденнің астында ауаның еркін қозғалуымен жылытылды, ол осы бөлмежайларда күйдірілген кірпіштен қаланған «бағаналарды» таяныш етті. Еденасты жылыту жүйесінен жекелеген «бағаналар» және 1,3, 8, 8a, 9 бөлмежайларға баратын науаның бөліктері ғана қалған. Тек 8 бөлмежайда бағаналардың орналасуына қарап ыстық ауаның еркін айналатын болғанын аңғару қиын емес. Сондай-ақ 3 орталық бөлмежай да жылытылған болуы керек.

Моншаны қазу кезінде табылып, біз тиянақты түрде әңгімелеген керамика, оның ішінде жылтыратылғандары (тостағандар, табақтар, шырақтар), XI – XII ғғ. жатады. Мысалы, 12 бөлмежай-

дың еденінен табылған шыраққа арналған қола тұғырдың өзіндік ерекшелігі бар, ол тікбұрышты пластиналарға жоғарыдан және төменнен дәнекерленіп бекітілген тікбұрышты қырлары бар, алты қырлы пішінде жасалған. Қырлары-пластиналар айқыш бейнелі торлы етіліп кесілген өрнекпен әшекейленген.

Теңгелер де керамика тәрізді моншаның болған уақытын дәлелдей түседі, яғни бұл теңгелер XI – XII ғасырларда шығарылған.

Екінші монша оңтүстік рабадтың аумағында орналасқан. Ол XII – XV ғасырлардағы моншаның астында жатқан: оның соңғысын қазу кезінде кірпіштен өрілген қалау қалдықтары табылды. Моншаның негізгі бөлігі кейін салынған монша кешенінің астына кететін болғандықтан, ыстық су дайындайтын от жағатын орын мен су сақтау сыйымдылығы (цистерна) орналасқан оның оңтүстік-шығыс бөлігі ғана қазылды.

Су ысытатын сыйымдылық<sup>1</sup> цистерна тәрізді (тікбұрышты пішінді), ол диаметрі 0,5 м құбырмен кіші сыйымдылыққа<sup>2</sup> қосылған. Ванналарға баратын жүйені бекітуге арналған керамикалық тығын сақталған. Қыздыру цистернасы түбінің ортасында темір қазан аузы кигізілген: оның түбі мен қабырғалары өз кезегінде оттыққа кіргізе орнатылған. Сонымен, қазан өзіндік ерекшелігі бар «жылыту элементі» болып қызмет етеді; ыстық су одан кейін ваннаға құйылып, одан жуыну үшін алынатын болған. Цистерна мен ваннаның түбі мен қабырғалары шаршы пішінді күйдірілген кірпіштен<sup>3</sup> өрілген және қалыңдығы 5 см-ге дейінгі су өткізбейтін сылақпен (қырмен) бірнеше қабат етіп сыланған.

Осы арадан табылған керамиканың ішінде қабырғалары тік және жапсырылған тұтқалары бар легендер (тагорлар) көп кездеседі. Емдік сынапты тасымалдау және сақтауға арналған сфералы конустардың отызға жуық сынықтары мен бүтіндері табылды. Өздеріңіз суреттен көріп отырған шырақ астына қоятын қол тұғыр да ерекше назар аудартады. Андардың табаны тәрізді үш бұтаққа пішінді сақина орнатылған. Мұндай тұғырлар Орта Азиядағы X – XII ғғ. материалдарынан белгілі. Осы моншаны қазу кезінде XI – XII ғғ. қараханидтердің теңгелері табылды, оны басқа

<sup>1</sup> Өлшемі: 2x3x0,8 м.

<sup>2</sup> Өлшемі: 0,6x0,6x0,8 м.

<sup>3</sup> Өлшемі: 24x24x5 см және 22x22x5 см.

теңгелер кешенімен салыстырғанда моншаны XI – XII ғасырлар кезеңінде болған деуге болады. XIII ғасырда кейіннен тұрғызылған монша кешені осы моншаның үйіндісінің үстіне салынған, ол да нашар сақталған, бірақ оның жобалануын, кейбір құрылыс техникасының ерекшеліктерін анықтау және жекелеген бөлмежайлардың қандай мақсатқа пайдаланғанын білуге мүмкіндік болды.

Бұл – жобасы айқыш болып айқын көрінетін монументальды құрылыс. Оған шығыс жағынан келіп кіреді, көшеден бастап есікке дейін қалың күйдірілген тікбұрышты кірпіш аяқжол төселген.

Қазба жұмысының нәтижесінде екі құрылыс кезеңін анықтауға қол жеткізілді. Алғашқыда моншаның барлық он бөлмежайы, орталықтағысынан басқа, 7,2 ш.м. аумақты бірдей аланды еншіледі, ал орталықтағысының аумағы 22 ш.м. Оның өлшемдері 13,5x16,5 м болған, содан кейін оңтүстік-шығыс қабырға 2 метрге, ал оңтүстік-батыс жағы 1,5 метрге ығыстырылған. Соның нәтижесінде моншаның кейбір бөлмежайларының алаңы үлкейіп, моншаның көлемі 15x17 м болған.

Отырар моншаларын әлі күнге дейін сақталып, пайдаланылып келе жатқан кейінгі ортағасырлық моншалармен салыстыру кезінде бұл моншаның бөлмежайлары анықталды (қараңыз: жоғарыдағы жоба). Мысалы, аумағы 13 ш.м. болатын оның бірі шешінетін орынға арналған, онда адамдар өздерінің киімдерін шешіп, белге байлайтын алжапқышты – люнги алатын болған. Осыған орай мұндай бөлмежайды Орта Азияда люнги-хана деп атаған. Орталық бөлме булануға және массаж жасауға арналған (аумағы 22 ш.м., сегізқырлы жобамен салынған), ортасында және 4 және 8 беньюарларда массаж үшін қондырылған сәкілер бар.

Ортаазиялық моншалардың үлгісіне қарағанда, үлкен бөлмеден (залдан) кіретін есіктер жуынуға арналған 5, 6, 7 бөлмелерге апарды, ол бөлмелерде температура әртүрлі: неғұрлым ыстығын «ыстық-хана», ыстығы одан төмендеуін – «суық-хана» («салқын») деп атады. Әртүрлі моншалардағы осындай бөлмелердің саны әрқилы келеді: бір ыстық және екі салқын бөлмежай немесе екі ыстық және бір салқын бөлмежай. Ыстық бөлме ортасында орналасатын, ал салқындары шетте, немесе екі ыстық қатар орналасып, ал салқыны шетте болатын жағдайлар да кездеседі. Бірақ бәрібір жуынатын бөлменің саны үшеу болған. Осындай бөлмежайлардың бірінде (7) еденнің сақталған бөлігі қазып алынды,

ол шыңылтырлы күйдірілген кірпіштен<sup>1</sup> төселген екен. Көк түстегі оның бетінде диагонали бойынша иректелген ақ жолақ бар, көкшіл түстің бетінде свастика тәрізді ақ өрнек жасалған. Жуынатын бөлмелер қабырғалардағы ойықтар арқылы тағы бір бөлмежаймен (10) қатынайтын болған, онда үш цистерна тұрған: біріне ыстық су, ал қалған екеуіне суық су құйылған. Қасында төрт шағын сыйымдылық қондырылған. Барлық сыйымдылықтар күйдірілген кірпіштен өріліп, қырмен қапталған. Сыйымдылықтар сілтіге және хош иісті заттарға арналған.

9 бөлмежай монша рәсімдерінен кейін демалатын орын ретінде пайдаланылған: аумағы 20 ш.м. кең бөлменің ортасында хауыз орнатылған, оның пішіні дөңгелек ашық сыйымдылық тәрізді, оның биіктігі метрдің үштен біріндей, диаметрі 2 м шамасында болады. Қалыңдығы 20 см оның қабырғалары кірпішпен қаланып, қырмен сыланған. Хауыздың айналасында сәкі орналасқан, онымен сыйымдылық арасында бөлгіштері бар еңсіз өтетін жер бар: оған аяқты жуу үшін хауыздан су ағып келеді. Пайдаланылған су қабырғаны бойлай орналасқан науа арқылы сарқынды су шұңқырына ағады.

Әдетте шығыс моншаларында намаз оқитын орын міндетті түрде қарастырылған. Кейде осы мақсат үшін оңтүстік-батысқа бағытталған орталық залдың лоджияларының бірі пайдаланылған. Онда әдетте михраб болған. Отырар моншасында мешіт ретінде аумағы 10,8 ш.м., орталық залмен қатынасы бар 2 бөлмежай қолданылған. Бөлмежайдың еденіне әр алуан көлемдегі көк түсті жұқа жылтыр тактатас (изразец) төселген: ортасында диаметрі 0,8 м шеңбер бар, ол еден деңгейінен 5 см-ге терең орналасқан, оның жиектеріне изразецтер төселген, ал ортасына бөлмежайды жылытуға арналған түтін шығатын мұржа әкелінген.

Егер ерте кездегі моншалар суды құдықтан алса, ал XIII – XIV ғғ. моншалары жерасты қылуәттермен жүргізілген су құбырымен су алатын болған. Су суқоймасынан алынды. Су қазанға кептеліп орналасқан цистерналардың бірінің түбі арқылы қыздырылды. Оның астымен өтетін ыстық өткізгіш құбыр су толған қазанды қыздырған, сөйтіп, ол негізгі «қыздырғыш элемент» рөлін атқарған.

<sup>1</sup> Өлшемі: 26x26x5 см және 26x14x5 см.

Монша оттықтан басталатын ыстық өткізгіш жолдардың еденасты жүйесі арқылы жылытылған, бұл тереңдігі 1 м шұңқыр, жоғарғы жағының диаметрі 0,8, ал төменгісінің диаметрі 1,3 м. Аузы негіз деңгейінде орналасқан. Оттықтың үстіңгі жағы саздан жасалған қақпақпен жабылған деп болжам жасауға болады. Оттықтан басталатын ыстық өткізгіш алдымен су толған темір қазанды жылытады, ал содан кейін 5 бөлмежайдың — «ыстық-хананың» еден астындағы ыстық өткізгіш жүйесіне барады. Осы жерден ыстық ағыны екі магистраль бойынша каналдар жүйесімен (ені 5 және 0,4 м) бағытталады, олар еденасты орталығында орналасқан желіде бөлінеді: бірі 2 және 4 бөлмежайларға бағытталса, ал екіншісі 6 және 7 бөлмежайларға барады. Каналдар бірнеше қатармен бір ретпен қырынан қойылған күйдірілген кірпіштен жасалған кедергілермен (тікбұрышпен бөлінген) жасалған. Ыстық өткізгіш 5 бөлмежайды орталық залмен қосады. Бұл жерге ыстықтың негізгі ағыны 4 бөлмежайдың едені астынан келетін болған, онда кедергілер жүйесі — екі-екіден төрт ретпен — ыстық орталыққа алты каналмен «құйылатындай» етіліп тұрғызылған. Ыстық 4 бөлмежайдың едені астынан 2 бөлмежайға түтін мұржасы бойымен келген. 9 бөлмежай және орталық зал еденнің төсенішін ұстап тұратын кірпіштен өрілген бағаналар арасымен еркін қозғалысқа түсетін ыстықпен жылытылған. Моншада температура қабырғаға жапсыра тігінен орналастырылған үш түтін мұржасы арқылы реттеліп отырған.

Отырар моншасының сәулеті жақсы сақталған басқа моншалардың сәулеті құрылысымен салыстыра отырып қайта тұрғызылуы мүмкін.

Әдетте монша жерге тереңдетіп салынған көп күмбезді құрылыс болған. Сырт жағынан қарағанда тек күмбездер ғана көрінетін болған. Орталық әдетте сақиналы күмбезден, ал бұрыштағылары «балқы» үлгісіндегі күмбездермен жабылған.

Моншаның интерьері нашар сақталған. Бізге жеткендері бойынша былайша тұжырым жасауға болады: едендері 40x40x10 см өлшемдегі тастақталармен төселген; орталық залда ол майоликті тастақталармен қапталған болса керек, 7 бөлмедегі еден де сондай болған; қабырғаларды бойлай сәкілер орнатылған. Интерьердің назар аудартатын тұсының бірі 9 бөлмежайдың хауызы деуге болады. Егер бұл бөлме демалуға арналды десек, онда хауыз тиісті көңіл-күй ауанына бөлейді әрі бөлмежайды безендіруде басты рөл атқарады.

Отырар моншаларының болжам жасалған интерьерлері, егер Отырар Орта Азияның абааттандырылуы жоғары деңгейде болған қалалар тобына жатқандығын ескеретін болсақ, дәл солай болғаны анық. Онда күйдірілген кірпіштен төселген көшелер, пішінді кірпішпен қапталған құдықтар, бір немесе бірнеше үйлерге арналған жеке канализация (ташнау) жүйелері болған.

Моншаның жанында шайхана қалдықтары аршылып алынды, одан тандыр қалдықтары мен айваны бар жекелеген бөлмелер сақталған. Осы моншаны қазу кезінде жиырма шақты ұсақ теңгелер табылды, олардың басым бөлігі XIII — XIV ғғ. кезеңінде Отырарда, Сығанақта, Алмалықта және Бұхарда шығарылған.

Сірә, моншалар, зерттеушілердің айтуынша, Жерорта теңізінің аудандарынан Орта Азияға VIII ғасырдан ерте емес кезде жетіп пайда болған тәрізді. Бірақ Орта Азияға оның одан да бұрын келгені туралы пікір де бар, бірақ әзірге ол археологиялық жағынан дәлелденген жоқ. Моншалардың шығуының түп-тамыры ежелгі Шығыстан басталған деген де көзқарастар кездеседі.

Археологиялық материалдар дәлелдегендей, IX — XII ғасырларда Орта Азия қалаларында құрылыс қарқынды жүргізілген, Афрасиабты, Нисаны және Ахсикетті қазу кезінде бірнеше моншалар табылды. IX — XI ғғ. кезеңіндегі Афрасиабтың моншалары кейінгі салынғандарынан жобалануы мен техникалық құрылымы жағынан ерекшеленеді. Мәселен, қаланың батыс бөлігіндегі монша он үш шағын бөлмежайлардан тұрады, оның әрқайсысында дербес жылыту жүйесі, сәкілер мен су сақтауға арналған сыйымдылықтар бар. Ыстық және салқын су бөлмелерге қазандармен жеткізілген. Тап осындай X ғасырдың моншасы Афрасиабтың шығыс бөлігінде қазып алынды, ол да ваннасы, жататын жері мен дербес жылыту жүйесі бар жекелеген бөлмелерден тұрады. Зерттеушілер афрасиабтық моншалардың құрылысы мен ерекшеліктерін түсіндіре келіп, Ибн Синаның мынадай сөзіне сілтеме жасауы қызықтырады: «керемет монша дегеніміз — оның пешіне отты оған кіргісі келген адамның — мінез-құлығына лайық мазда-тып жаға білуі».

Ортағасырлық Тараз қаласын қазғанда табылған екі моншаны зерттеген зерттеушілер бұл құрылыстар өзінің жобалануы жағынан осы үлгідегі ортаазиялық құрылыстардан ерекшеленетіндігін және Ирактегі Каср әл-Хейр Әл Гарби моншасымен салыстыруға болатындығын айтқан болатын.




XIII – XIV ғасырлардағы крест тәрізді жобаланған моншалар Еділ бойы, Қырым, Әзірбайжан қалаларында кеңінен таралған. Отырар моншасына Ақ және Қызыл шатыр деп аталатын белгілі Бұлғар моншасы біршама жақын келеді. Біз мұны Орта Азия қалаларының Алтын Орда қалаларымен мәдени байланыста болғанынан деп білеміз. Ұлы Бұлғар мен Отырар моншаларының бір-біріне ұқсауының өзі ортағасырлық моншаларға тән құбылыс әрі ондай үлгідегі құрылыстар кейінгі кезеңде кеңінен таралғаны белгілі. Оған моншалардың өзіндік ерекшеліктерін жатқызуға болады, ортағасырда олардың неғұрлым тиімді жасалған жобалары біздің бүгінгі заманымызға дейін сақталған.

Отырар моншаларының үлгілеріне жататындардың қалыптасқан уақыты туралы мәселе әдебиетте біртекті айтылмайды. В.Л.Воронина күйдірілген кірпіштен қаланған моншалар, композициялық ерекшелігі бар, бөлмежайлардың қосылу жүйесі қатаң түрдегі ретпен келетін және олардағы температуралық режимнің мөлшері өзінше болатын моншалар Орта Азияда XIV ғасырда, яғни моңғол шапқыншылығынан кейінгі бүліншіліктен соң пайда болған деп есептейді. Бірақ Отырардың моншалары бойынша археологиялық материалдар оның одан әлдеқайда ерте пайда болғанын, XI – XII ғасырлар еншісіне жататындығын дәлелдейді. XIII ғасырдың екінші жартысында және одан кейінгі кезеңде тұрғызылған моншалар өздерінен бұрын болған сәулеттік-жобалау дәстүрін жалғастырды.

### КЕЙІНГІ, БІЗГЕ НЕҒҰРЛЫМ ЖАҚЫН ОТЫРАР

Отырарда жүргізілген қазба жұмыстарының көрінісі әртүрлі әсер қалдырады. Біреуге ежелгі үйінділер бұрынғы кезде болған үлкен құрылыстың маңызды сұлбасы болып көрінеді, ал енді біреулер үшін күйреген қаланың түсініп болмайтын бей-берекетсіздігі деп біледі... Бірақ тарихшылар бұл сөздің астарына терең үңіледі. Отырардың қабаттары мамандарға көп сыр шертті. Мысалы, ол тек тұрғын үйге қатысты эволюциялық процестерді ғана емес, сонымен бірге атакты қаланың экономикадағы, мәдениеттегі және этностағы даму барысынан хабар береді. Бұл орайда археологтардың материалдары және этнографтардың материалдары бір-бірін толықтырады әрі бірінен кейін бірі белгілі тарихи

тұрғыдан ой қозғайды. Мәселен, бізге кейінгі ортағасырлық Отырар аграрлық үлгідегі қала болғаны талассыз факті екендігі белгілі болды.



Қаланың солтүстік-батыс бөлігі орамының жобасы


Топографиясы XIII – XVIII ғғ. кезеңінде қалыптасқан Отырардың орталық төбесінде кезеңі XVII ғасырдың бірінші үш ширегімен белгіленген құрылыс қабатының екінші деңгейіне қазба жұмыстары мұқият жүргізілді. Кейінгі ортағасырлық Отырардың негізгі құрылыс салу құрамдас бөліктері орамдар (квартал) екен: тікбұрышты, трапеция үлгісіндегі және көпбұрышты тұрғын үйлер, олар бірі-біріне жалғаса салынған және бәрі бірігіп тығыз құрылысты құрайды. Орамдардағы үйлердің әдетте магистральды көшеге дербес шығатын жері болған жоқ, ондай үйлер – аула немесе орамның ішкі алаңына қаратылған. Мәселен, үйлер шығатын есіктерімен көшенің ішкі орамдарына «қарады», ал қасбеті

тұтасып жатқан қабырғалардан тұрды. Мұндай жобалаудағы «қызыл сызықтардың» мүлдем болмауы өтпе көшелерді, өтпезолдарды және түйық жолдарды тым көбейтіп жіберді. Сөйтіп, көше онда тұратын адамдарды біріктірді, орамның «басты фокусы» болды, яғни еуропалық түсініктегі орамдар тәрізді «бөлгіш сызықтар» онда болмады. Орамның түйық етіп салынуы тұрғындардың сыртқы жаудан қорғануына оңтайлы болды.


Отырардың археологиялық орамының көптеген «проблемаларын» түсіну үшін ортағасырлық қаланың «этнографиялық орамымен» оны салыстыру дұрыс әрі қажет нәрсе екені белгілі болды. XIX – XX ғасырдың басындағы Бұхардың, Ходженттің, Ұратөбенің этнографиялық материалында көрсетілгендей параллельдер болды.

Ортаазиялық қалалардың XIX – XX ғасыр басындағы қала орамдарынан ерекшелігі – Отырардың орамдары шағын болды. Мәселен, Бұхарда орамда 30-дан 120-ға дейін үй болса, Ходжентте – 40 шамасында, Ұратөбеде – 257-ден 120-ға дейін болса, ал Отырарда бұл көрсеткіш 6-дан 12-ге дейін болды. Бірқатар жағдайларда Отырар орамдарындағы үйлер санының өсуін білуге болады. Қала құрылысы өте тығыз салынды, тіпті бос жатқан жер болмады, үй санының көбеюі учаскелерді бөлу есебінен жүргізілді. Бұрынғы шұңқырлар мен аулалар орнына тұрғын үй салынды. Үй ішкі орам аулаларының ықшамдалуы есебінен тұрғызылды. Қаланың осындай жолмен өсуі кейінгі уақытта да орын алды. Мысалы, Ұратөбеде бір үйдің орнына сегізі салынған жағдай белгілі.

Кейінгі кезеңдегі Отырарлық тұрғын үйдің графикалық қайта қалпына келтірілуі (суретте), оның атқаратын қызметтік ролін түсінуге көмектеседі.



Тұрғын үйдің графикалық қайта қалпына келтірілуі.  
XVIII ғ. (Отырартөбе)



Үй жобасы. а – бір бөлмелі, айваны бар үйдің жобасы; б – Ж орамындағы көп бөлмелі үйдің жобасы мен кесіндісі; в – И орамындағы көп бөлмелі үйдің жобасы мен кесіндісі; г – шығыс беттегі көп бөлмелі үйдің жобасы.

Тұрғынжайда бөлмежайлардың санына қарамастан, П-бейнелі сәкілі болды, ол бөлменің барлық алаңының үштен бірін алды, оған тандыр орнатылған. Осы әмбебап ошақтың түтін шығатын жолы сәкінің ішімен жүрді және сыртқа бөлмежайдың қабырғасындағы тік қуыспен шығарылды. Тандырдың алдында астында ташнауы бар қалың күйдірілген кірпіштен жасалған алаң бар. Көше жағынан үйге көбінесе айван немесе аула келіп қосылады. Үйдің құрамына бір немесе бірнеше бөлмежайлар – қоймалар орналасқан. Үйлер бір-, екі-, үш- және төрт бөлмелі болды, сондай-ақ көп бөлмелілері де кездеседі. Үйлердің төрт үлгісін бөліп қарауға болады: барлық бөлмелерді анфиладты жобалау, крест бейнелі және Г-тәрізді жобалау. Төртінші үлгіге біріккен

ауласы бар, екіден үшке дейінгі жекелеген бөліктер бір шатырдың астына орналасқан «үлкен» үйлер жатады.

Үйдегі адамдардың өмірі негізінен сәкі мен тандыры бар бөлмеде өткен. Жекелеген бөлмелер қосалқы мақсатқа арналған: бөлменің кіреберісі немесе айван, қойма, қамбасы бар, жертөле шұңқыры бар бөлме, бұлар қабырғалардың периметрі бойынша, не бұрыштарда, не бүйірдегі қабырғаларды бойлай орналасқан. Кейбір көп бөлмелі үйлерде арнайы жазғы бөлмежай – біржақты сәкісі бар аула болған, сірә, оның төбесі жабылған болса керек. Сәкіде бір немесе екі ашық сегіздік секілді немесе алмұрт пішінді жерошақ қондырылған. Жазғы бөлмежайдың едені күйдірілген кірпішпен жабылып, қалың етіп сазбен сыланған, пайдаланған суды ағызатын ташнау да салынған.

Сонымен, Отырардың көптеген орамдары үшін белгілі бір әлеуметтік топтағы тұрғындар құрамы тән.

Орамдардың қолөнерге мамандануы байқалады. Мысалы, қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде қыш-құмыра бұйымдарын жасаушылар тұрған орам орналасқан. Металл өндірісіне байланысты қождардың (шлак) көп кездесуіне қарағанда, Отырардың орталық бөлігінің кейбір үйлерінде ұсталар тұрған сияқты. Саудаға маманданған орамдар да болған – оны көше жағында дүкенге арналған тәрізді шағын бөлмелер дәлелдейді.

Отырар тұрғын үйлерінің басым бөлігінде сыйымдылығы тоннаға жететін дән сақтайтын қоймалары болған, бұл бір отбасын асырауға толығымен жетеді. Бірақ көптеген үйлерде бір отбасының жылдық тұтыну қажеттігінен асып түсетін сыйымдылықтағы қамбалар болуы таңғалтады. Отырарда орта есеппен алғанда әрбір үшінші үйде бидай немесе арпа сақтайтын 5 – 8 т сыйымдылықтағы дән сақтау қоймасы болған. Тіпті 15 т дәнді дақылдар сақтайтын дән сақтағыштар да кездеседі. Егер егістікке себетін дәнді есепке алғанның өзінде, қамбаларға құйылған астықтың мөлшері отбасының жылдық қажетінен үш-төрт есе асып түседі. Демек, қала тұрғындарының үштен бірі ауыл шаруашылығы тауарларымен тікелей байланысты болған, олар сонымен қатар тары, арпа, бидай өсірумен айналысқан.

Қала тұрғындары ауыл шаруашылығы өндірісіне тартылған, оны XVI – XVIII ғғ. Отырарда ауыл шаруашылығы округі болмағаны дәлелдейді. Сірә, қала тұрғындарының бір бөлігі жаз мезгілінде қала сыртында жекелеген отбасыларына тиесілі ауыл

шаруашылығы учаскелеріне қоныстанған, онда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен шұғылданып, қысқа астық, көкөніс дайындап, малды жайып семірткен. Тұрғындардың бір бөлігі тауарлы астық өсірумен айналысқан. Ондай шаруашылық жүргізу тәсілі XIX – XX ғасыр басындағы Ташкенттің, Самарқанның, Сайрамның қала тұрғындарына тән еді.

Отырардың орталық бөлігінің құрылысын зерттеу XIV ғасырдан XVI ғасырға дейінгі әртүрлі уақыттағы бірнеше құрылыс қабаттарын анықтады.

XV ғасырдың екінші жартысындағы және XVI ғасырдың бірінші жартысындағы тұрғын үй құрылыстары 7500 ш.м. аумақта аршылды. Көшелердің солтүстік, шығыс және ішінара оңтүстік жақтарымен шектелетін учаске (трапеция пішінді жобадағы) толық қазылды, бұл жоғарғы қабат арқылы бұдан бұрын да белгілі еді. Тұтастай алғанда, тұрғын үйлер аумағын қазуға үш жағынан көшелермен шектесетін 1200 ш.м. алаң кірді. Тұрғын үйлер аумағын ұзынынан қиып өтетін тұтас қабырғаға қарағанда, орамдар екіге бөлінген деп тұжырымдадық. Үйлердің артқы қабырғалары тұтас қабырғаны бойлай тұрғын үйлердің ішімен өтеді, үйлерден шығатын есік ішкі орамдық көшелердің қарама-қарсы жағында әр жаққа қарайды.

XIV ғасырдың аяғында және XV ғасырдың бас кезіндегі тұрғын үйлер құрылысы 1500 ш.м аумақта зерттелді. Ұзындығы 40 м шамасындағы ішкі орамдық көшені және оған қарай ашылатын XIV ғасырдың аяғындағы – XV ғасырдың басындағы құрылыс қабаты тұрғын үйлерінің өтетін жерлерін қамтитын «орам» объекті болды. 11 үй аршылды, оларға жоғары жатқан қабаттардан анық байқалатын дәстүрлі жобалау – анфиладты (желілі) және айқыш бейнелі (периметрлі) жобалау тән. Жоғары жақтағы қабаттардың құрылыстарынан басты ерекшелігі – оның тұрғынжайларының аумағы шағын әрі жобалануы онша нақты емес болып келеді. Осы кезеңнің құрылыстары өрт салдарынан құлаған. Едендерден, үйінділерден көп мөлшерде теңгелер, металдан жасалған бұйымдар, сондай-ақ көбінесе жылтыратылған керамикалар табылды: жасыл, сары және қоңыр жылтырақтармен қызыл ангобталған тостағандар, полихромды әшекейлері бар сары түспен жылтыратылған тостағандар, көк жылтырақты және қара әшекейі бар бұйымдар.

Бірнеше жыл қатарынан қазба жұмыстары жүргізілген учаскеде жекелеген үйлердің алаңын бұрынғы орнынан ығыстыра

жобалау кезінде орамның қатты негізінің шегінде 400 жылға жуық кезеңде дәстүрлі құрылыс жүргізілген. XVI – XVIII ғғ. қала орамдарының шекарасы негізінен неғұрлым ерте кезеңнің, XIII – XV ғғ. орамдарымен сәйкес келеді. Қала құрылысын жүргізу ғана емес, үйлердің үлгісінде де дәстүр жалғастығы сақталған.

Кейінгі ортағасырлық Отырар тұрғынжайларын зерттеу кезінде оның негізінен бір камералы құрылыстан тұратындығы анықталды, оған тұрғынжай, асүй, қойма біріктіріледі. Үйдің іші тұрғынжай және шаруашылық мақсаттағы болып екі аймаққа бөлінеді. Бөлменің үлкен бөлігін сәкі алады (80%-ға дейін), оның ішіне тандыр қондырылған, үйді жылыту және тамақ дайындауға арналған түтін шығатын жолы бар. Сәкіде, бұрышта, тандырдың орналасқан жеріне қарама-қарсы тұста қамба және өнімдерді сақтайтын ыдыстар қойылған, ошақтың алдында қабырғалардың негізі деңгейінде ташнау алаңы бар, судың ағып кететін құрылысының аузына кірпіш төселген. Қабырға жанындағы алаң еденінде, сондай-ақ тандырдағы сәкі жақтауында шаруашылық және асханалық мақсаттағы ыдыстар қойылатын болған. Осы арада (аланда немесе арнайы жұмыр дөңбекте дөнүккіш қойылған. Арнайы аланда ошақ-тандырдан басқа, бұрыштардың біріне ташнау, сәкі деңгейінде ашық үлгідегі ошақ орналасқан.

Мұндай тұрғынжайдың жетілдірілген түрі әртүрлі нұсқаларда жобаланған көп бөлмелі үйлерді қазу кезінде табылды: анфиладты, төрт бөлікті, Г-бейнелі. Онда бұрын бір бөлмеде шоғырланған нәрселер енді әр бөлмеге таратылған, сондай-ақ қоймалары мен аулалары бар.

Тұрғын үй жобалануының, интерьерінің құрылыс ерекшеліктері IV – XII ғғ. еншісіне жатады. Мәселен, Көк-Марданда жүргізілген қазба жұмыстарынан белгілі IV – VII ғғ. тұрғын үйлері бір камералы және екі камералы болып келеді. Тұрғынжай және шаруашылық функциялары біріктірілген. Қабырғаларда П-бейнелі сәкілер, бұрыштарда бөліктерге бөлінген қамбалар, ойып қондырылған хумдар бар. Жылыту үшін ашық ошақ пайдаланылды, ол XIII – XVIII ғғ. үйлеріндегі ыстық беретін ашық ошақтарды еске түсіреді. Тамақ дайындауға арналған, қабырғаны қашап жасаған каминдер қолданылды. Тұрғынжай ашық отпен жылытылды. Кейбір үйлерде қойма бөлгішпен бөлінді. Дөнүккіш дөңбектер де кездесті. Қамба, ұн тартатын қол диірмен тәрізді IV – VII ғғ. үй ішінің мұндай бөліктері кейінгі ортағасырлық үйдің

жоғарыда сипатталған үйшілік бұйымдарына жақын келеді. Бұл фактінің өзі сырдариялық тұрғынжайлардың автохонды қабаты ұзақ уақыт бойы сақталғандығын білдіреді.

## ОТЫРАР АЛҚАБЫНЫҢ БАСҚА ДА КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ

Қазақстанның өткен тарихын зерттеген ғалымдар күні кешеге дейін мұнда моңғол шапқыншылығынан кейін қалалық тіршілік үзіліп, тек бірнеше қалалар ғана қалды деп тұжырымдап келді, бұл орайда олар кезінде гүлденген отырықшы өмір мен қала мәдениеті туралы тамсана жазды. Расында да, моңғол шапқыншылығы Жетісудағы – Іле мен Талас өңіріндегі қалалардың дамуына алапат зиянын тигізді. Бірақ Сырдария мен Қаратау бойындағы қалалардың тағдыры бұған қарағанда өзгеше сипат алды. XIII ғасырдың басында өртенген, тоналған бұл қалалар XIII ғасырдың аяғында және XIV ғасырда қайтадан қалпына келтіріліп, қолөнер мен сауданың маңызды орталығына айналды, ал XVI–XVII ғасырларда қазақ хандарының ордасы болды. XVI ғасырдан бастап бұл қалалар Орта Азиядан Сырдария алқабы мен Қаратау асуы арқылы Ресейге өтетін керуен жолының бойында зор маңызға ие болды, өйткені Ресей ол кезде ортаазиялық мемлекеттер мен қазақ хандықтарының басты сауда серіктесіне айналған еді. Жалпы алғанда, Қазақстанда XVII – XVIII ғғ. аралығында қала тыныс-тіршілігінің салтанат құруына сауданың өзіндік орны ерекше болатын.

Археологтардың барлау жасаған сапарларының арқасында Сырдарияның сол және оң жағалауынан, Бөген және Арыс жазықтықтарынан, Түркістан алқабынан, Қаратаудың оңтүстік және солтүстік қыраттарынан кейінгі ортағасырлық ондаған қоныстар мен қалаларды табуға қол жеткізілді. Кейінгі ортағасырлық авторлардың жазбаша мәліметтерін үйінділерді зерттеумен салыстырудың бір өзі ғана осы қалалардың көбінің орналасқан жерін анықтауға және XIII – XVIII ғғ. Қазақстан картасына неғұрлым дәл белгілер қоюға мүмкіндік берді.

Жазба деректерге қарағанда, Арыстың орта ағысында екі қала орналасқан: Қарасыман және Яганкент. Оның біріншісі XIV ғасырдың аяқ кезінен бастап-ақ белгілі, міне, тап осында 1392 жылы



Темір алтынордалық ханның елшілерін, бұрын одақтасы болған, кейін бітіспес жауға айналған Тоқтамысты қабылдаған еді. Одан кейін Қарасыман Халадж-Қарасыман атауымен Хафиз Танышта айтылады. Ол Бұхар ханы II Абдаллахтың сарай ақыны және шежірешісі болған. Аталған ханның 1582 жылы қазақтарға жасаған жорығына қатысқан ол оқиғаның куәгері ретінде өзінің жазбаларын бізге қалдырып кетті, сол мәліметтерден, мәселен, II Абдаллах Халадж-Қарасыманда өзінің әскері мен жүк-керуенін орналастырған. Бұл қаланың қалдықтары қазіргі кездегі Обручевка селосының маңында табылды және әлі күнге дейін өзінің ежелгі атауымен – Қараспан деп аталады. Үйіндіні зерттеу кезінде XV – XVII ғғ. керамикасы, темір мен қоладан жасалған теңгелер, ұсақ-түйек заттар кездесті. Керамиканың көп табылуының өзі кейінгі ортағасырлық кезеңде қаланың жақсы өркендегенін білдіреді.

Ал екінші қала Яганкентке (Йаканкент) келетін болсақ, бұл да II Абдаллахтың сол жорығына байланысты белгілі. Мәліметтерге сүйенсек, хан қалың қолымен Саураннан шығып, «...Арс (Арыс – Авт.) өзенінің жағасында, Яганкент маңында, Буралдай (Боралдай. – Авт.) өзеніндегі Кушулуште әскерімен келіп орналасты»<sup>1</sup>. Арыс және Боралдай өзендерінің қосылатын ауданынан археологтар бірнеше қалаларды тапты, оның ішінде Темірлан селосының жоғарғы жағындағы Төрткөл бар, ол алдын ала зерттеу жұмыстарына қарағанда, XV – XVII ғасырларда болған. Сонымен, Яганкент Төрткөлтөбе үйіндісінің орнына орналасқан деп батыл айтуымызға болады.

XV ғасырдың жазба мәліметтеріне қарағанда, Отырардан онша қашық емес жерде Шілік (Чилик) қонысы орналасқан. Бұл барлық белгілері бойынша, Отырардан бес фарсах қашықтықтағы қоныс, оған Темір өзінің әскерімен 1404 – 1405 жж. жеткен болатын, даңқты билеуші шығысқа аттанатын ұлы жорығы алдында, өзі қайтыс болмастан аз ғана бұрын әскерін Отырарда шоғырландырды. Шілік атауы қазіргі топонимикада да сақталған. Яғни, Отырартөбеден солтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жердегі өзек пен елдімекен осылай аталады. Шілікпен қатар Оңтүстік

<sup>1</sup> Волин С.Л. Сведения арабских источников о долине. Талас и смежных районах//Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1960. Т.8. С.81.

Қазақстанның ортағасырлық ірі қалаларының бірі Бұзықтөбенің үйіндісі орналасқан: тек оның орталық үйіндісі биік жазық дөң түрінде көзге шалынады, суретте ол сіздердің назарларыңызға ұсынылған. Дөңнің ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 150 м және шығыстан батысқа қарай 300 м болып созылып жатыр. Қамалдың, шахристан мен рабадтың сұлбалары байқалады. Бұзық қаласының шахристанына жүргізілген қазба жұмыстары қаланың жоғарғы қабаты XIII – XV ғғ. кезеңіне жататынын көрсетті. Қазба кезінде ыстық ауа жүретін канал – кандардың көмегімен жылыту жүйесі бар шикі кірпіштен қаланған тұрғынжайдың қалдықтары табылды. Бекініс қабырғаларының шөгінділері мен қаланың аумағында жиналған керамиканың сынықтарына қарағанда, Бұзықтың іргесінің қалануы бірінші ғасырдан бастау алады. XV ғ. қала өзінің өмір сүруін тоқтатқан, бұл фактіні XVI – XVIII ғғ. жазба деректерде Шілік атауының бұдан әрі кездеспеуі дәлелдейді.

Деректер кейінгі ортағасырлық Түркістанды ірі экономикалық округтің орталығы болды деп айтады. Сондай-ақ оның айналасында көптеген қоныстардың болғанын еске салады, оның ішінде неғұрлым белгілі Қарашық, Қарнақ, Йунка және Сура тәрізді атаулар бар. Қарнақ Ахмет Йасауи кесенесіне арналған тайқазан құйылған орын екендігі белгілі. Түркістанның солтүстік жағындағы 25 шақырым жердегі Атабай селосына қаланың болған жері сәйкес келеді. Бұл село жақын кезеңге дейін өзінің ежелгі қала атауын сақтап, Қарнақ деп аталып келді. Қала Ишкан (ескі қала) деп аталады. Бұл дөң (тікбұрышты жобада) қазіргі жүргізілген құрылыстармен қатты бүлінген, бірақ ортағасырлық қаланың топографиясы сақталып қалған.

Қарашық, Сура және Йунка Хафиз Таныштың шығармаларында Икан қаласынан күндізгі өту кезінде кездескен қалалар ретінде суреттеледі, оның орналасқан жері жақсы белгілі, өйткені онымен аттас елдімекен сақталып қалған. Қарашық сонымен қатар XVII ғғ. орыс жазба деректерінде келтіріледі. Оған сүйенсек, ол Түркістаннан 5 шақырым жерде, Сібірден Орта Азияға баратын керуен жолының бойында орналасқан.

Қарашық атауы аймақтың гидронимикасында сақталған: осындай атты өзен Түркістан маңында бар, оның жағасынан бірнеше ежелгі егін шаруашылығымен айналысқан қоныстар және ортағасырлық қалалар табылды. Оның бірі II Төрткөл деп аталады. Оған кейінгі ортағасырлық қалалардың өзіндік ерекшелігі бар

топографиясы тән. Сондай-ақ одан XV – XVIII ғғ. керамикалары көп кездесті. Қала Қарашық өзенінің сол жағалауында, Түркістанның солтүстігіне таман 8 шақырым жерде орналасқан. Бұл тікбұрышты екі дөңнен тұрады, оның топографиясына қарағанда, көшелердің, қала орамдарының, бекініс қабырғалары мен ондағы мұнаралардың іздері байқалады. Көптеген керамикалық шлактар, жарамсыз ыдыстардың сынықтары, сайып келгенде ежелгі қыш құмыра жасаушылардың орамдары қай жерде орналасқанын айқындауға мүмкіндік береді: олар өзен жағасында, суға жақын жерде орналасқан Қарашықтың II Төрткөл қаласы екендігіне күмән туғызбайды.

Қарашыққа жақын маңда Йунка қонысы бар. Оған Түркістаннан онша алыс емес жерде орналасқан қала орны сәйкес келеді, бұл Түркістанның солтүстік-шығысына таман 15 шақырым жерде жатқан Жойнақтөбе қаласы дегеніміздің өзі, сірә, сол болса керек. Қаланың орнын ішінара Шерменсай өзені шайып кеткен, қазба қимасынан жиналған материалдарға қарағанда, бұл бірінші ғасырларда пайда болып, XVIII ғғ. дейін гүлденген, мұны сол кезеңге тән жылтырақ керамикалардың табылуы дәлелдейді (күңгірт-ақ және көк жылтырақтар, ирек тәрізді өрнектер, ноқаттар, күлгін түсті және марганец бояуларымен салынған жағындылар). Батысқа қарай 40 шақырым жерде ірі қала Сауран орналасқан. Оның шөгіндісі әлі жақсы сақталған.

Қазақстанның кейінгі ортағасырлық тарихында Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың маңызы зор. Жазба деректерде Сүткент, Құджан, Аркөк, Аққорған және Өзкент қалаларының атауы келтіріледі. Сүткенттен басқалардың орналасқан жері ұзақ уақыт бойы белгісіз болып келіп, қазір ол анықталды.

Құджан (Қуған) орнына Балтакөл поселкесінің оңтүстік шетіндегі Қауған-ата қалашығы сәйкес келеді. Бұл (дөңгеленген жобадағы биіктігі 8 – 10 м, диаметрі 170 м, периметрі бойынша мұнаралары бар қоршалған қабырғалы төбе. Бір шақырымға дейінгі радиус шамасында жекелеген үй-жайлар мен шағын елді мекендер болғаны байқалады. Табылған керамикаға қарағанда, қаланың жоғарғы қабаты XVI – XVIII ғғ. кезеңіне жатады. Бұл кезең Йасы мен Бұхар шығарған теңгелері табылған қалалардың жоғарғы қабатына сәйкес келеді.

Аркөк XV – XVII ғғ. тарихшылары мейлінше мұқият сипаттаған қоныс ретінде бұрыннан белгілі. Ол Сырдариядан фарсах

қашықтықта орналасқан, оның аумағы онша үлкен болмаған әрі күшті бекінісі бар, егін шаруашылығымен айналысатын бай қоныс атанған, сондықтан оны «басқа бекіністерді алуға қажетті кілт» деп атаған. Аркөктің Мұхаммед-Шейбани билік еткен кезінде атағы шықты. 1509 жылы осы ханның қазақ әскерлеріне жасаған жорығы тығырыққа тірелді, яғни азық-түліктері мен жем-шөбі таусылды. Жолда Аркөк кездесіп, оның тұрғындары әскерді қажетті барлық нәрсемен толық қамтамасыз етті. Бұл қоныстың байлығы Шейбаниді таңғалдырды. Шежіреші осы бір көріністі былай деп сипаттаған: «Бұл өзі мейлінше таңғаларлық іс болды, өйткені, егер мұндай әскер Мәуереннахр, Қорасан, Ирак және Әзірбайжан жерлерінің үлкен бөлігі арқылы өткен болса, және ол бір айға азық-түлік талап етсе, ол астықты іздеп табу кезінде жазалар мен қорлаудан халықтың көбі жапа шегіп, кедейленіп, қырылуы мүмкін еді. Әскер өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмас еді. Ал ондай қоныстар өзінің дамып, өркендеуінен жұрдай болар еді, тіпті арада ұзақ уақыт өтсе де бірде-бір округінде ешкім де егін сала алмас еді...»<sup>1</sup>. Шейбани Аркөк туралы мынадай сөздерді бекер айтпаса керек: «Бұл Аркөк бекінісі, пайғамбар үшін Мединаның орны қандай болса, біз үшін бұл қаланың орны сондай».

Қауған-ата қаласының төменгі жағынан археологтар XV – XVIII ғғ. материалдарын кездестірген Бұзық қаласын тапты. Бұл дөңгеленген жобадағы диаметрі 300 м мұнаралы, дөңгелек жалды алаң. Екі кіретін жол көшемен қосылған. Ал көше өз кезегінде қаланы екіге бөліп жатқан. Ішкі жағында қала орамдары, көшелер және өтпе көшелер байқалады. Бұзықтың топографиясы кейінгі ортағасырлық қоныс Аркөкке толығымен сәйкес келеді деуге болады.

Аққорған және Өзкент қалалары күні бүгінге дейінгі сақталған топонимдері арқылы анықталды: Сырдарияның солтүстік жағалауындағы екі қала осылай деп аталады. Масуд бек Усман Кухистани «Әбілхайыр хан тарихы» шығармасында Аққорғанды Әбілхайыр ханға Сығанақ, Созақ және Аркөк тәрізді өз еркімен берілген қалалар қатарына жатқызады. Бұл қала XVII ғғ. орыс деректері бойынша да белгілі. «Үлкен Сызба Кітабында» Аққор-

<sup>1</sup> Фазаллах ибн Рузбихан Исфгани. Михман-наме-йи Бухара: (Записки бухарского гостя). Перевод, предис. и примеч. Р.П. Джалиловой. М., 1976. С. 75-76.

ған Жаңақорғаннан 70 шақырым және Сайрамнан 110 шақырым жерде орналасқан.

Аққорған қаласы Сырдариядан 4 шақырым жерде орналасқан. Бұл трапеция пішінді екі үлкен қабаттан тұратын дөң, жан-жағы өлемнің төрт жағына қаратылған. Қаланың ең биік бөлігінің мөлшері 150x110 м, жалпы үйіндінің бетінен 6 м биіктікке орналасқан. Қаланың бұл бөлігі (сірә, қамал болған) мұнаралары бар қабырғаларымен қоршалған. Биіктетілген бөліктің айналасында тегіс дөң түріндегі (төртбұрышты жобада) үйінділер жатыр. Оның жақтарының мөлшері: шығысы – 210, батысы – 240 және оңтүстігі – 230 м. Қаланың айналасына ор қазылған. Бұл ескерткіш табылған материалдарға қарағанда XIII – XVIII ғғ. кезеңіне жатады. Аққорғанның өзімен аттас үйіндімен бір екендігі күмән туғызбаса керек.

Мұндай жағдай Өзкентті анықтау кезінде де алдан шықты. Ол алғашқы рет Әбілхайыр ханға берілген Сығанақ, Аркөк және Аққорғанмен бірге айтылады. Бұдан кейін қала Мұхаммед-Шейбани ханның билігіне байланысты сипатталады. Ал Қыр-Өзкент қаласына келетін болсақ, бұл көп бұрышты дөң, жиектері бойынша мұнаралары бар дөңгелек қабырғамен қоршалған. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 250 – 300 м ұзындыққа созылып жатыр. Қаланы қоршаған қабырға ұзындығы 50 – 70 м доға бұрышты бөліктердің қосылуынан тұрады. Олардың қосылған жерлері 15 мұнарамен бекітілген. Қаланы айналдыра ор қоршап жатыр. Оған кіретін жер шығыс бөлігінде орналасқан. Орталық көше кіретін жерден басталып, қала аумағын кесіп өтіп, қаланың батыс бөлігінде орналасқан сукойма-хауызға дейін тартылған. Орталық дөңнің айналасында әртүрлі пішіндегі дөң кейпіндегі бұрынғы құрылыстардың қалдықтары жатыр. Бау-бақша учаскелерінің, суландыру жүйелерінің іздері байқалады. Қала XIII – XVIII ғғ. болған.

Қаратаудың солтүстік беткейінде Созақтың аты белгілі. XV – XVI ғғ. жазба деректерінде онымен қатар Қарақұр (Каракурун) елдімекені орналасқан. XVI ғ екінші жартысындағы автор Бинай «Шейбани-намеде» қазақ ханы Бұрындықтың өзбектерге қарсы әскери жорығына дайындық көрінісі суреттеледі: «Созақтан және Қарақұрын маңынан адамдардан жаяу және атты әскер жасақтады, (оларды бір қолға) үлкен әскерге біріктірді»<sup>1</sup> Қаратау бет-

<sup>1</sup> Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв. Алматы, 1970. С.21.

кейлеріндегі іздестіру жұмыстарының нәтижесінде Созақтың батысына таман 25 шақырым жерде аңғарда орналасқан Қарағұр (Қарақұрынмен салыстырыңыз) атауы бар Күлтөбе қалашығы табылды. Қаланың қамалы үшбұрышты жобада жасалған, ол тас тақталардан қаланған қабырғамен қоршалған. Жақтарының мөлшері тиісінше тең келеді: солтүстігі – 30 м, батысы – 70, оңтүстік-батысы – 40, оңтүстік-шығысы – 60, шығысы – 30 м. Қамал шахристанның ортасында орналасқан. Оның ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай – 200, шығыстан батысқа қарай – 120 м болады.

Күлтөбе шахристанының төртінші бөлігін ашқан қазба жұмыстары нәтижесінде көше орамдары, олардың арасындағы көшелер, тұрғын үйлер табылды. Қаратаудың тасы Қарақұрын құрылысшыларына үй қабырғаларын тастан немесе тас қосылған шикі кірпіштен қалауға мүмкіндік берген. Бұл үйлер отырарлық үйлерге ұқсас екендігі анықталды: онда міндетті түрде тандыры бар бөлмежай болады, тандырдан сәкі ішімен түгін жолы жүреді. Ол қабырғадағы тіке мұржаға барып қосылады. Тандырдың қасында ташнау бар, оның бет жағы қалың-қалың тас тақталармен қаланған. Үйде тандыры бар бөлмежайдан басқа (асүй) шаруашылыққа арналған бөлме бар.

Бұл қала бір қарағанда Отырардың провинциялық үлгісі болып табылады. Отырар қала болса, ал Қарақұрын Қаратаудың түкпіріндегі егін шаруашылығымен айналысатын қоныс. Қазба жұмыстары кезінде қолдан жасалған ыдыстардың көптеген түрлері табылды. Бұл – көшпелі тұрмысқа тән қазандар, қыш құмыралар. Ал Отырарда мұндай ыдыстардың аз кездесетіндігі таңғаларлық.

Қарақұрын Қаратаудың солтүстік беткейіндегі бір ғана қоныс емес деуге болады. Оның қасында 15 шақырым жерде Ран аңғарынан археологтар тағы бір қалашық тапты. Ақсүмбе қаласы XIV – XV ғғ. Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамысқа жорығына байланысты жазылған жазба деректерде айтылатындығы белгілі. Ақсүмбеде Темірдің шекара гарнизоны орналасты. Бұл алда жатқан кең далаға бақылау орнатуға қолайлы жер болатын. Бұл қала өзінің атауын таудың биігінде орналасқан қарауыл мұнарасынан алған, ол біздің кезге шейін сақталған.

Қаратаудың солтүстік беткейінде, Созақтан Сауранға баратын жолда жазба деректер Йилан-Қарауыл бекінісі болғанын да келтіреді. Абдаллах хан Сауранды қоршағанда, оның әскерінің екінші бөлігі Созақ қабырғасында болған. Абдаллах Созақта тұр-

ған әскеріне бірігуге бұйырды, және ол жолшыбай «Йилан-Қарауыл деп аталатын өте күшті бекінген бір бекініске келді, мұнда бекініп алған Даштаның қалың әскері өтуге кедергі жасады»<sup>1</sup>. Қазіргі кезде Қаратау топонимикасында Йилан-Қарауыл атауы сақталмаған. Йилан-Қарауылға сәйкес келуі мүмкін бұл ескерткішті іздеу Түркістанның солтүстік-батысына таман орналасқан Қаратаудың тау асуларындағы екі «тасқаланы» табуға мүмкіндік берді: Үлкен және Кіші Қырқыз (қазіргі атауы). Бұл бекіністердің қабырғалары табиғи тас тақталардан өрілген. Осы арада жүргізілген қазба жұмыстары бекіністің XV – XVIII ғғ. болғанын дәлелдейді. Бекініс таудағы өтпе жолдарды қорғаған. Міне, нақ осыларды Йилан-Қарауылмен салыстыруға әбден болады...

Кейінгі ортағасырлық қалаларды археологиялық іздестіру және зерттеу қазірдің өзінде Қарасыман мен Яганкент Арыста, Шілік Бөгенде, Қарашық, Йунка Түркістан маңында, Құджан, Аркөк, Аққорған және Өзкент Сырдарияның сол жағалауында, Қаракұрын және Йилан-Қарауыл тәрізді тарихы мол қалалар мен селолар Қаратаудың солтүстік беткейіндегі нақты ескерткіштер екендігін көрсетті. Бұл қалалар мен қоныстар Отырар, Созак, Түркістан, Сауран, Сайрам тәрізді кезінде жақсы дамыды, демек, Қазақстанда қаланың тыныс-тіршілігі XV–XVIII ғғ., яғни қазақ хандығы кезеңінде дамып гүлденді деп айта аламыз.

<sup>1</sup> Материалы по истории Казахских ханств. С.293.

### III. ОТЫРАР ОЛЖАЛАРЫ АРҚЫЛЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ДҮНИЕНІ ТАҢУ

#### ХАЛЫҚ ҚУАТТЫ ЖЕР МЕН СУДАН АЛАДЫ

Отырар алқабы... Біз оның өткеніне карап ұққанымыз — отырықшылықтың көне орталықтары болған Қазақстан қалалары, барлық жердегідей қолайлы жағдаяттардың салдарынан пайда болған. Бұл бай табиғи көрсеткіштер мен көршілермен қарым-қатынас орнатудың белгілі бір мүмкіндіктер болуына байланысты. Біз сөз еткен алқап Сырдың орта ағысында, егіншілікке қолайлы жерде орналасқан. Әу баста аграрлық болған отырықшылық орталықтары, бертін келе сауда мен қолөнер орталықтарына айнала бастады. Бұл өндірістің дамып, қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну процесінің басталуына байланысты болды. Осы кезеңде халықаралық жолдардың тоғысында орналасуы Отырарға пайдалы болды: алыс-жақын көршілерімен қарым-қатынасы саудалық өнім алмасу формасына өте бастады. Сауда қатынастары мәдени қатынастарға ұласты, өйткені Шығыс пен Батыс арасындағы жолдар техникалық жаңалықтар мен діни көзқарастар, өнер алмасу жолы болды. Осының бәрі қалалану процесіне қызмет етті. К.Маркс пікірінше, қолөнер мен сауданың дамуы табиғи жағдайға негізделген: «Қала өнеркәсібі егін шаруашылығынан бөлінген кезде-ақ оның өнімдері бастапқы сәттен тауарға айналады және, демек, оны сату үшін сауданың делдалы керек болады. Сауданың қала дамуымен байланысы, екінші бір жағынан алғанда, оның соңғысына қатыстылығы өзінен өзі түсінікті болып шығады»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Т.25.1-б. 365-б.



Алайда, қалалану кезінде де ауыл шаруашылығы қалалар үшін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Осы туралы толығырақ тоқтала кетсек.

Шығыста да, Батыста да ортағасырларда, шаруашылықтың бір саласы ретінде қала тұрғындары егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де айналысқан. Белгілі зерттеуші Б.Н.Заходер Хорасан қалаларын сипаттаған кезінде, ауыл шаруашылығының қала тұрғындарының өміріне тигізетін әсерін атап көрсетеді. Жазба деректерде Кіші Азия қалаларының егін алқаптары мен бау-бақшалары туралы айтылады, Үндістан, Кавказ, Моңғолия, Ресей қалалары тұрғындарының қосалқы шаруасы ретінде суреттеледі. Батыс Еуропа қалалықтарының ауыл шаруашылығымен әуестенуі әдебиетте қалыпты құбылыс ретінде көрініс табады.

Ауыл шаруашылығының ортағасырлық қала өміріндегі белгілі бір рөлін ескере отырып, қала тұрғындарының негізгі шаруасы болған қолөнер мен сауда-саттықтың қасында қосалқы рөл атқарғанын атап кетуіміз керек.

Қалалардың қалыптасуы өз кезегінде ауылдық жердің дамуына да әсерін тигізбей қоймады.

VII – VIII ғғ. Отырар алқабында Арыс өзенінің суына негізделген суландыру жүйесі салынды. Бұл кезеңнің бас каналдарының арналары, кейінгі кезеңдікіне қарағанда жерден биік орналасқан жал болып қалған. Жүйе қалдықтары Отырардың солтүстігінде, Пышақшөтөбе маңында жақсы сақталған. Мұнда бірінші ғасырларда пайда болып, VI – VIII ғғ. дейін болған Бес-Ақтөбе деген ескерткіштер тобы орналасқан. Сырдарияның сол жағалауында, Оксыздың (Оксус) маңындағы суландыру желісі осы кезеңде қалыптасқан.

Сырдарияның төменгі ағысында IX ғ. дейін бұрын салынған суландыру жүйелері пайдаланылып келген. Жетісарда суару үшін суқоймаларында жиналған өр суы пайдаланылған. Олар магистралды каналдар арқылы алқаптарға берілген. Бассейн-суқоймаларын салу жүйесі Жетісарда VII – XIII ғғ. да кең тарады. Бұл кезеңде солтүстік Қуандарияның жылғаларындағы су азайып кеткен болатын.

IX – X ғғ. суландыру жүйелерді жетілдіру процестері, агро-ирригациялық жоспарлар конфигурацияларының өзгеруі байқалады. Бұл қазба барысында дәлелденді. Оксыз бен Мейрамтөбе маңында магистралды каналдар, тоғандар, шығыр шұңқырлары,

агро-ирригациялық жобалар табылды. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың бірінің сол кездегі Зернук атауы сақталып қалған. Ол «қараторғай» дегенді білдіреді, бұлай деп кезінде шығырдың бір түрін атаған.

Ортағасырларды сипаттайтын жазба деректер археологиялық материалдармен бірге Отырар алқабындағы егіншіліктің дамуын көрсетуге, ауылшаруашылық дақылдарды білуге мүмкіндік береді.

Ибн Хаукалға сүйенсек, X ғ. Фараб округінің жер бедері қазіргіге ұқсас болған. Ол Фараб туралы былай деп жазады: «Бұл елде топырақ кебір болып келеді және батпақтар бар, және Фараб өзенінен батысқа қарай егістіктер бар»<sup>1</sup>. Испиджаб округінде егістік алқаптар мен жүзімдіктер болған. Саманилік Нух б. Асадтың бұйрығымен көшпелілерден қорғау үшін «тұрғындардың жүзімдіктері мен егістіктерін айналдыра қабырға» тұрғызылды.

Қала мен мекен жұрттарындағы қазба жұмыстары, жазба деректерінде айтылғандай, Қазақстанның оңтүстігінде егіншіліктің, мақта, жүзім, бау-бақша өсірудің дамығандығын көрсетті. Көк-Мардан, Отырар, Құйрықтөбе, Күйік-Марданның V – XIII ғғ. қабаттарын қазу барысында күріш, магар, сұлы және бидай, жүзім мен өрік дәндері табылды. Бақшалық болғанына Отырар мен Ақтөбеде табылған қарбыз бен қауын дәндері дәлел болады. Баба-Ата тұрғындары құмыра тектес ыдыстарда қарбыз дәндерін сақтаған. Күйген қарбыз дәндері бар мұндай ыдыс қазба кезінде табылған.

Моңғол шапқыншылығы ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Жетісуда, Іле алқабында, Шу және Таласта егіншілік мәдениет жойылды. Егістікке игерілген жер жайылымға айналды. XIII ғ. аяғына Іле алқабы, ал XIV ғ. ортасына Шу және Талас алқаптары көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы аймақтарына айналды.

Кейінгі ғасырларда қала өмірінде маңызды рөл атқарғанына қарамастан, ауыл шаруашылығының дамуы Қазақстанның оңтүстігінде біртіндеп жүрді. XIII ғ. ортасы – XV ғ. Сырдарияның сол жағалауында, Сығанақта суландыру жүйелері қалпына

<sup>1</sup> Бетгер Е.К. Извлечение из книги «Пути и страны» Абу-л-Касыма ибн Хаукаля (Труды Среднеазиатского Гос. Университета. Новая серия. III. Исторические науки. Кн. 25) // Археология Средней Азии. Ташкент, 1957. Т. 4. С.24.

келтіріле бастады. XV ғ. аяғы – XVI ғ. басында қазақ жерін орталықтандыру және тұрақты саяси билік жағдайында ауыл шаруашылығы қарқынды дамыды. Көшпелілердің отырықшылануы нәтижесінде отырықшы халықтың саны артты, бұл игерілген жердің аумағын арттырды, жана суландыру жүйелері салынды.

Көшпелілердің отырықшылыққа өтуі жазба деректерде де көрініс тапты. Оларда Сығанақ уәләйатының халқы «аймақ», «дихнишин», «қышлақнишин», «сахаранишин» болып бөлінген. «Аймақ» тұрғындары отырықшылыққа өтіп жатқан көшпелі аралас тұрғындар, «дихнишин» – ауылдарда тұрақты өмір сүретіндер, «қышлақнишин» – қыстақтарда тұратындар, «сахаранишин» – көшпелілер. XVI ғ. аяғындағы бір жазбада қала тұрғындары арасында арабтар, түркілер, қазақтар және қарақалпақтар аталған.

XVI ғ. – XVII ғ. басында қазақ хандары Сырдарияда түпкілікті тұрақтанғаннан соң, отырықшы қазақтардың саны күрт өсті. Қала өміріндегі егіншіліктің маңыздылығы жазба деректердегі терминологиядан да айқын көрінеді: шаруаларды қаланың салық төлеушілерімен қатар «райат» терминімен атауы тегін емес. Деректерде егіншілікке қатысты салық түрін де атайды, мысалы, «мердігер» – суландыру жүйесін жасау және күтіп ұстау үшін алынатын салық, «тағар» – әскерге арналған азық пен жануарларға жемшөп түрінде алынатын салық.

Түркістан ірі және бай егіншілік аймақтың орталығы болған. Мысалы, Сауран маңында XVI ғасырда суландырудың кәріздік (кяриз) жүйесі жұмыс істеп тұрды<sup>1</sup>. Оның қалдықтарын археологтар анықтады. Жерде кәріздер ізі шайылған желдеткіш құдықтар тізбегі түрінде байқалады. Бірінші (шығыс) кәріздің бастауы Міртөбе қала жұртының маңында орналасқан, әрі қарай ол 0,5 км ұзындықта байқалады. Кәріздің бас арнасына шығыс және батыс жағынан екі арна қосылады. Шайылған құдықтардың қазіргі диаметрлері – 5, арақашықтығы – 15 м. Екінші кәріз (батыс) 1,5 км ұзындықта байқалды.

Сығанақта, деп хабарлайды Рузбихан, алқаптар Сейхуннан шығарылған арықтармен суғарылады. Олардың атауы Сығанақ жазбаларында көрсетілген: Қызылтал, Шығыл-Тоғай, Ордакент, Қалта-Жалғия, Жолақ, Мыңбұлақ, Арыстанды, сонымен қатар Тоқтамыс, Қараш, Қисаршық су көздері де бар.

<sup>1</sup> Қараңыз: Байпаков К.М. Городище Сауран // Памятники истории и культуры Казахстана. Алматы, 1989. С.56 – 60.

Сырдарияның сол жағалауындағы кейінгі ортағасырлық қалалар – Құтжан, Аркөк, Өзкент, Аққорған маңын археологиялық тұрғыдан зерттеу, мұндағы суландыру өзеннің басты арнасынан шығарылған өздігінен ағатын магистралды жүйелерге негізделгенін көрсетті. Астық өндірудің ірі орталығы Аркөк пен оның маңындағы мекендер болды. Тау бөктеріндегі аудандарда суландыруға тау өзендерінің суы, сонымен қатар тәлімді егіншілік қолданылды.

Сайрам маңында суармалы жер массивтері болған. Оларға су Ақсу, Сайрамсу, Бөгеннен келген. Жазба деректерде егіншілік мекендерінде бидай, сұлы, тары, жемістер мен бақшалық өнімдер өндірілгені туралы жазылған. Рузбихан көрсеткендей, Сайрам Мұхаммед Шейбани-ханның әскерін қамтамасыз етіп тұрған. XVI ғ. соңында Абдаллах хан Сауранды қоршаған әскері үшін астықты Сайрамнан алған.

Отырар мен Отырар жазирасы XV – XVIII ғғ. сумен Темір-Арық арқылы қамтамасыз етілген. Ол қазіргі Шәуілдір ауылынан 10 км жоғарыда Арыстан бастау алатын. Магистралды каналдың жалпы ұзындығы 40 км астам. Каналдың қамтитын аумағы шамамен 250 км<sup>2</sup>, немесе 25 мың га болған. Алқапты суару жүйесінің қысқаруы XVII ғ. екінші жартысында басталды.



Күйік-Мардан қалашығындағы үй қамбасынан табылған астығы бар ыдыс. VII – VIII ғғ.

Отырар, Күлтөбе және Раннның үйлерінде қамбалары бар қоймалар болған. Онда астық, жеміс сақталған. Астық пен ұн сақтау үшін хумдар мен астық шұңқырлары пайдаланылған. Көлемдерінің әркелкілігіне қарап қамбалар арнайы қызмет атқарған деуге болады. Олардың кейбірінде тары мен бидай, басқаларында жүзім дәндері (мұнда кепкен жүзім сақталған болу керек) табылды, тағы бірінде, кішігірім көлемділерінде түрлі хош иісті дәмдеуіштер сақталған.

Мақтамен айналысқандары туралы оның табылған дәндері мен қораптары дәлел бола алады. Шабдалы, өрік, жүзім, қауын мен қарбыз дәндері қала маңында бақшалықтар болған деп айтуға негіз береді.

XVI – XVIII ғғ. Отырар үйлеріндегі қамбалардың көлеміне қарап астық көлемін есептеу қызықты ақпарат берді. Бір отбасының жылдық қорынан басқа әр үйде 3 – 5 т астық артық сақталған. Бұл қалалықтардың үштен бір бөлігі астықты сатуға өндірген деуге негіз береді. Жазирада XVI – XVIII ғғ. жататын мекендердің болмауы астық өндірумен қалалықтардың бір бөлігі айналысқан деп есептеуге мүмкіндік береді.


## ҚҰМЫРАШЫЛАР

Отырар құмырашылары Сырдарияның орта ағысындағы қалалардың мақтанышына айналды. Отырар алқабының қала жұрттарындағы қазбалардан табылған керамиканың бай жинақтары керамика өндіру тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар өнер болғандығына куә. Өйткені Отырар шеберлерінің көптеген бұйымдарын көркемөнер туындысына жатқызуға болады.

Жазба деректерде Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық және кейінгі ортағасырлық қалаларындағы құмырашылық туралы көптеген мәлімет бар. Отырардағы қазбалардан белгілі болғандай, құмырашылар жеке өндіріспен айналысқан, үй жанындағы шеберханаларда жұмыс істеген.

Ең ерте құмырашылар шеберханалары Отырар мен Күйрықтөбеде қазылды.

Бірі VIII – IX ғғ, екіншісі X – XI ғғ. жататын екі ошақ Отырар рабадының солтүстігінде табылды. Ұзындығы 2,7 м, ені 2,5 м. алмұрт пішінді бірінші ошақтың қабырғалары 0,5 м-ге сақталған.



Отырарда қазылған құмыра жасау шеберханаларының жобасы.  
XIII ғасырдың 2 жартысы – XIX ғасырдың 1 жартысы

Оттық камерасының ұзындығы 1,7 м, ені 1,3 м, көлемі күйдіретін бөліктен кішірек. Күйдіретін камераның аузы 0,5 м, ол едендегі күл қабатынан табылған саз қақпақпен жабылатын болған. Камераның асты опырылған. Оның ішінде төңкерілген түбі жоқ хум бар «бағанаға» сүйенгені анықталды. Хумның ернеуі үш «мүйіз» тіреуге отырғызылған, сөйтіп, қуыс «бағана» ішімен ыстық ауа күйдіретін камераға жететін болған.

Ошақ ішінен табылған «қаңғар» керамикасына қарап, оны VIII – IX ғғ. жатқызуға болады.

Екінші ошақ екі қабатты, пішіні сопақша келген, диаметрі 4 метрдей. Күйдіру камерасы<sup>1</sup> от жағу камерасының пішінін қайталайды, бірақ одан кішілеу. Тереңдігі 2,5 м оттық камераға дөңгелек қуыс тартылған. Оттық камера күмбезделіп жабылған, оның үсті тегіс, күйдірілетін керамика қойылатын болған.

Күйрықтөбенің XI ғ. құмырашылар орамында қазылған құмыра шеберханасының қазбасы аса қызықты. Ол екі бөліктен – өндіріс және тұрғын бөліктерден тұрған.

Өндіріс бөлігінде екі бөлме бар. Олардың бірінде (аумағы 24 м<sup>2</sup>) саз және басқа да өндіріс компоненттерін сақтайтын үш бөлік болған: екеуі бөлме жағынан ашық, ал сопақ пішінді үшіншісі жабық келген. Бөлменің едені қатты, оңтүстік, бос бөлігінде керамикаға толған қоқыс шұңқырлары болды. Көрші бөлмеде (ауданы 22,5 м<sup>2</sup>) оттық камерасы<sup>2</sup>, жоспарда алмұрт тәрізді құмыра ошағы болды. Оттығының ұзындығы 3,5 м, ені 0,6 м, қалыңдығы 0,5 м, ұзындығы 1,7 м қабырғамен екіге бөлінген. Қабырға күйдіру камерасының еденіне тіреуіш қызметін атқарған. Шеберхананың тұрғын бөлігі үш бөлмеден тұрады, оның бірі өндіріс бөлігімен есікпен байланысқан. Ең ірі бөлменің ауданы 19 м<sup>2</sup> (3,5x5,2 м), ол тұрғын жай ретінде пайдаланылған. Қабырға бойында Г-тәрізді сәкі орналасқан, оның ортасында, қабырғалары күйген шұңқыр түрінде, дөңгелекше келген жерошақ орналасқан. Солтүстік-шығыс қабырға бойында жәшік тәрізді қамбалар<sup>3</sup> орналасқан. Басқа бөлмелер шаруашылыққа пайдаланылған. Шеберханалардың мұндай түрі кейінгі кезеңде дамуын жалғастырды.

Кешеге дейін Қазақстан мен Орта Азияның кейінгі ортағасырлық қаласының керамика өндірісі зерттелмеген делініп келді. Отырар қазбаларының материалдары бұл кезең туралы құнды мәліметтер берді. Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы керамика өндірісі ортаазиялық-қазақстандық аймақтың ортақ арнасында дамығандығын көрсетті.

Зерттеулер құмырашылық өнердің шоғырланған жерлері – қала орталығымен қатар рабадтарда да жүргізілді. Отырардың құ-


<sup>1</sup> Бұл камераның тек негізі сақталған.

<sup>2</sup> Күйдіру камерасы сақталмаған.

<sup>3</sup> Көлемдері: 1x2,5x1м.

мырашылар тұратын аумағы 2 га болған. Екі құрылыс қабатының төменгісі XIII ғ., екінші жартысы – XIV ғ. бірінші жартысына жатады. Осы кезеңнің құрылыстарымен байланысты теңгелер кешенінде негізінен XIII ғ. екінші жартысы – XIV ғасырдың бірінші жартысында соғылған шағатайлық теңгелер кездеседі. Жоғарғы (бірінші) құрылыс қабатының кезеңі онда табылған Темір мен темірліктер теңгелері арқылы анықталды.

Төменгі құрылыс қабаты деңгейінде құрылымы жағынан стандартты алты шеберхана аршылды. Олардың бірі туралы айта кетейік.



Отырардағы құмыра жасау шеберханасының суреті.  
XIII ғасырдың 2 жартысы – XIV ғасырдың 1 жартысы

Ауданы 157 м<sup>2</sup> шеберхананың 89 м<sup>2</sup> -ін өндірістік бөлігі алып жатыр. Ол ағаш тіреулерге сүйенген, бастырмамен жабылған. Тіреулердің тас тұғыры бөлменің ортасынан табылды. Бөлмеде қыштан қаланған сазға арналған қамба, құдық және су құятын керамикалық астау болды. Шығыс бұрышына түгелдей қыш<sup>1</sup> төселген, бұл алаң қалыптайтын саз дайындауға арналған болу керек. Ауданы 40 м<sup>2</sup> екінші бөлме де бір жағы жабылып, екінші жа-

<sup>1</sup> Көлемі: 45x45x5см.



ғы ашық қалған. Бастырма астындағы еден қыштан төселген. Шығыс бұрышында шикізатқа арналған, қыштан қаланған жәшік, батысында құмыра шарығына арналған орын бар. Оның қасынан оң жағында еденге аузы кең ыдыс орнатылған. Бұған бұйымдарды қалыптау кезінде қолды сулап отыратын су құйылатын болған. Қарсысында қалыпталған бұйымдар жинайтын тұғыр бар (көлемі 1x2x0,3 м). Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышындағы керамика күйдіретін екі қабатты ошақта сфера тәрізді, тереңдігі 1,6 м оттық камерасы бар. Оттықтың төбесі күйдіретін камераның едені қызметін атқарады, онда екі қатар шеңберде орналасқан 12 тесік бар. Оттық камера аузының диаметрі 45 см, кесіндісінде иіліп келген. Мұржасы аула қабырғасына шығарылған және тарту қабілетін арттыру үшін қыштан қаланған құбыры болғанға ұқсайды. Тікбұрышты қыштардан қаланған құбыр негізі сақталып қалған.

Шеберхананың тұрғынжай кешені екі бөлмелі, ауласы бар үйден тұрады.

Қазылған басқа шеберханалардың ерекшеліктерінен атап кететін жайт — олардың бірінде құмыра күйдіретін ошақ болмады, оның орнына керамиканы кептіруге арналған, айналдыра ыстық өткізгіш орнатылған алаң бар. Бірінші қабаттың құрылысы нашар сақталған, қабырғалары шайылған. Керамика күйдіретін ошақ қалдықтары, қыштан жасалған шұңқырлар, тұрғын жайлар анықталды. Екі шеберхана қалдықтарының орнын анықтау мүмкін болды. Оларда тек бір-бірден ошақ болды (диаметрлері 155 — 160 және тереңдігі 80 — 90 см келетін оттық камералары сақталған). Шеберхана жанындағы тұрғын үйлер екі бөлмеден тұрады.

Бұл кезеңнің шеберханасы туралы толығырақ мәліметті Отырардың орталық төбесіндегі қазба бере алады. Мұнда рабадтағы шеберханалар құрылымын толықтыра алатын құмырашы шеберханасы аршылды.

Өндірістік бөлмелердің екеуі басқаларынан жақсырақ сақталған. Олардың бірінде ұзындығы 2 м, ені 0,4 және тереңдігі 0,4 м шұңқыр түріндегі жерошақ болды. Ол қамыс өртеу тәсілімен алынған ақ түсті кристалл күліне<sup>1</sup> тола болды. Батыс қабырға маңында, бастырма астында, жасыл, сұр, қызғылт және ақ түсті ұнтақ түріндегі минерал бояуыштары бар екі қамба тұрды. Өрт салдарынан қираған екінші бөлмеде (3,5x4,2 м) тандыр орналасқан. Өртенген қамыс

<sup>1</sup> Күл шыңылтыр алуда қажетті құрауыштардың бірі.

бен күйген топырақ қабатының астында сыпада тұрған ыдыстар аршылды. Олар құлаған төбежабын астында қалған.

Шеберхананы қазу барысында көптеген керамика үлгілері, негізінен сырлысы табылды. Бұлар көркем керамика жасаумен айналысқан шебер қолынан шыққан.

Шеберхананың тұрғынжайы айван мен бөлмеден тұрады. Сәкі бөлменің басым бөлігін алып жатыр. Үй өрт кезінде қираған, ал құлаған төбежабын сыпадағы заттарды: ши төсеніш, мақта көрпе қалдықтары, ағаш табақ бөліктері, сандықтың темір қапсырмалары, қола және керамикалық сиясауыттарды сақтап қалған.

Осында табылған қолжазба жазуына қарап<sup>1</sup>, шеберхананы XIV ғ. аяғы — XV ғ. басына жатқызуға болады.

Отырардың орталық төбесінде қазылған, XVI ғ. — XVII ғ. алғашқы үш ширегіне жатқызылған құмырашы шеберханалары мен құмырашылар орамынан кезінде қызықты материал алынды.

Жалпы ауданы 105 м<sup>2</sup> болатын үлкен шеберхана ерекшеленеді. Өндірістік бөлігінде бес бөлме бар. Олардың бірінде тандыр мен бұрышты алып тұрған құмырашы ошағы болды. Ошақ екі қабатты, оның еденінде жеті сопақ келген, диаметрі 9 — 15 см, ыстық өткізетін тесік тазаланды. Оттық камераның диаметрі 1,1, биіктігі 0,9 м. Оттықтың оң қабырғасында, аузынан 0,4 м тереңдікте кесіндісі 0,3x0,3 м көлденең канал тазаланды. Канал оттық камераға қосымша ауа жеткізу үшін жасалған. Түтін үй қабырғасындағы мұржа арқылы шығарылған. Жанама бөлме қойма ретінде пайдаланылған. Онда, солтүстік-шығыс қабырғада шикізат сақтайтын үш қамба орнатылған.

Төбесі жартылай жабылған, ауданы 30 м<sup>2</sup> келетін тағы бір бөлмеде екі ошақ болды, оның бірі жақсы сақталған. Еденінің ортасында (диаметрі — 1,35 м) ыстық өткізетін шаршы ойық бар, көлемі 30x30 см. От салатын ойығы дөңгелекше келген, аула бетіне қиғаш шығарылған. Батыс бұрышта орналасқан ошақ нашар сақталған: оның едені ірі-ірі бөлік болып оттық камераға құлаған. Бастырма астындағы еден бөлігіне қыш төселген. Мұнда диаметрі 1,5, тереңдігі 0,48 м шұңқыр тазаланды. Шұңқыр құмыра шарығын орнатуға арналған болу керек.

Шеберхана құрамына тағы екі бөлме кіреді. Оның бірі саз илеуге арналған болса керек, оған аласа қабырға және арықпен

<sup>1</sup> Оқып, кезеңін анықтағандар Л.Д.Чехович пен В.Н.Настич.

қоршалған, беті тегіс тапталған, радиусы 2 м дөңгелек алаң куә бола алады.

Шеберхананы қазу барысында тас диірменнің төменгі бөлігі, тас тигель, шыны тәрізді шлактар, төстер және сыр сақтауға арналған саз ыдыс («палитра») табылды.

Шеберхананың екі не үш иесі болғанға ұқсайды. Олардың үйі сол орамда шеберханаға қарсы орналасқан. Керамика өндірісіне қатысы бар деуге сол үйлерде табылған құмырашы құралдары және үйдің бірінде аршылған дайын өнім жинайтын шұңқыр дәлел бола алады.


Жанында орналасқан екінші шеберхана жалпы аумағы 56,5 м<sup>2</sup> болатын үш бөлмеден тұрады. Бірінші бөлме орамшілік көшеге шығады, екіншісінде (23 м<sup>2</sup>) өндірісте пайдаланылған тандырлы сәкісі бар. Үшіншісінде, бөлменің жартысын алып тұрған құмырашы ошақ бар. Бұл шеберхананың иесі қарсы үйде тұрған болу керек.

Қалған құмырашы шеберханалар XVII ғ. Отырардың өртүрлі орамдарында орналасқан.

Осы кезеңге жататын шеберханалардың бірі 215 м<sup>2</sup> аумақты алып жатты. Онда екі тандырлы тұрғын бөлме, бес қамбасы бар қойма мен бір жақты сәкісі бар ауладан тұратын үй жақсы сақталған. Өндіріс бөлігінде бес бөлме болған, олардың екеуінде құмырашы ошақтары болды. Басқа бөлмелердің қызметін тек болжауға ғана болады: олар шикізат сақтауға, өндірістік операциялар жасауға, бұйымдарды кептіруге арналған болу керек. Ошақтың бірі толық бұзылған. Екінші ошақ екі қабатты, одан жобада төртбұрышты болып келген, жерден қазылған оттық камера<sup>1</sup> сақталған. Камераның сыртқы жағы шаршы тәрізді, көлемі 2,2x2,2 м. Оттық күйдіретін камералармен еден ортасында орналасқан, диаметрі 0,4 м сопақша ойық арқылы байланысқан. Камераның төрт бұрышында түтін мен ыстықты реттейтін тесіктер бар (көлемі 10 – 12 см-ге дейін).

Ірі өндіріспен қатар ұсақ қолөнер өндірісі де болғандығын аулаларда орнатылған құмыра ошақтары растайды. Орамдардың бірінде екі кішігірім үйдің ауласында кішкентай құмыра ошақтары табылды. Бұлар ұсақ кеселер шығаруға арналған.


<sup>1</sup> Көлемі: 1x0,7x0,9 м.



Құмырашылар шеберханасының жобасы. (Отырартөбе)

Отырарда қазылған құмырашы шеберханаларын этнографиялық деректерде сипатталған ортаазиялық шеберханалармен салыстырғанда, олардың құрылымы мен жабдықталуында ұқсастықтары анықталды. Мысалы, Хорезм шеберханасында өндірістік бөлме 41 шаршы м, саз жеткізіп тұрған жалғыз терезелі, қараңғы болған. Терезе маңында, ұзындығы 2 м, ені 1,7 м шұңқырда қышқұмыра жасайтын станок тұрған: оның төменгісі айналады да, ал жоғарғысы бұйымның қалыбын келтіреді. Шеңберлер ағаштан

жасалған<sup>1</sup>, сірә, оның қасында ылғал шүберек салатын суы бар қазан болған, шебер онымен өзінің қолын әлсін-әлсін тазалап отырған.



Орталық төбедегі құмырашылар шеберханасы.  
XIII – XIV ғғ. (Отырартөбе)

<sup>1</sup> Төменгісінің диаметрі – 85-95 см, жоғарғысы – 18-25 см.

Қыш-құмыра шарғысын қондыруға арналған дөңгелек шұңқырлар тазаланған отырарлық шеберханалардағы қыш-құмыра станоктерінің жанына су құятын ыдыс қазып отырғызылған, бұл да жоғарыда айтқан қондырғыға сәйкес келеді. Шеңбердің ағаш бөліктері сақталмаған, Отырардың орталық дөңіндегі XIV – XV ғғ. бас кезіндегі шеберхана кептіргішінде диаметрі 1 м шамасындағы дөңгелек ағаш бұйымның төрттен бір бөлігі еденнен аршылып алынды, бұл төменгі шеңбердің қалдығы болса керек.

Хорезмдік шеберхананың бұрышында кіреберіс жерде бұйымдарды кептіретін қалқа орнатылған, оның қасында саз балшықты илейтін алаң болған. Мұндай шеберханаларда әдетте екі пеш болған: қыста жұмыс істейтіні бөлмежайға, ал жазғысы аулада орналасқан. Пештерді бұлайша бөлу (қысқы және жазғы) XVII ғ. кезеңіне жататын ірі шеберханаларда болғаны анықталды.

Қыш бұйымдарын жасайтын құралдар кейінгі орта ғасырдан жана кезеңге дейін қолданылған: ыдыстардың жиектерін тегістейтін саздан жасалған сынық (Отырарда сүйектен жасалғаны да кездесті) пышак, әртүрлі өлшемдегі санырауқұлақ тәрізді төстер, жылтырату үшін балқытуға арналған тастан жасалған ыдыстар, шыңылтыр ұнтақтайтын келсап.

Ортаазиялық және қазақстандық қалалардың қолөнершілері үшін ортақ нәрсе не?

Қолөнершілер арасында мүліктік жағдайларына байланысты ерекшеліктер болды, оған көптеген археологиялық мәліметтер арқылы көз жеткізу қиын емес: шеберханалардың аумағы, пештердің саны, бөлмежайдың интерьерінде қымбат құрылыс материалдарын пайдалану дәрежесі, айталық, оған күйдірілген кірпішті жатқызуға болады. XIII – XIV ғғ. орта кезіндегі қала шетіндегі шеберханаларды қазу кезінде олардың ірілері көзге бірден шалынады, ал басқа шеберханалар өзінің алатын аумағы жағынан үш есе кіші десе болады. Орталық төбенің аумағында тазартылған шеберхана өзінің көлемінің үлкендігімен қыш-құмырашының ауқатты болғанын байқатады.

Ірі шеберханалардың иелері бір немесе бірнеше шәкірттерді қосалқы жұмыс күші ретінде пайдаланған. XVI ғасырда Самарқанда қолөнер шеберханасында шебер («устан»), шәкірт («шагирд») және жұмысшы («коргард») болғаны белгілі. Шеберге тәлім алу мерзімін аяқтаған, өзіндік жұмыс істеу тәжірибесі бар көмекші шебер («халпа», «ширик», «зири-заст») бағынды. Осы орайда

XVII ғ. қыш жасаушылар орамының шеберханаларында отырарлық тұрғынжай үйлерге ұқсайтын тандыры бар бөлмелер болуы көңіл аудартады. Шәкірттер мен шебер көмекшілері осында тұрған сияқты.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қолөнершілердің цехтық ұйымдастыру принципі назар аудартады. Орта Азиядағы цехтар туралы алғашқы жазбалар XIV – XV ғғ. әдебиеттерінде кездеседі. Бірақ қазіргі заманғы зерттеушілерде одан басқа да пікірлер бар. А.Ю.Якубовскийдің пікірі бойынша, Орта Азия қалаларындағы қолөнершілер цехқа X ғасырдың өзінде-ақ біріккен<sup>1</sup>. О.Г.Большаков XII – XIII ғ. кезеңіне жататын Мервте қазылған шеберханалар шағын мануфактураға айналды, онда қосалқы жұмысшылармен бірге кемінде он адам жұмыс істеген деген пікір білдіреді<sup>2</sup>. С.Б. Лунина сол Мервтегі қазба жұмыстарының материалы бойынша екі шебер-қыш жасаушылардың серіктестігі (кооперациясы) болды деген болжам жасайды. Осы автордың пікірі бойынша, бірлесудің ондай нысаны цехқа өтудің баспалдағы болғанға ұқсайды<sup>3</sup>.

Отырардың кейінгі ортағасырлық шеберханаларын қазғандағы материалдар мұнда серіктестіктер мен цехтық бірлестіктердің болғаны туралы мағлұмат береді. Екі шебердің келісімі негізінде біріккен шеберханаларға ортақ тұйықжолдары болған, сол арқылы орталық көшелерге шығады. Мұндай жұп шебердің өзара туысқандық қатынасы болғаны сөзсіз (шебер-әкесі және бөлініп шыққан шебер – баласы). Қыш бұйымдары кәсібін зерттеушілер ондай ынтымақтаса еңбек етуде отбасылық сипат бар екендігін жоққа шығармайды. Бірақ Мервтегі сияқты екі шебердің өмір ағымына бейімделіп, ондай құрылысты салғанын да жоққа шығаруға болмайды.

Жұмысты неғұрлым жоғары дәрежеде ұйымдастыру – бұл цехтық нысанда болуы да мүмкін, XVII ғасырдың қыш бұйымдарын жасаушылар орамында байқалады. Жоғарыда айтқанымыз

<sup>1</sup> Қараңыз: Якубовский А.Ю. Феодалное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X – XV вв.//МИУТТ. Л., 1932. Ч.1.С.9,33.

<sup>2</sup> Қараңыз: Большаков О.Г. Город в конце VIII – начале XIII в.//Средневековый город Средней Азии. Л., 1973. С.132-357.

<sup>3</sup> Қараңыз: Лунина С.Б. Гончарное производство в Мерве // Тр. ЮТАКЭ. 1962. Т.II. С.303-418.

дай, үш пеші бар ірі шеберхана үш қожайынға тиесілі болуы мүмкін, бұлар, сірә, бірлесіп иеленушілер болса керек. Олардан басқа, ең кемінде екі отбасы екі шеберханадан иеленді. Біз қала орамындағы қыш бұйымдарын жасаушылар белгілі бір бұйымға мамандандырылған деген тоқтамға келдік. Бірақ XVII ғ. Отырарын зерттеу кезінде нақты орамға қатысты мамандану ішінара сипатқа ие болды. Қыш бұйымдарын жасау осылайша шоғырлануына қарамастан, олар қаланың басқа орамдарында да орналасты.

Қыш бұйымдарын жасаушылар орамына келетін болсақ, қолөнершілер бұл жерде цехқа біріккен, жақын кезеңге дейін сақталып келген «рисоль» цех жарғысы бойынша мұндай тәсіл белгілі. Бір мамандыққа жататын Хорезм қолөнершілерін «улпагор» деп атады, бұл «мамандық бойынша серіктестік» дегенді білдіреді. Цехтың басшысы цехтық жиналыста сайланатын «калантар» болды. Цехтың басшысын Ферғанада «баба» және «ақсақал» деп атау Самарқан мен Түркістанда да болды. Әдетте калантар қыш бұйымдарын жасаушылардың үстем табынан сайланды. Мысалы, Хиуадағы Каттабаг қыстағының калантары әулетінен келе жатқан ықпалды әрі бай Таджи-Палуан еді. Ол шеберлердің жұмысын бақылап, өндіріс техникасының дұрыс жұмыс істеуіне мән берді, қыш құмырашылардың ақсақалы ретінде базар саудасында сөз сөйледі, шеберлер мен қосалқы шеберлер арасындағы қатынастарды реттеді.

«Рисоль» жарғысымен бекітілген цехтық құрылым дәстүрі мен әдет-ғұрпы жүздеген жылдар бойы қалыптасты, оның кейінгі ортағасырлық Отырардағы қыш бұйымдарын жасаушыларда қолданылғаны даусыз нәрсе.

Керамикалық өнім жасайтын Отырар шеберханаларына жасалған талдау – ең бастысы сынған және жарамсыз керамика бұйымдарымен толтырылған шұңқырлардан табылған керамикалар, шала күйдірілген, күйдірілмей жасалған керамикалар шеберлердің мамандану барысын анықтауға мүмкіндік туғызады. Ол кейбір зерттеушілердің пікірінше, моңғол шапқыншылығынан бұрын болған.

С.Б.Лунианың<sup>1</sup> жазғанына қарағанда, X – XII ғғ. қыш бұйымдарын жасау кәсібінде мамандандырылу қарқынды түрде жүргізілген, оны мамандандырылған бұйымдар жасауға арнал

<sup>1</sup> Сонда.



ған қыш пештері дәлелдейді; қолөнершілердің бұйымдардың белгілі бір түріне баса назар аударуы және олардың еңбектерін мамандандыру ірі шеберханалардың ішінде жүзеге асты.

XIII ғ. аяқ кезі мен XIV ғ. басындағы Отырардың орам шеберханаларының бірінде барлық өндірістің 92 пайызын су таситын құмыралар мен құмандар құрайды. Ал екінші шеберхана орташа көлемдегі екі тұтқалы құмыралар мен шырақтар жасаған, үшіншісі — қалыпқа құйылған керамика, яғни құты, сондай-ақ жылтыратылған ыдыстар, төртіншісі — су таситын құмыралар мен жылтырақ керамикалар дайындаған.

Ыдыс өндірісінде қатар орналасқан екі шеберхананың кооперация құрған ізі байқалады, оның бірінде әдетте пеш орналасатын жерде арнайы ысытатын жүйесі бар бұйымдарды кептіру бөлмесі табылды. Демек, жасалған бұйымдар көрші шеберханаға апарылып, онда кептіріліп, сатылған. Керамика жасаушыларда аралық процестер болғанын этнографиялық материалдар дәлелдейді: құмырашылардың бір тобы жылтыратылмаған керамика жасаса, ал екінші тобы бұйымды өрнектеу, жылтырату, қалпына келтіріп пешке күйдіру жұмыстарын атқарған. Күйдірілмеген ыдыстар табылған мұндай шеберханалар басқаларына қарағанда мамандануға қатысты көп сыр шертеді.

Әрбір шеберханада негізгі өндірілетін өнім түрлерінен тыс, басқа да бұйымдар (сірә, өздерінің қажеттеріне болса керек) жасалған, оған жарамсыз деп тасталған және сынған бұйымдардың қалдықтары арқылы көз жеткіздік.

Шеберханаларда мамандандырылу процесі XVII ғасырда одан әрі жалғасты. Ірі шеберханаларда өнімнің белгілі бір түрлері шығарылды — су таситын құмыралар, екі тұтқалы құмыралар және хумдар. Кесе, пиала және тақсы (төрелке) тәрізді сырты жылтыратылмаған ұсақ бұйымдар шығаратын, ішінде пеші бар шағын шеберханалар ауладан табылды. Яғни ерте және дамыған орта ғасыр кезеңімен салыстырғанда қаладағы қыш бұйымдарының шеберлері жаңа уақыт талабына орай мамандандыруға ерекше мән берген. Мұндай құбылысты Орта Азиядағы қыш бұйымдары өндірісінің сипатына қарап білуге болады.

Хорезмде және Орта Азияның басқа аудандарында, зерттеушілер байқағанындай, өндірілетін өнім түріне қарай мамандану болған: біреулер ыдыс жасаса, ал екіншісі арықтарға құбырлар, үшіншісі тандырлар жасады. Ыдыс жасайтын шеберлер өз кезе-

гінде шағын жылтыратылған және үлкен пішінді бұйым жасаушылар болып бөлінді.

Орта Азияда барлық жерде жылтыратылмаған ыдыстар шығаратын және бұйымды жылтыратуды жүзеге асыратын маманданған шеберханалар болды. Риштан шеберлері арасында ақ және сарғыш түсте жылтыратылған ыдыстар шығарумен ерекшеленді. Ташкентте өнімнің белгілі бір түрін шығаруға маманданған орамдар болды.

Ортағасырлық қалада қолөнершілер мен саудагерлер арасында нақты айырма бола қоймағаны белгілі. Қолөнершілердің басым бөлігі өздерінің бұйымдарын шеберханадан базарға апарып сатты. Кейінгі кезеңде Хорезмде тауар өнімін шеберханада және базарда сату ішінара жүзеге асқан. Өнім көтерме сатып алушылар — «вафуруш» арқылы сатылды. XIII — XV ғғ. Отырар рабадының шеберханаларын қазу кезінде дайын өнімдердің артық қоры болмауы шебердің өнімін базарға апарып сатқанын білдіреді. Қала аумағындағы XVII ғ. шеберлер орамын қоныстанғандар тауарды шеберханада, есігі көшеге қараған дүңгіршіктер арқылы сатқан.

Ортаазиялық қазақстандық аймақта керамика өндірісінің жалпы даму үрдісіне сай кейінгі ортағасырлық оңтүстікқазақстандық қыш бұйымдарын жасау кәсібі XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, XV және XVI — XVII ғғ. кезеңіндегі қазба жұмыстарының материалдарына қарағанда, өндірісті мамандандыру қарқынды жүргізілген, олар цехтарға бірігіп, белгілі бір бұйым жасауға мамандану жолға қойылған (құмыралар, хумдар, тостағандар, саптыаяқтар, және т.б.).

Археологтар қазба жұмысы кезінде саздан жасалған ыдыстардың қалдықтарын табады, ал сирек те болса бүтін құмыралар, тостағандар, саптыаяқтар және басқа ыдыс түрлері табылады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұражайлардағы қыш сынықтары саздың бұйым жасауда ежелден қолданылып келе жатқан материал екендігін дәлелдейді. Оны саздан соғылған Римдік акведук, Қытай қабырғасы дәлелдесе керек. Афрасиаб шебері өзінің атақты ыдысын жасауда осы материалды таңдаған.

Археолог үшін табылған қыш ыдыстары тек керемет қолөнер туындысы ғана емес, сонымен бірге мәдени қабаттың кезеңін анықтауға мүмкіндік беретін белгі болып табылады. Керамиканың пішіні, мотиві және өрнектердің композициясы және т.б. сән мен талғамға сай өзгеріп отырған әрі ол этноспен, яғни тай-

памен, этникалық қауымдастықпен, халықпен тікелей байланысты.

Отырар алқабының керамикалық бұйымдары дегенді қалай түсінеміз?

Ыдыстардың түрлері әралуан. Бұл дәу хумдар, шағын құмыралар. Тұқым сақтауға, су құюға арналған үлкен хумдар алғашқы ғасырларда биіктігі 1 м, жұмыртқа пішінді, ернеуі сыртқа қайырылған болып келеді. Хумның сырты ангобпен, яғни ақшыл, қызғылт, қара-қоңыр, сарғыш түске боялып әбден иленген сазбен сыланды. Хумдардың мойыны мен қабырғаларында төгіліп аққан сырдың іздері көрінеді, бұл ырыстың мол болуына байланысты ырым екені анық.

Отырардың бірінші ғасырлар қабаттарында хумдардан басқа екі тұтқасы бар, не тұтқалары жоқ құмыралар кездесті. Ондай ыдыстардың бүйірі әдетте ирек не үзік сызықтармен безендірілген. Құмыралар өнім сақтауға, су тасуға және тамақ дайындауға қолданылған. Тамақ дайындауға арналған қыш ыдыстар жұмсақ сазға құм қосу арқылы иленіп жасалған, содан кейін оны «отқа төзімді» етті. Ондай иленген саздан ежелгі шеберлер қазан мен таба жасаған болатын<sup>1</sup>.

Құмыралар суға және сусындарға арналды: оның үлкендерімен су тасыды, ал шағындарымен дастарқанға су, сүт, шарап және басқа сусындар қойды. I мыңжылдық құмыраларына мойынына өрнек салу, тұзақ тәрізді тұтқа, ернеуінде құйылатын ойық тән болған. Оның сырты әртүрлі түсті, яғни қызыл, сары, қара, қоңыр, көк, жасыл түсті ангобпен қапталған. Көптеген құмыралардың иығында оны күйдіргенге дейін сызылып салынған белгілер бар: крест, свастика, айыр тәрізді белгі, ирек, шеңбер, үшбұрыш. Осылардың қандай сыры бар екендігі туралы ғалымдар әлі күнге айтпаса келеді. Бір зерттеушілер оны жын-періден сақтайтын белгі десе, екіншілер шебердің жеке өзіне қатысты дейді, ал үшіншісі — тапсырыс берушілердің таңбасы деген пікір білдіреді.

Отырар керамикасына жататын, Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы, Қаратау жоталарындағы ескерткіштерді қазу кезіндегі табылған керамика бір-біріне ұқсас десе болады. Отырар мен Ташкент алқабы кешендерін салыстырғанда, олардың өз-

<sup>1</sup> Қостөбе-Оңтүстік мекенін қазу кезінде түбінде тесігі бар тостаған табылды. Оны сүзбе дайындауға пайдаланған деген пікір бар.

ара ерекше ұқсастықтары анық байқалады, бұл Сырдария өңірін мекендеген тайпалардың туысқандығын білдіреді. Ыдыстарды зерттеу кезінде археологтар ғұндардың, қаңлылардың және басқа тайпалардың ыдыстарына тән қырларын «байқауға» мүмкіндік болды, ал мұның өзі тайпалар арасында сауда және экономикалық байланыстар болғанын дәлелдейді.

Отырар алқабының әртүрлі мәдени қабаттарына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған керамикаға мұқият жасалған талдау хронологиялық кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берді, олардың әрқайсысының өзіне тән өрнектері бар, ангобтарының түсі де әр алуан, ернеулері де, тұтқалары да ерекше болып келеді. Бірақ I мыңжылдық басынан VI ғасырға дейінгі кезеңде тұтастай алғанда, керамика ыдыстардың дәстүрлі типін, өрнегін, технологиясын сақтады.

VII – VIII ғғ. кезеңінде стильдің жаңа қырлары пайда болды, саптыаяқтар мен құмыраларды металл үлгідегі бұйымдар тәрізді дайындауға мән берілді. Сол кезең үшін мұндай жаңалық түркі тайпалары жаулап алған Азияның орасан зор аумағына кеңінен таралған жаңа сән ағымдарымен байланысты болды. Қыш бұйымдарын жасайтын шеберлер арзан да қолайлы саздан ақсүйектер қолданатын алтыннан, күмістен және қоладан жасалған ыдыстар үлгісінде бұйымдар жасауға күш салды. Сөйтіп, сақиналы қабырға тәрізді, металдан жасалған әдемі саптыаяқтардағыдай тұтқалы, қызыл ангобпен қапталған, үшбұрышты құйғышы бар құмыралар пайда болды. Осы кезеңге бұрынғы құмыраларды, саптыаяқтар мен қақпақтарды безендіру стилімен салыстырғанда өзгерістер тән. Ыдыстарда белдеу, шырша, жартылай доғал, иілген және тіке сызықтар түрінде өткір ұшпен сызылған геометриялық өрнек неғұрлым нәзік салынды.

VII – VIII ғғ. кезеңіне жататын Отырар керамикасының Соғды керамикасымен ұқсастығы ұзақ уақыт бойына (сондай-ақ сәулет пен материалдық мәдениеттің басқа да элементтері) соғдылықтардың отарлық саясатымен түсіндіріліп келді. Археологиялық материалдар Жетісудың, Шаш, Соғды мәдениеттерінің байланысы туралы, белгілі бір үлгідегі қыш бұйымдарының ұқсастығы туралы айтуға жол ашады. IX – XII ғғ. кезеңінде бұл принцип керамика өндірісінде одан әрі дами түсті, ыдыстар негізінен қыш бұйымдарын жасаушылар арқылы дайындалды, оның ішінде ондай қолөнердің неғұрлым дамыған түрлерін талап ететіндері


болды: хумдар, құмыралар мен су таситын құмыралар. Хумдардың ернеуінің пішіні өзгерді, ол бұрынғыға қарағанда ұзарды, саусақтар ізі тікесінен тартылған. Ангоб бояуының түсі қызғылт болды, бүйірінде аққан бояудың ізі жатыр. Құмыралардың иықтары толқынды сызықтармен өрнектелді. Құмыраның тұрқы шеңберлі немесе алмұрт пішінді күйінде қала берді. Иmek тұтқа кеңінен тарайды.

Осы кезеңге жататын отырарлық олжалардың ішінде құмыралардың тұрқы сопақша келген, иықтары көлбеу, мойны тік, тұтқасы бар немесе тұтқасыз түрлері кездесті. Мұндай ыдыстар сазға құм араластырылып иленіп жасалған, сынған жерінің түсі кара болады. Дастарқанға тамақ қоюға арналған қыш ыдыстар түрлі түске боялған. Асүй ыдыстары сырт жағынан қызыл ангобпен қапталған, жартылай доғал, қалып таңбамен, фестонмен, солярлық белгілермен жасалған әшекейлері бар (әдетте ондай өрнектер өзара үйлесімде болады). Құмыралар тегіс және жартылай дөңес әртүрлі қақпақтармен жабылды, ондай қақпақтардың ұстайтын жері саңырауқұлақ пішінді немесе тігінен орналасқан болып келеді, таңбалармен, оюлармен, жапсырмалармен безендірілген. Қақпақтардағы өрнектің элементтері әралуан, олардың үйлесімділігі де әртүрлі: жапырақты ирек сызықтар, геометрияландырылған жапырақтары бар гүлдер, ромбылар, солярлық белгілер салынған шеңберлер, қырлы бұдырлар, бұтақтар, жартылай доғалар...

Конус тәрізді тұғыры бар, диаметрі 50 см болатын дөңгелек пішінді дастарқан (ас ішетін үстел) сияқты өзіндік ерекшелігі бар заттар жиі кездесті. Үстелдің «бет жағы» тегіс, таңбалармен, жапсырмалармен және ойып салатын өрнекпен әсем безендірілген. Дастарқандар ортағасырлық үйдің бетке ұстар мүлкінің бірі болды: дастарқан қырынан қабырғаға қойылғанда үйдің ішін өзінің әсемдігімен жайнатып, сол үйге құт пен береке дарығанын білдіретін болған.

XI – XIII ғғ. қабатынан кара, кара қоңыр, қызыл және қызғылт минералдық бояулармен өрнектелген ыдыстар көп табылды. Әсіресе құмыралар сан түрлі өрнекпен әшекейленген: карапайым өрнек – көлбеу сызықтар, жақшалар, дақтар; ал күрделісі – соляр белгілері, S – пішінді белдеулер, шиыршықтар, ширатылған сызықтар, фестондар. Әдетте өрнек ыдыстардың иықтары мен мойнына, сондай-ақ тұтқасына салынады. Осы аталған кезеңге

жататын мұндай ыдыс Қазақстан мен Орта Азияның көптеген қалаларын қазған кезде табылды. Керамиканы зерттеушілер мұндай керамика қалаларда емес, шағын қоныстарда жасалып, қала базарына әкеліп сатылған деген пікір айтады. Бірақ Отырардағы «ауылдың өнімдері» жақын маңдағы ауылдардан тұрғындардың қалаға келуіне орай демографиялық жағынан өскендігін дәлелдейді.




Жылтыратылған керамика үлгілері. X – XI ғғ. (Отырартөбе)

IX ғасырдан бастап және X ғасырда Отырардағы керамика шеберлерінің шығармашылық ізденістері шыңылтыр қолданумен байланысты болды<sup>1</sup>, ол бұйымның беріктігін күшейтіп қана қойған жоқ, сонымен қатар жаңа әшекейлеу мүмкіндіктеріне де жол ашып берді. Ең алдымен «ишкорлық» (сақарлы-сілтілі) шыңылтыр пайда болды. Шеберлер оның онша берік еместігін біліп, шыңылтырлаудың жаңа құрамдарын іздей бастады. Оны тапты да. X ғасырда ашық түсті қорғасын және күңгірт қалайы шыңылтырлар көптеп қолданыла бастады.

Қорғасынды шыңылтырмен өрнектеу технологиясы шыңылтыр (глазурь) астындағы бояулармен – темірдің, мыстың, қалайы-

<sup>1</sup> Орта Азия қалаларында шыңылтырлы керамика өндірісі ерте кезде – VIII ғасырдың аяғында пайда болды.

ның, күмістің тотықтарымен үйлесімде болуына негізделді. Тотықтарды күйдіру кезінде өрнектелген және оюлап бедер салынған бұйымның сырты боялды, оның түстері де әртүрлі болды: қызыл, жасыл, сары, қоңыр, бұл жарқылдаған ашық шыңылтыр астында жалтылдап тұрды. Шыңылтыр мен бояу ойып салынған суреттің ойығына барып ұйып, неғұрлым қою түсті реңк берді.



Жылтыратылған керамика үлгілері. X – XI ғғ. (Отыртөбе)

Өрнектің әралуан элементтері (әртүрлі стильмен салынған өсімдік сабақтары, геометриялық пішіндер, араб қарпінің стильдендірілген әріптері, зооморфты және антроморфты бейнелер), оюлап бедер салу, түске бояу – осының бәрі бұйымның көркемдік деңгейіне деген талғамды күшейте түсті.

Егер жылтыратылған керамиканы ою-өрнектің ерекшелігі тұрғысынан қарайтын болсақ, онда XI – XII ғғ. үшін оның күрделілене түскенін байқаймыз. Жоғарыда аталған мотивтерден басқа, мағыналы өрімдер, меандрлар, жапырақтар қолдану жиіледі. Осы кезеңге тән заттың бірі отырарлық олжа – шыңылтырланған табак, оның түбінде розетка салынған, оны суреттен көресіздер. Өрнектің осындай табактарда орналасуы горизонталь белдеу түрінде және бөліктерде болуы мүмкін.

Жануар, құс, адам бейнелері салып безендірілген тостағандар сирек те болса кездеседі. Ондай өрнегі бар керемет табак Құйрықтөбеден табылды: жасыл және қызыл бояулармен салынған қырғауыл суреті ақ түстің үстінде бейнеленген. Схемалық суретте түбінде адамның беті түрінде суреті бар соған ұқсас табак көрсетілген.

Шыңылтырланған бұйымдар арасында жасыл және қоңыр түске боялған жылтыратылғандары кездеседі. Шыңылтырлармен әртүрлі өлшемдегі тостағандар, табактар, легендер, тәрелкелер, шырақтар безендірілген.

X – XII ғғ. кезеңінде Отырарда сонымен қатар кері таңбалану әдісімен таңбаланатын өрнек композициясы бар арнайы қалыпта дайындалатын көркемдік деңгейі жоғары қалыпқа құйылған (штампталған) керамика өндірілді. Мерв қаласы мен Оңтүстік Түркістан ыдысты қалыпқа құйып шығарудың орталығы болғаны белгілі, онда оған мамандандырылған қолөнер шеберханалары болды. Сондай керамиканың үлгілері Отырартөбеден қыш дайындайтын пешті қазу кезінде табылды. Демек, бұл жердің өз өндірісі болған. Мұндай бұйымдарды дайындау технология жақсы дамыған жағдайда ғана жүзеге асады, бұл орайда сазды таңдау және иін қандыра илеудің маңызы зор (тек осындай дайындалған саз ғана қалыптың барлық ұңғыл-шұңғылын толтыра алады), сонымен қатар пеште жоғары температура ұстау, оны бірқалыпта ұстау асқан шеберлікті қажет етеді (бұйым күйдіру кезінде деформацияға түсуге тиіс емес).

Қалыпқа құйылып дайындалған ыдыстың сыртына кейде қоңыр немесе жасыл түсті жылтырақ қапталды. Мойыны жіңішке



құмыраның сынығы табылды, оған қарап-ақ бұйымның ғажаптығына таңғаласың. Бұл ыдыстың жоғарғы бөлігіне трапеция тәрізді пішінде үш жапырақтылар қатары жүргізілген, бұл ұсақ сегіз жапырақты гүлмен үйлесім тапқан. Құмыра қою қара қоңыр түсті реңкпен жылтыратылған.

Отырарда люстр өрнегі салынған тостаған сынығы да табылды. Бұл өрнек түрі бояудың басқа құрамдармен, оның ішінде мыспен, күміспен, алтынмен, жүзім қышқылымен және т.б. қосылысын қалпына келтіруші күйдіру нәтижесі болып табылады. Алтынның барлық реңкін бойына сіңірген люстр шыңылтыр астынан сәуле шашып тұрады, бұл ондай тостағанға немесе құмыраға ғажайып сән береді.


Табылған жылтыратылған ыдыстардың ерекше тобын дәстүрлі пішіндегі шырақтар құрайды (тұзақ түріндегі тұтқасы бар, ұзынша келген сыйымдылығы бар). Тұтқасында ұстауға оңтайлы болуы үшін жалпақ шығыңқы жері бар түрлері де кездесті, табаны сопақша, дөңгелек, тікбұрышты немесе үшбұрышты пішінде болады. Шығыңқы тұсының сырт жағы қалыптың таңбасымен безендірілген, онда анардың гүлі немесе дәнінің бейнесі, геометриялық белгі, аңның немесе құстың суреттері. Айта кетелік, шырақтардың бірінде мойнын бұрып артына қарап тұрған киіктің бейнесі бейнеленген...

IX – XIII ғғ. керамикасы туралы айтқанда, осы кезеңде қыш бұйымдарын жасау деңгейі дамудың жоғары дәрежесіне жетті. Бұл Сырдарияның орта ағысындағы қалаларда экономика мен мәдениеттің даму деңгейіне сәйкес келді. Моңғол шапқыншылығынан кейін колөнердің бұл түрі ұмытыла бастады, талай жылдар бойы қалыптасқан шыңылтыр мен бояулардың құпия сырлары жұмбақ күйінде қалып қойды.


XIII – XIV ғғ. Отырар қабаттары дәстүрлі жылтыратылмаған керамиканы сақтап қалған: хумдар, құмыралар, тостағандар, бұл ыдыстардың сырты қызыл ангобпен қапталған, таңбалармен, ойып бедер салумен, жапсырмалармен безендірілген. Бірақ бұл кезеңде оның алдындағы кезеңдегідей керамиканы безендіру дәстүрі азая бастаған, ал XIV ғасырдың аяқ кезінде біртіндеп жоғала бастайды.

Осы аталған кезеңдегі Отырардың жылтыратылған керамикасы басқасына қарағанда әдемі келеді. Жасыл, сары және көкшіл жартылай ашық түсті шыңылтырмен безендірілген әдемі бұйым-

дарда жасыл, қоңыр, сары, көк бояулармен салынған өрнектер бар. Жасыл және қызыл шыңылтырмен қапталған ыдыстарда шыңылтыр астында қоңыр-қошқыл ангоб болған, оған суреттер салынған.



XIII – XIV ғғ. жылтыратылған керамика үлгілері. (Отырартөбе)



ХІІІ – ХІV ғғ. жылтыратылған керамика үлгілері. (Отырартөбе)

Әдетте өрнектер қарапайым болып келеді: сопақша, өрілген, сегіздік тәрізді пішіндер. Сары түспен жылтыратылғаны, ашық түсті ангоб үстіне салынған өрнегі бар керамикада геометрия-

лық пішіндер аса дәлдікпен салынған: диагонали бойынша нәзік сызықтар, үшбұрыштар, ромбылар, нүктелер, сызықшалар. Қызғылт түспен жылтыратылған, қоңыр бояу үстіне ақ бояумен өрнек салынған керамика да кездесті, сұрғылт түсті шыңылтырлы ыдыста табылды. Кәдімгі тостағандардың бір жағы жасыл түспен, екінші жағы қоңыр шыңылтырмен безендірілген. Көк түспен жылтыратылғандары қара бояумен және ойып өрнектеу әдісімен үйлесім тапқан.

Біз айтып өткен жылтыратылған керамика үлгілері жергілікті жерге тән құбылыс, оған Сырдария жазықтары мен Қаратау жоталарындағы қалалар жатады.



ХІV – ХV ғғ. құмыралар. (Отырартөбе)


ХІV – ХV ғғ. кезеңінде Отырар алқабында керамика қалыпқа құйылған өрнекпен дайындалған, бұл үшін арнайы қалып қолданылған. Қалыппен жасалған бұйымдардың бірі – құмыра өрнегінде ер-тұрманы бар аттар мен қабыландар сияқты «тылсым құпиясы» бар сюжет бейнеленген. Аттың ерінде сұңқар отыр. Жапырақша, сызықтар тәрізді және басқа да өрнектермен көмкерілген. Құмыра Отырартөбедегі қыш бұйымдарын жасайтын шеберханалардың бірінен табылды.

XV – XVI ғғ. кезеңінде қаланың жалпы өркендеуі қыш бұйымдарынан, әсіресе жылтыратылған ыдыстардан байқалады. Сырты жылтыратылмаған керамика түрлері бұл кезде біршама қарабайырлана түседі: бұрынғыша хумдар, әртүрлі сыйымдылықтар, құмыралар, қыш ыдыстары, тостағандар көп кездеседі. Саздан жасалған қазандар да бар. Қыш бұйымдарын дайындаушылар тандыр жасау өндірісіне де мән берген, бұл жоғарыда айтқандай, әмбебап сипат алған: ол әрі пеш, әрі наубайхана ретінде қолданылған. Тандырлар бөліктей саздардан жолақ түрінде жапсырылған, сосын оларды біріктірген, ал қосылған жіктері мұқият сыланған. Оны арнайы қыш пешінде күйдірген, оны жасаушылар өндірістің бұл түріне маманданған. Тандырдың басты бөлігінің бірі саздан жасалған қақпақ болып табылады. Оның қарапайым безендіруінен шебердің бірсарындылықтан арылғысы келгені байқалады, қақпақтардың жиектері мен үстінгі жағында ойықтар, бастырмалар, таңбалар өзара үйлесім тапқан. Осы кезеңде жапсырылған құлақтары бар шағын құмыралар кеңінен таралған, яғни алғашқы ғасырларда кездесетін ыдыс түрі кезінде ұмытылып, кейін жүздеген жылдан соң қайтадан тұрмыста қолданылған.


Жылтыратылған керамика – тостағандар, тәрелкелер, табактар және тагорлар – ашық түсті шыңылтырмен қапталған, көк, көкшіл, кейде жасыл реңктері кездеседі. Біркелкі және әртүрлі өрнектер қоңыр, марганец, күлгін, кара, кейде қызыл бояулармен жасалған. Ішкі жағы бір түсті бояумен, ал сырты екі түсті бояумен боялған бұйым өзінің әдемілігімен көз тартады. Көптеген ыдыстар көк (кобальт) түспен өрнектелген, бұл Қытайдан келген фарфор бұйымдарына еліктеп жасалған тәрізді, ал ондай керамика Орта Азияда XV – XVI ғғ. кезеңінде кеңінен таралған. Өрнектер геометриялық (крест, ромб, торша), өсімдік бейнелі және эпиграфиялық сипат алады. Өсімдік бейнеленген өрнектер өзінің әралуан түрімен қызықтырады: стильдендірілген өсімдік сабақтары, ширатылған түрлері, «ботаникалық мотивтегі» өсімдіктердің, гүлдердің суреттері. Бұтақтар мен ағаштар түріндегі эпиграфиялық өрнек әсерлі безендірілген. Тостағандардың, табактардың безендірілуінде өрнектің әралуан түрлері өзара үйлесім тапқан.

XV – XVI ғғ. кезеңіндегі Отырар керамикасының Ташкенттің, Самарқанның, Үргеніштің, Бұхардың керамикаларымен ортақ тұстары көп. Бірақ жергілікті қолтаңба ерекшеленіп тұрады, бұл әсіресе тостағанның түбінде тамға тәрізді салынған өрнек арқылы байқалады. Ондай белгілер бұйым жасалғаннан кейін күйдіріл-

мей тұрып ыдыс қабырғаларының төменгі бөлігіне және тұғыр-табанына жырып салынған. Ыдысты жасаушы шебердің өзінің рулық белгісін салуы да мүмкін, немесе бұл жай таңба болуы да ғажап емес, бұл қаланың қолөнер шеберханаларын иеленетін ірі феодалдың белгісі болуы да мүмкін.



Өрнегі бар керамика. XVI ғ. аяғы – XVII ғ. (Оттырартөбе)



Өрнегі бар керамика. XVI ғ. аяғы – XVII ғ. (Отырартөбе)

XVII – XVIII ғғ. керамика бұйымдарында XV – XVI ғғ. дәстүрі сақталған деуге болады, бірақ жылтырату сапасы одан әлдеқайда төмен: сұр немесе көк шыңылтыр қолмен ұстап қарағанда кедір-бұдырлау екені байқалады. Марганецпен немесе кобальтпен жасалған өрнек элементтері негізінен біртекті болып келеді: аморф-

ты дақтармен, шиыршықтармен үйлесімдегі толқынды сызықтар топталып та, жекелей де салынған. Біздің заманымызға жеткен тостағандағы өрнек үлкен қызығушылық туғызады. Тостағанның ішкі бетінде мақта бүрінің жапырағы, өрілген өсімдік сабақтары бейнеленген. Түбі иректермен толтырылған, ал дәл ортасында гүлдің суреті салынған. Отырар қыш бұйымдары ғылым үшін бағалы материал екендігін көріп отырмыз, сол арқылы біздің ата-бабаларымыздың рухани әлемін тереңірек түсінуге, олардың қандай кәсіппен айналысқанына, талғамына, ой-қиялына, өмір болмысына көркемдік тұрғыдан түсініктеріне үнілгендей боламыз.

### ҚОЛӨНЕРШІ ШЕБЕРХАНАЛАРЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ



Қыш құмыра жасаушылар Отырардың тек бір ғана, өте ірі қолөнершілер тобын құрады. Тұрғындардың қолөнерге мамандануын зерттеу кірпіш өндірушілердің, әйнек жасаушылардың, ұсталардың, мыс зергерлерінің, сүйектен бұйым жасайтындардың шеберханалары болған деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай тізімді нан пісірушілер, мата тоқушылар деп те толықтыра беруге болады. Кейінгі кездегі Отырар өзінің құрылыс-жобалау ерекшеліктерімен, әлеуметтік және қолөнер құрылымының дамуымен ерекшеленеді.

Отырардың қала маңын қазу кезінде біздің назарымызды кірпіш күйдіретін шеберхана аударған еді. Сірә, ол айналасына орналасқан құрылыстардың орталығы болған тәрізді. Кейіннен белгілі болғандай, шеберхананың айналасында тұрғынжай және өндірістік ғимараттар орналасқан.

Шеберхананың салынған кезінен бастап XIII ғ. екінші жартысы және XIV ғ. ортасы аралығында үш құрылыс кезеңі қалыптасқан. Жөндеудің іздері де көрініп тұр, бірақ шеберхананың ортасында тұрған кірпіш күйдіретін пеш барлық уақыт бойы жұмыс істеген.

Қазба жұмысының суретінде осы пештің күйдіру оттығы жақсы көрінеді.





Кірпіш күйдіретін пеш жобасы мен қимасы.  
XIII ғ. 2 жартысы – XIV ғ. ортасы. (Отырартөбе)

Жүргізілген зерттеу оның өлшемдерін анықтауға мүмкіндік берді. Пеш екі қабатты, тікбұрышты жобада жасалған. Сыртқы жиегі бойынша оның өлшемі 5,7x7,7 м. Оттық камера (2,9x4,7 м) күйдірілген кірпіштен қаланған<sup>1</sup>. Оттық 5 аркамен бөлінген. Еден деңгейінен арканың тұрқына дейінгі пештің биіктігі – 2 м, аркалардың арасында қосылыстармен бөлінген ауа үрлеуіш сақталған. Оттық бойының ұзындығы бойынша, ортасымен күйдірілген кірпіштен жасалған түтін өтетін науа жүреді. Ол тігінен орналасқан төрт мұржамен қосылған. Бұлар сонымен бір мезгілде пештің температуралық режимін реттеуге қызмет еткен. Мұржаның жоғарғы бөлігі қатты күйген, бүлінген, сөйтіп ескі каналдар жана-сымен ауыстырылып отырған. От жағатын оттықтың ұзындығын (5,5 м) және енін (4 м) өлшеуге мүмкіндік болды. Ал биіктігін тек болжауға ғана болады. Күйдіретін камераның биіктігі 3,5 метрге жетеді деп есептеледі.

Пештің батыс жағынан бөлмежайлардың екі қатары жалғасады. Пешке жақын тұрған қатар бөлмежай үш өзара байланысты өтпе жолдармен бөлінеді, оның бірінің еденінен жерошақ табылды. Ал қалған екеуінде ірі шаршы кірпіштен төселген еден сақталған, оның ортасында су ағатын құрылым – ауызы бар ташнау орналасқан. Ол күйдірілген кірпішпен жабылып, ортасында ойық жасалған. Бөлмежайлардың келесі қатары да үшеу, сақталуы нашар: оның екеуінде сәкілер орналасқан, оған тандырлар жасалған. Оның бірінің көмейіне темір қазан орнатылған. Бұл құрылыстар өндірістік процеске тікелей қатысты екендігін аңғару қиын емес.

Пештің сол жағында екі бөлмежайдан тұратын үй бар: оның бірінде тандыр бар, тұрғынжай болған, ал екіншісі қосалқы міндетті атқарған, онда қамба орналасқан.

Кірпіш күйдіретін шеберхана кешеніне Орта Азия мен Қазақстанда бірінші рет толықтай осында қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазба жұмыстары кезінде табылған неғұрлым ерте кездегі теңгелер XIII ғ. екінші жартысына, ал кейінгілері XIV ғ. орта кезеңіне жатады. Теңгелердің көпшілігі XIII ғ. үшінші ширегінде шығарылған. Керамика, 12 мүшелік жануарларға бөлінген бейнелері бар Қытай айнасы, қапсырма, тоғалар, осы жерден табылғанның

<sup>1</sup> Өлшемі: 24x24x5 см; 36x36x8 см.

бөрі XIII – XIV ғғ. кезеңіне қатысты. Осы заттарға қарап, пештің құрылысының қай кезде салынғанын болжауға болады.

Отырардың пеші тәрізді түрлері зерттеушілерге белгілі. Осы кезеңнің соған ұқсас пештері Самарқандағы қазба жұмыстары кезінде табылды. XIV ғ. аяғы – XV ғ. басына жататын Хорезмдегі Талайхан-ата керуен сарайының пеші Отырар пешіне ұқсас келеді.

XIII – XV ғғ. кезеңімен белгіленген тағы да үш кірпіш күйдіретін пеш Отырардың маңындағы әртүрлі қоныстарда қазба жұмысы кезінде табылды. Оларға ұқсас келетіндер өте көп: бұл Сарайшықтан табылған XIII ғ. пеші, сондай-ақ Мервтегі XIII – XIV ғғ. пеші және Орта Азияның басқа да қалаларынан кездесетін пештер.

Қазба жұмыстарының объектілерін өзара салыстыру кезінде пешті жасаудың жалпы принципін атап өтуге болады. Олардың бәрі де екі қатарлы, оттығы бар аркалық құрылымдармен жабылған, бұл оттықтың (пештің от жағылатын кебежесінің) рөлін атқарады. Түтін күмбездегі ойық арқылы немесе арнайы жасалған мұржа арқылы шығарылған. Аркалардың жоғарғы бетінің әртүрлі жалпақтығы әртүрлі пішінді кірпіш алуға мүмкіндік жасайды. Мәселен, шеберхананың пешінде стандартты өлшемдері 22-25x22-25x4-5 см кірпіштермен қатар ірі өлшемдегі – 40x40x5 см түрлері күйдірілген. Түтін шығарылатын жүйенің күрделі құрылымы және жылу реттегіш жүйе осы пештерде жылтырақ құрылыста пайдаланатын жылтыратылған жұқа кірпіштер мен тастақталарды күйдіруге де қолданылған.

XIII – XV ғасырларда кірпіш күйдіретін пештер мен шеберханалар өте көп болған, оны кейінгі ортағасырлық Отырардағы құрылыс жұмыстарының ауқымы дәлелдей түседі.

Қазақстан мен Жетісу қалаларынан табылған шыны бұйымдары X ғасырға жатады. Осы кезеңнен бастап, XIII ғасырдың басына дейінгі уақыт аралағында шыны бұйымдарының түрлері мен жиынтығы ешқандай өзгермеді десе болады. Орта Азияның әртүрлі аудандарында дайындалған шыныға ұқсас әйнек те табылды.

Шыны бұйымдарының басым бөлігі еркін үрлеу әдісімен жасалса, ал аз ғана бөлігі пішінге құю арқылы дайындалған. Пішінге құйылған ыдыстың қабырғаларында және түбінде «ара қанатты» шоғырланған сызықтар, жапырақ тәрізді әшекейлер салынған;

үрлеу әдісімен жасалған ыдыста шыны сызықтары мен жолақтары, бедерлі мойнақ түрінде әшекейлер бар, ішінара әралуан түсті шыны дәнекерімен безендірілген.

Шыны бұйымдарының көптеп табылуы ортағасырлық қалаларда шыны өндірісі жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді және ол тұрғындардың әртүрлі бөліктерін қамтамасыз еткен. Бұйымдарды топтастыру ыдыстарды бірнеше негізгі түрлерге бөлуге мүмкіндік береді: мойын жағы бірден жіңішкеретін, тік ернеулі, дөңгелек ұзын тұрқы бар кіреңке тәрізді ыдыстар; көзелердің бірнеше түрлері күңгірт-жасыл, қызғылт немесе қаракөк түсті жүргізілген сызықтармен безендірілген мөлдір жасыл не көкшіл әйнектен жасалған; ортаазиялық қалалардың материалдарында кездесетін графиндердің тік параллельдері өте жиі салынған; құмыралар да көзе тәрізді кеңінен таралған; тостағандар, түбектер, бокалдар және саптаяқтар, рөмке тәрізді ыдыстар, құтылар.

Ал шыны тостағандардың өзі қандай болған?

Оларға тән белгі – қабырғалары аласа, ал ауыз жағы кең болады. Кейбірінің қабырғалары сырт жағынан кеңейеді немесе іш жағы тарыла түседі немесе күрделі пішінді болып келеді. Шахмат тәртібімен орналасқан ромбылар немесе сопақша бейнелер түрінде әшекейленген тостағандар да бар. Бұған ұқсас тостағандар Ниса және Өзкенттен табылған шыны ыдыстар коллекциясында кездесті. Мұндай ыдыстар Хульбук қаласының материалынан да белгілі.

Шыны бұйымдарының ең көп тараған түрлерінің бірі – гигиеналық ыдыс түбек болып табылады. Оның бірі суретте келтірілген. Мұндай заттар Хорезмде Шах-Сенем қаласының XII – XIII ғғ. басына жататын қабатынан табылды.

Көзелер мен саптаяқтар цилиндр немесе тұрқы шар тәрізді тік жұқа қабырғалы түрінде кездеседі. Саптаяқтардың көзелерден ерекшелігі оның бүйірінде тұзақ тәрізді тұтқасы бар. Қабырғалары ромбы, сопақ бейнелер, алтыбұрыштар түрінде безендірілген. Пішінге келтіру үшін үрлеген кезде әйнек бұйымының түбінде ширатылған немесе дөңгеленген өрнектер салынады, ондай бұйымдар Шашта, Самарқанда, Қарабұлақта және басқа Орта Азия қалаларында бар.

Рөмке тәрізді цилиндр пішінді, аяқтары бар жұмсақ абристі ыдыс Нисада, Өзкентте, Кузада табылған сондай бұйымдарға ұқсайды.

Шыны жасаушы шеберлер құты тәрізді шағын бұйымдарды да жасаған. Қазба жұмыстары кезінде мұржа тәрізді мойны бірте-бірте кеңейіп, дөңгелек пішінге айналып, одан кейін түп жағына қарай қайтадан тарылған бұйымдар табылды. Бұйымдардың мұндай түрі ортағасырлық қалалардың көбіне тән.

Шыны бұйымдарының сирек кездесетін түрлері – көкшіл қалың әйнектен жасалған фероконус және аламбикалар – буланатын заттарға арналған түтік-шығарғышы бар қалпақша түріндегі алхимиялық ыдыстардың сынықтары түрінде белгілі. Аламбикалар – ортағасырлық қалалардағы кешенді шыны бұйымдарының жиі табылатындарының бірі.

Шыны жасаушы ыдыстан басқа шағын дискілер түрінде терезе әйнегін де дайындады.

Кейінгі ортағасырларда қалаларда шыны ыдыс өндіретін шеберханалар бұрынғыша жұмыс істеді, онда жасалған ыдыстар түстерінің өте бай болуымен ерекшеленді, яғни әртүрлі реңктегі жасыл түстен көкшілге, көкке, қызылға, сарыға және қарақоңырға дейінгі түстерді қамтыды. Бұйымдардың ассортименттері де барынша көп болды: саптаяқтар, тостағандар, көзелер, рөмкелер, графиндер. Жиі кездескен заттардың бірі – саңырауқұлақ тәрізді қақпақтар. Бұйымдардың бөлігі әйнекті пішінге сәйкес үрген кезде пайда болатын бедерлермен безендірілді, бұған шеңберлер, ромбылар, бедерлі сызықтар, иректер, манжеттер жатады. Оны осы әйнектің түсімен немесе басқа түспен жүргізген. Мұндай бұйым ақ әйнектен жасалған түрлі түсті эмальмен әшекейленген әдемі импорттық көзе (графин) болып табылады, ол суретте көрсетілген.

Тұтастай алғанда, XIII – XV ғ. бірінші жартысы кезеңіндегі шыны ісін сипаттай келе аңғарғанымыз – бұрынғы өткен кезеңмен салыстырғанда шыны бұйымдардың, әсіресе ыдыстардың саны азая түскенін байқауға болады.

Сонымен қатар, шыныдан жасалған ұсақ заттар туралы да айта кеткен жөн. Бұлар – әшекейлер: әйнек көздері бар білезіктер, алуан түрлі шыны желілерінен жасалған білезіктер, моншақтар, ұсақ моншақтар. Әсіресе жиі кездесетін бұйымдар ішінде жұмыр немесе цилиндр тәрізді көк немесе көкшіл бұжыр шыны тәрізді заттан жасалған әйнек моншақтар. Шиенің үлкендігіндей кедір-бұдырлы жұмыр моншақтар да кездеседі. Әртүрлі түсті әйнектен жасалған, өрнектері, тармақтары, геометриялық пішіндегі мон-

шақтар өте көп табылды. Ортасындағы ірі моншаққа орнатылған ұсақ моншақтан шоқ етіп жасалған бұдырлы моншақтар кездесті. Табылған заттардың коллекциясында сондай-ақ жасыл, сары, қызыл және алқызыл түсті әйнектен жасалған ұсақ моншақтар да бар.

Отырарға, Түркістанға жүргізілген қазба жұмыстарының материалдары бойынша, XVI – XVIII ғғ. шыны өндірісінің өнімі, оның ішінде ыдыс жасау күрт қысқарып, қолөнердің бұл түрі құлдырау кезеңін басынан кешкені байқалады.

Отырар алқабы қалаларынан табылған заттар ұсталық өнердің мән-жайын анықтауға жол ашты. Бұл қалалықтардың арасында кеңінен тараған қолөнердің бір түрі еді. Қала ұсталары әдетте жеке орамдарда орналасты (ондай орамдар Термизде табылды). Жазба деректерде Мервтегі және Нишапурдағы ұсталар базары туралы айтылады.

Белгілі болғандай, темір рудасы оны өндірген жерде өңделді, сонда металды балқыту жүзеге асты. Ұста дүкеніне темір қожтемір, иленген өнім және темір сынықтары түрінде түсті. қожтемірдің (криц) екі түрі болды. Құрамы жағынан біртекті емес, арнайы қожтемір (криц) деп аталатын түрі металл құймасының қождармен (шлакпен) қатты ластанған түрі – бұл әлі шикізат күйіндегі материал. Ондай қожтемірді қосымша өңдеу керек, яғни одан қожды шығарып, темір кесегін балқытып бөліп алып, оны қақтауға келетіндей күйге түсіреді. Яғни, қайталама қожтемір алынады. Ал бұдан жартылай фабрикаттарды, біліктерді жасауға болады. Осылай өңделген темірден бұйымдар жасалады. Міне, осындай қожтемірлер Құйрықтөбе қаласының ұста дүкенінен табылды. Мұның өзі темір соқпасының көлденең қимасы, олардың арасында металдың сапасын анықтау үшін жасалған шапқан жерлердің ізі байқалады.

Шеберханалар нашар сақталған, сол себепті оның құрылысын анықтай қою оңай емес. Дегенмен, Құйрықтөбеден табылған және XIII – XV ғғ. бас кезіне жататын металлургиялық шеберханаларда металлургтердің қазылған орамында арнаулы тандыр тәрізді пештерде қожтемірді қайта балқыту және оны арнайы темірге айналдыру жүзеге асқан, ал мұның қалай жасалғанын болжап білуге болады. Сонымен қатар, XVI – XVIII ғғ. темір балқытатын пештердің қалдықтары мен қожтемірдің табылғаны мәлім (ондай материалдар Отырарда, Бұзықтөбеде, Қауған-атада, Сығанақта табылды).

Қожтемір дайындау әдісі өте қарапайым. Тайыз шұңқырға шикі құрамды (шихтаны) – ағаш көмірі мен темір рудасының қоспасын салады, содан кейін оны алдын ала өртеп алып, сосын үстін тығыздап жауып тастайды. Балқыту кезінде табиғи үрлеу әдісі қолданылған: жану процесінде көмір тотығы қалпына келіп, камыр тәрізді масса – кожтемір түзіледі.

Ұсталар көмірді әдетте өздері дайындаған, кейде темірді балқыту және бұйымдарды жасау бір шеберхананың ішінде жүргізілген. Ондай пікірдің дұрыстығын Отырардағы үйлердің бірінде табылған заттар дәлелдейді. Бұл үйдің соңғы болған уақыты XVII ғ. аяғына жатады, мұнда темірді қорытатын және өндейтін шебер тұрған. Бөлмежайлардың бірінен күл сақтағыш аршылды. Көріктің балқыған қабырғаларының сынықтары және осы бөлмежайдың бір бұрышынан 50 кг кожтемір табылды. Келесі бөлмеден диаметрі 0,7 м іші ағаш көміріне толтырылған шұңқыр аршылып алынды. Қойманы аршу кезінде жер жыртатын құралдың түрені табылды. Демек, бұл үйдің иесі металлург ұста болған, ол кожтемірді балқытып, одан омач (соқа) түріндегі жер жыртатын құралдардың ұштарын жасаған.

Ұсталар дайындаған жер жыртатын құралдар ауыр, екі күректі, үшбұрышты пішінді темірдің екі жолағынан дәнекерленген құрал болып табылады. Сап кигізілетін ұңғысы сопақша пішінді. Ұштардың ұзындығы 30 см, ең енді тұсы 25 см.

Қақтау әдісімен жасалған жер жырту құралдарымен қатар Отырардың XVII ғ. қабатында оның құйылған түрі де кездесті. Демек, бұл қаланың тұрғындары темірді құю әдісін де білген. Бұл туралы кірпіш жасаушы шеберханасынан және моншадан табылған шойыннан құйылған қазан сынықтары дәлелдейді. Бұл орайда, XVI ғ. Орта Азияда шойын қазандар жасау өндірісінің болғаны туралы жазба деректерде де келтіріледі. Бірақ шойыннан тек қазандар ғана емес, сонымен қатар жекелеген бөлшектер де жасалды. Сондай бұйымдардың бірі – арба дөңгелегінің ағаштан жасалған бөліктерін бекітуге арналған үш шығыңқы жері бар төлкені (втулка) айтуға болады.

Қазба жұмыстары кезінде табылған темір бұйымдарының ішінде доғал қалақты кетпендер назар аудартады. Оның жоғарғы жағында ойық-төлке орнатылған. Құралдың жоғарғы жағы ауыр келеді, күрегі иіп орналастырылған. Темірден орақтардың бірнеше түрлері дайындалған. Сонымен қатар балта-шоттар кең тараған,

оларды сабына бекіту үшін арнайы қапсырма дайындалған; сондай-ақ әртүрлі өлшемдегі темір тағалар, пышақтар жасалған. Тағалар пішінінің әртүрлі болып келуіне қарағанда, ол тек аттарға ғана емес, сонымен қатар қашыр мен есекке де арналған. Темірден тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдар жасалған: біліктер, шынжырдың сақиналары, ілмектер, шегелер.

Металл құю және ұста кәсібінің дамуы туралы этнографиялық мәліметтер бұл саланың маманданғанын көрсетеді. Шойынды құю және жер жыртатын құралдардың ұштарын, арбаның дөңгелектеріне төлкелерді, қазандарды және шырақтарды дайындау шойыншылардың (чуянгард), қазаншылардың (дегрес) қолдарында болды. Бұл қолөнердің неғұрлым дамыған түрлері болып есептелді. Осы қолөнермен айналысатын тұрғындар орамдары жоқ қалалар сирек кездесті. Әдетте шеберханалар тұрғын үй жанында орналасты, олардың орталығы шойын құюға арналған пештер мен көріктер болды. Этнографиялық зерттеулерге қарағанда, ұсталық өнердің жақсы мамандандырылғанын көреміз. Мәселен, Самарқанда ұсталар үш топқа бөлінді: ұсақ бұйымдар бойынша мамандар (есік шынжырлары, тағалар, шегелер, ауыздық); ағаш шеберлері мен тас қалаушыларға арналған құралдарды жасайтын шеберлер; пышақ, қайшы, ұстара жасайтын қолөнершілер. Хорезмде күрек және кетпен, тесе және балта, таға және шеге жасайтын шеберлер болып бөлінді. Тек орақ жасайтын ұсталар да болды.

Мыстан бұйымдар жасау өндірісі барлық жерде кеңінен таралды. Сондай-ақ полиметалл рудасы мен мыс өндеу орындары Қаратауда, Қырғыз, Іле және Талас Алатауында – қала орталықтарының маңында орналасты. Зерттеушілердің пайымдауынша, мыстан бұйым жасау ісі маңыздылық жағынан қыш-құмыра жасаушылардан кейін екінші орында тұрды, онымен айналысатын шеберлердің саны да көп болды. Мысшылар ыдыстар, шырақтар мен шырақтұғырлар, әшекейлер жасады. Олар көбінесе қымбат бағалы металдармен жұмыс істеп, сонымен бір мезгілде зергерлік өнерді де жүзеге асырды.

Отырар алқабы қалаларын қазу кезінде мыстан және қоладан жасалған бұйымдар коллекциясы жиналды.

Оның ішінде IX – XII ғғ. кезеңіне жататын шырақтар және оларға арналған тұғырлар бар. Шырақтың ең көп тараған түрі – ұзыннан созылған ұшы мен тұтқасы бар сыйымдылық болып та-



былады; ең күрделісінде сегізге дейін үш болған. Ондай шырақтар әдетте зооморфты стильде жасалған аяқтарға бекітілген (жырт-қыш немесе тұяқты хайуанаттардың табандары бейнеленген). Шырақтың жоғарғы жағында ілмекке орнатылған ашпалы қақпақ болған. Бұл бұйымның бүйірі мен қақпақтарына күрделі композициялы айшықтар ойылып салынған. Шырақтың астына қоятын тұғыр кереметтей көркемдік талғаммен жасалған. Биік (25 – 35 см) жұмыр немесе көп қырлы жуан бағана үш аяқты доғалы тұғырға орнатылған. Жоғарғы жағында жалпақ тостаған бар, оған шырақ қойылатын болған. Тұғыр өсімдік және әріп тектес өрнектермен безендірілген.

Қазақстан Орталық мұражайының қорында екі қола құмыра сақталған. Олар туралы мұражайлық сипаттама мәліметтерінде бұл бұйымдардың Жетісу немесе Оңтүстік Қазақстаннан табылғаны айтылған.

Бірінші құмыраның (биіктігі 30 см) алмұрт тәрізді тұрқы бар (ең үлкен диаметрі 74 см). Ол аласа сақиналы тұғырға орнатылған. Мойны жайпақ ернеулі аузына ұласады. S тәрізді иілген тұтқа мойны мен бүйірін қосып тұр. Тұтқаның жоғарғы жағында анардың дәні тәрізді шығыңқы түс көрінеді. Тұтқаның орта тұсы псевдовитті, ал төменгісі бүйіріне бекітілген. Ол мүйізі бар таутекенің басын бейнелейді.


Сипатталып отырған ыдыстың пішіні сасанидтік күміс прототипке ұқсайды. Мұндай ыдыстар коллекцияларда мейлінше жиі кездеседі және IX ғ. – XIII ғ. басы аралығындағы кезеңге жатады.

Оның бүйірінде әшекейдің болмауы жетісулық ыдыстарды Герат және Берлин мұражайларындағы құмыралармен жақындастыра түседі. Герат құмыралары IX ғасырмен белгіленеді. Жетісулық ыдыстың тұтқасы Лувр құмырасының тұтқасына ұқсайды, ал ол IX ғ. ортасы және XII ғ. бас кезіне тұспа-тұс келеді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайындағы құмыраларды XI – XII ғасырларға жатқызуға болады. Ондай құмыралардың дайындалған орны Мәуереннахр және Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу болуы мүмкін.

Алтынданған қоладан жасалған екінші құмыраның (биіктігі 33 см) бүйірлі (диаметрі 15 см), мойнына қарай жіңішкере түседі. Құмыра тұғырға орналасқан, ернеуі тікбұрышпен иілген, тұтқасы ернеуіне қарай кеңейе түседі. Ол 6 үлкен моншақтармен

безендірілген. Тұтқаның жоғарғы жағында анардың гүлі тәрізді әшекей бар.

Құмыраның мойны үш шығыңқы сызықтармен бөлінген үш белдеулі өрнекпен безендірілген, бұл орайда оның ортаңғысы қызыл мыспен әшекейленген. Жоғарғы белдеуі (ені 3 см) арабша аят жазбасымен ширатылған өсімдік сабақтары арқылы толтырылған. Ширатылған сақинаның сыртынан тікбұрышты сабақтар тарайды. Ортаңғы белдеу (ені 6 см) жартылай пальметті гравюралық бейнелермен толтырылған. Төменгі бөлігі (ені 3 см) ширатылған өсімдік сабақтары үстіне араб жазбаларымен өрнектелген. Сыртқа иілген ернеу қатарлап жүргізілген екі сызықпен, екі жиекті қызыл қоладан жасалған үш белдеумен әшекейленген. Тұтқаға таман екі құстұмсықты шығыңқы бар, оның бет жағында гравюра және қызыл мыс инкрустациясымен құстың басы бейнеленген.



Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайындағы қола құмыра тұтқасындағы бейнелер. XI – XII ғғ. (Жетісудан, Оңтүстік Қазақстаннан деген болжам бар)

Тұтқаның жоғарғы жағында гравюра және инкрустациямен өрнекті картуш пішіні (дөңгелек қалқан тәрізді) бейнеленген, оның жоғарғы бөлігінде екі жарты пальметталар (пальма жапырағы) оюланған. Картуштың төменгі жағында тұтқада жарты паль-

меттамен жиектелген үш жапырақ бейнесі бар. Тұтқаның қыры бойымен қызыл мыстан жолақ жүргізілген. Ол екі жағынан гравюрленген сызықтармен тұйықталған. Тұтқаның бүйіріне бекітілген жерінде инкрустациямен және ойма бедермен пальметта жасалған. Тұтқаның жоғарғы жағында биіктігі 7 см анар гүлі орнатылған (оның жобалық суреті жоғарыда келтірілген). Гүлдің ортасындағы медальонда айналасына өсімдік сабақтары салынған адам келбетті құс бейнеленген.

Құмыраның пішініне келетін болсақ, бұл жүргізілген қазба жұмыстары бойынша да белгілі: екі құмыра Құйрықтөбе қаласының шахристанынан табылды. Екі ыдыс та шалқам тәрізді бүйірлі, аласа тұғыры бар цилиндр тәрізді мойынды, ол жоғары қарай біртіндеп кеңейе түседі. Тұтқаларының бірі сопақша, көлденең кимасы саңырауқұлақ тәрізді, жоғарғы жағы анардың дәніне ұқсайды. Ал екіншісінің мойны блок тәрізді, жалпақ, тұтқаның бекітілген жерінде екі қостұмсықты иілгені бар ернеуі сыртқа қарай қайырылған. Тұтқаның өзі құйылған бес моншақпен және анар гүлі түрінде әшекейленген. Бірінші құмыраның биіктігі – 21,5 см, екіншісі – 24 см. Құмыралардың жасалған уақыты XI ғасырға жатады.

Сипатталып отырған құмыра түрлері жиі кездеседі және олардың ішінде белгілілерін зерттеуші Б.И.Маршак екі топқа бөлді. Ол біріншісіне, неғұрлым ерте кезіндегісіне екі эрмитаждық құмыраны, Метрополитен музейінің құмыраларын және т.б. жатқызады. Бұларға тән нәрсе – тұтқаларында ірі моншақтар, ал мойнында каннелюр болады. Ортасында нүктесі бар дөңгелектер түріндегі өрнектер салынады. Бұл топ X ғ. кезеңіне жатады. Сондықтан Құйрықтөбеден табылған құмыралар да осы кезеңнің өнімі болып табылады.

Қазақстанның Орталық мұражайындағы құмыралардағы өрнектердің салыну техникасы – гравюрлеу және қызыл мыспен инкрустациялау – металл ыдыстары өндірісіндегі жаңа көркемдік стильге тән қырлардың бірі болып есептеледі. Бұл, белгілі болғанындай, XI ғ. аяғында және XII ғ. басында қалыптасқан. Құмыра әшекейіндегі құстың бейнесі – мейлінше кеңінен таралған сюжет, әрі ол Орта Азия аумағында металдан жасалған көркемдік бұйымдарда кеңінен таралған. Тұтастай алғанда, жақсылық тілеген жазбалары бар фестонды аркалары, тікбұрышты сабақтары бар сирен және спинкс өсімдіктері бейнеленген ою-

өрнектерінің болуы құмыраны XII – XIII ғ. бас кезіне жатқызуға мүмкіндік береді.

Моңғол және моңғолдан кейінгі кезенді зерттеушілер айна жасау орталықтарының айтарлықтай кеңейе түскенін атап өтеді. Мұның өзі моңғолдар кезінде тұрғындардың, оның ішінде қолөнершілердің қоныс аударуымен байланысты. Жаңа айнаны жасау орталықтары Орта Азияда пайда болды, оның бірі, сірә, Отырар болса керек. Айнаның олақ жасалуына, және бедерлі шығыңқы жерлердің тегістелуіне қарап, қола айналар қаланың өзінде жасалғанын білуге болады. Бірақ айналардың көбі сырттан келген айналардың көшірмесі екендігіне дау жоқ.


Сыртында өсімдік өрнегі бар айна суретте көрсетілген. Бұл диаметрі 7,5 – 8 см дискі түріндегі ернеуі бар және сырт жағының ортасында ілмегі бар бұйым. Бедерлі өрнегіне тән нәрсе – ортасындағы жапырақ тәрізді өрнек, ал оның айналасына сабақтары иілген және жүрек тәрізді пішіндермен үш жапырақшалардың қосылуынан тұратын айшықты өсімдік өрнегі болып табылады. Бұған ұқсас айналар XIII – XIV ғғ. қыпшақтар (половец) зираттарынан табылды.

Өсімдік-геометриялық өрнектері бар айна да сондай өлшемде болады. Олардың бірінде сырт жағындағы бедерлі өрнек алты қырлы болып жасалған төрт (екі үлкен және екі кіші) шеңберлерден тұрады. Шеңберлердің арасындағы бос орынға лотос гүлі салынған. Лотос гүліне ұқсас бейнелер Сібірден табылған X – XIII ғғ. айнасында бейнеленген. Солярлық өрнегі бар айнаның сыртқы бетінің ортасында күн бейнеленген, одан сәулелер бөлік сызықтар түрінде таралған. Мұндай айналар кеңінен таралғаны белгілі.

Айналардың енді бір тобы сырт жағында зооморфты өрнекті болып келеді. Жиектеріне өсімдік сабақтары жүргізілген балық бейнесімен безендірілген бірнеше айна сынықтары сақталған. Оған Павлодардың Ертіс бойынан табылған екі балық бейнеленген айна сәйкес келеді. Хорезм, Еділ бойындағы алтынордалық кезеңнің, Сібір және Қиыр Шығыс ескерткіштерінде де тап осындай айналар бар.

Диаметрі 14,2 см болатын бір айна «жануарлар бейнесімен» әшекейленген. Онда арыстанның, бұғы және иттің суреттері бар. Жануарлар өсімдік өрнектерін қиыстырып келтірумен салынған. Келесі екі жолақ өсімдік өрнектерімен толтырылған. Айна-

ның бұл түрі XI – XIII ғғ. кезеңіне жатады. Мұндай айна Минусинск шұңқырынан табылды, бірақ оның отырарлық нұсқадан ерекшелігі – онда жақсылық тілеген араб жазбасымен салынған белдеу өрнек бар.



Қола айналар, XIII – XIV ғғ. (Отырартөбе)

Диаметрі 6,5 см, жиектері әртүрлі қалыңдықта дөрекілеу құйылған айна табылды, белгілі болғандай, ол импорттық түпнұсқаға қарап жергілікті жерде құйып жасалған болып шықты. Айнаның

сыртқы жиектері бойынша сегіз медальоннан тұратын, ішкі жағынан төрт медальоннан тұратын шеңбер жүргізілген. Оның әрқайсысында жануарлар бейнелері салынған. Медальондарда сыртқы шеңберде қабан, ит, құс (әтеш), барыс, ал ішкісінде – жылқы, қой бейнеленген. Медальондар арасында иероглифтік циклді белгілер жазылған. Айна өзінің тікелей міндетімен қатар Шығыста кеңінен қолданылатын он екі жылдық жануар бейнелерімен белгіленген циклді күнтізбе ролін атқарған.

Отырар алқабында қола мен мыстан әртүрлі әшекейлер, тұмарлар дайындалған. Мысалы, екі жағында бірдей бедерлі бейнелері бар қоладан құйылған медальон өте қызықты олжа болып табылады. Оның бірінде садақ тартқан аттылы адам және аттың бауырында жүгірген ит бейнеленген; екіншісінде – бүктетіліп жатқан айдаһар. Қазіргі кезде Орта Азиядан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда табылған бірнеше сол сияқты медальондар белгілі. Бұл бейнелер XIII – XIV ғғ. қолданбалы өнер ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Асыл металмен (алтынмен, күміспен) және қымбат бағалы түсті тастармен жұмыс істеген зергерлердің жасаған бұйымдары қызықтырады. Қазба жұмыстары кезінде сырға, білезік, жүзік, сакина тәрізді бұйымдар табылды. Зерттеушілердің назарын өзіне аударған бұйымның бірі, мәселен, жыланды өлтіруші адамның бейнесі гравюрамен безендірілген жүзік дер едік.

Сүйекті өңдеу ежелден келе жатқан әрі қазақстандық қалаларда кеңінен тараған қолөнер түрлерінің бірі. Бұл орайда материал ретінде жабайы және үй жануарларының мүйіздері мен жіліктері қолданылды. Қазба жұмыстары кезінде бұғының, жайранның, киіктің аралаған, кескен, мүйіздің сыртқы қабығын аршыған, яғни бірінші өңдеуден өткізілген мүйіздері көптеп кездесті. Жылқының, сиырдың ұзын сан жіліктерінен жүн түтетін аспап, балалар бесігіне шүмек жасады. Жүнді өңдеу үшін сиыр мен жылқының ірі сүйектерінен аспап дайындады. Үшкір сүйектерден тескіш, біз жасады.

Сүйектен ұршықтар жасаған. Сүйектен істелген бұйымдар коллекциясына пышақтың сабы да жатады. «Топайшық» («асық») ойынына арналған ұсақ асық сүйектері табылды, олардың кейбірінде үстіне қорғасын құюға арналған ойық бар. Сондай-ақ сүйектен түймелер, ілмектер, пышақтың сабы, не нәрсе екенін ажырату қиын басқа да заттар жасалды.

Құмтас пен граниттен жасалған қол диірмендер Отырардан жиі кездесетін заттардың бірі. Қол диірмендер әдетте бір үлгіде болады, өлшемдері мен салмақтары да бірдей. Олардың диаметрі 30-50 см аралығында ауытқиды. Қол диірменмен қатар диаметрі 1-ден 1,5 метрге дейін жететін диірмен қалдықтары да кездесті, оны ат және т.б. жануарларды жегу арқылы іске қосатын болса керек.

Тастан өртүрлі мақсатқа арналған ірі (ұзындығы 30 см және салмағы 5 кг) және ұсақ теселер жасалды. Оның ірілері руданы уатуға пайдаланылды, бұл көбінесе темір қорытуға арналған шұңқырлар қасынан табылады.

Құмтастан, кварциттен жасалған өртүрлі диаметрлі тас үккіштер табылды, ол шаруашылықта және тұрмыста кеңінен қолданылған, мысалы, оны жылтырақ заттарды, құмды үгу үшін қолданған. Сонымен қатар табылған заттардың ішінде көп кездесетіні — өртүрлі пішін мен өлшемдегі қайрақ тастар болып табылады. Бұл бет жағы өңделген тастақталар, пластиналар және тікбұрышты қайрақтар.

Ортағасырлық кезеңнің өн бойына өзінің бет-бейнесін сақтаған осы тастан жасалған бұйымдар деуге болады.

Қолөнершілер орамдарына жүргізілген қазба жұмыстары археологтарға ортағасырлық Отырардың дамуында мәдени-тарихи процесс факторы ретінде маңызды рөл атқарған еңбекшілердің тыныс-тіршілігіне үңілуге мүмкіндік берді.

#### ОТЫРАР АЛҚАБЫ – «КӨПЕСТЕРДІҢ КЕЗДЕСЕТІН ОРНЫ»

629 жылы буддаға табынушы Сюань Цзянь Қытайдан Үнді еліне («Будданың қасиетті мүрдесін көру және құдайға жалбарынуды жақсылап үйренуі үшін») аттанғаны белгілі, ал ол жүрген жол Қытайды батыспен жалғастыратын халықаралық жол болатын... Чанъаньнен көпестердің түйелі керуенімен бірге Гоби ұлы шөлінің жиегімен Дунхуан арқылы жүріп өтіп, «Ақ айдаһар Құмы» деп аталатын атақты сортанды даланы, Хами және Тұрпан жазираларын кесіп өтіп, Тянь-Шаньнің солтүстік беткейімен және Музур-Ола тау жоталарына сәйкес келетін Мұз таулардан шығып Сюань Цзянь және оның серіктері Мөлдір немесе Көк көлге

келіп тоқтады<sup>1</sup>. Оны айналып өткен табынушылар Суяб қаласына келді, онда түркі қағанымен, шекарасы сонау Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор империяның билеушісімен кездеседі.

Сюань Цзянь түрік қағаны мен оның маңындағыларын былайша суреттейді: «Осы жатжерліктердің аттары сондай керемет. Қаған жасыл жібектен тігілген шапан киген; өзі жалаңбас, басын ұзындығы бір чжаннан артығырақ (3,2 м. — Авт.) жібек матамен орай байлап, ұштарын артына бос жіберген. Оның қасында зерлі матадан шапан киген, шаштарын өріп тастаған екі жүзден астам тархандар<sup>2</sup> жүр. Қалған әскерлер аң терісі жапсырылған жеңіл киім киген, жұқа баскиімдері бар, бердыш<sup>3</sup>, ту және садақ асынған. Түйелі және атты адамдардың көп болғаны соншалық, оларды көзбен шолып шығудың өзі қиын еді»<sup>4</sup>.

Сюань Цзянь өзін қағанның қалай қарсы алғанын сипаттай келіп, түркі аксүйектерінің жібектен тігілген киімдерінің сән-салтанатын бірнеше мәрте тамсана жазады, сондай-ақ өзі алған сыйлықтары туралы да айтады: «қызыл күрең сәтеннен тігілген көп киімдер және елу бөлік жібек алдым»<sup>5</sup>.

Осы көріністе Шығыс пен Батыстың негізгі өнімі, ежелгі заманда және орта ғасырларда құрлықтар арасындағы жолға Ұлы Жібек жолы деп атауы берілген жібек матасы туралы бірнеше рет айтылады. Бірақ осы жол қашан, қай кезде басталғаны әлі күнге жұмбақ күйінде қалып отыр.

Тайху көліне жақын мандағы Чжец-зянь провинциясында қазба жұмыстарын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек мата мен белбеу тапты. Матаның жасы б.з.д. 2750 ± 100 жыл. Оған жасалған талдау сол кезеңде, яғни 5000 жыл бұрын жібек тоқу өндірісі жолға қойылғанын дәлелдейді. Б.з.д. VI — V ғғ. қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа шығарылды. Феникс кестесі бар жібек жамылғы көрпе Алтайдағы Пазырық «патша» қорғандарының бірін қазу кезінде табылды, бұл бұйым б.з.д. V ғасырға жатады. Жүннен тоқылған бұйымдарға жапсыра

<sup>1</sup> Оны Ыстық көл деп те атады. Мұның бәрі қазіргі Ыстықкөлдін атауы.

<sup>2</sup> Тархандар — түркі феодалдарының өкілдері.

<sup>3</sup> Бердыш — қару.

<sup>4</sup> Үзінді мына шығармадан келтірілді: Зуев Ю.А. Китайские известия о Сузбе // Известия АН КазССР. Сер.Истории, археологии и этнографии. 1960. №3 (14). С.88.

<sup>5</sup> Сонда. 89-б.



тігілген жібек маталар және шашақтар Оңтүстік және Батыс Еуропаның аудандарынан б.з.д. VI – V ғғ. зираттардан табылды.

Қымбат бағалы жібектердің таралуына көшпелі тайпалар сақтар мен скифтер де үлестерін қосты, олар арқылы сол кезеңде тосындау көрінетін тауар Орталық Азияға, Жерорта теңізіне жеткізілді. Бірақ зерттеушілер, оның ішінде Ма Юн және А.П. Франкфор төрізді ғалымдар, б.з.д. VI – IV ғғ. кезеңін Ұлы Жібек жолының болған кезеңі деп есептеуге бола қояр ма екен деген пікір айтады; былайша айтқанда, осынау өтімді тауарды қырыққа таяу параллельдерден өтетін далалық аймақ бойымен, Хуанхэ өзенінің үлкен иінінен басталып, Алтайдың шығыс және солтүстік сілемдерін, Қазақстан мен Қара теңіз жағалауы далалықтарын кесіп өтіп, гректер мен этрустардың жеріне жеткен деп қана болжам жасауға болады. Бұл айтылғандарға қарап, жібек қайда өндірілді және «жібек елі» қайда орналасқан деген мәселелерге қатысты түсініктің соншалық бұлдыр екенін байқауға болады. Сонымен бір мезгілде жібек Үндістанға да апарылды, оны б.з.д. IV ғасырда жазылған «Артхашастра» («Саясат ғылымы») трактатында кездесетін «синапатто» – «қытай жібегі» деген сөз дәлелдейді.

Б.з.д. II ғасырдың орта кезінде тұрақты дипломатиялық және сауда жолы ретінде Жібек жолы жұмыс істей бастаған деп тұжырым жасауға болады. Оның тарихына келсек, 138 жылы Хань астанасынан У Ди императорының елшісі Чжан Цянь князь бастаған елшілер керуенінің Батыстағы бейтаныс елдерге сапары басталды. Арада 13 жыл өткен соң Чжан Цянь еліне қайта оралды. Ол қазіргі Ауғанстан аудандарына жетіп, Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға тіке жолмен бірінші болып жүріп өтті. Оның соңынан осы жолмен Батысқа жібек артқан керуендер жүретін болды, ал Қытайға Жерорта теңізінен, Орталық және Батыс Азиядан тауарлар әкелінді.

Кейіннен арада көп уақыт өтпей халықаралық сауда Зеравшан мен Қашқадария өңіріндегі Орта Азияда орналасқан Соғды елі саудагерлерінің қолына көшті. Соғдылықтар ежелден сауда өнерін жетік меңгеруімен әрі кереметтей ілкімділіктерімен аттары шыққан еді. Мұндай қасиет оларға бала кездерінен дарыды. 5 жастан бастап оқыған балалар тек білім алып қана қойған жоқ, сонымен қатар сауданың қыр-сырын да үйренді. 20 жасқа толған жас жігіттер шетелге сауда жасау үшін сапарларға аттанатын болды. В.Хеннингтің пікірі бойынша, б.з.д. IV – III ғғ., яғни Чжан

Цяньнің саяхатынан көп бұрын соғдылықтар Шығыс Түркістанның «тохарлық» қалаларында және Қытайдың Ланчжоу, Чаньань төрізді және басқа қалаларында сауда отарларын иеленді. Мысалы, Дунхуанда мыңға жуық соғдылықтар тұрды. Тіпті соғдылықтар Жапонияға барып (Жібек жолы аяқталған жер), жапондардың астанасы Нараға жеткені туралы храмдардың бірінде сақталған соғды тілінде жазылған қолжазба сыр шертеді.

II – V ғғ. кезеңінде Жібек жолы, егер Шығыстан келді десек, ол Чаньаньде басталып, Ланчжоу ауданында Хуанхэ арқылы өтіп, одан әрі қарай Нань-Шаньнің солтүстік сілемдерінің бойымен Ұлы Қытай қабырғасының батыс шетіне – Такла-Макан шөлінің солтүстігі мен оңтүстігінен жиектей отырып, бір жолдың сан тарауға бөлінетін «Яшма қақпаларының шекарасына» барады. Солтүстік жолы Хами, Тұрпан, Бешбалық, Шихо алқабы арқылы Іле алқабына барды; ортаңғы жол Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға және Бедел асуы арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына жетті; оңтүстік тармағы Дунхуан, Хотан, Яркенд арқылы Алай алқабына және одан әрі қарай Тохаристанға бағыт алды. Сол кезеңде Қашқар арқылы Ферғанаға, ал одан әрі қарай Самарқан, Бұхар және Мерв арқылы Хамаданға, Сирия мен Жерорта теңізіне, немесе Балх, Герат арқылы Үндістан баратын жол неғұрлым маңызды рөл атқарды.

VI – VII ғасырларда бұрынғы жол (Қашқар мен Ферғана арқылы) қысқа әрі ыңғайлы бола тұрса да Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы батысқа баратын жол неғұрлым жандана түсті. Жолдың бұлайша ауысуының мынадай себептері болған. Ең алдымен Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолын бақылауға алатын түрік қағандарының ордалары орналасты, әрі VII ғасырда Ферғана арқылы өтетін жол өзара қырқыстың салдарынан қауіпті бола бастады. Бірақ қалай болғанда да бұл жол негізгі жол болып саналды, және VII – XIII ғасырларда елшілік және сауда керуендерінің негізгі бөлігі осы арадан өтті. Біз жоғарыда айтып өткен Сюань Цзяньнің саяхаты жасалған кезеңі осы VII ғасырдың бас кезіне сәйкес келеді.

Сонымен Ұлы Жібек жолы аясына енген тұста Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіндегі жағдай қандай еді?

Бұл жерде ежелден өзіндік ерекшелігі бар мәдениет дамыған болатын, оны қалыптастыруға көшпелі тайпалар мен отырықшы халықтар қатысты. Этникалық тұрғыдан алып қарағанда, көшпенділер де, отырықшы тұрғындар да біртекті немесе біртұтас этно-

саяси құрылымның шеңберінде біріккен еді. Отырықшы және көшпелі мәдениеттер бір-бірін толықтырып, бір-бірін байыта түсті, сөйтіп әлемдік прогрестің өзекті желісіне айналды. Осындай құрамды құбылыстың құнарында Қазақстан мен Орта Азия халықтары құрған өркениеттердің көптеген жетістіктері жатқаны сөзсіз.

VI – II ғасырларда бұл жерде көшпелі және жартылай көшпелі сақ тайпалары болды, олардың жоғары мәдениеті көптеген қорған зираттарына жүргізілген қазба жұмыстарынан белгілі: олардың ішінде Бесшатыр, Ыссық, Тегіскен бар. Сол кездің өзінде сақтардың Қытаймен, Үндістанмен, Таяу Шығыспен және Орта Шығыспен айырбас байланыстары болған, оны сақ ақсүйектерінің қабірінен табылған Орта Азиядан әкелінген қытай айнасы, Иранның жоғары көркемдік бұйымдары дәлелдейді. Шикі кірпіштен өрілген Тегіскен монументті қабір құрылыстары оны тұрғызуға жатжерлік шеберлерді шақырған деген тұжырым жасауға жетелейді. Зерттеушілердің айтуынша, Үйсін және Қанлы мемлекеттері болған кезде (б.з.д. I ғ. аяғы – II ғ. орта кезі – I мыңжылдықтың бірінші жартысы), Жібек жолы жұмыс істей бастаған, бұл жерге римдік шыны, теңгелер, қытай жібегі, айна және жылтырақ ыдыстар, еуропалық фибулдар (ілмектер) және сасанидтік Ираннан оюланған тастар (таңбалар) әкелінді. Осы кезеңде Шу, Талас және Сырдария өңірлерінде қалалық орталықтар қалыптаса бастады, бұлар мұнарасы бар қабырғалармен қоршалған егін шаруашылығымен айналысатын қоныстардан өсіп шықты. Қазіргі кезде Тянь-Шань таулы аймағында, Арыс жазығында, Сырдарияның орта және төменгі сағасында олар ондап табылуда.

VI ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі кеңістікті алып жатқан алып көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына кірді. VII ғасыр шебінде қағанат Шығыс түрік және Батыс түрік қағанаттары болып екіге бөлінді, оның соңғысының орталығы Жетісуда орналасты, ал астанасы Суяб қаласы болды. Міне, тап осы кезде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениетінің дамуына маңызды рөл атқарған Жібек жолының дала төсіндегі жандануы өріс алды. Ол Жетісуда бірнеше қалалық орталықтардың пайда болуына әсер етсе, ал Қазақстанның оңтүстігінде жолдың бойындағы, не онымен сауда тармақтарымен байланысты қалалар тез дами бастады. Осы арада қалалардың орналасуын К.Маркс өзінің «Бұрынғы

капиталистік өндірістің түрлері»<sup>1</sup> еңбегінде шығыс қалаларының дамуында сауда керуендерінің зор рөлі туралы ой қозғаған.

Халықаралық сауда негізінен қоғамның жоғарғы табын тауармен қамтамасыз етті. Қытайдан жібек, лак бұйымдары, қағаз, айна, дәрі-дәрмек тасып әкелінді. Батыстан Қытайға қас бояуы, вавилон кілемдері, асылтастар, інжу-маржан, шыны, мата жеткізілді. Византиядан, Соғдыдан, Қытайдан және басқа елдерден әкелінген сән-салтанат заттары түркі билеушілерінің ордalarını, бай адамдардың үйлерін үлде мен бұлдеге орады. Бұған археологиялық табылған заттар арқылы көз жеткізуге болады, олардың қатарына византиялық таңба-белгілерге еліктеп салынған әшекейі бар күміс құмыраларды (Покров селосы), византиялық алтын теңгелерді, қытай айналарын жатқызуға болады.

Айырбас саудасы шекаралық үлкен қалаларда жиналған жәрменкелерде өтетін болды.

Қазақстанның ірі қаласы Испиджаб керуен жолдарының түйісер орталығына айналды. Қаратау қиылысындағы тыныстіршілікке Отырар қатты ықпалын тигізді: отырарлық қолөнер шеберлерінің өнімдері Қаратаудың солтүстік және оңтүстік беткейіндегі, Сырдарияның орта ағысындағы және Арыс өзені аңғарындағы көптеген қалалардың базарларына түсті. Отырар алқабының өзінде ақша саудасы болды, оны Отырардан, Күйік-Марданнан, Құйрықтөбеден, Бұзық I – Ақтөбеден табылған VII – VIII ғғ. теңгелері дәлелдеп береді. Сондай-ақ осы айтқандарды қазба жұмыстары кезінде табылған VII ғ. ихшид теңгелері, VII ғ. аяғы – VIII ғ. бас кезіндегі Шаштың ежелгі түркі теңгелері, Ферғаналық түркі билеушісі шығарған тамға белгісі мен соғды жазбасы бар ежелгі түркі теңгелері; қытайдың Таң династиясының және бұхарлық үлгідегі «гитрифиді» дәлелдейді. Яғни өзіміз көріп отырғандай, ерте ортағасырлық Отырарда сыртқы сауда болған, сондай-ақ ішкі сауданың дамуына да мән берілген.

IX – XII ғғ. Жібек жолы бойындағы сауда исламның таралуына байланысты жаңа қарқын алды. А.Мецтің жазбасында былай делінген: «бай көпес мұсылман мәдениетін таратушыға айналды... күш-қуат пен тәуекел негізінен базарлар мен кеңселерге бағытталды»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т.46. С.464.

<sup>2</sup> Мец А. Мусульманский ренессанс. М., 1966. С.365.

Жібек жолының қазақстандық бөлігі Газгирде басталып, одан әрі қарай Испиджабқа, Таразға, сосын Төменгі Барысханға, Құланға, одан әрі Меркеге, Аспараға, Харраджуванға, Сарығқа, Науакетке, Суябқа, Баласағұнға, Жоғарғы Барысханға барып, Бедел және Ақсу асулары арқылы Шығыс Түркістанға жетті. Тараздан Беш-таш асуы және Кугарт арқылы саудагерлер Ферғана алқабы мен Қашқарға шықты.

Испиджабтан керуендер Усбаникент, Фараб, Шауғар-Йасы, Сығанақ арқылы одан әрі Жент пен Жаңакентке бағыт алды; Усбаникенттен, Фарабтан және Кедерден, Сығанақтан Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалаларға — Баладж мен Созакқа, одан Бетпақдала арқылы Дешті Қыпшаққа бет түзеді. Сарысуға, Ұлытау етегіне бастап, Есіл бойымен Ертіске өтіп қимақтарға баратын белгілі жол Жаңакентте басталатын болды.

X ғасырда керуен жолдары Іле алқабы арқылы өтті: бұл жерге жолаушылар Шу алқабынан шығып, Қордай асуы, Қастек пен Санташ арқылы келетін еді. Талғарда (Тальхиз) керуен жолы жаңаққа бөлінді: Оңтүстік Іле жолы Есік, Шелек арқылы Кегенге, ал одан әрі қарай Шығыс Түркістанға бағыт алды. Оның тағы бір бөлігі (Шелектен) Сүмбе қаласына, ал одан әрі қарай Алмалыққа барды. Солтүстік Іле жолы Жақсылық қаласына, Іле арқылы асуы бар Таңбалы-Тас аңғарына жетті. Одан кейін Екіоғыз және Қойлық қалалары арқылы өтетін жол Алакөлдін жағасымен Алмалыққа немесе Тарбағатай арқылы Ертіс алқабымен қимақтарға барды. Солтүстік және оңтүстік жол Шелектен шығып, Іле арқылы асуы бар Бурақожырға баратын жолмен қосылды, одан әрі Көктал, Өсек және Қорғас өңірі арқылы Алмалықтан келіп шықты. Керуен Тараздан Адахкес және Дех-Нуджикес қалалары арқылы қимақтарға барды. Осы жерден сауда жолдары Енисейге, хакастарға тартылды, оған әрбір үш жыл сайын жібек артқан керуен баратын болды: Орта Азиядан шығып, жолда ол Жетісуға қарлұқтар жеріне келіп тоқтады, онда ұйғырлардың шабуылынан қорғану үшін ат-көлік пен күзет алды. Жетісу мен туваның байланыстарын Тувадағы Калбат-Шай зиратынан табылған жетісулық үлгіге ұқсайтын құмыра мен саптыаяқ дәлелдейді.

X ғасырда жаңа сауда орталықтары пайда болды — Кедер мен Жаңакент Қазақстанның оңтүстігінде, Дех-Нуджикес, Баласағұн — Жетісуда, Екіоғыз және Қойлық — Іле өңірінде.

Испиджабтағы сауда жабық базарларда және жайма базарда жүргізілді. Осында тималар — арнайы бөлмежайлары бар үлкен

керуен-сарайлар болғаны белгілі, онда матамен сауда — қарбас өткізілді. Көпес серіктестіктерінен тұратын көптеген рабадтарда керуен-сарай болса керек, олардың кейбіріне нахшебтер мен самарқандықтар орналасты. Сол кезде Испиджабтан келген көпестер тауарларын алып Бағдатқа дейін барды, онда Мервтен, Балқыдан, Бұхардан және Хорезмнен келген көпестермен бірге Харб ибн Адаллах әл-Балхи рабадында жайғасты.

X ғасырдың жазба деректерінде Фараб округі мен оның басты қаласы Кедер туралы айтылғанда оның Фарабтың бай округі екеніне мән берілген, оның басты қаласы Кедер деп аталады, бұл «көпестердің жиналатын» жері болған. Жоғарыда айтылғандай, осы жердегі құрылыстарда сауда лавкалары — дүкендерге орын бөлінген. Сырдарияның төменгі сағасында ірі сауда орталығы хорезмдік көпестердің отары Жаңакент қаласы болды, ал маңызды транзиттік сауда орталығы Тараз еді, бұл туралы жазба деректерде мұсылмандардың түркілермен сауда жасайтын орны болғаны туралы айтылады.

IX — XIII ғғ. басында Отырар алқабында округтің өзінде жергілікті сауда кеңінен дамыған, біз бұл туралы оның базарлары туралы жазған, жергілікті жерге тән тауарларға қатысты бағалар туралы айтқан ортағасырлық авторлардың қалаларға берген сипаттамасынан білеміз. Қалаға округтен ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде астық, жеміс, ет әкелінді. Егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындар қала колөнершілерінің бұйымдарын — керамика, әйнек, зергерлік бұйымдарды, әшекейлерді алып отырған.

Көшпенділермен сауда қызу жүргізілген. Бұл Қазақстан үшін отырықшы және көшпенді тұрғындар арасында өзара байланысты, қарым-қатынасты білдіреді. Сауда екі жаққа да пайдалы болды, бұл жөнінде селжүк құжаттарының бірінде келтіріледі: «Пайда түсіретін олардың (көшпенділер. — Авт.) тауарлары мен заттары отырықшы адамдардың ырыс-берекесін арттырып, пайдасын тигізді. Ақсүйектер мен қарапайым халық осы игіліктер мен артықшылықтардан өзінің үлестерін алды»<sup>1</sup>. Алқап пен қалалардың тұрғындары өте көп мөлшерде жылқы, мал, жүн, тері шикізаттарын, киіз, сүт өнімдерін, бас еркі жоқ адамдарды сатып алды. Же-

<sup>1</sup> Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX — XIII вв. Ашхабад, 1969. С.100.



келеген қалалар көшпенділерден тікелей алған тауарларды тасуға, не әкелінген шикізаттан өңделген тауарлар шығаруға мамандандырылды. Мысалы, әл-Макдисидің жазуынша, Шаштан жоғары сортты былғары ер-тұрман, қорамсақ және шатыр шығарылып сатылған, олардан (түркілерден) осы жерге өңделетін тері әкелінді. Ферғана мен Испиджаб құлдарды (түркілерден) әкеліп, мата, қару, қылыш, мыс пен темір бұйымдарын сатуға шығарды. Таразда ешкінің терісін, Шельжиде күміс, сондай-ақ Түркістанның өзі де Хутталь сияқты жылқы мен қашырды саудаға шығарды.

Жәрменке үлгісіндегі сауда әсіресе көшпенділермен шекаралас Сауран, Жаңакент, Дех-Нуджикес тәрізді қалаларда қызу жүрді. Дех-Нуджикес арқылы мал шаруашылығы өнімдерімен бірге Испиджабқа мал әкелінді. Испиджаб қақпаларының бірі «Нуджикет қақпалары» деп бекер аталмаған.

Ибн Хаукальдің жазбалары бойынша, сауда орталығы ретінде оғыздар бейбіт кезеңде Сауранға келетін болған, олар мұнда Балладж, Берукет қалаларында сауда жасады. Олар Жаңакент арқылы Хорезммен сауда жасасты, ол қазақстандық даламен, Еділ бойымен, Хазариямен және Славян әлемімен арадағы байланыста делдал рөлін атқарды.

Базарларда әсіресе түркі жылқылары жоғары бағаланды, бұл жөнінде Әл-Жахиз басқа жылқыларға қарағанда сапасы жағынан өте жоғары тұрады деп баға береді. Базарларда түркі қойлары да жоғары бағаланды. Осы орайда Истахри былай дейді: «Хорасанға қойлар халадждерден келіп түседі, ал ет Мәуереннахрға оғыздар мен қарлұқтардан өздеріне қажеттерінен артық мөлшерде... әкелінеді»<sup>1</sup>.

Жазба деректер көшпенділер экспортының ішінде маңыздылары деп шығылдар, яғма мен қарлұқтардың ең басты байлығы мускус пен аң терілерін атайды. Қимақтар бұлғын, ақ тышқан, түлкі, сусар терілерін әкеп сатты.

Көшпенділер саудасында бас еркі жоқтар (құлдар) саудасы үлкен орын алды. Әл-Макдиси түркілерден құлдар Ферғанаға және Испиджабқа әкетілгенін жазады. Сауданың осы түрі жөніндегі сұраныс ІХ ғасырда өсіп кетті, өйткені, халифтердің көрсеткен үлгісі бойынша, әртүрлі деңгейдегі билеушілер өздеріне қыз-

<sup>1</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.; Л., 1939. Т.1. С.178.

мет етуі үшін түркіден келген құлдардан жасақ құруға құлшына кірісті. Күң-түркі қызы да жоғары бағаланды.

Дала төсіндегі тайпалар қалаға металл жеткізіп тұрды, оны шығаратын орталықтардың бірі Орталық Қазақстан еді. Әл-Идриси былай деп жазады: «Гарбианнан<sup>1</sup> басталатын осы жерлерде күміс рудниктері бар. Шаштың көпестері оларға айырбасқа тауар алып барады, олар онда көп мөлшерде жүкпен (күміс) бірге көп түйе сатып алады, сосын оны барлық елдерге апарып сатады»<sup>2</sup>. Көшпенділер өздерінің тауарларына айырбасқа қалалық орталықтардан киім, мата, астық, қала қолөнершілерінің бұйымдарын, сән-салтанат заттарын алды.

ІХ – ХІІ ғғ. кезеңінде тауар-ақша қатынастарының өскені байқалады, бұл біртіндеп тауар айырбасын ығыстыра бастады. Осы кезде Қазақстанның ірі қалаларында, Саманид мемлекетінің құрамындағы феодалдық бөлініс болып табылатын Испиджабта ІХ ғасырдың орта кезінен бастап, Таразда, Отырарда теңге сарайлары жұмыс істеді. Испиджабта теңге соғу кейбір үзілістермен ХІ ғасырдың бірінші жартысына дейін созылды. Аталған деректерге сәйкес келетін теңге мәліметтері бойынша, Испиджабтың соңғы билеушісі Боғрахан болды, ол Шығыс Қарахандықтар мемлекетінің билеушісі Қадыр ханның екінші ұлы болатын<sup>3</sup>.

Отырарда ақша шығарылғанын 1967 жылы Самарқаннан табылған көмбе дәлелдейді: одан Фараб саманидтік теңгелері табылды, тап осындай ақшалар Отырар мен Құйрықтөбе қалаларына жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде де кездесті. Отырарда теңге сарайы қарахандықтар мен хорезмшах кездерінде жұмыс істеді. Жақында 1164/65 – 1173/74 жж. аралығындағы Фарабтың қарахандықтар чеканы (металл бұйымдардың бетіне бедер салу үшін қолданылатын аспап) табылды, ол зерттеушілердің пікірлері бойынша, 1210/11 жж. кезеңіне дейінгі болуы мүмкін, өйткені 1210 және 1217 – 1218 жж. Отырарда жасалған Мұхаммед ибн Текештің теңгелері белгілі.

ХІ ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінде Мәуереннахрда дирхемдердің сапасы күрт төмендеп кетті (күмістің құрамы 20

<sup>1</sup> Ғалым-академик Ә.Х. Марғұлан Гарбиан Жезқазған ауданында деп тұжырымдаған.

<sup>2</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. С.221 – 222.

<sup>3</sup> Бұл мемлекеттің құрамына Жетісу, Оңтүстік Қазақстан және Мәуереннахр кірді.



пайызға дейін азайды). XI ғасырдың аяғында «күміс дағдарысы» бүкілі мұсылмандық Шығысты, оның ішінде зерттеліп отырған аймақ қалаларын да қамтыды. Сондықтан XI – XII ғасырларда айналымға түсетін теңгелер бұрынғы өлшемге қарағанда құны артып кеткен алтынмен бағаланды. Оның айналым құралы ретіндегі рөлі де өсті.

Жазба деректердің мәліметтеріне қарағанда, тұтастай алғанда, қалалардың құрылымы, ондағы базарлардың, керуен-сарайлардың саны туралы, табылған импорттық тауарлар, теңгелер туралы мәліметтер VI – XIII ғғ. кезеңінде Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда сауда және тауарлы-ақша қатынастарының көлемі артқанын білдіреді.

Моңғол шапқыншылығы кезінде қалалардың талқандалуы, егін алқаптарының құлазып қалуы саудаға, әсіресе қала мен округтің, қала мен даланың саудасына кері әсерін тигізді. Бірақ моңғол империясының халықаралық сауда жолдары жақсы жұмыс істеді. Қытайды Моңғолиямен және Шығыс Түркістанды Орта Азиямен, Орта және Таяу Шығыспен Жетісу арқылы біріктіретін керуен жолы бұрынғысынша қалды. 1209 жылы осы жолмен қытай саяхатшысы Чань Чунь Моңғолия, Ұйғырия, Құлжа өлкесі арқылы және Жетісу арқылы Самарқанға жетіп, одан Шыңғысханның ордасына барды. Саяхатшы жүріп өткен жолын сипаттай келіп, Шу мен Талас өзендері өтетін көпірлер туралы айтады, сондай-ақ Сайрам қаласын сипаттап береді. 1246-47 жж. осы керуен жолымен армян қолбасшысы Смбат Спарапет моңғолдар астанасы Қаракорымға<sup>1</sup> барады. 1229 жылы Іле өңірі Жетісу және Орта Азия арқылы Хорасанға Чан Дэ барды. Соңғылардың бірі болып 1278 жылы осы жолмен екі несториандық монах III Мар Ябаллахи мен Раббан Саум жүріп өтеді. Олар жолға Ханбалықтан Таңғұтқа аттанып, одан кейін Қашқарға, ал одан Жетісу арқылы, Таласта (Таразда) кідіріп, Орта Азияға барып, кейін Кавказға жүреді.

Моңғолдар кезінде Еуропа мен Азияны жалғайтын елшілік және керуен жолы зор маңызға ие болды, ол оңтүстік орыс даласы, Еділ бойы арқылы Оралға, одан әрі Хорезмге, Сырдарияға және Жетісу арқылы Алмалық пен Моңғолияға өтті. 1246 жылы

<sup>1</sup> Армянские источники о монголах /Извлечения из рукописей XIII – XIV вв. //Перевод, предисл. и примеч. А.Г.Галстяна. М., 1962. С.7, 48.

Плано Карпини Киев арқылы Батудың ордасына – Сарай-Батуға барды, ал одан Хорезм, Жетісу және Тарбағатай арқылы Қаракорымға жетті. Плано Карпини өзінің есебінде Сырдарияны және көптеген қираған қалаларды, оның ішінде Жаңа кентті, Бархин мен Орнасты (Жаңакент, Баршынкент және Аснас) атайды. Плано Карпинидің жүрген жолы ішінара француз Андре де Лонжюмонның миссиясын қайталайды: Аққу және Мосул арқылы Каспий теңізінің оңтүстік жағалауымен ол Хорезмге келеді, одан Сырдария арқылы Омылға өтеді.

1253 жылы осы жолмен IX Людовиктің елшілігі Рубруктің бастауымен Мөңке ханға аттанады. Ол Константинопольден теңіз жолымен Қырымның Сохдак (Судак) қаласына жетеді, одан Еділден үш өткелде орналасқан Сартак ханның ордасына келеді, осы арадан Еділ жағалауы даласымен Жайық өзеніне жетеді, содан кейін Арал маңы даласы арқылы Таластың төменгі ағысына келіп ат басын тірейді. Таластан өткеннен соң Рубруктің миссиясы Ұлы Жібек жолының Жетісу бөлігімен Іле өңіріне келеді, Алакөлді айналып өтіп, Тарбағатайда тынығып, Қаракорымға жетеді.

1254 жылы Киликий Армениясынан Қаракорымға, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, армян патшасы I Гетум аттанады, ол Батудың ордасынан шығысқа бет алып, Айех өзенінен (Жайық) өтіп, Ор қаласына келеді. Одан әрі қарай ол Орталық Қазақстанның далалық жерімен жүріп отырып, Ертістен өтіп, Моңғолияға келеді. Гетумнің кері қайтар жолы Шығыс Түркістанның қалалары және Талас (Тараз) арқылы Қаратаудың солтүстік беткейлерімен Сырдарияға өткен, одан Самарқан арқылы Кіші Азияға барған.

Бағдар жолдағы аталған қалалар Алмалық пен Ілебалық Гетумнің Тарбағатай арқылы солтүстік-іле жолын тандаған Карпини мен Рубруктен ерекшелігі оңтүстік-іле жолымен жүргені еді, ал оның алдында оған дейін отыз жылдан астам уақыт бұрын осы жолмен Чань Чунь жүрген болатын.

Мөңке ханның өліміне байланысты Моңғол империясының шығысында және батысында өзара қырқысқан соғыстар өрши түсті. Ал мұның өзі керуен жолдарына кері әсерін тигізді: Орта Азия және Жетісу арқылы жүру өте қауіпті болды. Сондықтан зерттеуші Монтекорвино миссиясы 1291 жылы Ханбалыққа бұрынғы салынған жолмен емес, Үндістанды айналып өтіп барды. Бірақ мұның өзі өте ұзақ жол еді, сондықтан көпестер мен мис-

сионерлер Каффадан Танға, Ескі немесе жаңа Сарай, Үргеніш, Отырар, Алмалық және Ханбалыққа құрлықтағы қалыптасқан жолмен баруды жөн көрді. Көпес Пегалоттидің есебі бойынша (1340 ж.) бұл жол 290 күнге созылды. Осы жолдың тағы бір бағыты Сарайшық, Үргеніш, Бұхар, Қашқар арқылы өтті.

XIV ғасырдың 20 – 30-жылдарындағы осы трансазиялық магистраль бойында қалыптасқан ахуал халықаралық саудаға оң әсер етті. Бұл Алтын Орданың гүлденуімен, Сарай Бату және Сарай Беркенің өсуімен, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстігіндегі Ақ Орда қалаларындағы экономикалық және мәдени өмірдің көтерілу деңгейімен едәуір дәрежеде байланысты еді. Еуропалықтардың XIV ғасырда Шығыс елдеріне сауда-миссионерлік қызметінің соңғы географиялық шарасы 15 жылға созылған (1338 – 1358 жж.) Джованни Мариньоллидің саяхаты болатын. Ол Каффадан Там арқылы Жаңа Сарайға, одан Үргеніш пен Алмалыққа аттанды.

Халықаралық сауданың нәтижесінде Батысқа бұрынғыдай жібек, сән-салтанат заттары апарылды. Жібек Қытайдан және Орта Азиядан Үргеніш пен Хорезм арқылы жеткізілді. Каффадан генуэздіктер апаратын жібек арасында тауарлар тізбесінде хорезмдік және үргеніштік жібектер де аталды. Пегалоттидің айтуынша, Орта Азия мен Қытайда сондай-ақ жібек, алтын, парша, жүн, күріш, шафран, кептірілген жемістер, керамика, фаянс, форфор және басқа көптеген тауарлар сатып алынды. Иран қалаларынан Шығысқа әсемдік металл, әшекейлер, асыл тастар, сандал ағашы, інжу апарылса, ал Еуропадан Шығысқа мата орамдары апарылды.

Әрине, барлық аталған тауарлар Қазақстан қалаларында халықаралық сауданың кеңінен дамығанын көрсетеді, оған 1974 жылы желтоқсанда Отырардан табылған күміс көмбесі дәлел бола алады. Археологтар бұл көмбенің орнынан ештеңе қалмады деуге болатын шағын ғана ауылшаруашылық үй-жайымен байланысты екендігін анықтады: жұқа саз балшықтан құйылған қабырғалар мүлдем мүжіліп кеткен, тек аландарда тандырлар мен ошақтардың негіздері ғана сақталған. Бірақ табылған керамика үй-жайдың XIII – XIV ғғ. кезеңінде тұрғызылғанын көрсетеді.

Кең мойынды саз балшықтан жасалған құмырада тығылған көмбе үй-жай бөлмелерінің бірінің едені астында көмілген. Құмырада негізінен зергерлік бұйымдар, белдік бөлшектері, күміс тостағанның сынықтары, күміс құймасы мен теңгелер болды. Бұйым-

дардың бір бөлігі майыстырылған, сындырылған, демек заттар қайта қорытуға дайындалған тәрізді. Әртүрлі үлгідегі білезіктер көптеп кездеседі – қимасы жалпақ, дөңгелек, өрілген, шиыршықталған, пластинка тәрізді. Он алты жалпақ білезіктердің он екісі жұпты болып келеді. Ең ауыр білезік<sup>1</sup> 110 грамға дейін, қимасының ең қалың бөлігі 0,9 см. Кішкентай білезіктер ауырларынан ұштары арқылы ерекшеленеді, ауырларының ұштары доғал, жапырылған және ұшталған.


Есілген білезіктер (бұлар екеу) үш күміс сымнан есілген, олардың ұштары бекітілген және шарикке оралған. Зерттеушілер анықтағандай, мұндай білезіктер XI – XIV ғғ. кезеңінде кеңінен таралған. Әсіресе олар Еділ Бұлғарлары қалалары мен қоныстарын қазған кезде және моңғол шапқыншылығы алдындағы және моңғол кезеңіндегі көмбелерден көптеп табылды. Демек, есілген үлгідегі отырарлық және орыс білезіктері бір-біріне ұқсас (осындай бірнеше білезіктер Ескі Рязань қаласынан табылды).

Есілген білезіктер көркемдік жағынан назар аудартады. Оның біріншісі (диаметрі 5 см) төрт сымнан ортасына өзекпен жуандатылып өрілген, әрбір екі өрім сайын арадағы науаға арқан тәрізді жұқа сым ширатылып дөнекерленген. Білезіктердің ұшы бекітілген және жіңішке сыммен мықтап оралып тасталған. Тұтастай алғанда, білезіктердің ұштарын безендіру жыланның басы тәрізді. Екінші білезік те осындай, бірақ ол біршама кіші етіп жасалған.

Суретте есілген білезіктердің бірі және шиыршықталған білезік көрсетілген.


Сипатталып отырған есілген білезіктердің үлгісі алғаш рет өткен ғасырдың бас кезінде Шымкентке жақын жердегі Сайрамсудан X – XI ғғ. теңгелермен бірге табылған еді. Тағы да тап осындай білезіктер Ташкент облысында және Шу алқабында жасалған қазба жұмыстары кезінде табылғаны белгілі. Мамандардың айтуынша, бұл бұйымдар X – XII ғғ. кезеңінде жасалған. Отырарлық есілген білезіктер көмбенің белгіленген уақытынан көп бұрын жасалуы да мүмкін (XIII ғ. екінші жартысы), немесе мұндай білезік түрлері кемінде үш жүз жыл бойы, яғни X ғасырдан XIII ғасырға дейін дәстүрлі бұйым болуы да ғажап емес.

<sup>1</sup> Білезіктің диаметрі – 5,8 см.



1974 жылы көмбеден табылған есілген және шиыршықталған күміс білезіктер, XI – XIV ғғ. (Отырартөбе)

Күміс жолақтан дайындалған ені 1 см жалпақ білезіктердің тек біреуі ғана бүтін болды, ал қалғандары (барлығы 5 дана) бөліктерге сындырылған. Бүтін білезік таңбалы өрнекпен, ойма-бедермен және шекіме бедерлеумен әшекейленген. Өрнек төрт каннелюрден тұрады, оның шеткілері шекіме бедерлеумен екі қатар етіп жүргізілген, бұл каннелюрге өрілген түр береді. Ортасында – екі ромба тәрізді пішіндегі ойма бедерлі әшекей, ұштарында еспе өрнек (волюталар) бар.



Жалпақ білезіктер

Жалпы, кеңінен тараған білезіктердегі безендіру мотиві – төрт жапырақты гүлді, үшбұрышты, ширатылған өсімдік сабақтарын бейнелеу. Жалпақ білезіктердің ұқсас түрлері көп кездеседі, бұл әсіресе моңғол кезеңіндегі Еділ бойының ежелгі орындарына тән.

Әшекейлердің екінші тобына жүзіктер және олардың сынықтары жатады. Олардың арасынан, мәселен, екі ұшы бар жалпақ сымнан соғылған жүзікті бөліп айтуға болады, оның жиектеріне

тас орнату үшін ұя дәнекерленген (тастың өзі жоқ), ширатпа (скань) етіп сәндендірілген. Жүзіктен сынып түскен үш қалқанша да назар аудартады, олардың өзі алты бұрышты болып келеді: оның бірінің беті тегіс, екіншісінде төрт жапырақты ойма гүл бедерленген, үшіншісінде қиылысқан алтыбұрыштар түріндегі күрделі геометриялық сызба ойып жасалған.

Көмбеден табылған сырғалар бірнеше үлгіге жатады. Сұрақ белгісі тәрізді жұқа күміс сымнан жасалғаны бірден назар аудартады. Зерттеушілердің пікірінше, мұндай сырғалар орыс шежірелерінде сипатталатын қыпшақ немесе половецтердің далалық тайпаларына тән әшекей болып табылады. Екінші түрі сымнан жасалып, ұшында моншақ орнатылған. Сырғаның үшінші түрі қалың сымнан иілмеген сақинадай етіп жасалған. Көмбеде ұзындығы 5 см 3 әрпі тәрізді сырғалар, немесе дәлірек айтсақ, ауыр ілмелі алқа да кездесті, оның жоғарғы жағы тұзақ тәрізді. Төменгі бөлігі ауыр, жалпақ, ұшы кесіліп тасталған сияқты.


Табылған көмбенің заттары ішінде тесігі бар екі жарты шар дәнекерленген жартылай түрде көрінетін моншақтар және белдіктің бөлшектері бар: тоғалар, екі жапсырма және сақина.

Кұйылған ауыр тоға екі бөліктен, яғни белдікке бекітілетін рамадан және үш тесігі бар жүрек тәрізді бөліктен тұрады. Ондағы тесіктің бірі ілмекті кигізу үшін жасалған, ол белдіктің екінші ұшына тігілген. Екі жапсырма да тікбұрышты, жұқа күміс пластинадан қалыпқа құю арқылы жасалған, содан кейін оның бетін қосымша нүктелі шекімемен бедерлеген. Өрнектің бір бөлігі ойып жасалған. Жапсырманың ортасында құмыра тәрізді бейнеден тұратын геометриялық пішін бейнеленген, оған үшбұрыш пен жарты ай сұлбасы келіп қосылған. Пішіннің айналасына өсімдіктің ширатылған сабақтары түрінде өрнек салынған. Рамада жоғарыда және төменде куфа стиліндегі өрнектеп жазылған айнаға түскендей кері таңбаланған араб жазбасы бар, оның келесі бетінен мынадай сөздерді оқуға болады: «мәңгілік күдірет» немесе «өшпейтін даңқ».

Тоға тәрізді құйылған, диаметрі 2,5 см сақина белдікке әртүрлі нәрселерді ілуге арналған.

Сынған және бөлшектелген заттардың арасында алтындалған сынықтар да бар: жазуы бар пластинаның бөлігі, дөңгелек пішінді нәрсенің сынығы (сірә, кеудеге тағатын белгі), бас киімді әшекейлеуге арналған нәрсе.

Көмбеден күмістің құймасы да табылды. Оның ішінде ең үлкен сопақша пішінді, салмағы 1410 г. білік тәрізді екі құйманың ұштары доғаланған, ал қалған екеуі ұзындығы 4 – 6 см конус тәрізді таяқша түрінде жасалған. Осы көмбенің жататын кезеңінде құймалар ақшамен бірдей қолданылған. Мәселен, XIV ғасырдағы флорентиялық көпес Пегалоттидің айтуына қарағанда, еуропадан маталар алып, оны Үргенішке апарып сатып, онда «татар» елдерінде жүретін күміс құймаларын жинап алуға болады екен.



Отырардың орталық төбесінің сызба жобасы.

○ – күміс теңгелер көмбесі, ● – мыс теңгелер көмбесі

Көмбенің теңге құрамы жалпы салмағы 0,5 кг болатын 235 теңгеден тұрады. Бұл ақшалар 1240 – 1241 жылдардан 1263 – 1264 жылдарға дейін әртүрлі теңге сарайларында жасалған. Көмбенің құрамы теңгелердің түріне де, олардың жасалған жеріне де (теңге сарайы) байланысты ерекшеліктері бар. Мәселен, теңгелердің басым бөлігі, яғни күміс дирхемдер болып табылатын 151 данасы



Шағатай ұлысының астанасы, моңғол империясының ірі қалаларының бірі Алмалық қаласының теңге сарайында жасалған. Бұл қала Іле өзенінің оң жағалауында қазіргі Құлжадан онша қашық емес жерге орналасқан.

Көмбеден Моңғол империясының шығыс бөлігінде орналасқан қалалар Еміл мен Пуладта дайындалған теңгелер де кездеседі. XIII ғасырдың орта кезінде Еміл жағасында қоныс тепкен оның біріншісі Жошының үлкен ұлының, Орда иелігінің құрамына кірді. Емілден онша қашық емес жерде ұлы қағандар Үгедей мен Күйіктің ордалары орналасты. Отырар көмбесі табылғанға дейін Еміл теңгелерінің белгісіз болып келгені қызықты жәйт. Пуладтың дәл қай жерде болғаны анықтала қойған жоқ, тек ол Боратал өңірінде болғаны анық. Еміл мен Пулад теңгелерінің бірқатарында қосарлы үш ашалы түрде ұлы қаған Мөңкенің таңбасы бейнеленген.

Теңгелердің енді бір тобы Шағатайдың жазғы ордасында жасалған, бұл Алмалықтан онша алыс емес жерде орналасты, оны Құяш немесе Орда әл-Азам деп атады. Сегіз теңге белгілі сырдариялық қала Жентте соғылған, XIII ғасырдан бұрын онда теңге жасалмаған. Жент 1219 жылы Жошы әскерлерімен талқандалды, бірақ Отырар көмбесіне қарағанда, осы ғасырдың ортасында бұл қала қайта қалпына келген. Жент теңге сарайының жұмыс істегенін ортағасырлық автор Жамал әл-Қарши өзінің мынадай жазбаларымен растайды: «Жент бұрын белгілі қала болатын, ал осыдан біраз уақыт бұрын қиратылды, дегенмен бұл көпестердің бәсекеге түсіп, өздерінің табысты мәмілелерін жасайтын жұмыс істеп тұрған сауда орны болып табылады және оның базарындағы таразы табақтары үнемі өзгеріп отырады».

Теңгелердің бір бөлігі Қырымда жасалған, оның беттерінде облыстың және қаланың аты аталған.

Көріп отырғанымыздай, күміс теңгелерді соққан қалалар тізімінде Отырардың өзі жоқ. Бірақ оған таңғалуға болмайды, өйткені онда өзінің дербес күміс теңгесі тек 1271 – 1272 жж. – XIII ғ. Орта Азия мен Қазақстанның ақша қатынасының жаңа кезеңі болып табылатын Масудбектің ақша реформасынан кейін ғана пайда болды.

Тұтастай алғанда, отырарлық көмбе өте бай әрі тосын олжа болып табылады, бұл Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық тарихының неғұрлым күрделі әрі аз зерттелген кезеңіне жатады.

Басқа табылған заттарға қарағанда, аймақта халықаралық саудамен қатар жергілікті, ішкі аймақтық сауда біртіндеп жолға қойылған. Тауар-ақша қатынасы сонымен қатар көшпелі өнімдерді өзіне тартты, біз бұл туралы көшпенділердің көмбелері мен зираттарынан табылған теңгелерге, сондай-ақ Тараздан онша қашық емес жерде ашылған XIII – XIV ғғ. зиратындағы теңгелерге, Орталық Қазақстандағы қабірден алынған теңгелерге қарап білеміз.

Енді Қазақстан аумағындағы моңғол кезеңінде, сондай-ақ осы кезеңде Орта Азияның ақша шаруашылығына байланысты жүзеге асқан ақша айналымының тарихына тоқталайық.

Моңғолдар жаулап алғаннан кейінгі бірінші онжылдықтарда бұл ақша айналымының нашарлап кеткені сондай, осы кезде ешқандай ақша айналымы туралы әңгіме қозғаудың да реті жоқ. XIII ғасырдың бірінші ширегінде моңғол басқыншылығынан кейін ақша саудасының өте тез қысқарғанын, ал кейін мүлдем тоқтатылғанын айта кеткен жөн. Орта Азияны бүлінген ахуалдан алып шығу, шаруашылықты қалпына келтіріп, ақша айналымын жандандыру үшін орталықтандырылған ішкі саясат керек болды. Бұл орайда 1251 жылы құрылтайда шағатайлықтардың ұлы ханы болып жарияланған Мөңке хан осы реформаны бастады. Е.А.Давидовичтің кезеңдерге бөлуіне сәйкес, бұл империяның ақша шаруашылығы дамуында үш кезең болды<sup>1</sup>.

Біріншісі – Орта Азияны моңғолдар жаулап алғаннан кейінгі жүзжылдықтың бірінші ширегі және XIII ғасырдың шамамен орта тұсы, бұл кезде теңге шығару азды-көпті тұрақты түрде екі қалада – Самарқан мен Бұхарда жүзеге асты. Бұл ақшалардың айналым аясы тар болды, сондықтан ол ақша дағдарысын жоя алмады.

Екінші кезеңде шығарылған жеріне қарамастан барлық Шағатай мемлекетіне жүретін төменгі құрамды (60% алтын) жасырын алтын теңге тұрақты түрде шығарыла бастады. Теңгенің құрамы әдейі төмен жасалды, бұл алтын теңгелерді сол кезеңнің нақты саудасының деңгейі мен көлеміне жақындатуға байланысты жүзеге асқан еді. Оның салмағы әртүрлі болды. Ұсақ есеп айырысуда олардың бөліктері қолданылды, алтын теңгелер салмағы бойынша қабылданды. Бұхардың, Самарқанның, Ходжент пен Отырардың теңге сарайлары жұмыс істеді.

<sup>1</sup> Қараңыз: Давидович Е.А. Денежное хозяйство Средней Азии (XIII в.). М., 1972.

Осы кезеңде неғұрлым ұсақ ақша саудасы дами түсті. Бұл орайда Отырардың көрсеткіші жоғары болды. Екінші кезең бойына, 649 х.ж./1251 – 1252 жж. кезеңінен бастап 662 х.ж./1263 – 1264 жж. дейін шамамен жыл сайын күмістелген мыс дирхемдер шығарылды. Оның қандай болғанын келтірілген суретке қарап білуге болады. Бұл теңгелер тек Отырардың өзі мен оның алқабының саудасын ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Ташкент және Ферғана аудандарының саудасын да қамтыды, оны Орта Азия аумағында жиі кездесетін Отырарда шығарылған күмістелген мыс дирхемдер көмбелері дәлелдейді. 1972 ж. Отырарда XIII ғасырдың 50 – 60 жылдары жасалған күмістелген мыс дирхемдер (190 дана) көмбесі табылды. Бұл көмбе ерекше назар аудартады, өйткені онда күмістелген дирхемдердің үлгісіне ұқсайтын, олардан тек өзінің көлемі жағынан ерекшеленетін осы кезеңнің Отырардан шығарылған мыс фельстері де табылды<sup>1</sup>. Отырардың ақша айналымында фельстер ұсақ майдалау теңгесінің рөлін атқарды, ал мұның өзі XIII ғасырдың екінші жартысындағы сауда-ақша айналымының өскенімен тікелей байланысты болатын.

Үшінші кезең шағатайлықтардың ақша айналымының дамуындағы түбегейлі жаңа кезең болып табылатын Масудбектің ақша реформасынан басталды. 670 х.ж./1271 – 1272 жж. заңдастырылған ол қысқа мерзім ішінде толық жүзеге аса алған жоқ, бұл үшін XIII ғасырдың тағы да екі соңғы онжылдығы керек болды. Реформаның негізгі мазмұны нағыз күміс теңгелерді Орта Азияның, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың көптеген облыстары мен қалаларында шығару ісіне арналған болатын. Қазір XIII ғасырдың соңғы ширегінде жұмыс істеген 15-тен астам теңге сарайлары белгілі, олардың ішінде Отырардың, Тараздың, Кендж, Женттің теңге сарайлары бар. Сонымен қатар жекелеген қалалардың да теңге шығару ісіне тартылғаны анықталды. Күміс теңгелерді алғаш рет Алмалықтан кейін Отырар – 670 х.ж./1271 – 1272 жж. бастап, кейін Тараз бен Кенжде – 677 х.ж./1278 – 1279 жж. бастап шығаруды қолға алды. Нумизматтық мәліметтерге қарағанда, ақша саудасы тұрғысынан қалыптасқан жағдай Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың оңтүстік-батысына таманғы аймақта жақсы жолға қойылғаны байқалады.

<sup>1</sup> Қараңыз: Байпаков К.М., Настич В.Н. Новые данные по истории Отырара X – XIII вв. /Изв. АН КазССР. Серия общ. наук, 1978 №2. С 49 – 50.

1321 жылы Кебек хан айналымға жаңа күміс теңге – «кебектерді» енгізді. Осы кезде Отырардың теңге өнімі бұрынғыша мольнан шығарылып жатты, Тараздың, Испиджабтың теңге сарайлары да жұмыс істеп тұрды. XIV ғасырдың екінші жартысында Сығанақ теңге шығара бастады.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардың Қазақ хандығының құрамына кіруі, саяси жағдайдың тұрақтануы, экономикалық қуаттың нығаюы – осының бәрі сауданың өсуіне жағдай жасады.

XV – XVIII ғғ. транзиттік сауда Орта Азияның көптеген елдерімен, оның ішінде қазақ даласы және түркістандық қалалар арқылы Ресеймен, ал сырдариялық қалаларды, Сайрамды басып өтіп, Ташкент пен Ферғана арқылы – Қашқармен байланыс орнатты.

Мәскеу мемлекетімен пайда болған қатынастар осы кезде оның қуатының артқанымен және Шығыс халықтарымен экономикалық және саяси байланыстарды кеңейтуге ұмтылғанымен түсіндіріледі, соның арқасында жаңа сауда жолдары ұйымдастырылды. XVI ғасырдың 90-жылдары Ресей Қазақ хандықтарымен саяси байланыс орнатты. Қазақстан арқылы Орта Азияға және оған шектес елдерге қарай екі жол өтті: Ертіс арқылы Есілге, ал одан Сарысуға, Түркістанға дейін және одан әрі Қызылқұм арқылы Бұхарға барды; Созақ арқылы Сауранға шығып, Шымкент пен Ташкентке жетті. Осы кезде бірінші рет орыс-қазақ сауда байланыстары жолға қойылды. Сауда қатынастарының кеңеюі және Ресей мен Орта Азияның Қазақстан арқылы елшілік байланыстары XVII – XVIII ғғ. кезеңінде жүргізілді. Орыс мемлекеті Орта Азиядан мата, мақта, жібек-шикізат, асылтастар, Шығыс қару-жарағын алды. Орта Азия арқылы Ресейге қытай тауарлары жеткізілді. Ресей Орта Азияға мауыты, шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс тәрізді тауарларды әкелді.

Сауда керуендері Созақ, Қарашық, Түркістан, Қарнак, Сығанақ, Отырар, Шымкент тәрізді қазақстандық қалалар арқылы жүрді. Жазба деректер олардың кейбірін ірі транзиттік сауда орталығы деп сипаттайды. Рузбихан Сығанақты Дешті Қыпшақтың айлағы деп атайды. Ол Сығанақты сипаттай келіп былай дейді: «Бұл елге... Дешті жағынан Қажы Тарханнан көптеген заттар, семіз қойлар және басқа бағалы тауарлар, атап айтқанда, аң терісінен тігілген тон, бұлғын мен ақтиін тері бұйымдары, ақ қайыңнан жасалған садақтар, жебелер, жібек маталар және басқа құнды

заттар жеткізіледі. Түркістан, Мәуереннахр аймақтарының көпестері және Шығыстан Қашқарға, Хотанға дейін Сығанаққа осы елдерден тауарлар әкеледі әрі Дештінің адамдарымен сауда мәмілелерін жасап, айырбас жүргізеді». Рузбихан Йасы (Түркістан) қаласын былайша сипаттайды: «Йасы қаласына тауарлар мен аса қымбат бұйымдар әкелінеді, және онда сауда жасалады, және ол (қала) көпестердің жүк тендерін шешетін орны және елдерге саяхатшылар топтарының аттанатын жері болып табылады»<sup>1</sup>. Тауарлардың көп бөлігі түркістандық қалаларда өткізілді, оны жазба деректері де, сондай-ақ Отырар, Түркістан, Сауран қалаларынан табылған XVI – XVII ғғ. қытай селадоны мен фарфоры тәрізді заттар да дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген Рузбиханның мәліметтері Дешті Қыпшақ тайпаларының қалалармен сауда жасағанын дәлелдейді. Дала тұрғындары мал, тері, жүн, дайын өнімдер әкеліп сатты. Біз 1582 жылы жазылған Сейфидің шығармаларынан қазақтар саудасы туралы мәліметтерді кездестіреміз: «Оларда қой, жылқы және түйе көп... Олардың шекпені қой терісінен жасалған, оны түрлі түске бояйды, сосын ол атласқа ұқсап кетеді, ондай тауарды олар Бұхарға әкеліп, атластан жасалған шекпендермен бірдей бағаға сатады, мұндай киімдер керемет әрі әдемі көрінеді»<sup>2</sup>. Сырдария қалаларынан дала төсіне қала қолөнершілерінің өнімдері, мата жеткізілді.

Қазақтардың егін шаруашылығымен айналысатындармен және қалалармен тұрақты сауда байланысын жасауының бір себебі — қазақ хандарының қалаларды иемдену ниеті болатын.

Халықаралық сауданың және қала мен округтің арасындағы, сондай-ақ жекелеген сырдариялық қалалардың арасындағы сауда көлемін Отырар, Түркістан қалаларына жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған нумизматтық материал бойынша анықтауға болады.

Отырардан табылған XVI ғасырдың көптеген мыс теңгелерін екі топқа бөлуге болады: Йасы (Түркістан) мен Ташкенттің жасаған ақшасы және ортаазиялық қалалар шығарған нұсқа. Отырарда ақша жасау көлемі XVI ғасырдағы ортаазиялық қалаларға,

<sup>1</sup> Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани. Михман наме-йи Бухара. 1976. С. 116 – 117.

<sup>2</sup> Султанов Т.М. Краткое описание сочинения Сейфи // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1970. №1. С.49.

Йасы мен Ташкентке қарағанда шағын болған: ол негізінен XVI ғасырдың бірінші ширегіндегі Бұхар мен Самарқанның бірнеше мыс теңгелерінің болуынан көрінеді<sup>1</sup>. Осы кезеңде Отырардағы күміс теңгенің айналымы туралы мәлімет жоқ. Мыс теңгелер көп кездеседі, сірә, ол Отырар базарында белгілі бір рөл атқарса керек. Әрі мұндай жағдай XVI ғасырдағы бүкіл Орта Азияға тән құбылыс.

XVII ғасырдағы Отырардың теңге кешені басқа көріністі көз алдыңызға әкеледі.


1972 – 1973 жж. Отырардан жалпы саны 118 дана джанидтік күміс теңгенің екі көмбесі табылды. Жекелеген қазба орындарынан тағы басқа теңгелер де кездесті. Екі көмбенің де уақыты XVII ғасырға жатады.

XVII – XVIII ғасырларда мыс теңгелердің айналымы қандай болды? Бұл сұраққа әзірге жауап жоқ, өйткені, кейінгі орта ғасырлық мыстың үлкен бөлігі теңгенің шығарылған жылын, орнын көрсетіп бере алмайды. Сондықтан теңге көмбелерінің рөлі арта түседі, топография мен олардың сапалық құрамы оны дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай көмбелердің бірі (978 дана) Отырардан 1973 жылы табылды, ал екіншісі (214 дана) – 1974 жылы. Бірінші көмбенің мыс теңгелерінің таңбаларына қарағанда, оларды Ташкент, Йасы және белгісіз тағы бір мекен деп үш топқа бөліп қарауға болады; соңғысы үлгісі жағынан алғашқы екеуіне ұқсас. Ең көп табылған тобын (475 дана) анаэпиграфтық теңгелер құрайды: оның бір жағында аңның бейнесі, екінші жағында құс салынған, кейбір теңгелерде тек аңның бейнесі бар да, екінші жағы тегіс келеді. Ешқандай таңбасы да, бейнесі де жоқ шаршы пішінді теңгелер де кездесті (немесе бұл теңгелердің дайындалу сәті).

Екінші мыс көмбесі өзінің неғұрлым біртекті құрамымен ерекшеленеді. 214 дананың 62-сі шағын цилиндр пішінді теңгені жасауға арналған дайындау материалы болып табылады. Кейбір теңгелерде үзік-үзік жазбалар бар, ал екінші жағында бірінші көмбедегі теңгелерде кездесетін жыртқыш аңның бейнесі жартылай басылып түсірілген.

<sup>1</sup> Осы кезеңнің тағы бір жинақы тобы II Абдаллах кезеңіне жатады (1583 – 1598 жж.)



Отырардан табылған мыс теңгелер. XVII ғ.

Осыған ұқсас теңгелер бірқатар мұражай коллекцияларында, сондай-ақ көмбелерде, әсіресе Ташкент облысынан табылғандарында кездеседі.

Дайындалған мыс топтарының бірін соғылған теңге ретінде айналымға түскен деп болжам жасауға болатын сияқты. 1976 – 1977 жж. қаладан тағы да екі көмбе табылды. Оның біріншісінде салмағы 3 кг-нан асатын ылғи «цилиндрлер» және штемпельдің іздері жоқ майыстырылған мыс пластинкалар табылды, тек бірнеше ондаған даналарында үзік-үзік бейнелер мен жазбалар бар. Ал келесі көмбеде осындай дайындаулар және Алексей Михайлович патша атынан 1655 – 1663 жж. шығарылған орыстың 30 мыс тиыны табылды. Бүкіл мыс теңге кешенінің XVII ғасырда айналымда болғаны анық<sup>1</sup>.

XVIII ғасырдағы ақша шаруашылығының құрылымына қатысты тоқталар болсақ, ол айқындалмаған, өйткені оны анықтай қоятындай табылған зат жоқ. Отырардан бір жағында аңның суреті бар және екінші жағында бастары жан-жаққа қаратылған екі балықтың бейнесі бар бірнеше мыс теңге табылды. Демек, оның алдындағы ғасырдың мыс теңгелері ақша айналымында қандайда бір рөл атқарған деп болжам жасауға болады. Осы кезеңнің күміс теңгелері мүлдем кездескен жоқ.

Нумизматтық материал сауданың күрт азайғанын, XVIII ғасырдағы Қазақстанның дағдарысқа ұшыраған қала өміріндегі көрінісін айқын суреттейді.

### БОЛЖАМДАР, БОЛЖАМДАР... КӘНІ, УАҚЫТТЫҢ ӨЗІ СЫР ШЕРТСІН...

Археологтардың ізденістері тосын жағдайларға толы. Қашан нені табатыныңды еш білмейсің... Қазба жұмыстарының өзі бір сарынды, күнделікті жұмыс, керемет олжа табатын күнді ұзақ уақыт бойы күтуге тура келеді. Тарихи пікірлер тізбегінде жетіспей-

<sup>1</sup> Қараныз: Бурнашева Р.З. Монеты из Отырартобе (1973 г.)// Археологические исследования в Отыраре. Алматы, 1977. С. 22 – 34; Осы автор. К вопросу об экономическом положении позднесредневековых городов Туркестана и области (XV – XVIII вв.) //Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алматы, 1983. С. 52 – 60.



тінді жетістіретін, оқиғаның немесе қазылатын объектінің кезеңін білдіретін, ғалымдардың болжамын дәлелдейтін олжаны табу дегеніңіздің өзі бір бақыт... Кейде бір затты тапқанда сан ғасыр бұрын өмір сүрген адаммен кездескендей боласың. Сол затқа қарап отырып, ойға кетесің, небір жұмбақтар мен болжамдарға бойлайсың, ондайда өзіңе керекті ақпаратты сол заттан алғандай боласың...

Бұдан былай әңгіме өзегіне айналатын екі қазба жұмыстарының объектілері бір кезде айналасындағы адамдарға жоғары дәрежедегі рухани күштің иесі көрінген адамдар өмірімен байланысты... Олардың бірі – нақты тарихи тұлға – ғалым, ал екіншісі... ол әртіс болып халықты өзінің өнерімен қуантуы мүмкін.

...Отырартөбеден 20 шақырым жерде Сырдарияның сол жағалауындағы Ақжар мекенінде Оқсыз қаласы орналасқан. Оңтүстік Қазақстанға тән қамалы, шахристаны және рабадтары бар, айналасы қабырғамен қоршалған кәдімгі қаланың бірі. Қамалдың дөңесі дөңгелек пішінде, төбесінде алаңқай бар, диаметрі 40 м, жерден айналасы 10 м биіктікте орналасқан. Өлшемі 50x75 м доғалдау тікбұрышты пішінді шахристанға рабадтың жартылай сопақша жобадағы аумағы келіп қосылады... бірақ археологтарды ол ежелгі Весидж қаласының үйіндісі ретінде, 870 жылы орта ғасырдың ең ірі ғалымдарының бірі Әбу Насыр әл-Фараби туған қала ретінде қызықтырады <sup>1</sup>.

Оқсызды мұқият зерттеу Весидж қаласының аумағын анықтауға мүмкіндік берді. Ол біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында пайда болған және IX – XII ғасырларда гүлденіп, көркейген. Ондағы қайнаған өмір моңғол шапқыншылығынан кейін де тоқтаған жоқ. Қазба жұмыстары кезінде табылған көк және көкшіл түсті жылтыратылған керамика бұл қаланың XIII – XIV ғасырларда өмір сүргенін дәлелдейді. XIII ғасырдың бас кезінде Весидж Зернук атауымен белгілі болды деген де болжам бар, ол қала Сырдариядан өтер өткелге жақын жерде орналасқан және одан Бұхарға жол тартылған. Өзеннің осы тұсынан Шыңғысханның мындаған әскерлері өтіп, Орта Азияның гүлденіп тұрған аймақтарына бет алған деген болжам бар...

Әл-Фараби Весидж әмірінің, жергілікті түркі билеушісінің ұлы болған. Ол Бұхарда, Дамаскіде және Бағдатта білім алған.

<sup>1</sup> Әл-Фарабидің өмір сүрген жылдары – 870 – 950.

Осы тұлғаның қалыптасуына VII ғасырда ғылым орталығына айналған, Әл-Мамун халифтің сарайында үлкен ғылыми мектеп құрылған Бағдат қаласы айырықша із қалдырды. Бұл жерде Орта Азияның және Хорасанның түлектері сабиялармен – вавилон абыздарының тұқымдарымен, Гундишапурдағы өркендеген Сасанид академияларынан келген парсылармен және сириялық христиандық монастырь ғалымдарымен кездесті. Мұнда алгебра мен астрономиялық кестелерді жасаған Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми; астроном әрі математик Ахмед әл-Ферғани; философ Якуб әл-Кинди тәрізді көрнекті ғалымдар дәріс берді.

Әл-Фараби барлық ғылымдарды үйренді және энциклопедиялық білім алды. Өте қабілетті ол заманынан озық тұрды, бұл орайда ол ғажайып философиялық, математикалық, медициналық, музыкалық трактаттар жазды. Көрнекті ғалымның Аристотельдің ісін алға апарушы ретіндегі рөлі зор, осы аталған ұлы ойшылдың және басқа да ежелгі грек философтарының және оның замандастарының мұраларын игеруде орасан зор еңбек сіңірді. Әл-Фарабиді «Екінші Аристотель» деп бекер атамаса керек. Әл-Фараби өзінің «Философияның негізгі идеялары туралы» кітабында адам өмірінің мәніне үңіледі, оның пікірінше адамды жануарлар дүниесінен ерекшелендіретін «катынас құралы ретіндегі тіл» болып табылады. Әл-Фараби адамдарды біртұтас құбылыс деп есептейді; оларға ортақ нәрсе – олар бірігіп адамзат қоғамын құрады. Бірақ ол адамдардың мінез-құлқында айырмашылықтардың бар екендігін айтты, «мұз бен ыстық судың арасындағы, қара мен ақ көйлек арасындағы» сияқты айырмашылық бар...»

Әл-Фараби астроном және астролог ретінде де кеңінен мәлім. Оның «Астрология заңдарында не дұрыс және не дұрыс емес» деп аталатын трактаты белгілі астролог Исхак Ибрагим ибн Абдаллах әл-Бағдати назарын өзіне аударды. Трактатқа жазылған алғысөзінде ол астрологиямен айналысқан ұзақ жылғы еңбегі оның құпиясын ашуға кілт табуға көмектесе алмағанын мойындайды. Тек әл-Фарабидің қолжазбасымен танысқаннан кейін былай деп айтқан: «астрологиядағы мүмкін болатынға және мүмкін болмайтынға баратын жол мен үшін енді түсінікті болды». Әл-Фараби физика саласында да жарықтың табиғаты туралы қызықты пікірлер айтады.

Әл-Фарабидің дәрігер ретінде де данқы шықты. Ол бірқатар уақыт бойы Халебте сұлтан Сайф әл-Даудың сарай емшісі бо-

лып қызмет етті. Дәрігерлік тәжірибемен айналысқан ғалым ботаникаға, химияға, фармакологияға ерекше мән берді.

Әдебиетте Әбу Әли ибн Сина, Бируни, Хайям және т.б. Шығыстың көрнекті ғалымдарының дүниетанымына әл-Фарабидің озық ойлы көзқарастарының айтарлықтай ықпалы айтылады.

Өкінішке орай, әл-Фарабидің өмірі мен тағдыры туралы мәліметтер аз. Ол туралы жартылай аңызға құрылған бірнеше әңгімелер ғана сақталған, онда білімді әрі данышпан адам ретінде осынау тұлғаның халыққа деген ақ ниеті айқын көрсетіледі, бірақ бұл ғалымның өз еңбектері арқылы онымен танысудағы сан қырлы таланты мен бейнесін толық ашып бере алмайды. Археологтар отырарлық қалаға қазба жұмыстарын жүргізген кезде қашанда болса әл-Фарабидің есімімен байланысты дүниелерді табуға деген толғанысын түсінуге болады.

Ал әзірге... Оның идеялары қазіргі заманғы күн санап дамып келе жатқан ғылымда барған сайын жаңа сапамен жалғасуда және мұндай сабақтастық — ұлы ғалымға ең керемет ескерткіш.

Енді қайтадан қазба жұмыстарына оралайық.

Құйрықтөбе қаласындағы, Кедер деп саналатын қалада, X — XI ғғ. кезеңіне жататын үйлердің бірін аршу кезінде керамикалық маска табылды.

Мұндай нәрсе табылған үй IX — X ғасырларда салынған және қайта салу, жөндеу арқылы XIII ғасырдың ортасына дейін болған. Оның қабырғалары қосымша қалаулардан, жапсыра салған құрылыстардан қалындаған, едендері мәдени қабаттың өсуіне орай көтерілген. Оның негізгі құрылыс кезеңі үшке бөлінеді: IX — X ғғ. бірінші жартысы, X — XI ғғ. және XII — XIII ғасырдың бірінші жартысы. Құрылыстың соңғы кезеңі XIII ғасырдың 50-жылдары Отырарда шығарылған күмістелген мыс дирхемдердің табылған көмбесімен белгіленеді. Бұл көмбе қабырғалар жанында еденнің астынан табылды. X — XI ғғ. құрылыс қабатының кезеңі табылған жасыл жылтырмен жабылған шырақтағы екі мыс теңгенің негізінде белгіленеді. Теңгелерді қарахандықтар жасаған. Бұлар Ферғанада XI ғасырдың екінші ширегінде шығарылған, оның бірінде Жалал-ад-диннің есімі оқылады. Бұл анықталған уақыт керамика кешеніне, оның ішінде еден деңгейінен басталатын қоқыс шұңқырынан табылған жылтыратылған түріне қайшы келе қоймайды.

Төменгі құрылыс қабаты бойынша үй жақсы сақталған, оның қабырғаларының биіктігі 0,5 — 2,2 м. Үй үш бөлмежайдан тұра-

ды, ұзына бойына орналасқан. Оған кіретін жер көше жағында, ол қала қабырғасының ішкі жағын бойлай өтеді.

Сипатталып отырған үй кіретін бөлмежайдан тұрады, оның үлкен бөлігі қабырғамен бөлінген әрі қоймаға айналдырылған. Қалған тар дәліз арқылы аумағы 20 ш.м. бас бөлмежайға өтетін болған. Оған кіретін жер тамбур тәрізді етіп салынған және бөлменің алаңынан қабырға арқылы бөлінген.

Бөлмежайдың төрт қабырғасын бойлай ені 1 м және биіктігі 0,3 м сәкі орнатылған. Ортасында ашық тік бұрышты, ернеуі бар едендегі ошақ орналасқан. Оның аузы шығыңқы жапсырмамен безендірілген. Кіреберіспен қатар бұрыштардың бірі қабырғамен қоршалып тасталған: мұнда камба орналасқан. Оның қасында шаруашылық алаңы бар, оның алдында кейіннен қоқыс шұңқырымен жойылып кеткен қысқа бағана орналасқан, оған әдетте, басқа бөлмежайлардың жобасына қарағанда, ойып тандыр қондырылған.

Кіретін жерге қарама-қарсы орналасқан қабырғаның бұрышында салынған бөлменің бірінің өтетін тұсы бұрын қойма болған аумағы 12 ш.м. тікбұрышты бөлмеге бастайды. Осындай жобалау негізінен неғұрлым кейінгі уақытқа дейін сақталған, бірақ XI ғасырда қойма-бөлме үйдің құрамына кірмейтін болған.

X — XI ғғ. кезеңіне жататын үйдің еденінен табылған маска сопақша пішінді, биіктігі 20 см және ені 12 см, сәл дөңестенген нәрсе. Қабырғаларының қалыңдығы — 3 см. Ішкі жағынан саусақтың ізі байқалады, ал сыртқы беті қызыл ангобпен қапталған. Маскаға «көз» ретінде тар ойық және ауыз салынған. Мұндағы адамның бет бейнесінің мұрны имек және қастары шығыңқы, жапсырылған құлақтары бар.

Орта Азиядағы көрермендерге өнер көрсету тарихы ежелгі заманнан басталатындығы белгілі: б.з.д. III ғасырдан бастап мұнда «Масқара» театры болған. Одан кейінгі заманда театр Парфян және Кушан мемлекеттері дәуірінде дами түсті. Көрсетілімнің сипаты туралы Плутархтың жазбасы бойынша білуге болады. Ол армян патшасы Артавазд сарайында өткен мейрамды суреттей отырып, сол кезде онда парфяндық «патшалардың патшасы» Ород қатысқанын, Еврипидтің «Вакханкалар» қойылымы туралы айтады. Сірә, осыған ұқсас қойылымдар парфян ақсүйектерінің ордаларында да қойылған тәрізді. Кушан дәуірінде драма дамығаны белгілі (сақталған жазбаларда актерлер айтылады, сірә, олардың кейбірі буддаға табынушылар болса керек).

Ежелгі актерлердің бейнесі бізге бейнелеу өнері арқылы белгілі.

Біздің дәуіріміздің шегіне керемет композициялармен әшекейленген Халчаяндағы сарай құрылысы жатады. Мүсіншілер Геррай тегінен бірінші кушан өкілдерін бейнелеген. Театр әрекеттерінің қатысушыларын — биші-қыздарды, күлдіргіш арнайы маска кигендерді, музыканттарды, сатирлерді бейнелеген фриз назар аудартады. Фриз образдары эллинизм рухымен бейнеленген, «бактриялық негізде вакх көріністерінің өзіндік ерекшелігі бар ұғым»<sup>1</sup> болып табылады. «Биші маскалар» залы б.з. II — III ғғ. екінші жартысында Топыраққала сарай кешенінде, оның алғашқы іске қосылған кезеңінде ашылған болатын. Залдың қабырғаларындағы бедерлі суреттер ішінде маска киген биші ер адамдар бейнеленген. С.П.Толстовтың пікірі бойынша, «зал дионистік (вакх) сипаттағы наным мен қандайда бір діни мистериясына арналған». Бірқатар зерттеушілер С.П.Толстовтың пікіріне қосыла отырып, бейнеленген салт-жоралғылық көріністерді сақтардың вакхтық мейрамдарымен байланыстырады. I мыңжылдықтың бірінші жартысына жататын және Афрасиаб қаласында табылған күйдірілген саздан жасалған мүсіндер мен жапсырмалардың арасында комедиялық актерлер мен «сатирлердің» маскалары бейнеленгендері бар.

Ерте ортағасырларда (VI — IX ғғ.) театр өнері мен көрермендердің қызықтауы Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени салаларында кеңінен дамыған. Жазба деректер Бұхардың, Самарқан мен Шаштың музыканттары мен бишілерінің жоғары деңгейдегі өнері туралы айтады. Сонымен қатар акробаттар мен сиқыршылар да кеңінен танымал болды. Тан Қытайында, әсіресе VIII ғасырда, Бұхара актерлері, Самарқан флейташылары, Хотанның габошылары, Ташкенттің бишілері даңққа бөленді. Көптеген жатжерлік орындаушылар Қытайға сыйлық, сауда мәмілесі ретінде апарылды, сондай-ақ ерікті музыканттар да, орындаушылық өнердің әр түрлерінің өкілдері болды.

Орта Азияның барлық әртістерінің ішінен биші қыздар мен жігіттер үлкен құрметке бөленді. Қойылым екі топқа бөлінді — «икемді» билер және «қызба» билер. Оның екіншісін көрермен-

<sup>1</sup> Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.И. Очерки искусства Средней Азии. М., 1982. С.51.

дер жақсы көрді. Соның бірі — «батыстық секірме би» — оны әдетте иран жейдесін киген, моншақтар тағынған ұзын шошақ бөрікті Ташкент балалары биледі. Олар белдеріне ұзын кушақтар тағынды, билеген кездің оның ұштары желбіреп тұратын болған. «Чача биін» үстеріне түрлі-түсті кестеленген, күміс белбеулі жұқа камзол киген екі жас қыз билеген. Олардың көйлектерінің жеңі қысқа болған, сүйір бөріктеріне алтын қоңыраулар тағылған, ал аяқтарына қызыл парша кебіс киген.

Бишілер сонымен қатар «Кұйындай үйірілген Батыс қыздары» биін де билеген. Соғды қыздары жұқа алқызыл көйлек, жасыл шалбар, аяқтарына қызыл күдері етік киіп, секіре қозғалып, шыр көбелек айналады<sup>1</sup>. Комедиялық актерлерді, бишілерді, маскалы актерлерді, биші қыздарды, акробаттарды бейнелейтін Қытайдың Тан кезеңіндегі терракота (күйдірілген саздан жасалған) коллекциясы үлкен қызығушылық туғызады. Бет бейнесіне қарағанда осы мүсіндердің көбі Орта Азия халықтарының өкілдерін бейнелейді.

Терракотада, жапсырмада, бедерде актерлерді бейнелеу бізге дейін жетті. Көптеген соғдылық және кейбір мервтік оссуарийлерде жапсырма бастар бейнеленген, бұл мүмкін, наустық безендірудегі бедерлі маскарондар болуы ғажап емес. Сірә, бұл қайғылы жандар бейнесі. Самарқандық оссуарийлердің бірінде лирада ойнап отырған, маскасы аяқ жағында жатқан жас жігіттің бейнесі батырылып салынған. Бұл ән салған «Аполлон-Мусагеттің» немесе «Өлім халіндегі Александр» бейнесі шығар. Малдарды, оның ішінде ешкі мен тауысты бейнелейтін маска киген адамдардың театрландырылған қойылымы Пенжикенттің таңбалы қабырғаларының бірінде салынған. Жазба деректер Сиявуштің<sup>2</sup> өмірі мен өлімі туралы «магтар зарын» орындайтын бұхарлық музыканттар мен декламаторлар туралы келтіреді.

Арабтардың Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы, исламды таратуы ежелгі дәстүрлер мен нанымдарды, сондай-ақ көрермендер жиналатын мейрамдар өткізу салтын жоя алмады. Олар қатарласа жүріп жатты. А.Мец атап көрсеткеніндей, мұсыл-

<sup>1</sup> Қараңыз: Шефер Э. Золотые персики Самарканда (Книга о чужеземных дикиховинках в империи Тан). М., 1981. С.82, 84-85.

<sup>2</sup> Қараңыз: Наршахи Мухаммед. История Бухары / Перев. Н.Лыкошина. Ташкент, 1897. С. 25,33.



мандар өз мейрамдарымен қоса христиан мейрамдарын да атап өткен, бұлар негізінен ежелгі салт-дәстүрлерді неғұрлым көп қамтыған. Мәселен, Египетте христиан мейрамы – Джидке жақын Иосиф зынданына салтанатты шеруді мұсылмандар да тойлайды. Осы күні барлық мерекелік шаралар жүргізілді. Мимикалық сценалар мен көлеңкелі театр қойылды. Көше актерлері, мәселен, өз репертуарларында түрлі дауыстарды және өтектердің (евнух) қылықтарын айнытпай салды.

Исламға дейінгі жаңа жыл – жарық күн жылының басы – өзара сыйлық жасасып, барлық жерде мерекеленді. Бағдатта тіпті халифтің алдына дейін барып маскалы қойылымдар қойды<sup>1</sup>.

Маска киген актерлердің қатысуымен көрерменге қойылым қою дәстүрі кейінгі ортағасырларда да жалғасын тапты. Ақсақ Темір кезінде оның астанасы Самарқанда музыканттардың, биші қыздар мен биші жігіттердің, күлдіргі актерлердің қатысуымен мейрам ұйымдастырылды. Театрландырылған мереке салтанаты сарай аландарында немесе қала шетінде өткізілді. Шерефеддин Әли Иезидидің, Ибн Арабшахтың, Клавихоның шығармаларында Самарқанда өтетін мейрамдар мен карнавалдар кереметтей сипатталып көрсетіледі. Маска киген күлдіргі актерлер бейнелері XV – XVII ғғ. миниатюраларында кездеседі.

Актерлердің қатысуымен болатын халықтық қойылымдар Орта Азияда жақын араға дейін сақталып келді. Ташкенттегі ашық аспан астындағы қойылымдар туралы өткен ғасырдың басындағы куә болғандар жазған.

Кедердің қала үйлерінің бірінен табылған керамикалық маска Орта Сырдария қалаларында, сонымен қатар Отырар – Фараб округінде маска киген актерлік қойылымдар болғанын дәлелдейді. Маска табылған үй актердікі – көрермен өнерімен байланысты адамдікі болуы әбден мүмкін.

Әлішер Науаи осындай адам туралы жазған болса керек: «Өзіне сақал жапсырып алған ол (масқара) көрермендерді еріксіз күлдіреді. Тіпті сақалының өзі күлкінді келтіреді. Өзін одан да күлдіргі етіп көрсету үшін басына маймыл тәрізді жамылғы киіп алады, онымен келіп көрермендерді күлдіреді, бірақ көрермендер оның тек жамылғысына ғана күліп қоймайды»<sup>2</sup>. Айта кетелік, XX ғасыр-

<sup>1</sup> Қараңыз: Мец Адам. Мусульманский Ренессанс. М., 1966. С.332,280,320.

<sup>2</sup> Навои Алишер. Собр. соч. Ташкент, 1965. Т.4. С.7.

дың бас кезіне дейін ешкі терісін жамылып, мүйізін таққан масқара салттары сақталды<sup>1</sup>.

Ежелгі дәстүрі бар, сонау ежелгі дәуірден бастау алатын көрермен театр қойылымдары көбінесе вакх мейрамдарымен байланысты. Осыған орай осы аталған үйден табылған шарап құюға арналған қызыл жылтырақты ыдыс мойнының сынығы назар аудартады (бұл ыдысты сіздер суреттен көріп отырсыздар). Ыдыстың мойны ешкі сақалды және мүйізді, үлкен құлағы бар өзәзілдің бейнесімен жасалған. Оның көздері жырып жасалған, шығыңқы түтікше ерні су құятын шүмек рөлін атқарған. Осындай керемет ыдыс қойылымдардың реквизиті ретінде қолданылуы да мүмкін.

Кедер қазбаларынан табылған заттар ортағасырлық Қазақстанның қала тіршілігі мен тұрмысы туралы, көрермендерге ұсынылатын өнермен байланысты адамдар туралы ойлануға мәжбүр етеді. Бірақ, өкінішке орай, ортағасырлық Қазақстанның қала тұрғындарының рухани өмірі әлі де болса аз зерттелген. Дегенмен жоғарыда сипатталған маска тәрізді археологтардың тапқан заттары мұндағы өнердің басқалардан кем болмағанын, сондай-ақ бір кездері біз Отырар алқабында өмір сүрген халықтың рухани мәдениеті туралы көп білетін боламыз деп үміттендіреді.

#### ҚАЛАЙША «ӘЛЕММЕН БАЙЛАНЫС ОРНАДЫ»

Отырардың ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының тыныс-тіршілігінің көп жақтары, олардың шаруашылығы, тұрмысы, саяси тарихы, материалдық мәдениеті тарихи және археологиялық ашылған жаңалықтардың арқасында түсінікті бола түсуде. Бірақ діни сенім құрылымы жағын аша қою қиындау болып келеді. Бұл орайда жазба деректердің сиректігі өз алдына, сонымен қатар археологиялық табылған заттар арқылы да баяғы өткен замандағы адамдардың рухани әлеміне ену қиын.

Сондай қиындықтарға қарамастан, адамзат санасының осынау жұмбақ әлемін танып-білуде алға жылжушылық та бар. Бұл орайда Орта Азия мен Қазақстанда мұсылмандыққа дейінгі бол-

<sup>1</sup> Қараңыз: Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969. С. 33.



ған сенімдер мен салт-жоралғылардың көптеген қалдықтарын анықтаған, жекелеген реликтік құбылыстардың қалай пайда болғанын айқындаған этнографиялық зерттеулердің маңызды рөлін айтпай кетуге болмаса керек, және бірінші кезекке исламнан бұрын болған дін ретінде зороастризм туралы мәселе қойылды.

Қазіргі кезде Отырар алқабында мейлінше кеңінен тараған нақты материалды зерттеу кезінде құдіреті күшті қасиетті отқа, жануарларға, құстарға байланысты сенімдер көп таралғаны анықталды. Басқа сенімдер мен нанымдар туралы хабар беретін археологиялық материалдар аз немесе жоқтың қасы деуге болады: өңгіме бұл арада өзәзілдік, шамандық, отбасылық-тұрмыстық салт магиясы туралы болып отыр.


Бұдан бұрын айтылғандай, қазба жұмыстары кезінде материалдық мәдениетке жататын заттардың әралуан коллекциялары, оның ішінді бірінші кезекте керамика табылады. Керамикалық бұйымдардың кейбір топтары өзінің қолданылу қызметінен басқа белгілі бір мағыналық жәйттерді де атқарады. Осындай бұйымдардың, сондай-ақ олардағы өрнектердің семантикасын ашу баяғы өткен замандағы ата-бабаларымыздың рухани әлемін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Ондай бұйымдарға табалы ошақ жатады. Қазір оның бірнеше түрлерін бөліп қарауға болады.

Табалы ошақтардың бірінші түрі – бұл шамот (саздан жасалған отқа төзімді бұйым) илеуінің жұмсақ қоспасынан жасалған, сырты қызыл, алқызыл, ақ, жасыл ангобпен қапталған, және ішкі жағы архитектуралық, өсімдік және геометриялық өрнекпен безендірілген, қабырғалары тік шылапшын тәрізді ыдыс. Бұрын мұндай ыдыстар табылған сынықтары арқылы белгілі болатын. Отырар және Құйрықтөбе қалаларында XII – XIII ғғ. үйлерін қазу кезінде еденде, яғни тұрғынжай бөлменің ортасынан табалы ошақ табылды.

Міне, Құйрықтөбе қаласындағы табалы ошақ осындай болып шықты. Бірінші табалы ошақ<sup>1</sup> бір деңгейде еденге қазып отырғызылған. Ернеуінің жақтаулары еденнің бет жағымен бір деңгейде орналасқан. Ішкі қабырғаларының бет жағы былайша безендірілген: төрт жартылай бағана қабырға бетін төрт бөлікке бөліп тұр. Отқа арналған қуыс – иілген тұсы жапсырмамен бөлінген. Баға-

<sup>1</sup> Диаметрі – 80 см, қабырғаларының биіктігі – 10,5 см.

налар арасындағы қабырғалардың бет жағы метоптан жасалған фризбен әшекейленген, ортасында көп жапырақты гүл түріндегі бунақталған жапсырма бұдыр бар. Метоп белдеуінен жоғары ой-мамен ойылған тісті белдеу жүргізілген.



Түбінде үш розеткасы бар еденге орнатылған ошақ-алтарь, XII – XIII ғғ. бас кезі. (Құйрықтөбе)

Табалы ошақтың ортасында диаметрі 13 см медальон таңбалаған, оған жеті бұрышты розетка салынған, оның ішінде алты жапырақты гүл бар. Розетканың айналасында бұршақпен жиектелген сырға бейнелі он бес пішін жүргізілген, сондай-ақ екі бұршақтан сырғаның ішінде орналасқан. Розеткалар қатарында жеті данадан осындай сырға тәрізді пішіндері бар екі жолақ кетеді, олардың арасында Х-бейнелі таңбалы қатар бар.

Екінші табалы ошақ<sup>1</sup> көрші үйдің тұрғынжай бөлмесінің еденіне қазып отырғызылған. Ол жұмсақ саздан жасалып, сырты қызыл ангобпен қапталған. Төрт жарты бағана оның дөңгелегін төрт бөлікке бөледі. Сол бөліктердің бірінің ішкі қабырғасында жапсырма арқылы шоққа арналған жарты шеңберлі қуыс жасалған.

Ішкі қабырғалардан шығыңқы тұратын жарты бағаналары, терең ойықтар арқылы бедерленген бірінші табалы ошақтан ерекшелігі — екіншісінде жарты бағаналар екі жағынан да — ішкі және сыртқы жағынан жапсырмалатып жасалған.

Ернеуінің жалпақ жері бойынша жоғары жағы дөңгелеген және ішінде ағаштың бейне бедері салынған қалқан тәрізді таңба (штамп) қатарлап басылған. Табалы ошақ қабырғаларының ішкі бет жағы тіке жолақтары бар басылған таңбалармен безендірілген, сірә, бұл қамысты бейнелегені болса керек, ал жоғары жағында ойма ізден жасалған тісті сызықпен фриз жүргізілген.

Табалы ошақтың түбі үш дөңгелек таңбалы розеткамен безендірілген (суретті қараңыз). Иілген тұсында орналасқаны сақталмаған, немесе бұл жердегі түбі жанып әрі үгітіліп кетсе керек. Розетканың ең үлкенінің диаметрі — 12 см; оның ортасында диаметрі 8 см медальонда — қосарлы шиыршықтар түрінде айқышталатын барельефті таңба бар. Ол, егер оны жеке мотивтерге бөлетін болса, төрт жапырақшалы розеткадан тұрады және олардың арасында пальметта орналасқан. Одан кейін бір жағынан тісті сызықпен толтырылған қосарлы жолақ және ішкі жағынан қисық сызықты жолақ жүреді. Сыртқы диаметрі бойынша «ағашы бар таңба» басылған. Қалған екі медальон өлшемдері жағынан біршама шағын (олардың диаметрі — 11 см). Барлық розеткалар ойма және батырылып жасалған өсімдік сабақтары арқылы қосылған.

<sup>1</sup> Диаметрі — 72 см, биіктігі — 11 см, қабырға қалыңдығы — 3 см.

Диаметрі 61 см үшінші табалы ошақ нашар сақталған. Ол Отырардың рабадында ХІІ ғ. қабатынан табылды. Бейнелі жапсырмалы шоққа арналған қуысы сақталған, ішке қарай 2 см шығыңқы үш жарты бағанасы бар. Оның жоғарғы ернеуінің жалпақтығы 5 см, жолағында екі қосарлы сызық жүргізілген, қуыстың ауданында свастикалы штамп таңбасы басылған шаршы тақталар бар (олардың барлығы 14). Шаршылардың өлшемдері 3,5 x 3,5 см. Ішкі қабырғаларының бет жағы өсімдік бейнелі тік жұптасқан сызықтармен және ойық ізімен түзілген тісті сызықтардан құралатын фризбен безендірілген. Сақталған түптің бетіндегі осындай таңбалар (олар төртеу) және үшбұрышты болып орналасқан төрт жапырақшалы розетка пішінді үш таңба орналасқан, оның жапырақшаларының арасында дөңгелектер салынған.

Табалы ошақ сынықтары, жоғарыда айтқанымыздай, керамиканың кеңінен таралған түрлерінің бірі. Дегенмен, әрбір табалы ошақ өзінше ерекше болғандай әсер қалдырады. Шеберлер әртүрлі штамптардың жиынтығын пайдалана отырып, сондай-ақ жарты бағана, бунақ тәрізді айшықтарды ойната отырып, ғажайып, қайталанбайтын әдемі бұйымдар жасаған. Табалы ошақ безендірілуінің кеңінен тараған мотивтерінің арасында ағаштар, солярлық белгілер, медальондар, Ж- және Х- бейнелі пішіндер, белбеу тоғалары түріндегі таңбалар, зооморфтық мүсіндер кездеседі. Тұтастай алғанда, штамптар жиынтығын Оңтүстік Қазақстан қыш-құмыра жасаушылары дастарқандар (үстел) мен қақпақтар жасау үшін пайдаланған. Демек, табалы ошақты, дастарқандар мен қақпақтарды отпен, ас дайындау және тамақтанумен байланысты бір кешен ретінде қарастырған жөн.

Бірінші үлгідегі табалы ошақ қыздырудың — Орта Азия мен Қазақстанда кеңінен таралған сандалдың ең жетілген түріне жатады. Қыздырудың осындай онтайлы тәсілі ыстық беретін шұңқырды бөлменің ортасына еденге тайыз етіп ойып орнату арқылы жүзеге асты. Терендетілген тұстың үстіне отырғыш қойып, үстін көрпемен жапты. Сандалдың ежелгі түрінде отырғыш орнына ағаштан жасалған қадалар пайдаланылды, ал ыстық беретін шұңқырға үлкен табақты ойып кигізді. Оның соңғысы бізге Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларының үйлерінен табылған аса әдемі безендірілген керамикалық табалардың реминисценциясындай болып көрінеді. Құйрықтөбедегі үйлердің бірінің еденінде диаметрі 75 см, терендігі 12 см шұңқыр кездесті. Оны керамикалық табаны орнататын ұя деп есептеуге болады.

Екінші үлгідегі ошақтар тік қабырғаларының биіктігі 10 см болатын тік бұрышты пішінді керамикалық астауша тәрізді болып келеді. Ондай ошақ суретте келтірілген. Астаушаның жоғарғы бөлігінде шығыңқы тұс бар, онда таба шұңқыры орналасқан. Астаушаның ұзын қабырғалары тік немесе иілген болуы мүмкін, бірақ тұтастай алғанда, абрис тұрпатты ошақ антропоморфты сипатқа ие болады. Жақсы сақталған осындай ошақтардың<sup>1</sup> бірі Отырарда бөлмежай еденінен табылды. Ошақ еденге қабырғалардың басталатын деңгейінде ойып орналастырылған. Қабырғаларының ішкі жағы екі белдеу етіп ойық – ойма бедермен безендірілген. Оның жоғарғысы әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштардан тұрады, ал екіншісінде – жебе бейнелі пішіндер және тік бұтақтар немесе ағаш жапырақтары кезектесіп келеді.


Ошақтың түбі былайша әшекейленген. Таба ойығы диаметрі 18 см дөңгелек тәрізді розеткалармен толтырылған белдеумен қоршалған. Одан қосарлы сызылған жолақ тарайды, оның екі жағында қос-қостан диаметрі 4 см штамппен салынған медальондар (барлығы алты) жүргізілген. Олардың ішінде шеңбер бейнеде төрт жапырақшалы розетка, араб жазбасын бейнелейтіндей өрнек салынған.

Қазба жұмыстары кезінде табылған екінші үлгідегі тағы бір алтарь шокқа арналған шұңқыры бар, түбінде жеті жапырақшалы розеткамен безендірілген (бұл суреттен жақсы көрінеді).

Оның қабырғалары геометриялық өрнектермен әшекейленген, ал жалпақ ернеуінде, бұрыштарында және ортасында үш жапырақты өрнек салынған.

Ошақтардың үшінші үлгісіне цилиндр тәрізді, орнықты болуы үшін төменгі бөлігі шығыңқы келетін бұйым жатады. Бұл шын мәнінде сол таба-керсеннің өзі, бірақ оның түбі жоқ. Ондай ошақтар тұрақты етіп қондырылмайды, оны бөлменің кез келген жеріне қоюға болады. Бұл манкалдың немесе алаудонның – шокпен қыздырылатын жылжымалы металл табаның кейінгі түрі, оны Орта Азияда XIX – XX ғғ. кезеңінде кеңінен қолданды.

<sup>1</sup> Жалпы ұзындығы – 160 см, негізінің ең үлкен енділігі – 130, иілген бөлігін бөліп тұратын иығының ені – 20, қабырғаларының қалыңдығы – 5-7, биіктігі – 10 см.



Тікбұрышты ошақ-алтарь үлгісі, XII – XIII ғ. бас кезі. (Отырартөбе)

Ошақтардың үшінші үлгісіне цилиндр тәрізді, орнықты болуы үшін төменгі бөлігі шығыңқы келетін бұйым жатады. Бұл шын мәнінде сол таба-керсеннің өзі, бірақ оның түбі жоқ. Ондай ошақтар тұрақты етіп қондырылмайды, оны бөлменің кез келген жеріне қоюға болады. Бұл манкалдың немесе алаудонның – шокпен қыздырылатын жылжымалы металл табаның кейінгі түрі, оны Орта Азияда XIX – XX ғғ. кезеңінде кеңінен қолданды.

Манкалдың ежелгі түрі Отырар мен Құйрықтөбеден табылған керамикалық қондырғы болып табылады. Оның тұрақты орнатылған табадан ерекшелігі – ол жақсы иленген, тегіс күйдіріліп жасалған. Қабырғаларының қалыңдығы 2 – 3 см. Табаға қарағанда диаметрі біршама аз – 30-дан 40 см аралығында болады. Оның ішкі бет жағы таңбаланған және жапсырма өрнектермен

әшекейленген. Манкал сынықтарының бірі тікбұрышты тоға қатарлары түріндегі таңбалармен безендірілген, олардың арасында жүрек тәрізді таңбаланған бейнелер бар. Екінші бөлігінде жоғарыдан төменге қарай бунақталып жапсырылған шығыңқы қатар жүреді, ал олардың арасында толқынды жолақ бар, оның жалдары орақша иіліп, іші жол-жол болып бөлінген. Үшінші үлгідегі ошақ Қазақстанның оңтүстігінде X ғасырдан ерте пайда болмаған.

Төртінші үлгі – жартылай цилиндрлі пішінді жалпақ, етек жағы кеңеюіне байланысты орнықты болатын ошақтар. Ошақ-табалардың<sup>1</sup> бет жағы бедерлі өрнекпен, басылған штамптармен безендірілген. Өрнектің элементтері – геометриялық, өсімдік бейнесі, архитектуралық қолданыстар (бұлар суретте бейнеленген). Ошақтардың декоративтік әсемдігінің сан алуан түрлі әрі бай болып келуін, олардың нұсқаларын археологтардың, сәулетшілердің, өнерді зерттеуші тарихшылардың назарын баяғыда өзіне аударған IX – XII ғасырлардағы самарқандық ошақтарға қарап бағалауға болады.

Ю.Якубов самарқандық ошақтарды ерте ортағасырлардағы Соғдының қалалық және ауылдық жердегі үйлерінен табылған және Жоғарғы Зеравшанның дәстүрлі тұрғынжайындағы күні кешеге дейін сақталған тұрмыстық ошақтарымен салыстырады. Зерттеушінің пікірі бойынша, ошақтар сандал рөлін атқарған жылжымалы ошақ – манкал ретінде қолданылған.

Қарастырылып отырған бұйымдар тобындағы ошақ-табалар ең алдымен ерте кездегі тұрақты сандалдар рөлін атқарған болса, ал ошақтардың екінші және үшінші үлгісі неғұрлым жетілген, алып жүруге қолайлы, демек, бұлар одан көп кейінірек пайда болған, бірақ аталған бұйымдардың үш үлгісі де X – XII ғасырларда болғаны даусыз нәрсе.

Ошақтарды әшекейлеу Оңтүстік Қазақстанда соңғы кезеңге дейін сақталып келді. Баба-Ата қаласындағы тұрғынжай бөлмесінен табылған XII – XIII ғғ. тандырлар от жағатын жағынан әртүрлі жапырақ, дөңгелектер, крест тәрізді пішіндер мен өсімдік сабақтары түріндегі ойма және штампты өрнектері бар керамикалық тастақталармен безендірілген. Өсімдік және геометриялық бедерлері бар шағын тастақталар Отырардың XVI – XVII ғғ. кезеңіне жататын кейбір үйлердің тандырларынан кездесті.

<sup>1</sup> Өлшемдері әртүрлі, бірақ тұтас алғанда мынадай өлшемдерге келеді: ені – 20-30, биіктігі – 25 см.

Ошақтарды зерттеуші ғалымдар олардың атауын әртүрлі түсіндіреді. Ошақтарды от нанымна байланысты деген пікір басым түседі. Г.В.Григорьев ошақтар өзіндік ерекшелігі бар зороастриялық икондар болып табылады, олардың алдында құрбандық оты жағылған деп тұжырымдайды, ал ошақтардың өрнегінен ол зороастризмнің төрт құдіретінің нышанын көреді<sup>1</sup>. Маздеизм құдіретті отының жарығы туралы бейнелі түрде жазған Г.А.Пугаченкова мен Л.М.Ремпель ошақтардың нанымдық семантикасын неғұрлым тиянақты түрде негіздеді, олар «соғдылардың үйлеріндегі ерекше ошақтарда жылынуды жалғастырды, тіпті исламды ұстанған және араб жазбасын қабылдағандардың өздерінде де болды»<sup>2</sup>.

Осы көзқарасты қостамайтын бірқатар зерттеушілер ошақтардың қолдану функциясы тұрғысынан тұрмыстық ошақтарды көркемдік жағынан безендіруге саяды. Бірақ оның шаруашылық тұрмыстық пайдаланылу мақсатын жоққа шығармастан, сақтар мен қаңлылар дәуірінен басталатын Сырдария аймағының ежелгі тұрғындарының діни-мифологиялық тұжырымы реминисценциясындағы отқа табынушылық бай безендірулерін көрмеуге тағы да болмаса керек.

Құйрықтөбеден табылған түбінде розеткалары бар ошақ-табада мифологиядағы ежелгі ғарыш құрылымына деген түсінік бейнеленген.

Сакральды, яғни қасиет тұтатын әлемде кеңістік пен уақыт, себеп пен салдарға қатысты оны ұйымдастыру ережелері баяғыдан белгілі. Ең жоғарғы тұтастықты (сакральдылықтың ең жоғарғысы) жаратылыс қашан және қайда болған болса, кеңістік пен уақыттағы сол нүкте иеленеді, яғни әлемдік ось қай жерден өтетін болса, ғарыш құрылымындағы – «әлем бәйтерегіндегі» жер бейнесінің әртүрлі нұсқалары қайда тұратын болса, әлемдік тау, мұнара, алтарь, ошақ және т.с.с. яғни адамды көкпен және жаратушымен не байланыстырса, соның бәрі әлемнің кіндігі.

Ғарыш кешенін неғұрлым барынша білдіретін әмбебап белгі әлем бәйтерегі болып табылады. Ол әлемнің кеңістік құрылымының символы, тігінен үшке бөлу ғарыш әлемінің әмбебап бей-

<sup>1</sup> Қараныз: Григорьев Г.В. Тус-тупи. Искусство, 1937.№1. С.136.

<sup>2</sup> Қараныз: Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.М. Самаркандские очажки // Из истории великого города Ташкента, 1972. С.234.



несін көрсетеді, бұл әдетте тернарлық үлгі немесе триграмма деп аталады. Осыған ұқсас космограммалар әлемнің әртүрлі халықтарында болды. Құйрықтөбеден табылған табада әлемнің үш жүйесі бейнеленген — бұл тігінен қойылған үш шеңбер: жерасты әлемі, жер, аспан. Төменгі жүйе — бұл өсімдік ой өрнектерімен толтырылған, өсімдік сабақтарымен, мүмкін тамырларымен, біріктірілген медальондары бар табаның түбі. Ортаңғы жүйе — бұл өсімдік сабақтарымен, ағаш бұтақтарымен өрнектелген табаның қабырғалары. Ақыр соңында, үшінші сақина, үшінші жүйе — бұл тісті фриз, таулардың немесе таулы тізбектің символы, онда ағаштар өседі, ернеуінің ішкі жағында орналасқан қалқан тәрізді бейнелер таңбаланған.

Әлемдік бәйтеректің идеясын білдіретін образ ағаштар, бағаналар, оттың қозғалысы, жоғарыға ұшу және басқа символдар, сондай-ақ Әлем мен дүниенің бірлігі жүйелерінің қарама-қайшылық байланыстары идеясы табаның қабырғаларындағы төрт тігінен салынған мұнаралар болып табылады. Бұл Әлемдік бәйтерек схемасын көлденең жағынан төртке бөлуді білдіреді (алдыңғы — артқы, оң — сол; солтүстік — оңтүстік — шығыс — батыс; төрт құдай, төрт мифологиялық кейіпкер; төрт жел). Әлемдік бәйтерек схемасының көлденең композициясы, сонымен қатар үш жапырақты және жылтылдаған шоқтың сәулесімен табаның дөңгелек түбін құрайды, символдардың әрқайсысы мұнараларға қарама-қарсы орналасып, жарық жақтарды көрсетеді. Осылайша барлық ошақтар мен оларды безендірген өрнектер құрылымының сырын ашуға болады. Мәселен, ошақтың түбі, қабырғалар және ернеуі — бұл тігінен иерархиялық орналастырылған әлемнің үш жүйесі, үш шеңбер. Төменгі әлем — өсімдік өрнегі бар түбі, ортаңғысы — ағаштар символдары бар қабырғалар және үшінші әлем — тау, аспан, күн, ағаштар символдары бар ернеу. Өрнектің ең жоғарғы белдеуі және ернеудің жалпақ жиегінің безендірілуі — тісті сызықтар түрінде (бұл таудың, ағаштың символы) свастика мен ромб белгілерінің оларды алмастыруы, назар аудартады.

Сонымен, кеңістіктің төрт бұрыштық идеясы төрт мұнара, төрт бейне арқылы жүзеге асқан.

Ортағасырлық таба прототиптерін және олардың семантикасын іздестіру Жетісудан табылған сақтардың бөлмеге хош иіс шашатын аспабына (курильница) келіп тіреледі, олардың Әлем Бәйтерегі, Әлем Тауы туралы ұғымдарымен жақсы байланыса-

тындығын А.К.Ақышев<sup>1</sup> нақты дәлелдеп берді. Аталған аспап ортағасырлық таба секілді отқа табынуға қатысты нәрсе. Ғалымдар ошақтардың өрнектелу мотиві мен архитектуралық детальдерінің ерте ортағасырлық камалдардың нақты архитектурасымен ұқсастығына назар аударды. Л.И.Ремпель<sup>2</sup> ошақтардың бірін «отты үймен» байланыстырды. Сірә, бұл дұрыс болса керек және өз кезегінде отқа тән әрі мәңгілікке таңылған ошақтар мен алғаш рет магиялық ғұрыптық міндет орындалған Вараның (мәңгі өлмейтіндер мекені) ұқсастығын іздеуге мүмкіндік береді. Шаршы бейнелі Вара бейнесі тым ежелгі және ол үндіиран қауымдастығы кезеңіне жатады. Шаршылы Вара — бұл өлімге қарсы тұратын қасиетті қорғаныс, отты мәңгі өлмейтіндер мекені. Оның жердегі сыңарлары қасиетті оттың нанымдық, ғұрыптық алтарьлары және мүрдені отқа өртейтін жерлеу құрылысы болды. Ортағасырда ошақ-табаның баяғы ерте кездегі нанымдық қызметі ұмыт болса керек, оны тіпті өзінің замандастарымен күнделікті тіршілікте естеріне алған да емес, бірақ ошақтың отқа табынумен байланысы жалғаса берді. Бұған солярлық белгілер — жапырақтар, көлбеу крест, свастика дәлел бола алады.

Ошақтар, әрине, отбасының нанымымен байланысты болды. Тұрғынжайдың және отбасының қасиеттілік идеясының тамыры тереңде жатыр. Ошаққа табыну өз кезегінде бабалар нанымымен теңдестірілетін Текпен (Родь) байланыстырылады. Зерттеушілер Тек туралы деректердің кең ауқымын талдай келіп, Тек дүниені әлемнің бәрімен қоса қамтитын құдайы болып табылады деген қорытындыға келді: жоғарғы, көк (одан жаңбыр жауады және жасын түседі), ортаңғысы (табиғат және туу), және төменгі (оның «отты туыстығы»)<sup>3</sup>. Сондай-ақ көне славяндық «Родь» жаңадан пайдаланылған үндіеуропалық морфемалар болып табылады және род — ард — арт метатезасына сәйкес келеді. Бұл — «құдай», «дүниені жаратушы» дегенді білдіретін иран әлемінің ең маңызды діни ұғымдарының бірі.

Б.А.Рыбаков Тек нанымымен алты шабақты Юпитер дөңгелегі символының байланысы бар екендігін дәлелдеді, ішінде алты

<sup>1</sup> Қараңыз: Акишев А.К. Искусство и мифологии саков. Алматы, 1984. С. 20 — 23.

<sup>2</sup> Қараңыз: Ремпель Л.И. Изображение дома огня на двух терракотовых плитках с Афрасиаба; (Доклады АН ТаджССР). Душанбе, 1953. Вып. 9. С. 25-30.

<sup>3</sup> Қараңыз: Рыбаков Б.А. Язычество древних славян. М., 1981. С. 442 — 453.

жапырақшалы розеткасы бар шеңбер түрінде, соған ұқсас өрнек құйрықтөбелік ошақ-табалардың бірінің түбінде бейнеленген. Бұл белгі жартылай семантикалық болды және күннің, аспанның, Тектің көктегі құдайының идеясын білдірді<sup>1</sup>.

Сонымен оңтүстікқазақстандық ошақтар бір жағынан ғарыш туралы ежелгі идеяларды, екінші жағынан, Қазақстанның оңтүстігінде бұл арада ислам таралғанға дейін ұзақ уақыт бойы болған рухани-діни түсініктерді білдірді.

Отқа табыну Орта Сырдарияның сақтары мен қаңлыларында таралған, бірақ жалпы алғанда жерлеу салттары арқылы отқа табыну қола дәуірінде-ақ болғаны белгілі. Отқа табыну Сырдарияның төменгі сағаларындағы б.з.д. VII – V ғғ. кезеңінде сақ зираттарынан кездесті, онда мүрдені өртеу ғұрпы болған, бұл өлген адамның жанын көктегі отқа және ұлы құдай Күнге жіберу ретінде қолданылған. Қаңлымен теңестірілетін қауыншы мәдениетінің зираттарын қазу кезінде мүрделерге от шоғы төгілгені белгілі болды, онда күл мен шоқ салынған қабір ыдыстары, сондай-ақ арнайы хош иісті тарататын аспап болған.

V – VII ғасырларға жататын Көк-Мардан қалашығында бөлмелердің бұрыштарынан қалың күл қабатымен көмкерілген шығынқы алтарь кездесті. Осы жерден табылған шырақтар от жағуға қолданылғаны анық. I мыңжылдықтың бірінші жартысына жататын Қаратаудың Ақтөбе қонысында отқа табынумен байланысты ғұрыптар жасалған ошағы бар бөлмежай аршылып алынды.

Ерте ортағасырлар дәуірінде аймақта түркі халықтарының арасында отқа табыну кеңінен таралған әрі оған ерекше мән берілген. Түркілердегі отпен аластату туралы елші Земарх жазған. Сюань Цзянь түркілер «отқа табынады» деген болатын.

Оңтүстікқазақстандық және ортаазиялық тұрғынжайларда жоғарыда айтылған ошақтардың болуына қарағанда, отқа табыну исламмен қатар жүзеге асқан. Бұл орайда Құйрықтөбеде ошақ-таба нанымна сәйкес ошақ-табасы бар үй X – XIII ғғ. кезеңіндегі собор мешітінің қасында орналасқан. Бұл Орта Сырдария халқының мәдениетінде, оның ішінде діни көзқарастарда ежелгі дәстүрлердің берік сақталғанының тағы бір дәлелі болып табылады. Мұндай құбылыс Орта Азияға да тән. Мәселен, XI ғасырда Бируни Мәуереннахрда Муканна зороастрийлері дәстүрін жал-

<sup>1</sup> Қараңыз: Сонда. 295 – 301, 456 бб.

ғастырушы жасырын секта болғанын жазады<sup>1</sup>. Чаганиан өмірінің сарайында болған ақын Дакики дүние қызықтарының ішінен өзіне төрт нәрсені таңдады: шарап, музыка, сұлу қыз және Зороастризм<sup>2</sup>.

Қазақстанның оңтүстігінде кеңінен таралған сопылықта ошақты кәдір тұту да назар аудартпай қоймайды, онда соншалықты күдіретті орден –Йасауилік әрекет етті. Этнографтар Хорезмдегі сопылардың Кубравий орденін отқа табынудың қалдығы деп есептейді. Дәруіштер жатақханасы – каляндархонда үлкен дөңгелек ошақ болған, онда күндіз-түні от сөнбестен жанған. Дәруіштер каляндархоннан кетер алдында ошаққа иіліп, оған қолын тигізіп, сосын онымен бетін, көзін сипаған, күбірлеп дұға оқыған.

Отқа және үйдегі ошаққа табыну жақын араға дейін сақталып келді.

Қазақтар отты әулие, сондай-ақ ана деп атайды. От үйді қорғаушысы әрі шаңырақтың қасиетгісі делінеді. Неке қию рәсімі отпен жүргізіледі. Келін қайын атасының киіз үйі табалдырығын аттағанда, ошақтың алдына тізерлеп отырады, содан кейін оны ошақтың қасына отырғызып, отқа май құяды. Келін осы кезде иіліп жерге мандайын тигізіп: «От-ана және май-ана, мені жарылқай гөр» деп жалбарынады. Әйелдер алақандарын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Нәресте дүниеге келгенде отқа тағы да құрбандық етеді. Қазақтар оттың киесінен қорыққан, сондықтан отқа табынған. Құрбандыққа олар май және шиге оралған мақта немесе матаны майға батырып жасалған құрбандық шырақтарын әкелген<sup>3</sup>.

Қазақтардағы келін түсіргенде отқа қатысты жүргізілетін дәстүрі Памирдің таулы жердегі тұрғындарының отқа табынуына ұқсастығы таңғалтады. Зерттеушілер памирлік үйлену салт-ғұрыптары өткен заманның мифопоэтикалық тұжырымдамаларымен байланысты сақтайды және белгілі бір элементтерде күдіреті күшті күйеу мен қалындықтың ғарыштық үйленуін қай-

<sup>1</sup> Қараңыз: Абу Райхан Бируни. Памятники минувших поколений: (Избранные произведения). Ташкент, 1957. Т.1. С.217.

<sup>2</sup> Қараңыз: Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы. М., 1960. С. 163.

<sup>3</sup> Қараңыз: Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов. (Избр. произв.). Алматы, 1958. С. 151 – 153.

талайды деп есептейді<sup>1</sup>. Ғалымдар осындай әдет-ғұрыптарды сонымен қатар келінді күйеуінің рулық наным-сеніміне үйрету деп те есептейді. Бұл пікір де назар аудартады, өйткені, жоғарыда айттып өткеніміздей, ол отқа табыну және ошаққа табыну Тектің (Род) нанымымен байланысты екендігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда ежелгі түркілерде жартылай семантикалық құдай, отқа табынумен тығыз байланысты Ұмайға табыну да бар. Бұл «от-ана» деп аталатын әйел құдай бейнесін білдіреді. Кейінгі кезеңде хакастардың шаманы отты шақырып, Ұмайға сыйынды. Емізетін баласы бар әйел бөтен үйге кірген кезде үйдің от-ошағына құрметті сөздер айтып, қорғауын тілейді, ал үйдің иесі оған отқа қайнаған тамақ ұсынады. Телеуттер құда түскенде және үйлену тойында «от-анаға» және «Ұмай анаға» бір мезгілде табынып, құрбандық етті. Қырғыздарда отқа табыну араласып кеткен, ал кейде Ұмай нанымына айналып кетеді. Этнографиялық материалдарда Ұмай мен Құт туралы халық ұғымдарының өзара тығыз байланысы бар екендігі көрінеді. Құт жанның өмірлік күші ретінде, рухтың, игіліктің, бақыттың болу ұғымын білдіреді. Осы орайда Ұмай – Құт Жаратушы – отпен байланысты, адамдарға өмір «беретін» Тек бір-біріне жақындай түседі...

### ЗООМОРФТЫ НЫШАНДАР... ОНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Отырарға және алқаптың басқа да қалаларына қазба жұмыстары жүргізілгенде қой және қошқар мүйізі бейнеленген бұйымдар табылды. Ондай бұйымдар ерте кездегі егін шаруашылығымен айналысқан қоныстардан және Отырар, Құйрықтөбе, Күйік-Мардан қабаттарынан кездесті. Олардың кейінгілерінің бірі – қой бейнесінде жасалған қақпақ тұтқасы – ол уақыты жағынан кейінгі ортағасыр кезеңіне жатады.

Осыдан екі мың жылдай бұрын бұл бейне Сырдария халықтарында кеңінен таралды. Қыш-құмыра жасаушылар оны пластикада және әлі күйдірілмеген шикі ыдыстың бүйіріне жырып

<sup>1</sup> Қараңыз: Литвинский Б.А. Семантика древних верований и обрядов памирцев (1). //Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье. М., 1981. С.91.

салған стильдендірілген суреттерде «көптеп шығаруы» жайдан-жай емес.

Суреттердің ең ерте кезеңге жататын тобы алғашқы ғасырлардан – VII ғасырдың бас кезі аралығын қамтиды. Оларды бірнеше түрге бөлуге болады: жануардың шынайы мүсіндері, стильдендірілген мүсіндер, қошқар мүйізі түріндегі жапсырмалар.


Шынайы мәнерде жасалған қошқар бейнесінің короластикасы шығармалары түріндегісі назар аудартады. Оған мысал ретінде Төменгі Сырдариядағы Томпақ Асар қаласынан табылған қошқардың басы түріндегі сукұйғыш шүмекті келтіруге болады. Қошқардың тұмсығы дөңес, сақинаға ұқсайтын ширатылған мүйіздермен жиектелген. Көздері дөңгелек жапсырмадан жасалып, қарашығының орны ойылған.

Орта Сырдарияда ерте ортағасырлық қоныс Қарауылтөбені қазу кезінде бірінші ғасырлар қабатынан қазан қақпағының тұтқасы етіп жасалған қошқар мүсіні табылды. Қошқардың мойыны жуан, ширатылған салмақты мүйіздерінің ауырлығынан басы кері қарай шалқая түскен, аузы жартылай ашық.

Шардарадан онша қашық емес жердегі Ақтөбе қаласынан табылған істік тұғырының жиегі де қойлардың бейнесімен безендірілген.

Қой мүсіні саптыаяқтардың тұтқасын жасауға қолданылған. Ғылыми әдебиетте зооморфты тұтқалары бар керамика деген термин де бар, бұлар табиғи күйінде немесе сұлбаланған түрде болады (кейде жануардың белгілері тек оның жапсырма мүйізі арқылы беріледі). Жапсырма әдетте тұтқаның жоғарғы бөлігінде болады. Пішіндері де әртүрлі болып келеді, айталық, S белгісі түрінде, шиыршық, конус тәрізді, V-бейнелі. Кейде ондай жапсырмалар жабағыға ұқсас сызықтармен өрнектеледі.

VIII – XII ғғ. кезеңімен белгіленетін бейнелеу өнері қошқар мүйізді етіп салынған мүсіндерімен ерекшеленеді, оның ішінде жылтыратылған қақпақтардың үстіңгі жағында орналасқандары бар. Жапсырмалар қошқар мүйізді немесе қошқар мүйіз сызып жасалған түрде кездеседі. Мысалы, VI – VIII ғғ. кезеңіне жататын Құйрықтөбедегі үйден табылған шынайы тұрғыда жасалған қойдың стильдендірілген мүсіні ерекше назар аудартады. Ондай заттар ошақ тұғырлары немесе нанымға қатысты табыну бейнесі ретінде пайдаланылған.



Қошқар мүсіндері. XIII – XV ғғ.

Ошақ тұғыры ширатылған мүйіз стиліндегі қошқар мүсінімен де жасалған.

Қауырсын жапырақты, солярлық белгілер, жапсырма бунақталған томпақтар, жапсырылған бұдырлы жапырақтар түрінде таңбаланған және жапсырылған әсем өрнекті әшекейлері бар қақпақтар да керемет жасалған. Осы қақпақтардың үстіңгі жағы қошқар басы пішінді болып келеді. Оның бірінің биіктігі 7,5 см. Қошқардың тұмсығы дөңес, басында дөңесті қиғаш шығыңқы тұс бар. Бір жарым айналымға оратылған кертікті мүйіздері көзінің айналасын жиектей орналасқан, мойны тікесінен тілік сызықтармен көмкерілген.

Қошқардың тағы бір мүсінінде аузы ашық және танауы делдиген. Көзінің орнында жапсырма бар, тағы бір жапсырма маңдайында және үшеуі самайында, бұл ширатыла түскен мүйіздей әсер қалдырады. Тұтқаның жалпақ бөлігі қошқардың желкесін мойнымен біріктіреді.

Бейнелердің екінші түрі образды берудегі шарттылықтарымен ерекшеленеді. Тұтқаның доғал ұшында бекітілген шиыршықталған мүйіздің ғана белгісі бар. Ондай заттардың арасында қошқар мүйіздер тұтқаның ұшында әр жаққа қарап тұр. Тұтқа бунақталған томпақтармен және жақша тәрізді ойып салынған өрнектермен безендірілген.

Тұтқалар, жоғарыда айтып кеткендей, өрнекті қақпақтарды әсемдейді. Оның бірі былайша суреттеледі. Оның бет жағы төрт белдеумен орналасқан, ойылған жиі сызықтармен бөлінген өрнекпен әшекейленген. Қақпақтың жиегі толқынды, одан кейін солярлық белгілер таңбалануымен, стильдендірілген бұтақтар таңбалануымен және тамшы тәрізді батырылған белдеумен бейнеленген жолақтар жүргізілген. Тұтқаның конус тәрізді ұшында мүйіздердің жапсырмасы бар, олар сырт жағынан бір-біріне қосылады, сөйтіп, бұл қошқар басының тұрпатын бейнелейді.

Жылтырақ және шыңылтыр өрнекпен әсемделген мүсіндер қақпақтардың тұтқасы болған, сондай-ақ дербес жасалған бұйым болуы да мүмкін. Осындай мүсіндердің бірінде (ұзындығы 11 см, биіктігі 6 см) мүйіздің орамдары мен жапсырма көзі сақталып қалған. Мұндай бұйымдар мөлдір жылтырақ ақ ангобпен қапталып, жалпақ қоңыр жолақ түрінде бүйірінде әшекей салынған.

Осы кезеңде бұрынғыша қошқар мүйізді жапсырмамен ыдыс тұтқасын жасау дәстүрі жалғасқан. Сондай-ақ қошқар мүйізді сызып немесе жырып салған керамика да пайда болады.

XIII – XV ғғ. кезеңіне жататын табылған заттар тобында шағын үш мүсін кездесті: оның екеуі қақпақтың тұтқасы және біреуі құманның шүмегін безендірген. Біріншісінің ұзындығы 10, биіктігі 5 см, өзі қатты бүлінген, оның аяқтары мен басының бір бөлігі сынған. Қошқардың тұмсығы дөңес, ауыр ширатылған мүйізі бір-жарым орамда ширатылған. Бүйірі солыңқы, құйрықты. Мүсін күңгірт-жасыл жылтырақпен көмкерілген. Мүйізі қоңыр шыңылтыр бояумен боялған, ол бір қарағанда сақинаны еске түсіреді. Екінші мүсіннің ұзындығы – 9 см, аяқтары сынып қалған, биіктігі 5 см. Қошқардың тұмсығы дөңес, ширатылған мүйізі басын әдемі



жиектеп тұр. Тұрқы үлкен, мойыны жуан. Мүсін қоңыр жылтырақпен қапталған. Ал үшінші мүсінге келетін болсақ, ол құманның шүмегін әшекейлеуге арналған, оның жоғары жағында орналасқан, күңгірт-жасыл жылтырақпен қапталған.

Бейнелердің ең кейінгі хронологиялық тобы XV – XVIII ғғ. кезеңіне жатады. Мүсіндердің көбінің сақталуы нашар, кей жағдайда оның алдыңғы бөлігі, басы, денесінің сынықтары кездеседі. Бейнеленген мүсіндердің ширатылған мүйіздері, құйрығы біркелкі салынуына қарағанда, бұлардың бір үлгіге жататындығы күмән туғызбайды. Бұл қақпақтар мөлдір көк, көкшіл жылтырақпен қапталған және қара, күлгін түсті бояумен әшекейленген.

Міне, тап осындай керамиканың пайда болуын түсіндіру үшін осы кезеңдегі Отырар алқабында қалыптасқан этно-саяси жағдайдың сипаттамасына тоқтала кетпекшіміз.

Неғұрлым ерте кезеңде салынған қошқардың бейнелері қаңлымен теңестіріліп жүрген қауыншы, отырар-қаратау және жетісу мәдениеттерінің қоныстарынан табылды. Қаңлы Сырдариядағы сақ бірлестігінің мұрагері болғанын білеміз, міне, сондықтан да қаңлылар сақтардан ең қасиет тұтатын жануарлардың бірі – қошқардың бейнесін алды, ал мұның өзі сақ өнеріне жататын заттарда кеңінен қолданылды.

Біздің заманымыздың бірінші ғасырларында қошқар бейнесі қаңлылар мен оған туыстас тайпалардың өзіндік ерекшелігі бар таңбасы (эмблемасы) болды. Зооморфты тұтқалары бар керамика I мыңжылдықтың бірінші жартысында Орта Азияның оңтүстік және оңтүстік-батыс аудандарында, Донда, Кубан маңында, Солтүстік Кавказда таралуы ерекше назар аудартады. Бұл үдеріс, сірә, қаңлы тайпаларының көшіп-қонуына байланысты болса керек. Мәселен, Хорезмнің ежелгі тарихын зерттеуші белгілі ғалым Б.И. Вайнберг ертедегі хорезмдік теңгелердегі S-тәрізді белгі түріндегі таңба қошқар мүйіздің символы болып табылады, Хорезмде III – IV ғғ. кезеңінде сырдариялық аудандар халқының тобымен бірге пайда болды деген пікір айтады.

Сырдария тайпалары қозғалысының тағы бір бағыты Солтүстік Кавказ еді. Бұл араға алан тайпалары мен осетиндердің атабабаларының келуін астардың шығыстан көшуімен байланыстырады. Зерттеушілер алан – аорс – ас этнонимдері Арыс өзені (Арс) атауында сақталған деп болжам жасайды. Арыс пен Орта Сырдария аймағында қаңлылардың ең кейінгі иеліктерінің бірі

Сусе болуы мүмкін. Арыс пен Сырдария өзендерінің жағалауларынан аландар мен астар Солтүстік Кавказға қоныс аударуы әбден мүмкін. Оған VII – IX ғғ. Солтүстік Кавказ ескерткіштерінде кездесетін қошқар бейнелі тұтқасы бар ыдыстар дәлел бола алады.

Қаңлылардың мирасқоры кенгерестер (печенегтер) тайпалық бірлестігі болды. VIII ғасырда ол кезде Канга деп аталатын Орта Сырдария алқабы көшпелі печенег тайпаларының жалпы аумағын біріктіретін біртұтас саяси конфедерацияға кірді. Бірақ одан кейін көп кешікпей карлұқтармен және қимақтармен біріккен оғыздар печенегтерге шабуыл жасады. Талқандалған печенегтердің қалдықтары батысқа қарай көшті, ал отырықшы және жартылай отырықшы топтары мекендерінде қалып, оғыздармен қандары араласып кетті.

Оғыз бірлестігінің этникалық тобының құрамы біртекті бола қойған жоқ, оның құрамына сонымен қатар печенегтер, астар, аландар да кірді. Оғыз мемлекеті ұзақ уақыт өмір сүрген жоқ, XI ғасырда қыпшақтар Қазақстанның оңтүстігі тайпаларын, оның ішінде қаңлыларды өздеріне бағындырып алды. Қыпшақтар мен қаңлылардың туыскандығы XII – XIII ғғ. кезеңінің авторлары жазбаларында келтіріледі, олар қыпшақ және қаңлы деген сөздерді синоним ретінде қолданды.

Сонымен, VIII – XII ғғ. бойына Сырдарияда кангюй – кангар – канглы деген этнонимдер сақталды. Тайпалардың этникалық бейнесі өзгергенімен, материалдық және рухани мәдениетте көптеген дәстүрлер сақталды, мысалы, ыдыстарды қошқар мүйізбен бұрынғыша безендіру сол күйінде қала берді. IX – XI ғғ. қақпақтарындағы жануарлардың мүсіндері Томпақ-Асар, Қаруылтөбе және Ақтөбе бұйымдарында кездесетін қошқар бейнелерін көз алдыңызға сол күйінде өкеледі. Печенегтер, оғыздар және қыпшақтар батысқа қарай қозғала отырып, ол жерге керамиканы қошқар бейнелерімен әшекейлеу дәстүрін алып келді: Саркел – Белая Веждыен, Дондағы қаладан табылған құмыра бейнелі ыдыстарда ойылған және таңбаланған өрнек бар, одан бұдан бұрыннан таныс қошқар мүйіз көзге оттай басылады.

Сырдария қалаларын үйіндіге айналдырған моңғол шапқыншылығы мың жарым жылға созылып келе жатқан «Ұлы Қаңлы (Кангх)» мирасқорлығын үзіп тастады. Олар оны үзуін үзгенімен біржолата жоя алған жоқ; XIII ғасырдың екінші жартысында Отырар, Сығанақ, Сауран қайта өрледі. Бұрынғы этникалық тұрғын-

дар онда сол күйінде сақталды, ал сырттан келгендердің олармен қандары араласып кетті. Сондықтан қошқар бейнесінің дәстүрі одан әрі жалғасын тапты, оны XIII – XV ғғ. кезеңіне жататын қабаттардан Отырарда табылған мүсіндер дәлелдейді.

Кейінгі ортағасырлар кезеңінде қаңлылар Отырар халқының арасында өмір сүрді, оған жылтырақ тостағандардан табылған олардың таңбалары дәлел. Әрине, қаңлы тайпаларының қазақтары ежелгі кангюй тайпаларынан шыққандығын жоққа шығаруға болмайды. Оған бір дәлел ретінде қошқар түрінде бейнеленген қақпақ тұтқаларын айтуға болады.

Ежелгі дәуірде ыдысқа қошқар бейнесі мен оның мүйіздерін бейнелеуде қандай сыр бар?

Кезінде археолог Г.В. Григорьев ондай тұтқалардың болуын ежелгі тайпалардың тотемдік ұғымдарымен байланыстырды. Содан кейін зооморфты тұтқалар, сондай-ақ ондағы мүйіздер мен жапырақтардың бейнелері тотем-жануарды ғарыштық тотем-күнмен алмастырды. Басқа зерттеушілер қошқар бейнесінде жасалған тұтқа «қошқардың – ыдысты қорғаушының көркемдік бейнесі» деп есептейді. Үшінші пікір бойынша, қаңлыларда және оған туыстас сармат тайпаларындағы ыдыстарда ондай бейнелеудің болуын зороастризмнің<sup>1</sup> таралуымен байланыстырады, онда қошқардың бейнесі фарн құдаймен теңестіріледі. Оның соңғысы денсаулық, күш-қуат беріп, зиянды күштерден қорғауды қамтамасыз ететін бірнеше астарда көрінеді.

Жануарларға табыну дәстүрі туралы этнографтар қызықты деректер келтіреді. Олардың пікірі бойынша, ерте кездегі дін түрлерінің элементтері зороастризммен, оның ішінде жануарлар әлемін құдайға айналдыруға негізделген тұсында өте маңызды болды. Мәселен, қошқарды қасиет тұту тотемизм идеясымен бірге оның киелі екендігімен түсіндіріледі<sup>2</sup> және жерлеу ғұрпында адам

<sup>1</sup> Зороастризм – көне ирандық дуалистік (бір-біріне қарама-қарсы екі субстанцияның – материалдық және руханилықтың болуын мойындайтын) дін, ол б.з.д. X – VII ғғ. кезеңінде пайда болып, Иранда, Орта Азияда және Әзірбайжанда дамыды. Оның негізін салушылар деп пайғамбар Заратустраны (Зороастра) атайды.

<sup>2</sup> Тотемизм (сөзбе-сөз – оның тегі) – адамзат ұжымы мүшелерінің және белгілі бір өсімдік пен жануар түрлері арасындағы туысқандық байланыстың болуы туралы алғашқы қауымдық кездегі түсінік (кейде – жансыз заттар арасындағы байланысты қарастырады). Оның табыну объектісі (тотем) тайпаның, рудың қорғаушы-ата-бабасы деп есептелді; діннің ежелгі сатысы әрі түрі.

мен жануардың жаны бірігуі туралы түсінік құбылыстардың осы санатынан бастау алады.

Қошқарды кие тұту оғыздарда да болған: оны рудың немесе тайпаның қорғаушысы деп білген. Қошқарды қасиет тұтуды олар оғыз тайпасы атауының шығуымен байланыстырады.

Қошқарды кие тұту және оның бейнесі ең алдымен қорғаушы ретінде болуымен байланысты. Хорезмдік өзбектердің пікірі бойынша, қошқар мүйіз «тіл-көзден» сақтаған. Қошқар үйде балаларды қорғау үшін ұсталған. Сонымен қатар қошқар үлкен адамдарды қорғаштайды деген ұғым бар. Мәселен, Хиуада ер адамдар ісінің оң болуы үшін қошқардың мүйізінен ұстаған. Қошқар деген сөздің өзі жаратылыстан тыс құдіретті күшке ие болған, ол атаумен адамға ат қойған. Осы жануардың сүйегін, жүнін және т.б. қасиетті деп білген. Өзбектер, қарақалпақтар қой жүнінен тұмар таққан. Қойдың жауырынына қарап болашақты болжаған. Қошқардың мүйізін босағаға іліп қою, балалардың және қыздардың бас киімдеріне ағаштан ойып жасалған қошқар мүйіздің бейнесін қадау дәстүрі болған. Қарақалпақтардың көне бас киімі сәукеледе мүйізді бейнелейтін күмістелген пластинка ілінген. Қошқар мүйіз өрнегі нанға, киізге, кілемге, кестеге салынды әрі қорғаушы мағынасында қолданылды. Киім құрамына кіретін тұмарлар қошқарды кие тұтумен байланысты екендігі белгілі. Тіпті қошқар сүйектері әртүрлі алқаларда да болған.

Қошқарды кие тұту түрікмендерде бар. Қой отарының қасында болған адамға жын-перілер жоламайды делінген. Әсіресе қара қойды аса қадір тұтқан. Қошқар мүйіздері ата-бабалар зираттарына қойылды. Құрбандыққа сойылған қошқардың қанын шамандар өз әдет-ғұрыптарында пайдаланып, оны ауру адамның үстіне құятын болған.

Қазақтардың наным-сенімдерінде қошқардың орны ерекше: оны құрбандыққа шалып, қорғаушы ретінде қадірлеген. Ақсарбас қошқарды құрбандыққа шалып, оған мынадай дұға оқыған: «Иә, аруақ, саған ай мүйізді, аша тұяқты, мускус иісті, бауырсақ құлақты жануарды бағыштаймын...» Халықтың аңызында әрбір үй жануарының құдіретті болып жаратылғаны туралы айтылады: мәселен, желден жүйрік жануар жылқы желден, таза қой мен қошқар көк пен оттан жаралған. Қазақтар құрбандыққа шалынатын малдың түсіне мән берген. Әсіресе көк символы ретіндегі сұр түсті жоғары бағалап, оған табынған. Осы орайда XV – XVIII ғғ.

кезеңіне жататын бұйымдарда салынған қошқарлардың мүсіндеріне зер салатын болсақ, олардың бәрі де сұр немесе көкшіл шыңылтырмен қапталған.

Сонымен, көптеген ғасырлар бойы Сырдария керамикасында қошқар бейнесінің болуының өзі ежелгі қанлылар, ортағасырлық қанғарлар (печенегтер), оғыздар, қанлы мен қыпшақтар және қанлылардың қазақ тайпалары өмірінде маңызды рөл атқарған осы жануарды кие тұтумен түсіндіріледі. Әрине, ғасырлар бойында осынау бейненің идеялары өзгеріске түсіп отырғанын да жоққа шығаруға болмайды: бұл орайда ұмыт болғандары да, жанадан пайда болғандары да бар. Тайпалардың көшіп-қонып қоныс ауыстыруындағы күрделі этникалық процестер, олардың қан араласуы бола тұрса да, қуатты мүйіздері ширатылған қошқарды қадір тұтуды ұмыттыра алмады, оның бейнесін салуды сырдариялық қыш-құмыра жасаушылардың көптеген ұрпақтары жалғастырды.

Отырар мен Құйрықтөбе қалаларына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде түйенің бейнесі бар бұйымдар кездесті. Қызыл бояулы ыдыстың қабырғасында екі өркешті түйенің (бактриан) бейнесі ыдыс күйдірілгенге дейін жырып салу әдісімен бейнеленген, ал екіншісінде — түйенің басы және әйелдің беті түрінде салынған сукүйғыш бар.

Түйенің бейнесі Оңтүстік Қазақстандағы өнерде ежелден бері кең тараған. Түйені кие тұту және оның бейнелерінің Орта Азияда кеңінен таралуы сақ-юэчжи тайпаларының көшуімен және олардың Кушан империясын құруымен нақты байланыстырылады.

Хорезмде, III – IV ғғ. және VIII ғ. бас кезінде, нумизматтық материалдарға қарағанда, сырдариялық аудандардан шөгіп жатқан түйе түрінде тәж киген билеушілер келген. Б.И. Вайнберг олар қанлылар (кангюй), ал ерте ортағасырдағы — қанғар тайпалары деп есептейді<sup>1</sup>. Демек, ортаазиялық теңгелерде түйенің бейнесі алғаш рет Кушан мемлекетінің негізін қалаған I Кадфиздің теңгелер тобында кездесуі бекер емес. Шөгіп жатқан түйенің бейнесі ойып шекілген, оның өркешінің немесе тұмсығының алдында нүктелер жиынтығы салынған және бұл Мервтің эфталиттік теңгелерінде де кездеседі.

<sup>1</sup> Қараңыз: Вайнберг Б.И. Удельный чекан раннесредневекового Керлера: (Антропология и культура Керлера). Ташкент, 1975. С.105,115.

V – VI ғғ. кезеңіне жататын Бұхар теңгелерінің бір жағында жүріп бара жатқан түйенің бейнесі салынған (екінші жағында — от алауы). Отырар алқабындағы Құйрықтөбе қаласының сарайын қазу кезінде тақта отырған құдай бейнесі салынған төбе астылық фризден тұратын шала жанған ағаш тақта табылды. Оның бірінде бастары бір-біріне қараған түйелер бейнесі бар. Варахшадағы бұхар-худаттардың сарайы өрнегінде қанатты түйелер бейнесімен әшекейленген тақта отырған билеуші салынған. Өрнек сюжеті ерте ортағасырлық шежірешілер айтқан Бухо, Буго (Бұхари) билеуші түйе тәрізді жасалған тақта отырды деген мәліметтермен сәйкес келеді.

Түйе бейнесі Пенджикент пен Афрасиаб өрнектерінен де белгілі. Афрасиаб пен Пенджикенттен түйелердің қола мүсіндерінің бөлшектері табылды. Моншактеп қаласынан кездескен саздан жасалған ыдыста бас жағында «патша белгісі» бар, солға қарай жүріп бара жатқан түйе бейнесінің таңбасы бар.

Түйе бейнесінің әулеттік, патшалық рөлі нақты көрінеді. Л.И.Ремпель әулеттік бұл белгіні Соғды билеушілері эфталиттерден, ал олар кезінде оны кушандардан алған деген пікірге тоқталады. Яғни бұл символды бейнелеуде сабақтастық бар деген сөз.

Мұндай жағдай Оңтүстік Қазақстанға да тән. Мұнда бұл дәстүр берік орныққандығымен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстанның түркі билеушілері үшін өз генеалогиясын «Афрасиаб үйінен» және ежелгі Қанлыдан таратуға ұмтылуы тән. Мәселен, әдебиеттерде қарахандықтар әулеті «Афрасиаб үйі» деп аталады. Әбілғазыда селжұқтарды «Афрасиаб руынан» таратуға қатысты әңгіме сақталған.

Ежелгі Қанлыдан тарайтын қанлы атауын қыпшақтардың қабылдауы, зерттеушілердің пікірі бойынша, олардың жаулап алынған жерлерді, ең алдымен Сырдарияны, ежелгі генеалогиялық дәстүрмен өзіне матап тастауға деген ұмтылысты білдіреді. «Афрасиаб үйінен» тараған соғды және түркі феодалдары билеушілері үшін осы «ортақтықтың» бір себебі Қазақстан мен Соғдының тығыз мәдени-экономикалық байланыстары болып табылады.

Түйенің бейнесі Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық халықтарында маңызды рөл атқарды. Авест шығармасында ол күдіретті билеуші, жеңіс және жасын құдайы Веретрагнамен салыстырылады. Түйені кие тұту ортағасырларда түркі тайпаларында сақталды.



Қазақтарда түйе ең қымбат құрбандық саналды. Манастың өлімінен кейін оның желмаясы 12 жыл бойы кесенесінің алдында тізерлеп тұрған.

Сонымен, Отырардың және оның алқабындағы қалалардың керамикасында түйенің бейнеленуі орта ғасыр дәуіріндегі қала тұрғындары арасында түйені кие тұтқан наным-сенім ұзақ уақыт бойы сақталғанын көрсетеді.

Ыдыстағы суреттердің арасынан бұқаның немесе сиырдың бастарын кездестіруге болады, IX – XI ғғ. кезеңіне жататын хумдар және сукұйғыштардың шүмектері бұқаның басы түрінде бейнеленген. Мүйізді ірі қараның киелі мәні жақсы белгілі.

Зороастризмде сиыр сүті қасиетті саналады: сиыр сүтінен және қасиетті хомадан пайғамбар Зороастра анасы жаратылады. Бірінші адам Гайомарт бұқа-адам бейнесіне талдауға К.В.Тревер мақала жазды, онда ол бұқаның ортаазия халықтарындағы наным-сеніміндегі маңызды рөлін көрсетті. Зороастризмде адам мен бұқаның образы барлық жаратылыстың негізі болып табылады. Осы дінге сәйкес, бұқаның өлімінен кейін оның денесінен дәннің 55 түрі, емдік шөптердің 12 түрі өсіп шығады, ал оның тұқымынан бұқа мен сиыр пайда болады. Гайомарттан металл, ал тұқымнан – алғашқы еркек пен әйел пайда болған. Бұл зерттеушілердің пікірі бойынша, бұқаның нанымдық маңызын түсіндіруге мүмкіндік беретін бастапқы сәт болып табылады. IX – XII ғғ. кезеңінде сиыр мен бұқа образының ежелгі маңызы ұмыт қалды, бірақ оның реликтілері жалғасты, оған бұл жануардың бейнеленуі дәлел. Дәстүрдің өміршендігі тарихи және этнографиялық материалдардан анық байқалады. Мәселен, бұқа өзектерде су, жауын-шашын мол, ал егін бітік шығуы үшін құрбандыққа шалынды.

Сукұйғыш ыдыстарда бұқаның бейнесі салынуы ең алдымен ол ыдыстың әрқашан іші суға толы болсын, өзінің иесін әркез жақсылыққа бастасын деген ниеттен туындаса керек.

Құйрықтөбе қаласында бадрабан табылған XI ғасыр керамика кешенінде қабанның мүсіні бар. Бұл жануардың бейнесі Сырдария алқабында мейлінше кеңінен таралған. Ташкент алқабындағы қауыншы мәдениеті қоныстарынан табылған қабан мүсіні белгілі. Зерттеушілер бұл образды әртүрлі ипостастарда, оның ішінде қабан түрінде көрінетін Веретрагна авестілік пантеонның жауынгерлік құдайы ретінде қарастырады. Құйрықтөбеден табылған қабан мүсіні аймақтағы ежелгі діннің реминисценциясы болып табылады.

...Қазба жұмыстары кезінде құстардың бейнесі көп кездесті, олардың ішінде өтеш пен қырғауыл жақсы көрінеді. Өтештің бейнесі жалпақ тегіс қақпақтарда танба түрінде салынған. Қазба кезінде табылған олардың бірінде өтеш бейнелері қақпақтың жиегін айнала орналастырылған. Құстардың құйрықтары мен төбесіндегі айдарға қарағанда, онда өтеш бейнеленгені күмән туғызбайды.

Оған ұқсас бейнелер Отырардан 2 шақырым шығыс беткейде орналасқан шағын қоныстан табылған тағы бір қақпақта бейнеленген. Құстардың үш тармақты аяғы бар, қанатының ортасы томпақ, басында айдары және өтештерде болатын «сақалы» бар.

Сонымен қатар бұрынғы айтылғандай, қақпақ тұтқасына орнатылған қошқар бастарының бейнелері секілді өтештің үлкен бастары асүй ыдыстарының қақпақтарында бейнеленген. Өтештің басы түріндегі қақпақ тұтқалары жиі кездесуі назар аудартады: басында жалданған айдары бар, тұмсығы сына тәрізді шығыңқы, мойнында томпақ бунақталған жапсырмадан жасалған алқа ілінген.

Томпақ қақпақтар тобы төбесінде айдары, тамағының астында «сақалы» бар (өтеш немесе қырғауыл) құстардың басымен әшекейленген. Сондай-ақ қауырсындары ойылған және бүртікті жапсырмамен жасалған. Өтештің басы бар қақпақта өтештің тұмсығы ерекшеленген, ал айдары тісті бүртіктермен көрсетілген.

Өтеш көптеген халықтар сенімдері бойынша зиянды күштерден, жамандықтан, берекесіздіктен қорғайды. К.А.Иностранцев араб жазба деректеріне сілтеме жасай отырып, сасанидтік парсыларда өтештің мезгілсіз шақыруы келе жатқан әлдебір жайсыз хабарды білдіргендігін жазады. Авестада өтеш – жын-перілермен және сиқыршылармен күресу үшін жаралған, адамдарды жын-періден сақтайтын қайырымды құдай Сраошидің сенімді көмекшісі<sup>1</sup>.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының бұрынғы әдет-ғұрпында өтеш пен тауық маңызды рөл атқарды. Хорезм өзбектерінде, мысалы, өтеш шамандық әрекеттерде қолданылды, сақтаушы элемент ретінде үйлену рәсімдерінде ұрпақ жаюдың ырымы болды.

Өтештің керамикада және асүй қыш-құмыра ыдыстарының қақпағында тұтқа ретінде бейнеленуі тамақты зиянды күштерден қорғауға арналған болуы керек.

<sup>1</sup> Қараңыз: Иностранцев К.А. Материалы из арабских источников для культурной истории Сасанидской Персии: (Приметы и поверья)// Записки Восточного отд. Русск. археолог. о-ва. Спб., 1907. Т. XVIII. Вып. 2-3. С. 203 – 204.



Ортағасырлық мәдениетті зерттеушілер ортаазиялық халықтар үшін ислам рухани-діни ұғымдарды жоққа шығармағанын жазады. Исламға дейінгі сенімдер археологиялық материалдар бойынша ортағасырлық қалаларда, оның ішінде Отырар алқабының қалаларында анық байқалады. Ғасырлар қойнауынан келе жатқан жалпы адамзаттың қалыптасып дамуының, сенімдерінің, дәстүрлерінің бөлігі ретінде қазақстандық пұтқа табынуды зерттеу ортаазиялық-қазақстандық аймақты мекендеген тайпалар мен халықтардың мәдениетін неғұрлым толық түсінуге мүмкіндік береді.

### ҚАРА ТАҚТАЛАРДА ҚҰДАЙЛАР НЕГЕ ҮНСІЗ ҚАЛҒАН...

Қазіргі Құйрықтөбенің орнында VI – IX ғ. бірінші жартысында болған қала өрттен жойылып, сарай жанып кеткен. Бірақ салтанат залының қабырғасын әшекейлеген оюлы тақта өрттен «аман қалған». Шеті жанып, жалын тиген тақта қабырғадан еденге «сусып» түскен, ал құлағанда басып қалған төбе оны тарих үшін сақтап қалғандай көрінеді. Сөйтіп, сарайды бүлдірген өрт сонымен бірге осыдан мың жарым жыл бұрынғы суретші ойып жасаған шығарманы «сақтап» қалған.


Сақталған тоғыз «суретте» құдайлар бейнеленген, ал көп мөлшерде табылған төбе жабынының ағаш бөліктері өсімдік немесе геометриялық өрнек түрінде, не мифтік кейіпкерлер бейнесінде безендірілген.

Құйрықтөбе қамалынан табылған ағашқа ойылған өрнектер Соғды мен Усрушандағыларға сәйкес келеді. Жоғарыда аталған ағашқа салынған өрнектер мотиві Пенджикенттің, Шахристанның, Орта-қорғанның оюлы ағаштарынан кездесті. Мысалы, төбеге салынған ағаштар мен кіретін жердегі аркалардың әшекейлер қосарланып салынған сиренмен өрнектелгені назар аудартады, яғни бұл ерте ортағасырлық өнер сюжетінде кең тараған тәсіл. Сиренді Варахшаның оюларынан, Пенджикенттің сазбалшықтан жасалған бедерлерінен кездестіруге болады. Арканың астыңғы жағында немесе бүйірінде бейнеленген қосарлы сирен Санчи мен Бхаруттаның тұғырларында, Бамиан үңгірлерінде, Беграмның оюланған сүйектерінде сақталған. Бұл мифтік құбылыс-

тар будда мәтіндерінде Кинара және Кинари деп аталатын ер мен әйел жұбы ретінде айтылады <sup>1</sup>.

Құйрықтөбеден табылған ғажайып заттардың бірі – төбе астына салынған тақтайдың қалдықтары болып табылады, онымен қамалдың салтанат бөлмесі безендірілген. Бөлмеге кіретін орталық жерге қарама-қарсы орналасқан қабырғадан сақталған тоғыз тақтай бөліктері табылды.

Басқаларына қарағанда зооморфтық тақтағы құдай бейнесі бар тақтай <sup>2</sup> жақсы сақталған. Аркаларда тақта отырған құдай бейнелері көрсетілген. Схематикалық сурет бойынша, сол жағындағы тақта екі қанатты түйе мүсіндеріндегі ер келбетті құдай бейнеленген (?) Оның бірінің ұзын да қалқиған құлағы бар басы сақталған. Түйенің тұмсықтары бір-біріне қаратылған. Құдайдың басы тура қаратылып салынған, шынтағы иілген оң қолы кеудесінің тұсында қойылған, құдай үш иілген сабақтары бар зат ұстаған (?). Оның сол қолында жиегі кедір-бұдырлы тостаған, басында ирек тісті тәж бар. Құдайдың сол жағында отырған оның жұбайы болса керек, екі тау арқары бейнесінен жасалған тақта отыр. Шынтағы бүгілген оң қолында жоғары көтеріле ұсталған үшбұрышты зат бар, сол қолында асатаяқ, басында мандайын орай тартқан жолақ орамал, оның ұштары желбіреген.



Зооморфты тақтарда отырған құдай бейнеленген тақтай бөліктеріндегі сурет. VI – IX ғасырдың бірінші жартысы. (Құйрықтөбе)

Фриздің тағы бір тақтайының бөлігі табылды, ол жерге қадалып қалған (суретті қараңыз). Онда қанаттары бар зооморфты бейне түріндегі тақтың аяқтары бейнеленген. Таққа жабылған кілемнің немесе жабудың суреті көрінеді. Арқар бейнелі тақтың

<sup>1</sup> Қараңыз: Ольденбург С.Ф. Гандхарские скульптурные памятники. Л., 1925. Т.5. С.175.

<sup>2</sup> Өлшемі: 122x25 см.

аяқ жағында тізерлеген екі адамның шағын мүсіндері бар. (Бұл келтірілген схемалық суреттен көрінеді).

Аркалар іш жағынан төрт жапырақшалы розеткалармен әшекейленген, ал аркалар арасындағы кеңістікте отырған бейнелердің суреттері салынған.



Тізерлеген адам бейнелері салынған тақтай суреті, VI – IX ғ. бірінші жартысы. (Күйрықтөбе)


Тақтағы құдай бейнелері Соғдыда жүргізілген қазба жұмыстарынан белгілі. Варахшада бұхар-худаттар сарайының Шығыс залының қабырғаларында басты мүсін қанатты түйелер түріндегі таяныштары бар тақта отыр. Бұлар да Күйрықтөбеден табылған материалдар тәрізді грифондарға ұқсас. В.А.Шишкин оларды «түйе басты, түйе мойынды әрі түйе аяқты сары грифондар» деп атауы бекер емес<sup>1</sup>. Тақтың аяқ жағында тізерлеген адамдар отыр. Құдай жұптары көрсетілген Пенджикент өрнектеріндегі көріністер Күйрықтөбеден табылғанға жақын келеді. Ер бейнелі құдай тақта отыр, оның таянышы түйе түрінде безендірілген. Жұбайының тағындағы таяныш арқар түрінде бейнеленген. Құдай жоғары көтерген қолына түйенің мүсінін ұстаған. Әсіресе Күйрықтөбеден табылған жиегі тісті тостағанды (немесе алтарь) ер бейнелі құдай бейнесімен және Оңтүстік Соғдыда, Гиссар жотасының тау беткейінде табылған оссуарий қабырғаларының біріндегі таңбаланған бедермен салыстырғанда ұқсастықтары байқалады.

«Камалды қоршау» көрінісі бейнеленген фриздік тағы бір тақтай бөлігі сақталған. Тақтайдың орталық бөлігінде<sup>2</sup> төрт жапырақшалы розеткалармен өрнектелген арка қабырғасының төбесі

<sup>1</sup> Шишкин В.А. Варахша. М., 1963. С.160.

<sup>2</sup> Өлшемі: 93x23 см.

пирамида тәрізді жиектелген (сірә, камалдың немесе қаланың қабырғасы), онда екі садақшы бейнеленген. Мұнда алдыңғы планда қолын көтерген құдай түр (ол қолының бірінде жұмыр зат ұстағандай). Басына қанатты тәж киген. Арка аралық кеңістік түрегеп тұрған бейнелермен толтырылған, оның сақталуы өте нашар. Сақталған бөліктеріне қарағанда, құдайдың төрт қолы болған, жоғарыда айтқандай, оның екеуі жоғары көтерілген, екінші жұп қолы төмен түсірілген. Камалды немесе қаланы қоршау көрінісін қоршаған жаудан күйреген қала туралы айтылатын соғды-манихей мәтіні үзінділерімен салыстырған жөн сияқты. Онда Нанահаным есімі аталады. В.Б.Хенингтің пікірі бойынша, бұл Анахита әйел құдайдың аты. Н.В.Дьяконова мен О.И.Смирнова жасаған Соғдыдағы Нана (Анахита) нанымына жасалған талдау мынадай қорытындыға келеді, Нана-Анахита Соғдының негізгі құдайларының бірі болған, ал Пенджикентте қаланың қорғаушысы Нанаға – әйел-құдайға – анаға табыну маңызы күшті болған<sup>1</sup>. Күйрықтөбеден және Орта Сырдариядан табылған ағашқа салынған өзара ұқсас бұл бейнені аса қасиет тұтқан тәрізді.



Қала қорғаушысы – Нана құдай бейнесі

Тақтайлардың<sup>2</sup> бірінде сұлбалық сурет бар, онда «Құда түсу» бекзаттық көрінісі бейнеленген. Тақтайдың ортасында арка астында бір-біріне қырындап қарап тұрған ақсүйек ер мен әйел бейнеленген.

Әйел дөңгелек жүзді, жалпақ мұрынды және қиықша көзді. Басына тақия киген, мандайында – диадема. Тақияның астынан

<sup>1</sup> Қараңыз: Дьяконова Н.В., Смирнова О.И. К вопросу о культе Наны (Анахиты) в Согде//Советская археология, 1967. №1.С. 71-83.

<sup>2</sup> Өлшемі: 125x135 см.

оң иығына бірнеше жерден бунақталған бұрымы түскен. Оң жақ құлағында сопақша шар төріздес сырға ілінген, мойнында ірі моншақтардан жасалған алқа бар. Әйел иығына жамылғы ілген.

Ер адамның беті нашар сақталған. Басында әдіпті калпак, үстіне шапан киген, оның астында тік жағалы жейдесі көрінеді. Ер адам оң қолымен әйелді құшақтап, ал сол қолының алақанын әйелдің бетіне қарай апарған, әйел ер адамның қолын шынтақ тұсынан сол қолымен қысып ұстап алған. Осы жұптың сол жағында және оң жағында екі адам тұр.



«Құда түсу» көрінісі бейнеленген ағаш тақтай суреті, VI – IX ғасырдың бірінші жартысы. (Құйрықтөбе)

Осыған ұқсас бейнелер Афрасиаб өрнектерінде кездеседі. «Қолдарын ұстауына» карағанда, бұл көріністерді «Күйеу мен қалыңдықтың келісімі», «Құда түсу» деп аталатын көріністерге жатқызуға болатын сияқты. Бұл пікірді бірқатар зерттеушілер жақтайды.

Құйрықтөбеден табылған оюлы ағаштарға толық талдау әлі жасала қойған жоқ, бірақ қазірдің өзінде өткен заманның рухани өмірі қаншалықты бай болғандығынан мол ақпарат алуға болады. Сырдарияда соғды мәдениеті кеңінен дамығаны даусыз нәрсе, оны керамикадан, сәулет өнерінен көреміз, бұл орайда ағашқа ойылған бейнелеу сюжеттері ежелгі дәстүрлерді еске түсіреді. Сондай-ақ Жетісуда, Оңтүстік Қазақстан қалаларында түркілермен қатар соғдылықтар тұрғаны да күмән тудырмайды. Міне, сондықтан түркілердің, оның ішінде кангарлардың идеологиясына соғды наным-сенімі кірген, кейін бұл түркілердің діни ұғымдарына сәйкестендіріліп, қайтадан түрленген болса керек.

## ҚАЛАЛАР ДІН ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ...

Қазақстанда ортағасырлық даму кезені исламның қарқынды таралуымен және орнығуымен байланысты. Араб әскерлері Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуға бірнеше рет шабуыл жасады. 751 жылы олар Таласқа жетіп, Атлах қаласының маңында қытай әскерін талқандады, ал IX ғасырдың бас кезінде Отырарға жорық жасады. Бірақ Сырдарияны да, Жетісуды да жаулап алмады, олар Халифат құрамына кірген жоқ. Исламның аймаққа кең таралуы Орта Азияда Саманидтер әулеті орныққаннан кейін, олардың шығысқа және орталық иеліктің солтүстігіне саясаты жүргеннен кейін басталды. X ғасырдың ортасында Қараханид мемлекетінің құрылуы және оның Орта Азияны жаулап алуы оны Қазақстанмен жақындастыра түсті, мұның өзі Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде исламның таралуына әсер етпей қоймады.

Кенес археологтарының зерттеулері бойынша, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалық өркениеті айтарлықтай ішкі тұтастықта болды, бұл қала өркениетінің жалпы жүйесін құрайтын мұсылман әлемінің бірі болып табылады.

840 жылы Нух ибн Асад Испиджабты өзіне бағындырып алды, ал 859 жылы оның інісі Ахмед ибн Асад Шауғарға жорық жасап, онда бірнеше мыңдаған адамды соққыға жықты.

766 жылдан бастап Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде саяси билікті тартып алған қарлұқтар мұсылман мәдениетінің күшті ықпалына түсті. Олар исламды Махди халиф кезінде (755 – 785 ж.ж.) қабылдады деген пікір де бар. Бірақ бұл оның тек белгілі бір бөлігіне ғана қатысты болса керек, өйткені, 893 жылы Исмаил ибн Ахмад Таразды алғаннан кейін ол «осы қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды».

X ғасырдың бас кезінде исламды Қараханидтер әулетінің рубасы Сатұқ қабылдады, ал оның ұлы Боғра хан Харун, б. Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Мұсылмандық бірінші кезекте қалаларда таралды. Жазба деректерде тұрғындарды исламдандыру үрдісіне қатысты нұсқаулар сақталған. Мәселен, ибн Хордадбек Фараб округінің бас қаласы Кедердегі мұсылман жасақтары туралы жазады. Ибн Хаукаль Шашпен шекарадағы Сырдарияның сол жағалауында орналасқан Сүткент қаласы туралы жазған: «... онда мешіт бар және оған

исламды қабылдап қойған гуздар мен карлұқ тайпаларынан (өртүрлі) түркілер келіп жиналады». Ол Оңтүстік Қазақстанның басты қаласы — Испиджаб «дін үшін соғыс болған жер» деген дерек келтіреді.

Жаңа дін біртіндеп көшпенділер арасында да таралды. Ибн Хаукаль Фараб, Кенджид пен Шаш аралығында көшіп жүретін түркі-мұсылмандар туралы жазған.

XI — XII ғғ. кезеңінде қыпшақтар арасында исламның таралуы туралы деректер бар: Қыран (Икран) Алп-Дерек исламды қабылдады және Қадырхан, Гайирхан деген мұсылман есімін алды. Бірақ ислам қыпшақтарда феодалдық атқамінерлердің діні болып қала берді.

XI — XII ғасырларда Орта Азияда және Қазақстанның оңтүстігінде исламның мистикалық ағымы — софизм тарады. Ол бұқара халық арасында ұстамдылығы, дүние игіліктерінен және пайдакүнеліктен бас тарту тәрізді ұстанымдары үшін кеңінен қолдауға ие болды. Софизм кезеңі басталғаннан кейін оны ілгері апарушылар қатары көбейе түсті. Сопылық шейхтердің атағы шығып, нақты тарихи күшке айналды. Әсіресе шекараларда «мұсылман әлемін» нығайтып, «дінсіздерді» исламға кіргізу мақсатында жекелеген сопылық уағыздаушылар миссионерлік қызметті нәтижелі жүргізді.

Сырдариялық аймақтың қалалықтары мен көшпенділері арасында әсіресе жоғарыда айтылған Йасауи орденінің негізін қалаушы Ахмет Йасауи уағыздауды жақсы жүргізді. Ол мұсылмандық догматиканы жергілікті әдет-ғұрыпқа және сеніміне бейімдей білді. Мысалы, оның «Хикметтерінде» Алланың аты түркілердің көктегі құдайы саналған Тәңірмен бірнеше мәрте алмастырылған. Ахмет Йасауи қайтыс болғаннан кейін өулиеге арнап кесене тұрғызылып, қасиетті жер атанды. Темір кезеңінде, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, кесенесі, мешіті және ханакасы бар, замандастарын таңғалдырған алып кешен салынды. «Ахмет Йасауи кесенесі, — деп жазды XVI ғасырдың тарихшысы Рузбихан, — дүниежүзіндегі ең алып құрылыстардың бірі, кесененің архитектурасында адамзат өнерінің ең ғажайып әрі таңғалдыратын жетістіктері көрініс тапқан».

X ғасыр географы әл-Макдиси өзінің жазбаларында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалалары туралы неғұрлым тиянақты айтып, мешіттің қала құрылысындағы ең маңызды әрі міндетті элементтердің бірі екендігіне тоқталады.

IX — XIII ғасырдың бас кезіндегі ескерткіштердің археологиялық қазбалары мұсылман мәдениетінің элементтері Орта Сырдария қалаларына енгенін көрсетеді.

Мешіт міндетін алғашқыда орталық ірі алаңы бар жекелеген тұрғын үйлер атқарса керек, бөлмежайлардың оңтүстік-батыс бұрышында сазбалшықтан салынған, құбылаға қаратылған михрабтар орналасқан. Осындай екі үй Құйрықтөбе орамдарынан қазылды. Бұл қала жоғарыда айтылғандай, IX — X ғғ. Фараб округінің астанасы Кедер қаласы делінеді. Үйлердің типтік жобасы бар, тұрғынжай бөлмелер алаңы 30 ш.м., оның сәкілері бар, ортасында еденге орнатылған ошақ бар. Бір айта кететін жайт, осындай үйлердің бірінің жанындағы тұрғын бөлмежай үйіндісінен төрт бұрышты пішінді (6x11 см) сазбалшықтан жасалған ыдыстың сынығы табылды, онда қара бояумен Құранның бірінші сүресі жазылған.

Ежелгі қалаларда алғашқы кезде дінге сенушілер аз болды, соған орай мешітке ескі діни құрылыстар пайдаланылды, айталық, Таразда христиан шіркеуі мешітке айналдырылды. Исламды ұстанатын тұрғындар саны өсуіне орай қалаларда собор мешіттері салына бастады. Соның бірі Кедерде тұрғызылғанын әл-Макдиси жазған болатын. Осы мешіттің қалдықтары, жоғарыда айтқандай, Кедер делінетін Құйрықтөбе қаласын қазу кезінде табылды. Мешіт үлкен көшелердің қиылысында, орталықта орналасқан.

Кедер собор мешітіне неғұрлым ұқсайтын мешіт Өзбекстанның Сурхандария облысындағы Саполтепада ашылды. Ол өзінің көлемі жағынан біршама үлкен — 50x25 — 30 м. XII ғасыр кезеңіне жатады. Кедер мешітіне ұқсас келетін осы үлгідегі кейінгі құрылыстардың ішінде XVIII ғ. Хиуа және Хазарасп, XX ғ. бас кезіндегі Үргеніштегі <sup>1</sup> мешітті айтуға болады.

Жетісу қалаларының ірілерінің бірі саналатын Баласағұндағы мешіт құрылысы X — XI ғғ. кезеңіне жатады. Құрылыстың өзі сақталмаған, бірақ мұнарасы (биіктігі — 21,6 м) қаланың үйіндісінде әлі күнге дейін асқақтап тұр. Ол күйдірілген кірпіштен өрілген, жеті қырлы мұнара бағанасы жоғары көтерілген сайын сүйірлене береді. Мұнара бағанасы белдеулерге бөлініп, жалпақ өрнектермен әшекейленген.

<sup>1</sup> Қараңыз: Маньковская Л.Ю. Типологические основы зодчества Средней Азии: (IX — XX ғ. бас кезі). Ташкент, 1980. С.108 — 112.



Ислам таралған кезеңде Орта Азия мен Қазақстан қалаларында пайда болған құрылыстарға қоғамдық моншалар да жатады. Отырарды қазу кезінде XI – XII ғасырларға жататын екі монша табылды. Бұлар айқыш тәрізді жобаланған бөлмежайлардың стандартты жобаларынан тұрады. Моншаның ортасында әдетте массаж жасайтын лоджиялары бар сегіз қырлы зал орналасқан. Сонымен қатар бөлмежайларда шешінетін орын, ыстық, салқын сумен жуынатын бөлме, демалыс бөлмесі бар. Моншаларды жылыту от жағатын пешпен жалғасқан ыстық әкелетін еденасты каналдары арқылы жүзеге асқан. Сумен құдық арқылы қамтамасыз етілген, сарқынды су құбыр арқылы құрылыстың сыртындағы шұңқырға ағызылған. Моншалардың жобалары, бөлмежайлардың орналасуы, жылыту жүйесі Орта Азияның, Кавказдың, Таяу және Орта Шығыстың моншаларына ұқсайды. Айқыш тәрізді жобалау XI – XII ғғ. кезеңіне тән болған, ол кезде ертедегі монша жобалары әлі орнығып болған жоқ еді.

X ғасырдың басқа жобадағы моншалары Тараз қаласынан табылды. Бұл құрылыстың интерьері өте бай әрі қабырғаларына өрнектер салынған.

Сол кезде зираттарды зерттеушілер анықтағанындай, жерлеу ғұрпы да өзгерді. VI – IX ғғ. кезеңіндегі мұсылмандыққа дейінгі кездегі жерлеу салты Жетісудағы Қызыл Өзен, Тараз және Қостөбе қалаларының зираттарын, Оңтүстік Қазақстандағы Бөріжар моласын, көшпенді тұрғындардың жекелеген зираттарын қазу арқылы белгілі. Бұл қалалықтар мен көшпенділер арасында діни ұғымдардың күрделі болғандығын білдіреді. Жергілікті зороастрийліктер салты бойынша науыстарда, аландарда, оссурийлерде, сүйектерді үйіп қою, хумдарға салу сияқты түрлерімен қатар эпитафиялармен христиан салты бойынша жерлеу; түркілердің атты қоса жерлеуі; тастан қоршау жасау түрлері ашылды.

Жерлеу салты IX – X ғғ. екінші жартысында өзгерді. Ол мұсылмандарға тән белгілі бір қағидамен жүзеге асты – көрдің іші шикі кірпіштен өрілді. Мәйіттің басы солтүстік-батысқа, беті оңтүстікке қаратылды. Қабірде басқа заттар жоқ. Мұсылмандардың неғұрлым ерте зираттары Отырар алқабынан табылды және олар IX – X ғғ. кезеңіне жатады, Бурагин қаласының зираты X ғасырға жатады.

XI – XII ғғ. кезеңіне жататын зираттарда аса зор құрылыстар пайда болды. Мұсылман кесенелерінің ертедегі тобы Бурагин

қаласынан табылды. Кесене мұнараға жақын жерде орналасқан. Бұл ішкі жағы әдемі безендірілген құрылыс, онда өсімдік сабақтары мотивімен, оюлаумен, мүсінді кірпіштермен өрнектелген. Зерттеушілердің пікірі бойынша, кесенелердің пішіні «мұнаралы» үлгіге жатады, бұл XI – XII ғғ. кезеңіндегі Орта Азия мен Қазақстанның діни сәулет құрылыстарына тән. Тараздың шығысында 18 шақырым жердегі Головачев селосының маңында екі кесене сақталған. Оның бірі – X ғасырда салынған Бабаша қатын – порталсыз кесенелер түріне жатады, ал екіншісі – Айша-бибі кесенесінің батыс қабырғасы сақталған, өсімдік және геометриялық өрнектері бар жылтыратылмаған жұқа тастақталарды пайдалану арқылы қабырғалардың беті тамаша безендірілген, бұл құрылыс XI – XIII ғғ. кезеңіне жатады.

Төменгі Сырдарияда XII ғасырдың Сырлытам кесенесі сақталған. Оның XI – XII ғғ. кезеңіне жататын күйдірілген саздан істелген өрнекті тастақталармен безендірілген биік порталы бар.

Жаңа қала мәдениетінің қалыптасуымен байланысты жаңғыру жаппай керамикалық колөнерде байқалады. Жылтырақ керамика кеңінен таралған. О.Г.Большаковтың<sup>1</sup> пікірі бойынша, Орта Азияға ол VIII ғасырдың екінші жартысында Иран арқылы келген. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалаларына ол IX – X ғасырларда Орта Азиядан ауысты.

Шыңылтырлы ыдыстың үлкен тобын араб ғаріптерімен өрнектелген керамика құрайды. Жазулардың көбі өрнек түрінде салынған, олар оқылмайды, бірақ кейбірі бата, өсиет мәтінін білдіреді, діни мағына береді.

Металдан – мыс пен қоладан жасалған бұйымдар өндірісінде бата жазбаларымен және діни мазмұндағы жазбалармен әшекейленген бұйымдар таралған. Ең алдымен шырақтар мен олардың тұғырларының астында цилиндр тәрізді биік аяқтары орналасқан. Қалаларда сауданың нәтижесінде бата сөздері жазылып безендірілген құмыралар көп тараған. Оны жергілікті өндіріс жасаған болуы керек.

Қазақстанның Орталық мұражайында сақталған, жоғары көркемдік дәрежеде безендірілген құмыралар коллекциясында Жеті-

<sup>1</sup> Қараныз: Большаков О.Г. Город в конце VIII – начале XII в. // Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973. С.275.

судан табылған әдемі құмыра бар. Ол бүйірлі, мойыны біртіндеп түтікке айналады. Құмыраның астына таған орнатылған. Жиегі тік бұрышпен қайтарылған. Тұтқа ернеуі мен бүйірін жалғастырады, ол алты көлемді моншақпен әшекейленген. Жоғарғы бөлігінде анардың дәні тәрізді шығыңқы тұс бар. Дәннің аумағында қызыл мыспен сирень бедерленген және инкрустацияланған.

Құмыраның мойыны қызыл мыстан жасалған жолақтарға бөлінген, үш жолақ орналасқан өрнекпен әшекейленген. Жоғарғы және төменгі жолақтарында өсімдік сабақтары үстінен арабша бата сөзі жазылған. Жоғарғы қабатында эпиграфиялық сульс, ал төменгісінде – куфа, түрлене жазылған. Оның екі аудармасы бар: «Даңқ пен бақыт, әрі байлық, әрі бейбітшілік» және «Жақсылықпен және батамен, және бейбітшілікпен». Құмыра мұражайлардағы басқа соған ұқсас құмыралар тәрізді XII – XIII ғ. бас кезіне жатады. Мұндай құмыралар Құйрықтөбе қаласының XI ғ. қабатынан табылды.

Дегенмен ислам Қазақстанда бұрынғы діндермен – христиандықпен, зороастризммен және пұтқа табынушылықпен, Көкке, Жерге, Суға табынушылықпен және жоғарыда айтылғандай, отқа, жануарларға, құстарға табынумен үйлесімділікте таралды. Бірақ исламның Оңтүстік Қазақстан халықтарының мәдениетіне ықпалы күшті болды, мұндай көрініс әдебиет нұсқалары мен археологиялық материалды терең зерттеу кезінде айқындала түседі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Отырар алқабындағы қалалар – Көк-Мардан, Құйрықтөбе, Күйік-Мардан, Отырар және басқа қалалар туралы әңгіме осымен аяқталады. Осыдан аз ғана жыл бұрын бұл әңгіме тіптен қысқа болатын, өйткені біз олар туралы, Қазақстанның басқа да көптеген ежелгі қолөнер орталықтары, саудасы мен мәдениеті туралы аз білдік. Енді жағдай өзгерді. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы археологтарының жүйелі, мақсатты зерттеулері тарихтың белгісіз болып келген құпияларын ашты. Ежелгі қалалардың келбеті неғұрлым айқындала түсті.

Жүргізілген қазба жұмыстары I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы өзіндік ерекшелігі бар өркениетті анықтап берді. Қабырғалармен қоршалған көптеген қоныстар тау өзендерінің, Арыс, Келес, Сырдария өзендерінің алқаптарында орналасты, олар топтарға бірікті, олардың неғұрлым ірі орталықтары біртіндеп феодалдық қалаларға өсе берді. Бұл қоныстардың адамдары егін шаруашылығымен, мал шаруашылығымен, аң аулаумен, балық шаруашылығымен, тамаша қолөнерімен айналысты. Олардың рухани өмірінде көптеген діни нанымдар болды: отқа, жануарларға, ата-бабалар рухтарына табыну... Олар адам дүниеден өткеннен кейінгі екінші дүние өміріне сенді.

Көптеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар, алқаптың тұрғындары Қанлы мемлекетінің құрамына кірді, оның тарихи орны қазба жұмыстары нәтижесінде өзiрге тек қана белгіленді.

Тайпалар өміріндегі жаңа дәуір феодализмнің орнығуымен байланысты. Феодал ақсүйектерінің ірі ордалары қамалдармен бекінді, онда салтанатты бөлмелері бар, ағаштан оюланған, өрнектелген сарайлар салынды, археологтардың қалаларға жасалған қазба жұмыстары кезінде тек Отырар алқабының ғана емес, со-

нымен бірге Соғды, Шаш, Жетісу қалалары да табылды. Ұлы Жібек жолы бойында әшекейлер, асыл бұйымдар, жібек тауарлары таралды. Қазақстан феодалдары еуропалықтар, византиялықтар және ортаазиялықтар тәрізді көрнектілікке ұмтылды. «Киім, қару, ер-тұрман неғұрлым сәнді әрі бай болуы тиіс. Алтын, алтындалған, ашық әрі көздің жауын алатын түстер, қымбат бағалы металдар байлықты паш етуге тиіс болды, демек сол арқылы феодалдың күштілігі көрінеді» деп жазды феодал ақсүйектері туралы академик Б.А.Рыбаков.

Алғашқы қоғамдық құрылыстан феодализмге өту жағдайында феодалдық мәдениеттің прогрессивті элементтері қалыптасты. Оған қазба кезінде табылған керемет жылтыратылған керамика, шыны ыдыстар, қоладан жасалған бұйымдар дәлел бола алады. Шеберлер жасаған бұйымдарын мақтан етті, кейде оған аттарын жазды.

Қала тұрғындары арасында, кейін көшпенділер арасында біртіндеп ислам тарай бастады: қалаларда және дала төсінде осы дінді уағыздаушылар – миссионерлер пайда болды, мешіттер салынып, медреселерде араб тілі оқытыла бастады. Сол кезде қыштан жасалған жылтырақ тостағандарда Құраннан үзінділер мен баталар жазылды; X – XI ғғ. кезеңіне жататын үйлердің бірінде қазба жұмысы кезінде кара бояумен Құранның бірінші сүресі жазылған сазбалшықтан жасалған ыдыс сынығы табылды. Бірақ та отқа, қошқарға табыну салты, зороастризм қалдықтары әсіресе отырықшыға айналған көшпенділер арасында жалғаса берді, олардың саны әсіресе X – XII ғасырларда қалалар мен қоныстарда көбейе түсті.

Қала мәдениетін қиратқан, оның дамуын тоқтатқан моңғол шапқыншылығынан кейін де Отырар, Сайрам, Сығанақ, Жент, Жанакент және басқа қалалар қайта салынып, қайта өркендеді. Бұл жерде қала өмірінің қайта жандануына Батыстан Шығысқа өтетін халықаралық сауда жолы көп әсерін тигізді.

Халықаралық сауданың күшеюін отырарлық күміс көмбесі, бір кездері халықаралық сауда жолының бойында орналасқан қалалардың заттары мен теңгелері дәлелдейді. Отырар ол кезде ірі экономикалық және сауда орталығына айналды.

Қазба жұмыстарының нәтижесі бізге қалалардың ең кейінгі болған кезеңі – XVI – XVII ғғ. бойынша материалдар ұсынады. Отырар қаласы орналасқан 20 гектардың үшінші бөлігі қазылды.

Қала орамдары, көшелер мен тұйықтар, базарлар мен аландар аршылды. Біз енді қаланың тұрғынжайы туралы толық мағлұмат алдық. Соның бірі – кезінде өртенген құрылыс, оның интерьерінің қалдықтары ғана емес, сонымен бірге құлаған қамыс төбенің астында «сақталып қалған» тұтас бөліктері де бар. Енді біз Отырар тұрғындарының қандай жұмыспен айналысқанын, оның ішінде қолөнердің дамуы туралы білеміз. Қыш-құмыра жасаушы шеберлердің жасаған бұйымдары бойынша 2 мың жылға созылған қолөнердің дамуын, стильдің өзгеруін зерттей аламыз. Аса маңызды қорытынды да жасалды: Отырарда жүзжылдықтар бойына саяси өзгерістер болуына орай этникалық алмасулар бола тұрса да, тұрғындардың жергілікті бөлігі өздерінің материалдық және рухани мәдениетін сақтай білген. Ежелгі және ортағасырларда Сырдария жағасын қоныстанған халық жасаған көптеген дүниелер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне еніп, әлемдік мәдениеттің қазынасына айналды.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	5
<b>I. ОТЫРАР АЛҚАБЫНЫҢ ТАРИХЫ</b>	
Халық жады — кен қоймасы. Қаңлылар .....	12
Фараб... Отырар .....	18
Отырар мен қыпшақтар: байланыс бар ма? Бар... ..	22
Бұлт үйірілді. Қиыншылық заман келеді... ..	25
Аласапыран... Бірақ Отырар қайта өркендейді .....	32
Ақсақ Темірдің соңғы жорығы .....	39
Отырардан Отырартөбеге дейін —үш ғасырлық жол .....	46
<b>II. «ҚАЛА ТАСТАРЫ» — АТА-БАБА ҚОНЫСТАРЫНЫҢ СҰЛБАСЫ</b>	
Арыстың ежелгі тармағындағы төбелер .....	51
Күйік-Марданның, «өргенген төбенің» құпиялары .....	68
Құйрықтөбе — Кедер қаласының айқын ізі .....	77
Отырартөбеге уақыт қатпарынан карағанда .....	88
Отырар моншаларының сұлбалары .....	98
Кейінгі, бізге неғұрлым жақын Отырар .....	112
Отырар алқабының басқа да кейінгі ортағасырлық қалалары .....	119
<b>III. ОТЫРАР ОЛЖАЛАРЫ АРҚЫЛЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ДҮНИЕНІ ТАҢУ</b>	
Халық қуатты жер мен судан алады .....	127
Құмырашылар .....	132
Қолөнерші шеберханаларына жүргізілген қазба жұмыстары .....	159
Отырар алқабы — «Көпестердің кездесетін орны» .....	174
Болжамдар, болжамдар... Көні, уақыттың өзі сыр шертсін... ..	199
Қалайша «өлеммен байланыс орнады» .....	207
Зооморфты нышандар... Оның сыры неде? .....	222
Қара тақталарда құдайлар неге үнсіз қалған... ..	232
Қалалар дін жолындағы күрес алаңына айналды... ..	237
Қорытынды .....	243

Кітапты шығаруға жауапты —  
«Қазығұрт» баспасының директоры  
**Темірғали КӨПБАЕВ**

**Карл БАЙПАҚОВ**

**Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар**

*Ғылыми басылым*

Редакторы

**Әсия Орынбаева**

Суретшісі

**Нұран Айымбет**

Техникалық редакторы

**Гүлмира Ақжанова**

Терген

**Амантай Оспанбаев**

Беттеген

**Ниязбай Оразымбетов**



Теруге 31.10.07. жіберілді. Басуға 14.12.07. қол қойылды.  
Қалыбы 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік басылым. Қаріп түрі Таймс.  
Шартты баспа табағы 13,02. Есепті баспа табағы 25,7.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1304.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050057, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 186 «А» үй, 4-офис.  
Телефон (факс): 275-18-18  
e-mail: kazygurt@list.ru  
<http://www.kazygurt.kz>

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41

ISBN 9965-22-224-X



9 789965 222245